

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 930«653»

Қолжазба құқығында

**ДЮСЕНОВ БАГДАТ ДАНИЯРОВИЧ**

**Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз  
(«ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары  
негізінде)**

8D02209 - Шығыстану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
тар.ғ.д., профессор  
А.К. Муминов

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
филол.ғ.д., профессор  
Ф.Ш. Нуриева

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2025

## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| <b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....   | 3   |
| <b>КІРІСПЕ</b> .....   | 5   |
| <b>1 АЛҒАШҚЫ АРАБ-ТҮРКІ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘМЛҮКТЕР МЕМЛЕКЕТІНЕ АУЫСУЫ (XI-XVII ғғ.)</b> .....                           | 18  |
| 1.1 Қарахандар кезеңінде сөздік құрастыру дәстүрі: араб, парсы, түркі тілдеріндегі Құранның жолма-жол сөздігі .....                        | 18  |
| 1.2 Алтын Орда кезеңінде араб-парсы-түркі сөздіктерін құрастыру: аз-Замахшаридің (1074 – 1144) «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі мысалында..... | 28  |
| 1.3 Сөздіктердің Мәмлүктер мемлекетінің тілдік-мәдени кеңістігіне ауысуы: арабша-қыпшақша сөздіктердің пайда болуы.....                    | 38  |
| Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....   | 54  |
| <b>2 МӘМЛҮКТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР: «АД-ДУРРА ӘЛ-МУДИЙА» ЖӘНЕ «АШ-ШУЗУР АЗ-ЗАХАБИЙА» СӨЗДІКТЕРІ</b> .....                       | 56  |
| 2.1 «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінің зерттелуі, құрылымы және мазмұны .....  | 56  |
| 2.2 «Аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткішінің зерттелуі, нұсқалары және құрылымы .....  | 69  |
| 2.3 Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктердің лексикалық қоры: лингвистикалық талдау .....  | 80  |
| Екінші бөлім бойынша тұжырым.....  | 93  |
| <b>3 МӘМЛҮКТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ СӨЗДІКТЕР МЕН ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР – ТІЛДІК-МӘДЕНИ ДЕРЕККӨЗ</b> .....                                     | 95  |
| 3.1 Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің фонетикалық ерекшеліктері.....   | 95  |
| 3.2 Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері.....   | 116 |
| 3.3 Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағындағы эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени ерекшеліктері.....                          | 132 |
| Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....  | 141 |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....   | 142 |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....   | 145 |
| <b>ҚОСЫМША А</b> .....   | 163 |

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- а – қолжазбаның артқы а (recto) беті  
ар. – арабша  
b – қолжазбаның алдыңғы b (verso) беті  
б. – беті  
башқ. – башқұртша  
БҚО – Батыс Қазақстан облысы  
б.з.д. – біздің заманымызға дейінгі  
ғ. – ғасыр  
ғғ. – ғасырлар  
диалек. – диалект  
ж. – жылы  
қаз. – қазақша  
кар. – қарайым  
қар.: – қараңыз  
қ.б.ж. – қайтыс болған жылы  
ққ. – қарақалпақша  
құмық. – құмықша  
моңғ. – моңғолша  
ноғ. – ноғайша  
ор.т. – орыс тілінде  
пар.т. – парсы тілінде  
сур. – сурет  
таб. сеп. – табыс септігі  
тат. – татарша  
т.б. – тағы басқа  
түркм. – түркіменше  
түрік. – түрікше  
х.ж. – хижра жылы  
чув.т. – чуваш тілі

### Тарихи сөздіктер:

«Ад-Дурра әл-мудийа» – Китаб ад-Дурра әл-мудийа фи әл-луғат әт-түркийа ‘ала әт-тамам уа әл-камал» (كتاب الدرّة المضیة فی اللغة التریکیة علی التمام والکمال);

«Аш-Шузур аз-захабийа» – аш-Шузур аз-захабийа уа әл-қита‘ әл-Ахмадийа фи әл-луғат әт-түркийа (الشذور الذهبیة والقطع الاحمدیة فی اللغة التریکیة);

**Ал-Каванин** – Bilge, Kilisli Rifat, *El-Kavânînü’l-küllîyye li-zabti’l-lugati’t-Türkiyye*, İstanbul, 1928.;

**Ат-Тухфа** – Atalay, Besim, *Et-Tuhfetü’z-Zekiyye Fi’l-lûgat-i’t- Türkiyye*, İstanbul, 1945. С.М.Муталлибов. Аттуһфатуз Закияту фил луғатит түркия. Ташкент, 1968. Э.И.Фазылов, М.Т. Зияева. Изысканный дар тюркскому языку, Грамматический трактат XIV в. на арабском языке. Ташкент, 1978;

**АФ** – Араб филолог о турецком языке. Арабский текст издал и снабдил переводом и введением П.М. Мелиоранский. СПб., 1900.;

**БМ** – Zajaczkowski, A., *Slownik arabsko-kipczackiz okresu Państwa Mamelouckiego, Buġat al-muštāq fi luġat al-Turk wa-l-Qifzāq, ześć.* II Verba. POZO, Bd. 1, 86 u. 138 (Vocabulaire arabe-kiptchak), Warszawa 1954;1958.;

**ЕФ** – Deny, Jean, L'arméno-Comen et les 'Ephémérides' (1604-1613) Altaische Bibliothek, Wiesbaden, 1957, 96 s.;

**Ибн М** – Таymas, Abdullah Battal, İbnü- Mühenna *Lûgati*, İstanbul, 1934. С.Е. Малов. Ибн Муханна о турецком языке. // Записки коллегии востоковедов, т.III, М., 1926.;

**Кк** – Grønbech, K, Komanisches Wörterbuch. Türkischer zu Codex Cumanicus, Kopenhagen, Einar Munksgaard. 1942. 315 s.;

**МҚ** – Atalay, Besim. *Divanü Lügat-it-türk tercümesi*, Ankara, m. I-1939, m. II-1940, m. III-1941; *Endeks* – 1943, *Dizin* – 1957; Махмуд Кошғарий. Девону Луғотит турк. I Т., 1960, II., 1961, III., 1963; Г. Абдурахманов ва С. Муталлибов. Девону луғатит турк. Индекс-луғат. Ташкент, 1967; ал-Кашғари М. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

**МТВ** – Zajaczkowski, A., *Mameluko-tureska wersja arabskiego traktatu o łucznictwie, z XIV w.* (Mss.Turcs de la Bibliothèque Nationale, Suppl. 179. Ro XX. 1936, 139-263 s.. Une version Mamelouke du traité arabe sur le tir à l'arc du XIV e siècle;

**Пд** – Грунин Т.И. Документы на половецком языке XVI в. Судебные акты каменец-подольской армянской общины. Москва: Наука, 1967. 97-103 с.;

**ИЛТАС** – Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. – «Тюркско-арабского словаря», Алматы, 1970.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста Мәмлүктер кезеңінде (XIII-XVII ғғ.) Египет пен Сирияда түзілген жазба ескерткіштер, соның ішінде араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктердің тілдік-мәдени дереккөз ретіндегі маңызы зерттелді. Сөздіктердің пайда болуы, дәстүр сабақтастығы, лексикалық қоры, фонетикалық, грамматикалық құрылымы және мәдени дереккөз тұрғысынан эпиграфикалық ескерткіштердің ерекшеліктері қарастырылды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Шығыстану ғылымының құрамдас бір бөлігі түркітану саласының дамып жетіле түсуі үшін, әсіресе қыпшақ тілдері тобына жататын қазіргі тілдердің тарихи фонетикасын, тарихи лексикасын, тарихи грамматикасын танып, таныту үшін түркология ғылымында «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері» деген атпен танымал XIII-XVII ғасырларда жазылған жәдігерлерді зерттеп, зерделеу бүгінгі күн талабы. Қазақ тілінің тарихын бағамдап байқау үшін ескі қыпшақ жазба ескерткіштерін ғылыми өндіріске енгізу кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Көне жазба ескерткіштердің тілін зерттеудің қажеттілігі сол, ондағы құнды деректерді халықтық тіл мен әдеби тілдің даму тарихын анықтау үшін пайдалануға болады. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдеріндегі даулы мәселелерді шешуге жол ашылады.

Қазіргі түркі тілдерінің бастау көздерінің бірі – ескі қыпшақ тілі кейінгі орта ғасырлардағы Алтын Орда империясында, Мәмлүк қыпшақтары мемлекетінде түркі тайпаларының ауызекі сөйлеу тілі әрі жазба тілі (іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын) болып, билік тілінде мемлекеттік және халықаралық тіл қызметін атқарды.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі Тәуелсіз Қазақстанның «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары және «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты мемлекеттік бағдарламаларына толыққанды сәйкес келеді. Себебі, осы мемлекеттік бағдарламалардың барлығында Мәмлүктер кезеңінде билік жүргізген тегі қыпшақ мәмлүктердің тарихи-мәдени мұраларын түгендеу жұмыстары басты назарға алынған. Мәселен, Сұлтан Бейбарыстың Дамаскідегі мавзолейін, Каирдегі мешітін қалпына келтіру жұмыстарының жоспары жасалып, жүзеге асырылды. 2023 ж. Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы өте жоғары деңгейде аталып өтті. Еліміздің көптеген мектеп, мешіт, көше атауларына Бейбарыс есімі берілді. Халықаралық, республикалық деңгейде ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Бұның барлығы Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениеті үшін Мәмлүктер кезеңі және сол кезеңдегі тарихи тұлғалар, жазба ескерткіштер, тарихи артефактілер өте маңызды екендігін көрсетеді. Аталмыш мемлекеттік

бағдарламалар аясында шетелдік кітапхана, архив, музей, қолжазба қорларынан табылған құнды құжаттар елімізге жеткізіліп, оның біразы зерттелгенімен көптеген жазба ескерткіштер ғылыми айналымға енгізіліп үлгерген жоқ. Осы олқылықтардың орынын толтыру мақсатында Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштерді тілдік-мәдени дереккөз ретінде зерттеу жұмысы қолға алынды.

Жазба ескерткіштер – өткен кезеңдер мен бүгінгі күн арасындағы алтын көпір. Мұнда тарихи, мәдени, тілдік және қоғамдық оқиғалар сақталған мәтіндер жазылған. Жазба ескерткіштер жасалған материалдары мен мазмұнына қарай жіктеледі. Бұл зерттеу жұмысында жазба ескерткіштердің ең маңызды түрі сөздіктер зерттелді. Әлемдік шығыстану ғылымында Мәмлүктер кезеңіндегі арабша-қыпшақша сөздіктердің тілдік классификациясы, қолжазбалардың табылуы, олардың сақталуы, нұсқалары, кезеңдерін анықтау, лексика-грамматикалық құрылымы сияқты бағыттағы жұмыстар кеңінен қарастырылып, бірсыпыра зерттелді. Бірақта осы күнге дейін Мәмлүктер мемлекетінде жазылған арабша-қыпшақша сөздіктердің пайда болуы, олардың жасалу тәсілдері, біртұтас түркілік кеңістікте таралуы, сабақтастығы, қолданылуы, нұсқалары жөнінде әлі де толыққанды зерттеу жүргізілген емес.

Дешті Қыпшақ даласынан Египет пен Сирияға барған батыр бабаларымыз Мәмлүктер мемлекетін құрып, сұлтандықтың тізгінін қолына алғаннан соң Сарай сұлтандары мен жергілікті арабтар арасында қарым-қатынас орнату үшін арабша-қыпшақша сөздіктер мен оқулықтар, тілашар және т.б. еңбектер жазылу қажеттілігі туындады. Дәл осы кезеңде Мәмлүк сұлтандары мен Алтын Орда билігі арасында дипломатиялық әрі әскери, саяси байланыстар да қарқынды дамыды. Соның арқасында Дешті Қыпшақ даласынан шыққан көзі қарақты, көкірегі ояу зиялы қауым мен ғалымдар, ақындар, дін қайраткерлері және т.б. тұлғалар Египет пен Сирияға барып, шығармашылық жұмыстарын жалғастырды. Дешті Қыпшақ даласынан Мәмлүктер мемлекетіне барған шығармашылық адамдары Алтын Орда аумағында қалыптасқан мәдениет пен әдебиет, дәстүр мен руханият үлгілерін бірге ала барды. Мәмлүктер мемлекетінде түзілген арабша-қыпшақша сөздіктер мен лингвистикалық еңбектерден Дешті Қыпшақ даласында жазылған еңбектердің қалыптасқан қолтаңбасын көреміз. Диссертацияда қарастырылып отырған арабша-қыпшақша сөздік түзу дәстүрі Дешті Қыпшақ даласында пайда болған сөздіктер сияқты жасалғаны анық байқалады. Сөздіктер мазмұны жағынан тақырыптар бойынша топтастырылып, формасы жағынан жолма-жол тәсілі арқылы арабша сөздер парактың үстіңгі жағына үлкен әріппен жазылып, түркі сөздері астыңғы жағына кішірек әріптермен қызыл түспен жазылған. Сөздік түзудің мұндай тәсілі Алтын Орда аумағында кеңінен тарап, көптеген көшірмелері жасалған. Хорезмдік тілші ғалым Әбу-л-Қасым Махмуд аз-Замахшаридің (1075–1144) «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің түзілу формасы мен мазмұны осы үлгіге өте жақын. «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің қолжазбаларын зерттеу барысында мұндағы *жолма-жол аударма сөздік түзу тәсілі* Құран сөздіктері нұсқаларының түзілуі тәсілімен құрастырылғанын анық байқауға болады. Құранның *жолма-жол аударма сөздік* нұсқалары мұсылман

әлемінің шығысында XI ғасырдан XV ғасырға дейінгі аралықта кең өріс алған. Сөздікте таңдалған сөздердің көбісі Құраннан алынған лексикалар, сөздіктің рәсімделу стилі Құранның парсы және түркі тілдерінде жасалған *жолма-жол аударма сөздік* нұсқаларынан алынған үлгі.

Алғашқы кезеңде Құран аяттарының мағынасын басқа тілге, яғни парсы тіліне аударуға Ханафи мазһабының фикһ ғалымдары «кейбір шарттарды орындаған жағдайда ғана жазуға болады» деген пәтуа шығарған. Фикһ ғалымы әс-Сарахси «Шарх әл-жами' әс-сағир» еңбегінде Құран мәтінін (араб тілінде) жазып, содан кейін әр сөздің түсіндірмесі (тәфсир) мен аудармасын (тәржіма) сол жолдардың астына жазса, онда әл-фақиһ Әбу Джа'фар әл-Хиндувани жеткізгендей, мұның оғаштығы жоқ деген пәтуа шығарған. Осы пәтуа негізінде Құранның араб-парсы-түркі сөздіктері пайда бола бастады. Қазақстанның Жетісу аймағы, Шығыс Түркістан және Мауараннаһр аумағында билік жүргізген Қарахандар әулеті кезеңінде түркі тіліндегі алғашқы Құран сөздіктері пайда болды. Сөздік жасаудың бұл тәсілі Алтын Орда кезеңінде дамып жетіліп, Мәмлүктер мемлекетіне ауысты. Бұл тұжырымдар диссертацияда алғаш рет ұсынылып отырған ғылыми болжамдар. Бұған дейін сөздік жасау тәсілдері хронологиялық әрі әдістемелік тұрғыдан жан-жақты зерттеу алаңына тартылған емес.

Мәмлүктер мемлекетінде түзілген арабша-қыпшақша сөздіктер мыналар:

- 1) *Китаб мажму'и тәржуман түрки уа 'ажами уа моғули уа фарси;*
- 2) *Китаб әл-идрак ли-лисан әл-әтрак;*
- 3) *Китаб булғат әл-муштақ фи лұғат әт-түрк уа әл-қифжақ;*
- 4) *Китаб әт-тухфа әз-закийа фи әл-лұғат әт-түркийя;*
- 5) *әл-Қауанин әл-куллийа ли-дабт әл-лұғат әт-түркийя;*
- 6) *Китаб хилйат әл-инсан уа хаблат әл-лисан;*
- 7) *Китаб ад-Дурра әл-мудийа фи әл-лұғат әт-түркийя 'ала әт-тамам уа әл-камал»;*
- 8) *Аш-Шузур аз-захабийя уа әл-қита' әл-Ахмадийя фи әл-лұғат әт-түркийя.*

Осы 8 сөздіктің зерттелуі, сақталуы, нұсқалары жөнінде шығыстану ғылымында бірсыпыра зерттеулер жүргізілді. Диссертацияда Мәмлүктер кезеңінің бастапқы бетінде, яғни, XIII-XIV ғғ. түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі мен Мәмлүктер кезеңінің ең соңғы шағында, яғни, XVII ғ. түзілген «аш-Шузур аз-захабийя» сөздіктері лексикалық қорының материалдары негізінде мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Бұл екі ескерткіш бойынша аудармасы жасалып, факсимилесі берілгені болмаса, лексикалық қоры толыққанды зерттелген емес. «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін поляк ғалымы А. Зайончковский 1963 тауып, француз тіліне аудармасы жасалды. Түрік ғалымы Реджеп Топарлы тек қана аудармасын жасап, кітап қылып шығарды. Диссертациялық жұмыста «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары ең алғаш рет фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан зерттелді. Ал «аш-Шузур аз-захабийя» сөздігін 1949 ж. Бесім Аталай аударып жариялағаннан

кейін зерттелген емес. Кейінгі жылдары С. Баскын оғыз диалектісі тұрғысынан зерттеу жүргізді. «Аш-Шузур аз-захабийа» сөздігі диссертацияда тұңғыш рет арнайы зерттеліп, оның әлемнің әр түкпірінде сақталған нұсқалары түгенделді, «мұқаддима» бөлігінде айтылған тың деректер ғылыми айналымға тартылды.

Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жазба ескерткіштерді мәдени дереккөз ретінде қолдану мақсатында Мысырда мәмлүктерге қойылған құлпытастардың құрылысы, тілі, сәулеті мен ою-өрнек, нақыштарына қатысты зерттеулер жүргізілді. Мәмлүктер мемлекетіндегі эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу ісі тұңғыш рет қолға алынып отыр. Бұл зерттеулер шет жерде жерленген қыпшақ текті тарихи тұлғаларымызды, мұндағы адам аттары, ру-тайпа, жер-су атауларына қатысты лексикалар арқылы құлпытастарда сақталған мәтіндерден тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толтыратын дереккөздер табуға болады.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілдік және мәдени дереккөз ретінде атқаратын ролі өте зор. Сондықтан да диссертациялық тақырыптың өзектілігі мемлекеттік бағдарламалар, шығыстану, түркітану ғылымы тұрғысынан да өте өзекті тақырып болып табылады.

**Зерттеудің нысаны** XIII-XVII ғасырларда Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер. Солардың ішінде *Китаб ад-Дурра әл-мудийа фи әл-лұғат әт-түркийа* 'ала әт-тамам уа әл-камал (әрі қарай – «ад-Дурра әл-мудийа») мен *аш-Шузур аз-захабийа уа әл-қита* 'әл-Ахмадийа фи-л-лұғат әт-түркийа (әрі қарай – «аш-Шузур аз-захабийа) сөздіктерінің материалдары.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты.** Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер, соның ішінде, араб-түркі-қыпшақ сөздіктерін тілдік-мәдени дереккөз ретінде зерттеу және арабша-қыпшақша түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткіштерінің материалдары негізінде фонетикалық, лексика-грамматикалық зерттеулер жүргізу. Зерттеу мақсатын орындау үшін төмендегідей **міндеттердің** шешімін табу көзделді:

- Алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуы және Қарахандар билігі кезеңінде түзілген Құран сөздіктерінің жолма-жол тәсілін айқындау;
- Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштер және сөздік жасау дәстүрінің аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің мысалында зерделеу;
- Сөздік жасау дәстүрінің Мәмлүктер мемлекетіне ауысуын және алтынордалық мазмұн мен форманың сақталу үрдісін анықтау;
- Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктердің лексикалық қорына лингвистикалық түсініктемелер мен талдаулар жасау;
- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің зерттелуі мен құрылымы бойынша зерттеулер жүргізу;
- «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің зерттелуі мен нұсқаларын зерделеу, қолжазбаның «мұқаддима-кіріспе» бөліміндегі тың деректерді ғылыми айналымға енгізу;
- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің фонетикалық құрылымын бағамдау;
- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін анықтау;



- Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда және одан кейінгі кезеңдердегі эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени байланыстары мен маңызын айқындау.

**Зерттелу деңгейі.** Мәмлүктер кезеңі мен сол дәуірдегі жазба ескерткіштер жөнінде әлемдік және отандық шығыстану, түркітану, қыпшақтану салаларында көптеген зерттеулер жүргізілді. Түркітану ғылымының көрнекті тұлғалары бірігіп жазған «*Philologiae Turcicae Fundamenta*» (Түркі филологиясының негіздері) атты зерттеу еңбегінде Омелиан Прицак жазған «Қыпшақ тілдері» деп аталатын бөлім «Мәмлүк қыпшақтарының тілі» деген тараудан басталады. Онда бас-аяғы 12 жазба ескерткішті атап өтеді. Соның ішінде Абу Хайианның «жоғалып кеткен» деп саналатын 3 еңбегі де (*Kitab al-af'al, Zahr al-mulk fi nahw at-turk, ad-Durra al-mudia fil-lugat at-turkiya*) бар [1, б. 74-81]. Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштерді зерттеуде негізінен осы сөздіктер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған бұл сөздіктер бойынша О. Прицак заманынан кейін көп өзгерістер болды. Көптеген зерттеулер мен диссертациялар жазылды. Бұл зерттеу жұмысында бұрынғы зерттеушілер көп назар аудармаған бағыт, яғни, Мәмлүктер кезеңінде түзілген сөздіктердің сақталуы, зерттелуі, нұсқалары, құрылымы, мазмұны, лексикалық қоры және т.б. мәселелер бойынша арнайы талдаулар жасалып, тұжырымдар ұсынылды.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштерді зерттеу бойынша ғылыми жұмыстар қарқынды дамып, көптеген қолжазбалар табылып, жаңа дереккөздер ғылыми айналымға тартылды. Осы сөздіктердің лексикалық қоры фонетикалық, лексикологиялық, грамматикалық және т.б. бағыттарда зерттеліп, солардың лексикалық қоры негізінде ортағасырдағы түркі тілдерінің классификациясын түзу бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Венгерлік ғалым Т. Халаси-Кун мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілін ең алғаш болып түркі тілдері бойынша 3 диалектіге бөлді: 1) таза қыпшақ тілі; 2) таза оғыз тілі; 3) қыпшақ-оғыз аралас тіл [2, б. 80-83].

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерін зерттеуші ғалымдар да осы тұжырымды ұстанды. Сол кезеңдегі тілдің классификациясы, сөздіктер, әдеби мұралар, діни трактаттар, тұрмыстық және т.б. жанрлардағы шығармаларды зерттеді. Бірақта Мәмлүктер кезеңінде жазылған сөздіктердің жасалу тәсілдері, олардың формасы бойынша зерттеулер болған емес. Бұл зерттеуде Қарахандар дәуірінде түзілген, осы күнге дейін «Құран аудармасы», «Құран тәржімәсі», «Құран тәпсірі» деп аталып жүрген еңбектерді Құран аудармаларының жолма-жол аударма тәсілі арқылы жасалған *сөздік* екендігіне назар аударып, олардың жасалу тәсілінің неден, қалай пайда боғаны жөнінде тұжырымдар тұңғыш рет осы зерттеуде ұсынылды. Алтын Орда кезеңінде сол аумаққа ауысып, Мәмлүктер мемлекетінде пайда болған сөздіктерге Құран аудармалары мен аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің Алтын Орда аумағында түзілген көшірмелері негіз болды деген тың тұжырым тұңғыш рет айтылып отыр. Оның айқын айғағы – жолма-жол аударма тәсілі арқылы жасалған сөздіктер. Үстіңгі жолға араб сөзі үлкен әріппен, қара сиямен жазылады да

астына кішірек әріптермен қызыл сиямен түркі сөздері жазылады. Үстіңгі жолда Құран тілінде жазылған аяттың арабша толық мағынасы болғанымен, астына қызыл сиямен жазылған түркі сөздерінің тұтас мағынасы болмайды, себебі, әрбір араб сөзінің астындағы түркі сөзі жеке тұлғада тұрғандықтан сөздік мағынасы ғана болады. Сөздік түзудің бұл дәстүрі фикһ ғалымдарының ұсынысы негізінде пайда болған. Себебі, Ислам діні шыққан бастапқы бетте Құранды басқа тілге аударуға рұқсат болмады. Ханафи мазхабының Бұхара мектебінің ғұламалары Ахмад әл-Халуа'и әл-Бұхари, шәкірті әс-Сарахси *«егер ол алдымен Құран мәтінін (араб тілінде) жазып, содан кейін әр сөздің түсіндірмесі (тәфсир) мен аудармасын (тәржіма) сол жолдардың астына жазса, онда мұның оғаштығы жоқ»* деп берген пәтуасы [3, б. 422] негізінде Құранның парсы тіліндегі сөздіктері пайда болды. Кейіннен Қарахандар билігі ислам дінін қабылдаған соң, Құранның араб-парсы-түркі сөздіктері жазылды.

Түркітанушы ғалым А. Инан Құран аудармасы ең алғаш түркі тіліне Қарахан әулеті Ислам дінін қабылдағаннан кейін жетпіс жылдан соң, яғни XI ғасырдың алғашқы жартысында жасалған деп болжайды [4, б. 8]. Қарахандар әулеті кезеңінен (840–1212) бүгінгі күнге дейін Құранның ең көне төрт аудармасы жетіп отыр. Біріншісі – 1914 табылған, Санкт-Петербург қаласы (Ресей) Шығыстану институтында сақтаулы тұрған «Құран тәпсірі» (инв. 2475); екіншісі – Стамбұл қаласындағы (Түркия) «Түрік-Ислам жәдігерлері» мұражайында (Türk İslam Eserler Müzesi) сақтаулы тұрған нұсқа (TIEM 73); үшіншісі – Өзбекстан Ғылым академиясының А.Р. Бируни атындағы Шығыстану институтында (Ташкент) сақтаулы тұрған нұсқа (инв. 2008); төртіншісі – Манчестер қаласындағы (Ұлыбритания) «Rylands» нұсқасы (MS. Ar. 25-38) атымен танымал еңбек [5, б. 16].

Бұдан кейін Хорезмшахтар дәуірінде (1097–1231) өмір сүрген Әбу-л-Қасым Махмуд ибн 'Омар ибн Мұхаммед аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің түркі тіліндегі кейбір нұсқалары Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған ең ескі сөздік ретінде бағаланады. Бұл жазба ескерткіштің кейбір нұсқалары араб, парсы, түркі, моңғол тілдерінің сөздігі болып құрастырылған [6, б. 125].

Аз-Замахшаридің Құран лексикасына негізделген «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі Жошы ұлысы кезінде көп көшіріліп, сөздік жасау дәстүрі кейіннен Мысыр мен Шамда қолданысқа ие болып, Мәмлүктер кезеңінде түзілген сөздіктерге іргетас болған деген тұжырым ұсынылып отыр. Себебі, Мәмлүктер кезеңінде түзілген араб-түркі-қыпшақ сөздіктерінде Жошы ұлысынан барған дәстүр сабақтастығы жалғасын тауып, мазмұны мен формасы Құран сөздіктері мен аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінде қалыптасқан жолма-жол сөздік түзу тәсілін ұстанған.

Осындай сөздіктердің бірі – Мәмлүктер кезеңінің бастапқы бетінде, XIII ғ. түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі мен Мәмлүктер кезеңінен кейін Османлы кезеңінде, XVII ғасырда мәмлүк қыпшақ тілінде ең соңғы түзілген «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігі. Бұл сөздіктердің зерттелу деңгейі де әртүрлі болып келеді.

«Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін түркітанушы ғалым А. Зайончковский 1963 жылы Флоренцияның Лоренцо Медичи (Biblioteca Medicea Laurenziana) кітапханасынан тауып, француз тіліне аударып, бастырып шығарды (Варшава, 1965–69 ж.) [7, б. 111-116]. Бірақ мұнда қолжазба толық аударылған емес, кейбір беттері зерттеу жұмысына тартылмаған.

Қазақ тіл білімінде Ә. Құрышжанұлы жалпылама мәлімет беріп таныстырды [8, б. 362-363]. К.Д. Таужанова мақала жариялады [9, б. 43-46]. Түркияда 2003 жылы түрік ғалымы Р. Топарлы мәтінді түрікшеге аударып, транскрипциясын жасап, жарыққа шығарды [10]. Мұнда түрік тіліне аударма жасалған, мәтіндегі сөздерге ғылыми зерттеу мүлдем жүргізілген емес. 2014 жылы (Ресер Үілмаз) докторлық диссертация қорғады [11]. Бұл диссертацияда мәмлүк түрікшесі мен оғыз түрікшесі нұсқаларын салыстырып, оғыз тіліндегі сөздерге басымдық берілген. Қазақстанда 2016 ж. Қ.К. Аубакирова өз диссертациясында «Әл-Қауанин» сөздігін негізгі дереккөз, ал «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін қосымша дереккөз ретінде пайдаланып, мұндағы материалдарды азды-көпті қолданған [12]. 2020 жылы Н.Н. Конкобаева да өз диссертациясында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдарын қосымша дереккөз ретінде пайдаланған [13]. Бірақта, «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі аударылып, мұндағы лексикалық қор толыққанды зерттелмеген. Осындай азды-көпті аты аталып, қосымша материал ретінде қарастырылғаны болмаса бұл ескерткіш ғылыми айналымға өзі жеке тартылып, зерттелген емес.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2021-2023 жж. арналған «Алтын Орданың геосаяси тарихын зерттеу және жаңа дереккөздерді аудару» ғылыми жобасы аясында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі толық аударылып, кіріспе мақаласы, транскрипциясы, мәтіннің араб жазуында терілген нормалануы, факсимилесі беріліп, «Түркі тілінің жарқыраған інжу-маржаны» [14] деген атпен жарық көрді. Диссертацияда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің фонетикалық, грамматикалық, лексикологиялық ерекшеліктері зерттелді, сөздіктің лексикалық қорына лингвистикалық түсіндірме жасалды.

Дәл солай, осы жоба аясында келесі сөздік «аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткішінің аудармасы, транскрипциясы, араб мәтінінің нормалануы, факсимилесі берілген «Түркі тілінің алтын тізбесі» [15] деген атпен екінші кітап жарыққа шықты. Мұнда бүкіл әлем кітапхана қорларында сақталған нұсқаларын түгендеп (36 нұсқа), ең алғаш рет 5 нұсқа бойынша сыни мәтіні жасалып, зерттеу жүргізілді.

XVII ғасырда мәмлүк қыпшақ тілінде ең соңғы түзілген «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігін ең алғаш 1949 жылы түрік ғалымы Бесім Аталай аударма жасап, басып шығарды [16]. Мұнда зерттеу жұмыстары мүлдем жүргізілмеген, тек қана сөздікті түрік тіліне аударған. Бұдан кейін «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігі бойынша арнайы зерттеу жүргізілмеді. Тек қана 63 жылдан соң, 2012 жылы Түркияда Сами Баскын «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігін зерттеп, қазіргі түрік тіліне аударып, өзге де нұсқаларын тауып, өзара салыстырып, докторлық диссертация қорғады [17]. Мұнда Түркияда сақталған 11 қолжазбаны ғылыми

сипаттап, зерттеп, академиялық айналымға енгізген. 2013 жылы Рағед Мұхаммед (Raghad Mohammad) [18], 2016 жылы Мұстафа Йігіт (Mustafa Yigit) сияқты ізденушілер бір нұсқа бойынша магистрлік диссертациялар қорғады [19]. Қазақстанда Ә. Құрышжанұлы жазған энциклопедиялық мақала [20, б. 319] және кейбір еңбектерде аты аталғаны болмаса арнайы аударма жасалып, зерттеу алаңына алынған жоқ.

Мәмлүктер кезеңінде түзілген арабша-қыпшақша сөздіктер тілінің сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады. Мәмлүктер Мысыр мен Шам елінде қыпшақтар диаспорасы болғанымен, тілдік қорында қазіргі түркі халықтарының тілімен тұтас, бірізділік байқалады. Оның дәлелі біздің негізгі зерттеу нысаны ретінде қолға алған *«ад-Дурра әл-мудийа»* мен *«аш-Шузур аз-захабийа»* жазба ескерткіштерінің материалдары. Бұл сөздік материалдарын сол дәуірде жазылған Ал-Каванин, Ат-Тухфа, АФ, БМ, ЕФ, Ибн М, Кк, МҚ, МТВ, Пд, ИЛТАС жазба ескерткіштері лексикасымен және қазіргі қазақ, башқұрт, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, қырғыз, түркімен, түрік, қарашай-балқар және т.б. түркі тілдерімен салыстырулар жүргізілді. Диссертацияда лингвистикалық талдау жұмыстарын жүргізу үшін негізгі мәтін ретінде *«ад-Дурра әл-мудийа»* сөздігінің материалдары қолданылды.

*«Ад-Дурра әл-мудийа»* сөздігінің материалдары негізінде мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері де қарастырылды. Жалпы ғылыми ортада ескі қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар деп есептеледі. В.В. Радлов бұларды *«негізгі («коренные») дыбыстар»* десе, неміс ғалымы А.М. фон Габэн *«басты («главные») дыбыстар»* деп атайды [21, б. 19]. Сондай-ақ, ескі қыпшақ тілінде 22 дауыссыз дыбыс бар деп қорытындыланған [22, б. 145]. Академик В.В. Радлов қазақ консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын атап, дауыссыздарды қатаң (q, k, t, p, s, š), ұяң (γ, g, d, b, z, ž), үнді (n, m, η, r, l, I) және аралық немесе жарты дауысты (w, j) деп төрт түрлі акустика-артикуляциялық топқа жіктеген [23]. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарға қатысты айтылған түркітанушы ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізінен әлемдік түркітануда қалыптасқан. Зерттеуде әрбір дыбыстың ерекшеліктеріне тоқталып, олардың араб жазуындағы берілу графикасы және т.б. ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды.

*«Ад-Дурра әл-мудийа»* сөздігінің лексикалық қорының басым көпшілігі араб-парсы тілінен ауысқан элементтер. Алтай тілдері семьясына жататын моңғол сөздерін ажырату қиын және жоқтың қасы, көбінесе араб-парсы сөздері ұшырасады, *«оның бір себебі мынада: мәмлүк мемлекетінің Бейбарыс бастаған қарулы күштерінің моңғол басқыншыларын жеңіп шығуы»* [24, б. 116]. Бұдан бөлек, грамматикалық ерекшеліктері де жан-жақты зерттелді.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің үлкен бір бөлігі эпиграфикалық ескерткіштерді мәдени дереккөз ретінде қарастыру диссертацияның жаңаша зерттеу қыры деп атауға болады. Мысырдағы мәмлүктердің эпиграфикалық ескерткіштері жөнінде азды-көп зерттеулер жазылған. Соңғы кезде жарық көрген Мысырлық ғалым Ала әд-дин Абду-л-ал Абду-л-хамидтің *«Мысырдағы Әййубилер мен Мәмлүктердің қабіріндегі*

құлпытастар» (شواهد القبور الأيوبية والمملوكية في مصر) атты еңбегі аса құнды болып табылады. Мәмлүктер кезеңіндегі құлпытастарда Құран аяттары жазылған. Бұдан бөлек, құлпытастардағы кісі аттарына айрықша мән бергеніміз жөн. Мұнда Бектемір (بکتمر), Балабан (بلبان), Руслан (روسلان), Мүліктемір (ملکتمر), Өзбек (أزبك), Қайтбай (قایتبای), Қараша (قراشا), Құрман (قرمان), Лашын (لاچین), Ешбек (یشبک) Ылмаз (یلماز) [25, б. 335] деген есімдер қыпшақ тегінен шыққан екендігінің айқын айғағы. Мысыр мәмлүктері кезеңіндегі құлпытастар мен Алтын Орда және одан кейінгі дәуірдегі дала құлпытастары арасында ұқсастықтар көп. Диссертацияда эпиграфикалық ескерткіштер тілдік-мәдени дереккөз ретінде тұңғыш рет зерттелді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Құранның аударма сөздіктері негіз болды және Қарахандар кезеңінде жолма-жол аударма сөздік тәсілі қалыптасты;

- аз-Замахшаридің Құран лексикасына негізделген «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі Жошы ұлысында кең тарап, жолма-жол сөздік түзу дәстүрін одан әрі дамытты;

- жолма-жол сөздік түзу дәстүрі Мәмлүктер мемлекетіне ауысты және Мысыр мен Шам жерінде көптеген араб-түркі сөздіктері түзілді;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі толыққанды зерттеліп, оның фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері қарастырылды, мұндағы лексикалық қордың қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды;

- «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің 36 нұсқасы табылды, бұл жәдігер ортағасырларда біртұтас түркілік кеңістікте өте көп тараған жазба ескерткіш екендігі анықталды;

- «ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінің мәтінінде берілген ескі қыпшақ сөздерінің лингвистикалық талдауы және статистикасы түзілді;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі материалы негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде мәмлүк қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс, 22 дауыссыз дыбыс бары анықталды;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі матреиалдары негізінде лексика-грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер жүргізу нәтижесінде сөздіктің тілінде түркілік қабат басым, қазіргі қазақ тіліне өте жақын және грамматикалық-семантикалық тұрғыдан көп өзгерістер жоқ екендігі айқындалды;

- Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда эпиграфикалық ескерткіштерінің ұқсастықтары өте көп, Мысырда сақталған мәмлүктер құлпытастарында қыпшақ текті адам аттары көп кездеседі, Құран аяттары, хадис, марсийалар мәтіні бірдей, құлпытас қою дәстүрі Жошы ұлысынан ауысқаны анықталды.

**Зерттеудің әдістері.** Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштерді тілдік-мәдени дереккөз тұрғысынан зерттеу үшін зерттеудің нысанына (сөздіктерге), мақсаты мен көтерілген мәселелерге сай әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды.

Жазба ескерткіштерді хронологиялық контексте салыстыру, эволюциясын анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдісі, сөздік мәтінінің тілдік ерекшеліктерін, графикалық жүйесін зерттеу үшін лингвистикалық талдау әдістері, ескерткіштердің нұсқаларын түгендеу, анықтау үшін археографиялық әдіс, жазу үлгілерінің дамуын, стилін зерттеу үшін полеографиялық талдау әдістері, сөздіктердің таралу аймақтары мен конкордансын анықтау үшін кеңістіктік-уақыттық талдау әдісі, ертедегі тілдік нормаларды қалпына келтіру үшін лингвистикалық модельдеу әдісі, эпиграфикалық ескерткіштерді тіркеу, фотофиксация, эстампаж арқылы жазуларды көшіру үшін деректер жинау әдістері қолданылды.

«Ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткіштерінің тарихи құндылық ерекшеліктерін анықтау барысында сипаттау, тарихи-салыстыру, салғастыру, салыстыру, синхронды және диахронды тұрғыдан талдау, жүйелеу, баяндау тәсілдері және қарастырылып отырған салаға қатысты түркітанушылардың, еңбектерінде айтылған тұжырымдар мен ұсыныстар, тәсілдер иіні мен ретіне орай зерттеу аясына тартылды.

**Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңызы** диссертация тақырыбы бойынша зерттеулердің ғылыми салаға қосқан концептуалдық үлесі, тілтанымдық және мәдениеттанулық теорияларға әсері қарастырылды.

Зерттеудің теориялық ерекшелігі Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілдік қабатын зерттеу арқылы көптілділік пен мәдени синтез феноменына жаңа түсінік берілді. Тілдік деректерді мәдени контекстпен біріктіретін интердисциплинарлық модель ұсынылды. Ғылыми гипотезаларды дамыту мақсатында мәмлүк сөздіктеріндегі түркі тілінің лексикалық элементтері, олардың саяси-мәдени үстемдігі дәлелденді.

Мұсылман әлемі лексикографияның пайда болуы мен дамуы үшін қолайлы орта болды. Араб әдеби тілінің ортағасырлық мұсылман Шығысында кітаби және діни тіл ретінде орнығуы, араб тілді әдебиеттің қарқынды дамуы, араб тілінің өзге ұлттардың ғылыми қызметінде дәнекер тіл ретінде қолданылуы, жазба тілдің жоғары стандартын сақтаудың қажеттілігі, сондай-ақ, диалектілік түрлердің кеңінен таралуы мен араб тілінің жазба және ауызекі сөйлеу нұсқалары арасындағы айырмашылықтардың ұлғаюы, араб лексикографиясының ерте қалыптасуына және оның ғасырлар бойы дамып, өркендеуіне ықпал етті.

Ортағасырлық және қазіргі заман зерттеушілері лексикографиялық еңбектер мен семасиологиялық трактаттардың прагматикалық негізде жасалғанын атап өтеді. Араб лексикографиясы кең ауқымда дамып, бір мезгілде түрлі сөздік түрлері жасалды. Оның ерекшелігі алғашқы кезеңде қалыптасқан практикалық және теориялық қағидалар (грамматикада да солай) өзгеріссіз сақталуында.

Араб лексикографиясындағы бір тілді сөздік түрлері:

1) Топтастырушы сөздіктер – лексикасы мағыналық негізде (идеологиялық немесе тақырыптық сөздіктер) немесе белгілі бір лексикалық-семантикалық белгі бойынша жүйеленеді.

2) Түсіндірме сөздіктер – барлық сөздер қамтылып, әліпбилік ретпен орналасады [26, б.164-165].

Мәмлүктер кезеңі жазба ескерткіштері теориялық тұрғыда екі негізгі аспектіні қамтиды: тілдік эволюция және мәдени бірегейлік. Бұл зерттеу араб тілінің ортағасырлық нұсқаларын зерттеуге арналған диахрониялық лингвистика әдіснамасын жетілдіреді. Сонымен қатар, жазба ескерткіштердегі түркі тілдік элементтерді талдау арқылы Мәмлүктер қоғамындағы билік пен тіл арасындағы байланыс теориясы нақтыланды. Зерттеудің нәтижелері мәдениетаралық коммуникация теориясына жаңа түсініктер қосып, Орта Шығыс тарихын тілдік дереккөздер арқылы интерпретациялауға мүмкіндік береді.

#### **Зерттеу нәтижелерінің практикалық мәні:**

- ескі қыпшақ, ескі қазақ тілінің тарихи-этимологиялық сөздіктерін жасауға пайдаланылады;

- жоғары және арнайы оқу орындарында жүргізіліп келе жатқан «Түркітану», «Қазақ тілінің тарихы», «Жазу тарихы» және т.б. пәндерін оқытқанда жәрдемші құрал бола алады;

- түркі тілдерінің тарихи грамматикасына арналған оқу құралдарын, тарихи-салыстырмалы сөздіктер түзгенде қолданылады;

- кейбір ескі қыпшақ сөздерін қазіргі қазақ тілінде жоқ терминдердің баламасы ретінде пайдалануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:**

- алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Қарахандар кезеңінде түзілген Құран сөздіктерінің жолма-жол тәсілі негіз болды;

- аз-Замахшаридің Құран лексикасына негізделген «Мұқадамат әл-адаб» сөздігі Алтын Орда кезеңінде көп көшіріліп, жолма-жол сөздік жасау дәстүрін дамытты;

- Дешті Қыпшақ даласында пайда болған жолма-жол сөздік жасау дәстүрі Мәмлүктер мемлекетіне алтынордалық мазмұн мен форманы сақтай отырып ауысты;

- Мәмлүктер кезеңінде Египет пен Сирияда арабша-қыпшақша сөздіктер түзілді, олардың жазылуына себеп болған Дешті Қыпшақ даласынан келген мәмлүк сұлтандары болды. Бұл сөздіктер Сарай мен жергілікті арабтар арасында тілдік коммуникация орнату мақсатында жазылды;

- шығыстану ғылымында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің тек қана флоренциялық бір нұсқасы белгілі, әлемдік түркологияда осымен аттас қолжазбалар кездескенімен оларда оғыз, османлы диалектілер басым;

- «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің 36 нұсқасын анықтай отырып, бұл сөздік ортағасырларда ең көп қолданыста болған және көп көшірілген қолжазба

ретінде тану қажет. Сөздіктің «мұқаддима-кіріспе» бөліміндегі тың деректерді ғылыми айналымға енгізу маңызды;

- мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық құрылымы «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары негізінде зерттелді. Нәтижесінде сөздіктің фонетикалық табиғаты қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде сөздіктің лексикалық қорында түркілік қабат мол сақталған, фонетикалық, грамматикалық семантикасы өзгерістерге ұшырамаған деген тұжырым ұсынылады;

- Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағында табылған эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени байланыстары өте жақын, оларда кездесетін Құран аяттары, хадистер, марсийалар біртұтас түркілік кеңістікте қолданылған.

**Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.** Зерттеу жұмысы Қазақстанның өткені мен болашағын бағамдау мақсатында құрылған «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары, ҚР Үкіметі қабылдаған 2003 ж. «Мәдени мұра», 2013 ж. «Халық тарих толықынында», 2020 ж. «Архив – 2025» және т.б. мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Бұл бағдарламаларда ұлттық код, халық жады, тарихи, мәдени, рухани құндылықтарымызды қайта қарау, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, Ұлы дала тарихы мен мәдениетін тың дереккөздер негізінде заманауи зерттеулермен жаңа көзқараспен сараптап, ғылыми айналымға енгізу бағыттарына маңыздылық берілген.

**Зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы.** Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 9 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда және 5 мақала – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланды.

Скопус (Scopus) мәліметтер базасында жарияланған мақалалар:

1. Dyussenov, B., Mederova, D.E., Margulan, A. Written Monuments of the Post-Golden Horde Period: Arabic Script Epigraphy at the Arystan-Bab Mausoleum. // Kazakhstan Archeology. – 2024. – Vol. 3 (25). –P.244-261. DOI: 10.52967/akz2024.3.25.244.261.

ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған мақалалар:

1. Дүйсенов Б.Д. Мәмлүктер кезеңіндегі «Китаб ад-дурра...» жазба ескерткішінің зерттелуі. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркология сериясы. – 2022. – №4(141). –Б.172-182;

2. Жұмабекова Г.С., Дүйсенов Б.Д., Таран Н.И., Манапова Ә.М., Базарбаева Ғ.А. Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері: кешенді



зерттеулердің алдын ала нәтижелері. // Қазақстан археологиясы. – 2024. – № 3 (25). – Б. 186–206. DOI: 10.52967/akz2024.3.25.186.206. (Scopus);

3. Дүйсенов Б. Д., Мәсімханұлы Д., Әмірбекова С.К. «Аш-Шузур аз-захабийя» сөздігінің Ватикан варианты: зерттелуі, нұсқалары, құрылымы // «Қазақстан шығыстануы» журналы. – 2025. – №1, Т. 13. – Б.211-22.

Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері жарияланған халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары:

1. Дюсенов Б.Д. «Этнолингвистические особенности словаря «Китаб ад-Дурра»». // «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының 25 жылдығына орай «Қазақстан және Шығыс әлемі: өткені, бүгіні және болашағы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Редакциясын басқарған Д. Мәсімханұлы. Құрастырушы: З.С. Табынбаева, А.Д. Тұрлығожаева. – Алматы: Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, 2022. – 321 б. 287-296 бб.

2. Дүйсенов Б.Д. Ескіқыпшақ тіліндегі вокализмдер және қазіргі қазақ әліпбиіне транскрипциялау. 2022 жылдың 29-30 маусымында өткен «Қазақстан және өзгермелі әлемдегі Шығыс елдері: Қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. // «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. – 2022. – № 2, 10 том. – Б. 76-85.

3. Дүйсенов Б.Д. Деректанушы Ә.Б. Дербісәлі және араб дереккөздері. Кітапта: Ғалымның ғибратты жолы. Академик Әбсаттар Дербісәлі туралы естеліктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 379 б. 326-330 бб.

4. Дүйсенов Б.Д. Мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерінің зерттелуі. Филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақстан және Шығыс елдері: тарихи-мәдени һәм саяси ынтымақтастықтың жаңа қырлары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы: Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, 2023. – 362 б. 216-219 бб.

5. Дүйсенов Б.Д. Жошы ұлысы мен Мәмлүктер мемлекеті арасындағы тілдік-мәдени байланыстар. «Жошы Ұлысының 800 жылдығына арналған «Шығыс дереккөздеріндегі қазақ мемлекеттілігінің феномені» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. Ред. басқ. Д. Мәсімханұлы. – Алматы: Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, 2024. – 177 б. 114-122 бб.

**Диссертацияның құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, «Алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуы және оның Мәмлүктер мемлекетіне ауысуы (XI-XIII ғасырлар)»; «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер: «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийя» сөздіктері»; «Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктер мен эпиграфикалық ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз» атты 3 бөлімді, әр бөлімде 3 тараудан, жалпы 9 тарауды қамтитын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және сөздік қосымшасынан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 199 бет.

# 1 АЛҒАШҚЫ АРАБ-ПАРСЫ-ТҮРКІ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘМЛҮКТЕР МЕМЛЕКЕТІНЕ АУЫСУЫ (XI-XVII ҒАСЫРЛАР)

## 1.1 Қарахандар кезеңінде сөздік құрастыру дәстүрі: араб, парсы, түркі тілдеріндегі Құранның жолма-жол сөздігі

Бірінші бөлімнің бұл тарауында алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Құранның аударма сөздіктері негіз болғандығы айтылады. Ислам діні пайда болған алғашқы кезеңдері Құранды аударуға тыйым салынды. Ханафи мазхабының Бұхара фикһ мектебінің өкілдері және белгілі фикһ ғалымдары әл-Бұхари, әс-Сарахси берген пәтуалар негізінде Құранды жолма-жол аударуға рұқсат берілді. Осы пәтуаға сәйкес парақтың үстіңгі жолына Құран аяттары араб тілінде жазылып, оның астыңғы жолына парсы сөздері кішірек әріптермен жеке тұлғада жазылып, мағынасын беру тәсілі қалыптасты. Сөйтіп, жолма-жол сөздік жасау тәсілі пайда болды. Қарахандар әулетінің билігі Ислам дінін қабылдаған соң алғашқы араб-парсы тіліндегі Құран аудармалары негізінде түркі тілі қосылған Құран сөздіктері жасалды.

Сонымен қатар, тараудың бастапқы жағында адамзат арасындағы тілдік коммуникация, аударма ісі, сөздіктер, лексикография ғылымының теориялық зерттеулері де сөз болады.

Әлеуметтік қоғамда адамдар бір-бірімен түсінісіп, ақпарат алмасу, әлемді танып-білу және т.б. рухани әрі дүниелік байланыстарда тіл негізгі фактор ретінде қызмет атқарады. Академик Ә. Қайдаров *«кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады»* деп түйіндейді [27, б. 35]. Адамзат сан жылдар бойы түрлі жағдайларда қалыптасқан тіл өнімі болып табылатын сөздер арқылы өз қалауларын басқаларға жеткізіп, олардың мақсат-мүдделерін түсінуге тырысқан. Тіл – қоғамның ой-санасымен астасқан ең маңызды байланыс құралы. Сөз – болмыс құбылыстарын, заттарын, олардың қасиеттерін атайтын негізгі құрылыстық-семантикалық тіл бірлігі [28, б. 198, 235].

Тіл – барлық кезеңде елдер арасында ғылым мен білім, әдебиет пен мәдениет және экономикалық сауда байланыстарын нығайтатын, коммуникацияны қамтамасыз ететін әлеуметтік құбылыс ретінде қызмет атқарады. Сондықтан да түрлі тілдер арасында көпір болатын сөздіктер әр уақытта аса қажетті құрал.

Тілдер арасындағы сөздердің мағынасын айқындайтын аудармалар/сөздіктер көне заманнан бастап жарық көре бастады. Алдымен бір тілден екінші бір тілге белгілі мәтіндерді аудару қажеттілігі туындады. Бұл аудармалар кейіннен сөздіктер құрастыруға түрткі болды. Сөздік жанрының қалыптасуына аударма мәтіндер негіз болды.

Ең көне аударма мәтіндер – біздің жыл санауымызға дейінгі 3000-шы жылдардың басында семиттер (ассириялықтар/аккадтар) тарапынан саз

тақталарға жазылған шумер-аккад мәтіндері. Мәтіні екі тілде жазылған бұл саз тақталар Ашурбанипал (б.з.д. 669–633 ж.) құрған кітапханада тұрған. Бүгінде оның кейбір бөліктері Британия мұражайында сақтаулы [29]. Қазіргі таңдағы қолданыстағы сөздіктерге ұқсас алғашқы сөздік – Александрия кітапханасының басқарушысы Византиялық Аристофанның (б.з.д. 180 ж. өлген) дайындаған «Лексиконы» [30, б. 398].

Сөздік – сөздерді (морфемаларды, сөз тіркестерін, идиомаларды) ретімен келтіріп, оларға түсінік беретін анықтамалық кітап. Рухани мәдениетте сөздіктердің рөлі өте зор, өйткені онда қоғамдағы білімнің барлығы өз көрінісін табады [28, б. 102]. Сөздіктер тілдің құтқарушысы, қорғаушысы, сонымен қатар тілдің тұтастығын, грамматикалық ережелерін сақтап қалушы маңызды еңбек болып табылады. Тіпті, түрлі халықты тану үшін алдымен олардың тілін грамматикалық сөздіктен үйрену қажет [6, б. 123]. Осман түрік мемлекетінде өмір сүрген энциклопедист ғалым Шамседдин Сами (Şemseddin Sâmî, 1850–1904) «Қамус түрки» (قاموس تركي) сөздігінде: «Түсіндірме сөздігі болмаған тіл сөз құнын уақыт өте келе жолғалтады. Тіл байлығы жұпыны болады» дейді [31, б. 1].

Сөздік түзу, олардың жанрларын жетілдіру, жүйелеу, теориялық мүмкіндіктерін зерттеумен лексикография ғылымы айналысады. Қазақтың тарихи лексикография саласының ірі маманы профессор М. Малбақов Лексикография «сөздіктерді түзудің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін жасайды. Лексикографияның теориясындағы өзекті мәселе – сөзтізбенің құрамы мен сөздік мақаланың құрылымы туралы, сөздіктің типтері туралы ілім» дейді [32, б. 5]. Сөздік – бөлшектерден тұратын, бөлікке бөліп қабылдауды талап ететін жүйелі, күрделі құрылымды шығарма [33, б. 42].

«Сөздік» термині тіл білімінде екі мағынада қолданылады: 1) белгілі бір тілдің, диалектінің, әлеуметтік топтың немесе жеке бір жазушының лексикасы, сөздік құрамы; 2) сөздер мен морфемалардың, сөз тіркестері мен идиомалардың т.б. әліпби тәртібімен орналастырылып, түсінігі немесе аудармасы берілетін анықтамалық кітап.

Сөздіктің лингвистикалық (тілдік) және энциклопедиялық екі түрі бар. Лингвистикалық сөздіктерге тілге (сөзге) байланысты сөздіктердің бәрі жатады. Олардың негізгі түрлері: түсіндірме сөздік, аударма сөздік, терминологиялық сөздік, фразеологиялық сөздік, диалектологиялық сөздік, синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, омонимдер сөздігі, сөзжасам сөздігі, тарихи сөздік, этимологиялық сөздік, жиілік сөздігі, кері сөздік, орфоэпиялық сөздік, орфографиялық сөздік. Энциклопедиялық сөздіктерге қазіргі ғылыми саладағы білім жайынан қысқаша мағлұмат беретін сөздіктер (философиялық, педагогикалық, психологиялық, саяси экономикалық, астрономиялық, т.б.) жатады [34, б. 223-224]. Диссертацияда зерттеу нысанына алынып отырған сөздік түрі – бұл аударма сөздіктер. Аударма сөздік дегеніміз – екі немесе бірнеше тілдің сөздік құрамын салыстыра отырып, тәржімелеу арқылы жасалған сөздіктер [34, б. 224].

Шығыста сөздік жазу батысқа қарағанда ертерек дамыған. Себебі Ислам дінін қабылдағаннан кейін шығыс мұсылман елі үшін араб тілі ғылым тілі болып саналды [6, б. 125]. Мұсылман шығыс елдерінде алғаш сөздік құрастыру ісі Ислам дінінің қасиетті кітабы Құранмен тікелей байланысты. Құранда араб тілінде сирек кездесетін сөздердің (*ғариб әл-Құран*) мағыналарын Мұхаммед пайғамбардың (571–632) көзі тірісінде қасындағы *сахабалар* (пайғамбарды көрген мұсылмандар) ауызша (*риуаят* түрінде) жинай бастаған. Кейінгі кезде хадистерде (пайғамбар сөзі) сирек кездесетін сөздер (*ғариб әл-Хадис*) үшін де түсіндірмелі сөздік жазу қажеттілігі пайда болды. Осылайша алғаш араб тілінің түсіндірме сөздіктері қалыптаса бастады [35, б. 33-54].

Араб түбегінде VII ғасырда бастау алған Ислам діні кейінгі ғасырларда ауқымын кеңейте түсіп, көршілес елдерді өз ықпалына қарата бастады. Алдымен парсы елі, артынан түркі елі Ислам дінін қабылдап, жаңа діни ұстаным негізінде өмір сүру салтын қалыптастырды. Парсы және түркі елдерінің исламдану барысы бірден дамыған жоқ, ол ұзақ процестерден өтті [36, б. 83]. Бұл процестің бір этюдi Тараз қаласы маңындағы 751 жылы болған Атлах соғысы. Бұл жерде арабтар мен түркілер бірігіп, Қытай басқыншыларына қарсы соғысып, жеңіске жетті. Осы жеңіс түркі тайпаларының исламдануына зор әсер етті. Бұл оқиғаны түркі даласындағы көшпелі халықтың исламдану процесінің бір көрінісі ретінде қабылдау қажет. Осындай процестер көп болған.

Түркі халықтары арасында Ислам дінін алғашқы болып мемлекеттік деңгейдегі дін ретінде қабылдаған Қарахан әулеті болатын. Есімдеріне «Қара» лақап аты қосылып айтылғандықтан бұл әулет өкілдері негізін салған мемлекет – Қарахан мемлекеті деп аталды. Бұл атауды алғаш рет орыс шығыстанушысы В.В. Григорьев (1816–1881) қолданған болатын [37, б. 6].

Қарахан әулеті өкілдерін Махмұт Қашғари «Диуан луғат әт-түрік» еңбегінде «әл-Мүлук әл-Хақанийә» (الملوك الخاقانية) деп атап, «Қара» (ұлы, мәртебелі) титулын лақап ат ретінде қолданған [38, б. 908]. Тарихшы ғалым Ибн әл-Әсир (ابن الأثير, 1160–1233) «әл-Кәмил фи-т-тарих» (الكامل في التاريخ) еңбегінде «Түркістан аймағы – Қашғар, Баласағұн, Хотан, Тараз және осы қалаларға көршілес Мауараннаһрдың басқа да жерлері түркілердің Ханийя билеушілері (الأترک الملوك الخانية) қол астында болғандығын» айтады [39, б. 320].

Қарахан әулетінен Ислам дінін алғаш қабылдаған Сатұқ Бұғра хан (қ.б.ж. 955) болды. Кейбір дереккөздерде ол көрген түсінінің әсерімен Ислам дінін қабылдағаны туралы мәліметтер кездеседі [40, б. 242-243]. Қарахан әулеті басқа да түркі елдері секілді Ислам дінінің Ханафи мазхабы мен сүнниттік бағытын ұстанған [41, б. 1113].

Қарахандар билігі кезеңі (840–1212) түркі даласындағы өркениеттің белес биігі іспетті. Дәл осы кезеңде Түркі қағанаты гүлденіп, өркениеті өте дамыды. Қарахандар мәдениетінде елдік түзу, мемлекеттік, қоғамдық ойды идеология деңгейінде өрістету секілді айқын бағыттар таланттылықпен көрінеді. Қарахандар дәуірінде мәдениет, білім, өнер белгілі дәрежеде гүлдене түсті [42, б. 211]. Осылайша әдебиет те қарқынды дамып, түркі тілінде көптеген туындылар жарық көрді және түркілік ислам әдебиетінің негізі қаланды. Түркі

тарихының асыл қазыналары қатарынан орын алған мәдени жазба мұралар дәл осы кезеңде дүниеге келді.

Бұл кезеңдері көне ұйғыр жазуымен түркі тілдерінде жазылған ескерткіштер де пайда болды. Олар – манихей, христиан және будда діндеріне байланысты бөтен тілдерден (әсіресе, қытай, сирия, санскрит, моңғол тілдерінен) жасалған аудармалар (IX – XI және VII – XIII ғ.) болатын [43, б. 26]. Профессор Д. Мәсімханұлы Қытайдағы түркітану ғылымында бұл еңбектер кеңінен зерттелгені туралы айтады: *«Атап айтқанда көне ұйғыр тілінде жазылған болып табылатын «Алтын иорук», «Матрисимит», «Ауатамсака сутра», «Шабурган», «Хуастуанифт» қатарлы будданың діни әдебиеттерінен жасаған аудармалары мен оған жазған [профессор Гэн Шиминнің – Б.Д.] ғылыми түсініктері көне ұйғыр жазуын зерттеушілерге кең өріс ашып берді»* [44, б. 96].

Ислам дінінен басқа дін кітаптары түркі тілдеріне тек көне ұйғыр графикасымен ғана жазылып аударылған жоқ. Сонымен қатар, араб графикасында жазылған аудармалар кездеседі.

Түркі тілдеріндегі жазба ескерткіштер қатарына әралуан заттардың бетіне жазылған эпиграфикалық ескерткіштерді де жатқызамыз. Профессор Ә.Қ. Құрышжанов түркі тілдерінің тарихында ондай заттардың түрі өте көп екендігін атап өтеді. Солардың арасында басым көпшілігі мола басына қойылатын құлпытастарда жиі ұшырасады [43, б. 42]. Бұл зерттеуде Мәмлүктер билігі мен Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштер қатарында арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер туралы арнайы бір тарауда зерттеулер ұсынылады. Себебі, арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер тілдік-мәдени дереккөздің үлкен бір бөлігі болып табылады.

Қарахан әулеті батыс тармағының өкілдері дін саласында Исламның ұстамды саясатын жүргізуге тырысып бақты. V/XI ғ. билікке келген бүкіл түркі әулеттері (Ғазнауилер, Қарахандықтар және селжүктер) Исламның сүннит және Бағдат халифаты сияқты діни-саяси институттарымен сiңiсiп, тезiрек бiрегейленiп кетуге тырысты [45, б. 24].

Қарахан әулеті кезінде алғаш рет түркі тіліне Құран аудармалары жасалды. Өкінішке орай, осы дәуірде Құранның түркі тіліне аудармасын жасау кезеңі, аудармаға себеп болған жағдай мен алғы шарттар, кімдердің тарапынан, қай уақытта, кім үшін аударылған деген сияқты сұрақтарға дереккөздер жеткіліксіз болғандықтан толық жауап алу қиын. Бұл әлі алдағы уақытта зерттеуді қажет ететін тақырып.

Парсы және түркі халықтарында Ислам дінін қабылдау арқылы жаңа діннің шарттарын, ұстаным және үкімдерін түсініп, дін талаптарын орындауы барысында кейбір проблемалар туындады. Исламның қасиетті кітабы Құран, орындалатын құлшылық ғибадаттар мен оқылатын дұғалар да араб тілінде болды. Араб тілі фонетикасы, лексикологиясы мен грамматикалық құрылысы жағынан парсы-түркі тіліне мүлде ұқсамайды. Сондықтан да, Құранда не жазылғанын түсіну үшін оны аудару қажеттілігі туындады деп болжауға негіз бар.

Құранды басқа тілге аударуға қатысты классикалық діни әдебиеттерде мына үш мәселе алға шығады: 1) Құранды басқа тілдерге аудару; 2) Құлшылық-ғибадат (намазда) кезінде Құран аудармасын басқа тілде оқу; 3) Құранның аудармасын жазу мәселелері. Жалпы бұл үш мәселеде Ислам фикһ ғалымдары екі түрлі көзқараста болған.

Құранды басқа тілге аудару мәселесі бойынша Ислам ғалымдары арасында алғашқы бетте екі түрлі көзқарас қалыптасты. Бір топ ғалымдар қасиетті кітап араб тілінде түскенін, әрбір сөйлемнің, әрбір әріптің өзіндік мағынаға ие екендігін алға тартып, Құранды басқа тілге аудару ісін мақұлдамады. Олар Құранның «*Расында біз мұны арабша Құран түрінде түсірдік*» [Құран: 12/2, 20/113] деген аятын дәлел ретінде алға тартты. Ал, Құранды басқа тілге аударуға болатынын, тіпті бұл іс қажетті екенін жақтайтын ғалымдар Құранның «*Сені адамдарға елші етіп жібердік*» [Құран: 4/79], «*Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік*» [Құран: 21/107], «*Сені біртұтас адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік*» [Құран: 34/28] деген аяттарын дәлел етіп, пайғамбар алып келген қасиетті Құранды барлық халықтар түсінуі керек деген пікірді ұстанды [46, б. 186-231].

Ұлты араб емес басқа халықтар Ислам дінін қабылдағаннан соң діни жораларды орындауда кейбір проблемалық жағдайларға тап болғаны мәлім. Өйткені, мұсылмандық құлшылық-ғибадаттар мен оқылатын дұғалар Құранның тілі – араб тілінде орындалуы керек болды. Әсіресе, Хорасан мен Мауараннаһрдың парсы тілді (соғд/дари) жергілікті халқы араб тілін білмеді, оны үйренуге ұзақ уақыт қажет болды. Сол себепті мұсылмандық құлшылықтарын өз тілінде орындау мәселесі күн тәртібіне шықты. Бастапқы бетте Әбу Ханифа (699–767) мен басқа да мүжтаһид ғұламалар намаз оқыған кезде Құранды парсы тілінде оқуға болады деген пәтуа шығарды. Ханафи мазһабын ұстанатын кейінгі буын ғалымдары «парсы тілі араб тіліне ұқсас, араб тілін меңгергенге дейін намазды парсы тілінде оқыса болады» деген сияқты түсіндірме шархтар жазды. Ханафи мазһабының атақты фикһ ғалымы Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Әби Саһл Ахмед әс-Сарахси (محمد ابن أبي سهل أحمد أبو بكر) (السرخسي, қ.б.ж. 1088–89) «әл-Мабсут» атты еңбегінде Әбу Ханифа «*парсылар пайғамбар сахабасы Салман әл-Фарсиға (қ.б.ж. 656) хат жазып, «Фатиха» сүресін парсы тілінде жазып беруін өтінген. Сөйтіп, олар намазда «Фатиха» сүресін парсыша оқитын еді*» деген мәліметті дәлел ретінде қолданғанын айтады [47, б. 37]. Әбу Бәкір Мұхаммад ибн Джа‘фар ән-Наршахи (أبو بكر محمد بن جعفر النرشخي, 899–959) Бұхара тарихына қатысты жазған атақты «Та’рих-и Бұхара» (تاريخ بخاري) еңбегінде Құтайба ибн Муслим (قتيبة بن مسلم, 669–715) х.ж. 94/712 ж. Бұхарада мешіт салдырғанын, алғашқы кездерде халық араб тілін білмегендіктен намаз құлшылығын парсы тілінде оқығанын айтады [48, б. 53].

Ал, Құран аяттарының мағынасын басқа тілге аударып жазу жөнінде Ханафи мазһабының фикһ ғалымдары «олар кейбір шарттарды орындаған жағдайда ғана жазуға болады» деген пәтуа берді. Бұл мәселеге қатысты Ханафи мазһабының *Бұхара фикһ мектебі* өкілдерінің берген пәтуалары маңызды. Жоғарыда аты аталған фикһ ғалымы әс-Сарахси мен ұстазы ‘Абд әл-‘Азиз ибн

Ахмад әл-Халуа'и әл-Бұхари (عبد العزيز بن أحمد الحلواني البخاري, қ.б.ж. 1056-57) Құран аудармасын жазу шарттарына қатысты пәтуа берген. Әл-Халуа'и «егер біреу Құранды парсы тіліне толық аударып жазғысы келсе, бұл қатаң түрде тыйым салынады. Бірақ бір немесе екі аятты осылай жазса, оған рұқсат етіледі» дейді. Ал шәкірті әс-Сарахси өзінің «Шарх әл-жами' әс-сағир» (شرح الجامع الصغير) еңбегінде ұстазының көзқарасын дамыта отырып, «егер ол алдымен Құран мәтінін (араб тілінде) жазып, содан кейін әр сөздің түсіндірмесі (тәфсир) мен аудармасын (тәржіма) сол жолдардың астына жазса, онда әл-фақиһ Әбу Джа'фар әл-Хиндувани жеткізгендей, мұның оғаштығы жоқ» деп айтқан [3 б. 422]. Құранның сөзбе-сөз аудармасын мүмкін қылмаған басты себеп – оның мұғжизалығы. Аударма – Құранның өзіндік стилін, шешендік байлығын, рухқа әсер ететін көркемдігін бере алмайды. Сонымен қатар аудармадағы кейбір ұғымдар мен сөздер негізгі мағынаны, сөз не мәтіннің түпкі интенциясын толық қамти алмайды [49, б. 119].

Құранды басқа тілдерге аудару мәселесі төңірегінде біздің зерттеу нысанамыз Құранның аударма сөздігі, нақтылап айтқанда Құранның түркі тіліне аударма сөздіктерінің жазылуы жөнінде болады. Осылайша, Құран аудармалары осы пәтуаларға сүйене отырып жасалды. Бұл аударма тәсілінде негізгі сөйлем араб тілінде үлкен әріптермен жазылады да, парсы немесе түркі тіліндегі балама мағынасы сол сөздердің астына жазылады.

Атақты түркітанушы ғалым Янош Экманның (János Eckmann, 1905–1971) пікірінше, шығыс түркі тіліндегі Құран аудармалары екі түрге бөлінеді:

- 1) Ешқандай қосымша түсініктемелері жоқ сөзбе-сөз аудармалар;
- 2) Түсіндірмелермен толықтырылған сөзбе-сөз аудармалар. Мәтіннің аударылатын бөлігіне байланысты шағын не ұзақ әңгімелер мен қосымша түсіндірмелер жасалады [50, б. 151].

Белгілі шығыстанушы профессор Ә.Қ. Мүминов Алматы қаласының Ұлттық кітапхана қорындағы XI және XIII ғасырларға тиесілі парсы тіліндегі екі Құранның (инв. 1178-36, 111226) жолма-жол аудармасының біріншісі – *жолма-жол сөзбе-сөз аударма* (подстрочный дословный перевод), екіншісі – *жолма-жол тұтас аударма* (подстрочный сплошной перевод) екендігін айтады [51, б. 21].

Біз Құранның бұл екі түрдегі аудармасын былай қарастырамыз: Біріншісі, *жолма-жол аударма сөздік* – бұл бір жолдағы әрбір арабша сөздің астына сол сөздің аудармасы жазылады. Бұл жерде толық мағыналы аударма шықпайды, тек әрбір сөздің жеке мағынасы ғана жазылады. Сондықтан бұны сөздік жанрына жатқызуға толық негіз бар. Екіншісі, *жолма-жол тұтас мағыналы аударма* – бір жолдағы арабша мәтіннің толық аудармасы астыңғы жолда беріледі. Сонымен бірге қажеттілікке байланысты қысқа ашықтамалар да (тәпсір) беріледі. Құран аудармасында қолданылатын «жолма-жол аударма» тәсілі терминін белгілі қыпшақтанушы Ә.Қ. Құрышжанов та өз еңбектерінде атап өткен [43, б. 26].

Құранның басқа тілдерге аудармасы тұрғысында ең алғаш парсы тіліне аударылған. Бұхарада билік құрған Саманиттер әулетінің (819–999) билеушісі I

Мансур ибн Нұхтың (қ.б.ж. 976) билігі кезінде (961–976) бір топ ғұламалар тарапынан атақты Ислам ғалымы Мұхаммед ибн Жарир ат-Табаридің (محمد بن جرير الطبري, 836–923) «Жами' әл-байан 'ан та'уили айи әл-Куран» (جامع البيان عن تأويل آي القرآن) атты қырық томдық Құран тәпсірі парсы тіліне ықшамдалып, аудармасы жасалған [52, б. 11-12].

Түркітанушы ғалым А. Уалиди Тоғанның (Ахмет-Заки Валидов, 1890–1970) айтуынша, Құранды парсы тіліне аударған кезде кеңес мүшелері арасында «Исфижаби» (Сайрам), «Мабуси» ныспысымен белгілі екі ғалымның аты аталады. Есіміне ныспысы ретінде жамалған бұл қалаларда түркі халықтары мекендегені белгілі. Сондықтан да бұл екі ғалым түріктестес болуы әбден мүмкін [53, б. 18].

Түркітанушы ғалым А. Инан (Abdülkadir İnan, 1889–1976) Құран аудармасы ең алғаш түркі тіліне Қарахан әулеті Ислам дінін қабылдағаннан кейін жетпіс жылдан соң (Бұхара қаласын алғаннан кейін), яғни XI ғасырдың алғашқы жартысында жасалған деп болжайды [4, б. 8]. А. Инанның бұл тезисін дұрыс деп есептейміз.

Қарахандар әулеті кезеңінен (840–1212) бүгінгі күнге дейін Құранның ең көне төрт аудармасы жетіп отыр. Біріншісі – 1914 табылған, Санкт-Петербург қаласы (Ресей) Шығыстану институтында сақтаулы тұрған «Құран тәпсірі» (инв. 2475); екіншісі – Стамбұл қаласындағы (Түркия) «Түрік-Ислам жәдігерлері» мұражайында (Türk İslam Eserler Müzesi) сақтаулы тұрған нұсқа (TIEM 73); үшіншісі – Өзбекстан Ғылым академиясының А.Р. Бируни атындағы Шығыстану институтында (Ташкент) сақтаулы тұрған нұсқа (инв. 2008); төртіншісі – Манчестер қаласындағы (Ұлыбритания) «Rylands» нұсқасы (MS. Ar. 25-38) атымен танымал шығарма [5, б. 16].

Құранның түркі тіліне аударылған ең ескі әрі ғылымда ең танымал аудармасын 1914 жылы А. Уалиди Тоған тапқан. Бұл – Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұрған нұсқа [54, б. 128]. А. Уалиди Тоған толық емес бұл нұсқаның тілін «Рабғузи» тілінен де ескі екендігін айтады [55, б. 249]. Ол бұл нұсқаны Ислам әдебиетінде «Құранның жетісінен бірі» деген ұғымды беретін парсыша «Хафтияктің», яғни Құранның жетісінен бір бөлігінің аудармасы деп атайды [53, б. 17].

Түркі тіліне аударылған бұл көне еңбекті орыстың түркітанушы лингвист ғалымы А.К. Боровков (1904–1962) та зерттеген. Ол «Лексика среднеазиатского тефсира XII–XIII вв.» атты еңбегінде тәпсірде кездесетін түркі, араб, парсы сөздерінің тізімін сөздік ретінде берген [56]. Бұл нұсқа бойынша түрік зерттеушісі Халил Ибрахим Уста (Halil İbrahim Usta, Ankara Üniversitesi) магистрлік диссертация қорғаған [57]. Өзбек ғалымы Қ. Махмудов 2000 жылы бұл нұсқаны факсимилесімен бірге жариялады [58].

Стамбұл қаласындағы «Түрік-Ислам жәдігерлері» мұражайында TIEM 73 нөмірі бойынша сақталған нұсқаны 1333 жылы Шираз қаласында Мұхаммед ибн Хажі Даулетшаһ (محمد بن حاجی دولة شاه) көшірген. Толық нұсқада сақталған бұл Құран аудармасы 902 бет, әр бетте 9 қатар жазу бар. Арабша сөздердің астына қызыл түсті қаламмен түркіше мағыналары жазылған [59, б. 47].



Бұл нұсқаның алғашқы жартысын (1v-235v беттер) Абдуллаһ Көк (Abdullah Kök, Ankara Üniversitesi) [52], соңғы жартысын (235v-450r беттер) Суат Үнлү (Suat Ünlü, Hacettepe Üniversitesi) зерттеп, докторлық диссертация қорғаған [60].

«Өзбекстан нұсқасы» деген атпен танымал үшінші нұсқаның аудармасы парсы және түркі тілдерінде берілген. Ол сонысымен де құнды әрі ерекше. Толық емес бұл нұсқа 273 беттен тұрады. Қағазының қалың жылтыр сипатына, әріптерінің жазылуы мен тыныс белгілеріне қарап, қолжазбаны XII ғасырға жатқызуға болады. Тілдік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырсақ, парсы тіліндегі мәтінде кездесетін сөздер кейінгі кезеңдегі парсы әдеби тілінде қолданылмайтын лексикалардан тұрады. Түркі тіліндегі аударма тәсіліне қарасақ, қазіргі кезде қабылданған терминология негізінде «қарахан-қыпшақ тілі» деп қабылдауға болады [61, б. 46]. Бұл нұсқа бойынша түрік зерттеушісі Емек Ушенмез (Emek Üşenmez, İstanbul Üniversitesi) докторлық диссертация қорғады [62].

«Rylands» нұсқасы атауымен танымал Құран аудармасы Манчестердегі «Rylands» кітапханасының араб қолжазбалары бөлімінде сақталған. Бұл нұсқа кімдердің тарапынан, қашан, қайда көшірілгені белгісіз. Аударма сөзбе-сөз тәсілімен аударылған, араб сөздеріне түркі және парсыша баламалар берілген. Арабша мәтіні сулус каллиграфиясымен, ал парсы және түркіше сөздер насх каллиграфиясымен шағын және жіңішке етіп жазылған. Парсы тіліндегі аударма арабша мәтіннің жоғары жағына, ал түркіше аудармасы төменгі жағына берілген. Толық емес бұл нұсқа 14 том, 1145 беттен тұрады. Янош Экмманн шығарманың сөздігін алғаш рет түркі, араб, парсы және ағылшын тілінде дайындап жариялаған [63]. Бұл нұсқа туралы тұңғыш мәлімет берген шығыстанушы А. Мингана (Alphonse Mingana, 1878–1937) болды [64, б. 27-30]. Астана қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары аталған Құран аудармасының көшірмесін 2024 жылы Ұлыбританиядағы ғылыми-зерттеу экспедициясы аясында алып келгендігін хабарлаған болатын [65].

Құранның түркі тіліндегі аудармалары тарих, тіл және әдебиет ғылымы тұрғысынан аса маңызды. Түркітанушы ғалым Янош Экмманн былайша ой қорытады: «Түркі тілі тарихының негізгі еңбектерінің ішінде Құран аудармалары ерекше топты құрайды. Бұрынғы түріктілдес елдердің әртүрлі аймақтарында жасалған Құран аудармаларының тілтану ғылымы үшін маңызы зор екендігін жалпы жұрт мойындаған. Құран аудармалары, ең алдымен түркі фонетикасы, морфологиясы және лексикологиясы тұрғысынан құнды» [50, б. 149].

В.В. Бартольд (1869–1930) Құранның түркі тіліне аудармасы тек тіл мамандары (лингвист) үшін ғана емес, тарихшылар үшін де маңызды деп есептейді. Себебі, бұны Ислам дінінің таралуына қатысты дереккөз ретінде қарастыруға болады деп санайды [66, б. 442]. Қарахандар дәуірінде жазылған Құран аудармалары түркі тілі саласында өте маңызды орын алады. Араб

сөздерінің түркіше баламалары тікелей, әсіресе жолма-жол аударылуы – діни терминдерді түркі тілдеріне аудару тұрғысынан аса маңызды [5, б. 16].

Қарахандар әулеті кезеңінде басқа да құнды жазба туындылар жарық көрді. Сондай құнды еңбектердің бірі – Махмұт ибн әл-Хұсейн ибн Мұхаммед әл-Қашғаридің (محمود بن الحسين بن محمد الكاشغري, 1029–1101) «Диуан лұғат әт-түрік» (ديوان لغات الترك) сөздігі.

Махмұт әл-Қашқари түркі елі арасынан шыққан тұңғыш тіл маманы. Алғаш рет түркі тілінің оқулығын жасап шыққан, грамматикасын түзген, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Оның тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл араб, шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты десе де болады [67, б. 12, 22].

Махмұт әл-Қашғари «Диуан лұғат әт-түрік» еңбегін 1074 жылы жазып бітірген және Бағдат қаласындағы Аббасидтер әулетінің (750–1517) тақ иегері әл-Муқтадиға (أبو القاسم عبد الله بن محمد بن القائم بأمر الله, 1056–1094) сыйға тартқан. Бағдат халифатының кітапханасында сақталған бұл кітап Моңғол шапқыншылығынан кейін (1258) Мәмлүктер иелігіне өткен. 1266 жылы Мәмлүктер мемлекетінде бұл еңбекті Мұхаммед ибн Әби Бәкір ибн Әби-л-Фатх әс-Сауи (محمد بن أبي بكر بن أبي الفتح الساوي) атты адам түпнұсқадан қайта көшірген [38, б. 13]. Сөйтіп, қазіргі күні бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған «Диуан лұғат әт-түрік» сөздігінің біздің заманымызға дейін жетуіне себеп болған бірден бір нұсқа ол – Мәмлүктер кезеңінде көшірілген қолжазба. Бүгінгі күні бұл құнды еңбектің жалғыз нұсқасы Стамбұл қаласындағы «Ұлт кітапханасында» сақтаулы (Millet Kütüphanesi, Ali Emîrî, Arabî, nr. 4189) [68, б. 449].

Махмұт әл-Қашғаридың «Диуан лұғат әт-түрік» еңбегін 1915-1917 жылдары түрік ғалымы Рифат Білге Кіліслі алғаш рет араб әрпімен үш томдық етіп баспадан шығарды. Одан соң әлемнің көптеген тілдерінде басқа басылымдары жарық көрді. Тәуелсіздіктен кейін Қазақстанда 1997-1998 жылдары «Диуан лұғат әт-түрік» сөздігін белгілі филолог ғалым А.Қ. Егеубаев дайындап, қазақ тіліндегі үш томдығы жарық көрді [67]. Ал З.-А. М. Ауэзованың орыс тілінде жасаған аудармасымен жарық көрген баспасы [38] ғылыми ортада маңызды басылым ретінде қызмет атқарып келеді.

Қарахандар әулеті кезеңінде жарық көрген тағы бір құнды еңбек – көне Баласағұн шаһарында дүниеге келген Йусуф Хас Хажибтің (يوسف خاص حاجب, 1015–1077) 1069 жылы жазған «Құтадғу білік» (قوتادغو بيليک – Құтты білік) атты еңбегі. Ол бұл еңбегін Шығыс Қарахан әулеті билеушісі Табғаш Бұғра Қараханға (лақаб аты: Насир әл-Хаққ уә-д-Дин Малик әл-машриқ) тарту еткен [69, б. 83]. «Құтадғу білік» еңбегі түркі тілінде көркем әдебиет үлгісі ретінде тұңғыш жазылған шығарма [70, б. 254]. Жүсіп Баласағұнның бұл кітабы арқылы Қарахандар кезеңіне көз жүгіртіп, тарихи-этнографиялық, ақлиқат-эстетикалық, тіл ерекшеліктерінің орамдарына қатысты құнды пайымдаулар түйіндеп, пікір қорытуға болады [71, б. 9].

Бүгінгі күні «Құтадғу біліктің» үш көшірме нұсқасы бар. Алғашқы табылған нұсқа Герат көшірмесі (Вена көшірмесі деп те аталады) ұйғыр әліпбиімен жазылған. Ол 1439 жылы көшірілген. Одан кейін Каир көшірмесі және ең соңында Наманган (немесе Фарғана) көшірмесі табылды. Соңғы екі нұсқа араб әрпімен жазылған [72, б. 33-39].

Каир нұсқасы XIII-XIV ғасырларда, яғни Мәмлүктер кезеңінде (1250–1517) көшірілгендігімен ерекшеленеді. Көшірменің алғашқы бетінде Мәмлүктер кезеңінде жазылған басқа кітаптар секілді бұның қай кітапханаға немесе кім үшін көшірілгені туралы мәліметтер кездеседі. Бұл жерде көшіруші ‘Изза әд-Дин Айдемір әд-Дуадар ән-Насиридін (عز الدين أيدير الدوادار الناصري) есімі жазылған. Аты аталған ‘Изза әд-Дин Айдемір Мәмлүктер кезеңінде біршама лауазымды қызметтер атқарған, әскери қолбасшы мәнсабына (اتابك العساكر) дейін көтерілген саяси тұлға. Әділдігімен, қарапайымдылығымен аты шыққан. 1361 немесе 1347 жылдары қайтыс болғаны туралы мәлімет те бар [73, б. 434]. Бұл нұсқаның маңыздылығы сол мәмлүк-қыпшақ тілі мен сөздіктерді зерттеу үшін айрықша орынға ие.

Шығыстанушы ғалым В.В. Радлов (1837–1918) 1890 жылы Санкт-Петербург қаласында ұйғыр әрпімен жазылған нұсқасын алғаш рет фиксимилесімен баспадан шығарды [74]. Одан кейінгі жылдары әртүрлі тілдерде жарық көрген бұл құнды жазба жәдігерді 1986 жылы алғаш рет қазақ тіліне аударып жариялаған А.Қ. Егеубаев болатын [75].

Қарахандар мемлекетінде жазылған маңызды еңбектердің тағы бірі – Әдиб Ахмет Йүгнекидің (اديب احمد يوكنىكى, XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басы) «Һибат әл-хақайик» (هبة الحقائق – Ақиқат сыйы) атты дастаны. «Һибат әл-хақайик» еңбегін жазудағы негізгі мақсат – адамдарды кісілік қасиеттерге баулып, ақыл-насихат айту. Кітаптың негізгі тақырыбы білімділіктің пайдасы, надандықтың зияны, адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық туралы дидактикалық мәнге ие. Соңында атын қалдыру үшін осы кітапты түркі тілінде жазғандығын ескертеді [76, б. 418-419].

Түрік ғалымы Р.Р. Арат (Reşid Rahmeti Arat, 1900–1964) «Һибат әл-хақайик» еңбегінің түрікше аудармасында бұл еңбектің алты нұсқасы туралы кеңінен мәлімет береді. Бұл нұсқалардың бесеуі Түркия кітапханаларында (А, В, С, D, Е нұсқалары), біреуі (F нұсқасы) Берлиндегі Пруссия Ғылым Академиясының (Königlich-Preußische Akademie der Wissenschaften) кітапханасында сақтаулы екендігін атап өткен [77, б. 20-37]. Бұл жазба жәдігерліктің қазақ тіліндегі басылымын алғаш рет 1985 жылы Ә.Қ. Құрышжанов жасап, жарыққа шығарды [78]. Бұдан бөлек, белгілі түркітанушы филолог ғалым Берікбай Сағындықұлының (1939-2023) «Һибат-ул хақайик» нұсқаларының (XII ғ.) қолданбалы мәтіні. Ескерткіштің лингвостатистикасы» атты еңбегі ғылыми ортада тіл мамандары үшін баға жетпес құнды еңбек болып табылады [79].

Жоғарыда қысқаша мәліметтер келтірілген Қарахандар әулетінің билігі кезеңінде түркі тілінде жарық көрген бұл жазба ескерткіштер түркі халқының тілін, әсіресе қазақ тілінің терең тамырын зерттеуде маңызды дереккөз болып

табылады. Осы жазба жәдігерлер арқылы Қарахандар кезеңіндегі түркі тілінің тарихын тануға және Қарахан дәуіріндегі түркі тілі сөздігін құрастыруға негіз болады. Өйткені бұл еңбектерде лексикалық үлкен қор бар. Нақтылап айтар болсақ, Қарахандар кезеңінде пайда болған түркітілді еңбектердің тізімі мен сөздік қорын мына кестеден көруге болады (кесте 1) [5, б. 109].

Кесте 1 - Қарахандар кезеңінде пайда болған түркітілді Құран сөздіктерінің тізімі мен сөздік қоры

| Еңбектердің атауы                 | Есімдер<br>[اسم] | Етістік<br>[فعل] | Жалпы |
|-----------------------------------|------------------|------------------|-------|
| Құран аудармасы «Rylands» нұсқасы | 1425             | 574              | 1999  |
| Диуан лұғат әт-түрік              | 5147             | 3477             | 8624  |
| Құтадғу білік                     | 2015             | 946              | 2961  |
| Һибат әл-хақайиқ                  | 943              | 363              | 1306  |

Қарахандар кезеңінде жарық көрген жазба ескерткіштер жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіп, тілдік ережелері мен ерекшеліктерін айқындап, сол дәуірде қолданылған түркі тілінің түсіндірмелі сөздігін құрастыру маңызды жұмыстардың бірі болған.

Бірінші тарауды қорытындыласақ, Құран аудармаларын жасауға пәтуа берілгеннен кейін жолма-жол сөздік жасау тәсілі арқылы алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктері пайда болды. Соның негізінде Қарахандар кезеңінде түзілген Құран аудармасының 4 сөздігі дүниежүзілік ғылымда белгілі.

## 1.2 Алтын Орда кезеңінде араб-парсы-түркі сөздіктерін құрастыру: аз-Замахшаридің (1075 – 1144) «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі мысалында

Бұл тарауда Хорезмшахтар дәуірінде (1097–1231) өмір сүрген Әбу-л-Қасым Махмуд ибн ‘Омар ибн Мұхаммед Аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының жазылуы, нұсқалары, сақталуы, лексикалық қоры және т.б. мәселелері сөз болады. Әсіресе «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының Жошы ұлысында кең тарағандығы әрі өте көп көшірілген нұсқалары тарағандығы, сақталғандығы туралы мол мағлұмат беріледі. «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі Жошы ұлысында көп тарап, Мәмлүктер мемлекетіне де жетеді. Мәмлүктер мемлекетінде түзілген арабша-қыпшақша сөздіктердің түзілуіне осы шығарманың зор әсер болғандығы айтылады.

Сонымен қатар, тараудың бас жағында Жошы ұлысы және сол кезеңдегі жазба ескерткіштер жөнінде мол мағлұматтар беріледі.

Шығыстану ғылымында «Түркі тілдерінің орта дәуірі (X – XV ғғ.)» деп аталатын кезең қазіргі түркі тілдерінің қалыптасып, ортақ әдеби тіл пайда болған дәуірі. Орта түркі дәуірі іштей екі кезеңге бөлінеді: Қараханидтер дәуірі (XI-XII ғғ.) және Моңғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.). Белгілі ғалым А.Н. Самойловичтің топтамасы бойынша бұл әдеби тіл үш кезеңді басынан өткізген: а) Қараханидтер династиясына бағынып тұрған түріктердің әдеби тілі (орталығы – Қашқар қаласы, IX – XII ғғ.); ә) Оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде қолданылған әдеби тіл (орталығы – Сырдарияның төменгі ағысы мен

Хорезм өлкесі, XII – XIV ғғ.); б) Шағатай (Шыңғыс ханның екінші ұлы) ұлысында (Хорезм, Батыс және Шығыс Түркістан, Мауреннахр) тұратын түріктердің әдеби тілі (орталығы – Құлжа қаласы, XV – XVI ғғ.) [80, б. 939].

Қарахандар әулеті билеген кезеңде ұйғыр-қарлұқ тайпаларының тілі дамып жетіліп, оғыз тілдері де өз әсерін тигізген. Оғыз-қыпшақ тілінде сөйлеген тайпалар Сырдарияның төменгі ағысынан бастап, Алтын Орда арқылы Мысыр еліне дейінгі аралықты қамтыған.

Алтын Орда мемлекеті сол дәуірде экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан дамып жетілген жетекші елдердің қатарында болды. Шыңғыс ханның (1155–1227) бірінші әйелінен Жошы, Шағатай, Өгедей, Тулуй (Төле) деген төрт ұлы болған. Шыңғыс хан өз дәуірінде қалыптасқан халықтық әдет-ғұрыпқа сай жаулап алған аймақтарды ұлдары мен басқа да туыстарына мұра ретінде көзі тірісінде-ақ үлестіріп, енші берді [81, б. 421]. Алдымен үлкен ұлы Жошыға (1182–1227) ұлыс және жұрт ретінде қарамағындағы жердің батыс өңірлерін берді. Бұл жерлердің негізгі бөлігі Дешті Қыпшақ деп аталатын еді. Алайда Жошының тірі кезінде Дешті Қыпшақ толық оның иелігінде болмады, оның көп бөлігін әлі де жаулап алу керек еді [82, б. 57]. Жошы әкесі Шыңғыс ханнан алты ай бұрын, яғни 1227 жылдың ақпанында қайтыс болды. Шыңғыс хан өзінің өмірден өткен ұлы Жошы басқарған ұлысты немересі, яғни Жошының үлкен ұлы Бату ханға (1205–1255) берді. Бату хан Жошы ұлысының ханы болып жарияланғаннан кейін қысқа уақыт ішінде Шыңғыс ханның өзі де қайтыс болды [83, б. 19].

Жошының ұрпақтары билік құрған бұл үлкен мемлекет Дешті Қыпшақтың ұлан-ғайыр жері және оған жақын орналасқан бірқатар аймақтар шығыс деректерінде (араб, парсы, түркі) «Жошы ұлысы» немесе «Көк Орда» деп аталды. Орыс жылнамаларында көбінесе «Алтын Орда» деп аталған болатын. Бұл мемлекетті орыс тарихшылары неге «Алтын Орда» деп атағандығы туралы нақты мәлімет жоқ [84, б. 41]. «Алтын Орда» атауы алғаш рет орыс жылнамаларының ішіндегі XVI ғасырға тиесілі «Исторія о казанскомъ царствѣ (Казанскій летописецъ)» атты жылнамада кездеседі [85, б. 19].

Алғашқы іргетасын Жошы хан қалап, Бату хан негізін салған, дүниежүзі тарихында ауқымды мемлекет болып қалыптасып, өзіндік орынға ие болған бұл мемлекетті «Жошы ұлысы» деп атау өте орынды болар еді. Атақты шығыс ойшылы Ибн Халдун (ابن خلدون, 1332–1406): «Татарлар (моңғолдар) құрған екі мемлекет бар. (Біріншісі) Хулаку ұлысы (بني هولاكو). Олар Бағдат қаласын бағындырып, Ирактағы Ислам тағын жаулап алды. Осында олар таққа ие болды. Парсы, Хорасан, Мауараннахр елдері оларға бағынды. (Екіншісі) Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның ұлысы (بني دوشى خان). Олардың мемлекеті солтүстіктен Хорезмге ұласады, шығыс жағы Қырымға дейін, оңтүстік жағы Константинопольмен шекаралас, батыс жағы Булгар жеріне дейін ұштасады» – дейді [86, б. 492].

Сондықтан Шыңғыс хан ұрпақтары құрған мемлекеттерді оның негізін салған ұлдарының атымен «Жошы ұлысы», «Шағатай ұлысы», «Хулаку ұлысы» деп атау тарихи жақтан лайықты болар еді. Сонымен қатар, шығыс тарихи

дерекекөздерінде Шыңғыс хан ұрпақтары негізін қалаған мемлекеттер үшін қолданылатын «Ақ Орда», «Көк Орда», «Боз Орда» секілді атауларды тарихи тұрғыдан термин ретінде қалыптастыру маңызды деп есептейміз [87, 65].

Жошы ұлысының билеушісі Берке хан (1209–1266), одан кейін Өзбек хандар (1280–1341) мұсылмандықты қабылдап, Ислам дінін мемлекеттік дін деңгейіне көтеруі ұлысқа жаңа бір серпін әкелді. Соның арқасында мемлекеттің сауда-экономикалық жағдайымен қатар қалалық мәдениет те қарқынды дами бастады, қалалар «шығыстық сипатқа» ие болды [88, б. 13, 20, 27].

Жошы ұлысы аумағындағы халықтың басым бөлігі қыпшақтар еді. Сондықтан да бұл аумақ Дешті Қыпшақ, яғни парсы тілінен аударғанда «Қыпшақ даласы» деп аталды. Бұл өңірде моңғолдардың саны аз болды. Мәмлүктер тарихшысы Ибн Фазл-Аллаһ әл-Омари (ابن فضل الله العمري, 1301–1349) бұл аумақтың басым бөлігінде қыпшақтар мекендегенін былай деп жазады: *«Бұл мемлекет (Алтын Орда) ертеде қыпшақтардың отаны болған. Бірақ оларды татарлар (моңғолдар) басып алды және қыпшақтар оларға тәуелді болды. Кейін татарлар қыпшақтармен араласып, туыстық қатынастарын нығайта түсті. Осылайша татарлар толығымен қыпшаққа сіңіп кетті»* [89, б. 55].

Танымал түркітанушы Э.Н. Наджиптің пікірінше, Алтын Орданың ресми тілі қыпшақ тілі болды. Сонымен қатар, ресми құжаттар мен хан жарлықтарында оғыз-түркімен тайпалары тілінің әсері байқалып отыратын [90, б. 155]. Жошы ұлысында қолданылған ресми тіл туралы кейінгі кезде кеңінен зерттеу жұмысын жазып жүрген татар ғалымы Л.Ф. Абзаловтың пікірінше, Жошы ұлысының қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңдерінде моңғол тілі саяси беделі жағынан негізгі ресми тіл болуымен қатар ұйғыр тілі де қолданыста болды. Соның әсерінен түркі тілінің қолданыс аясы кеңейе түсті. Артынша түркі тілі моңғол тілін ресми іс қағаздарын жүргізу жүйесінен ығыстырып шығарды. Мемлекеттің қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде басталған бұл процесс оның ең гүлдену дәуірінде аяқталды. Жошы ұлысының ресми жазба тілінің қалыптасуы ескі ұйғыр және жергілікті қыпшақ-оғыз тілдік элементтеріне негізделген. Бұл тілде араб-парсы сөздерінің саны аз болды. Жошы ұлысының негізгі көпшілік бөлігіне түсінікті тіл осы еді [91, б. 121-123].

Жошы ұлысында әдеби тіл екі орталық қалалардың негізінде дамыды. Біріншісі – Сарай қаласы, екіншісі – Хорезм қаласы. Осы екі әдеби орталықта көптеген көркем туындылар жазылды. Жошы ұлысының астанасы Сарай қаласында жазылған шығармаларда оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз тілдік элементтер басым болса, Хорезм жерінде жарық көрген жазба жәдігерлерде қарлұқ-оғыз-қыпшақ тілдік элементтер басым хорезмдік тіл болды. Әрине, Жошы ұлысындағы әдебиет ежелгі түркі және мұсылман шығыс әдебиетінен нәр алғаны белгілі. Сонымен қатар, Қарахандар әулеті кезеңінде өмір сүрген Махмұт әл-Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгнеки сияқты ғұламалардың идеяларын Жошы ұлысындағы ақын-ғұламалар өз еңбектерінде әрі қарай дамытып, жекелеген образдарды қайта сомдады [92, б. 6, 8]. Осылайша түркі тілі бір кезеңнен келесі кезеңге дәстүр сабақтастығы негізінде жалғасты.

Жошы ұлысы дәуірінде Дешті Қыпшақ аумағында бірталай атақты ғұлама ғалымдар, дарын иелері көптеген құнды еңбектер жазып қалдырды. Олардан қалған жазба ескерткіштер сол дәуірдің мәдениеті мен тарихын, тілі мен дәстүрін және ақыл-ой деңгейін айқын көрсетеді.

Жошы ұлысы дәуіріндегі әдебиеттің маңызды бір тұсы бұл дәуірдегі көркем әдебиет, негізінен екі түрлі болды. Біріншісі, аударма-нәзіралық шығармалар болса, екіншісі – төлтума әдебиет [93, б. 15]. Бұл пікірді қолдап, тереңірек зерттеулер жүргізген ғалым Т. Қыдыр мынадай тұжырым жасайды: *«Қарахандықтар билігі кезіндегі шығармалар тек түркілік рухта туып, шайырлық шеберліктің арқасында дүниеге келген болса, Алтын Орда тұсында бой көрсеткен еңбектерде аударма саласы басымдау... (Олар) араб, парсы дүниесін сол қалпында тәржімалаған жоқ, оған түркілік рух беріп, жан бітірді»* [94, б. 29].

Сондықтан да, Жошы ұлысы дәуірінде дүниеге келген жазба ескерткіштердің сөздік қорын нақтылап, сөздігін құрастырып, аударма тәсілдері мен тілдік ерекшеліктерін зерттеу аса маңызды деп білеміз.

Хорезмшахтар дәуірінде (1097–1231) өмір сүрген Әбу-л-Қасым Махмуд ибн ‘Омар ибн Мұхаммед аз-Замахшаридің (أبو القاسم محمود بن عمر الزمخشري, 1075–1144) «Мұқаддамат әл-адаб» (مقدمة الادب) сөздігінің түркі тіліндегі кейбір нұсқалары Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған ең ескі сөздік ретінде бағаланып отыр. Бұл жазба ескерткіш кейбіреулері араб, парсы, түркі, моңғол тілдерінің сөздігі болып құрастырылған [6, б. 125]. Сондықтан аталмыш сөздік Жошы ұлысы кезінде қолданылған қыпшақ тілін айқындауда негізгі іргетас материал деп атасақ та болады.

Ортағасырлық танымал теолог және араб филологиясының білгірі Әбу-л-Қасым Махмуд ибн ‘Омар ибн Мұхаммед аз-Замахшари 1075 жылы Змукшир (Замахшар) ауылында (қазіргі Түркіменстан аумағында, жергілікті халық Измихшир деп айтады) кедей отбасында дүниеге келген. Әкесінің қамқорлығымен сауат ашып, Құран оқуды үйренеді. Көркем жазу – хат өнерін үйрететін (куттаб) мектепте тәлім алады. Бала кезінде аяғы шолақ болып қалғаны үшін ағаш протез киіп жүрген. Әкесі мүгедек баласына тігіншілік кәсібін үйретуді қалаған, бірақ ол қалаға, яғни Хорезм астанасы Үргенішке алып баруын өтінеді. Жасөспірім аз-Замахшари ел астанасында көркем жазудың (құсни хат) арқасында жұмыс табады. Аз-Замахшаридің қалған өмірі ел астанасы Үргенішпен байланысты, тіпті алыс сапарларға шықса да, үнемі осы қалаға қайта оралып отырған. Үргеніште қайтыс болып сонда жерленеді [95, б. 74].

Ғылымға сіңірген еңбегі үшін оған «Араб пен ажам елінің ұстазы» (أستاذ العرب والعجم), «Хорезм мақтанышы» (فخر خوارزم) деген лақап аттар берілген [81, б. 542]. Ислам әлемі үшін қасиетті қала Меккеде көп уақыт тұрақтап, рухани ілімдерді терең меңгергені үшін оны «Алланың көршісі» (جار الله) деп те атайды [96, б. 4].

Дереккөздерде оның аталары туралы мәлімет жоқтың қасы. Әкесі Омар кедей болып Змукшир (Замахшар) ауылының имамы болған. Балалық шағы

жоқшылық пен кедейлікте өтсе де, тақуалық жолын таза ұстаған. Исламның шарифат амалдарын бекем ұстайтын отбасы ортасында тәрбие алған. Ол анасының тақуалығы мен мейрімділігін ерекше бағалайтын. Тіпті, жануарларға өте мейірімді болғанын еске алады. Аяғының шолақ болып қалуына байланысты мынадай әңгіме де бар: «бала кезінде құстардың аяғына жіп байлап ұшыруды қызық көріп, бірде жіпті қатты тартқанда құстың аяғы жұлынып кетеді. Мұны көрген анасы оған қатты ренжиді. Осы оқиғадан соң бір аяғы шолақ болып қалған» [97, б. 24].

Аз-Замахшари Хорезм, Бұхара, Бағдат, Мекке секілді ғылым ордаларында өз заманының көптеген атақты ғұламаларынан тәлім алады. Бұларды жекелеп атап өтетін болсақ, Хорезмде Әбу Мудар Махмуд ибн Жарир ад-Даббиден ( أبو مضر محمود بن جرير الضبي, қ.б.ж. 507/1113) «Наху» және «Лұғат» ілімін үйренген. Ал араб тілінің білгірі, атақты ғалым Сибәуайхтің (سيبويه, 752-796) «Сарф» іліміне қатысты кітабын Әбу Бәкір ‘Абдуллаһ ибн Талха әл-Йабиридан ( أبو بكر عبد الله بن طلحة اليابري, қ.б.ж. 518/1125) оқиды. Бағдат қаласында оқып жүріп, Әбу Мансур ибн Әби Тахир әл-Лұғауидан (أبو منصور بن أبي طاهر اللغوي, қ.б.ж. 540/1145) ижазат алады. Бұхарада Әбу-л-Хаттаб Насир ибн Абдуллаһ ибн әл-Батырдан ( أبو الخطاب ناصر بن عبد الله بن البطر) хадис ілімі бойынша сабақ алады [98, б. 65-70]. Сонымен қатар, аз-Замахшаридің өзі де көптеген шәкірттерге сабақ беріп, олардың ғалым болып қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Аз-Замахшари өлең (назм – поэзия) немесе қара сөз (наср – поэма) түрінде араб тілінде жазған көркем әдеби туындыларынан бөлек, тіл, әдебиет, философия, тарих және басқа да ғылым салаларына қатысты елуден астам ғылыми еңбектің авторы. Аз-Замахшаридің қазіргі заманда ғылыми айналымда аталып жүрген еңбектерінің тақырыптық тізімі мен санын мынадай кестеде көруге болады (кесте 2) [95, б. 555-556].

Кесте 2 - Аз-Замахшари еңбектерінің тақырыптар бойынша тізімі мен саны

| Р/с | Аз-Замахшари еңбектерінің тақырыптары | Саны |
|-----|---------------------------------------|------|
| 1   | Араб тілі грамматикасы                | 10   |
| 2   | Лексикография                         | 8    |
| 3   | Әдебиет/поэзия                        | 7    |
| 4   | Әдеби-дидиактикалық шығармалар        | 8    |
| 5   | Фольклор                              | 2    |
| 6   | География                             | 1    |
| 7   | Тәпсір                                | 1    |
| 8   | Ислам құқығы/фикһ                     | 2    |
| 9   | Ислам тарихы                          | 4    |
| 10  | Басқа                                 | 12   |
|     | Жалпы:                                | 55   |

Бұл тақырыптағы еңбектердің біразы қазіргі заманға дейін жеткен. Бұдан бөлек, аты белгілі, бірақ әлі табылмаған еңбектері де баршылық [99 б. 10-12]. Оның соңғы кезде жарық көрген ғылыми еңбектері мен көне дереккөздерде аты аталған, бүгінгі күні әртүрлі кітапхана қорларында сақтаулы тұрған 84



шығармасының аты белгілі [98, б. 84-116].

Аз-Замахшаридің танымал шығармаларының арасында әлемдік қорларда жүздеген данамен тараған құнды еңбектерінің бірі «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі. «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасы танымалдығы жағынан ең әйгілі туынды. Аз-Замахшари бұл еңбегін Хорезмшахтар билеушісі Әбу-л-Музаффар Атсыз ибн Хорезмшахқа (أبو المظفر آتسز بن خوارزم شاه, 1197–1156) арнаған.

Аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының атауы араб тілінде «Мұқаддамат» (مقدمة) және «әл-адаб» (الأدب) деген екі сөзден құралған. «Мұқаддамат» сөзін арабшадан аударғанда алдыңғы жақ, алғы сөз, кіріспе, алғы шарт деген мағынаны береді [100, б. 590]. «әл-Адаб» ғылымында араб поэзиясы мен поэтикасы, араб тайпаларының тарихы мен шежіресі, шешендік өнері қамтылған. IX ғасырдан бастап, оған этика, философия және жаратылыстану ғылымдарына қатысты білімдер де енгізілді [101, б. 79]. Бұл термин негізінен көркем әдебиеттің, әсіресе, поэзияның үлгілері жинақталған жанрды білдіреді. Сондай-ақ, оған Құран мен сүннеттен алынған үзінділер де енген. Кейінірек ол әртүрлі ғылым салаларынан алынған терминология мен шығарма үлгілері арқылы байытылды [102, б. 15]. Ортағасыр араб әдебиеті ретінде қалыптасқан «Адаб» ғылымы араб әдебиеті, философия, логика, риторика, араб филологиясы және т.б. да салаларды қамтыған үлкен бір ғылыми бағыт болып қалыптасты.

Аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-Адаб» сөздігі атауының алғашқы бөлігінде қолданылған «Мұқаддамат» сөзі екі түрлі қолданысқа ие. Академик А. Рустамов (1931–2023) пен бұл сөздікті зерттеуші филолог ғалым З. Исламов өз зерттеу жұмыстарында бұл жазба ескерткіш атауының алғашқы бөлігін «Мұқаддамат» түрінде қолданады [103].

А. Рустамов 1971 жылы жарық көрген «Махмуд Замахшарий» атты еңбегінде аз-Замахшари туындыларын санай келе, аталған кітапты «Мұқаддамат әл-адаб» деп пайдаланған [99, б. 10]. З. Исламов та А. Рустамов секілді «Мұқаддамат» үлгісін қолданған [97, 102]. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде не үшін «Мұқаддамат» сөзін қолданғанын түсіндірмеген.

Ал, екінші топ ғалымдар «Мұқаддимат» деп қолданады. Бұл еңбекті алғаш рет 1844 жылы баспадан шығарған шығыстанушы Иоганн Готфрид Ветцштейн (Johann Gottfried Wetzstein, 1815–1905) нұсқасында [104], лингвист ғалым Н.Н. Поппе (Nicholas N. Poppe, 1897–1991) 1938 жылы баспадан шыққан орысша баспасында [105], А.У. Тоғанның Хорезм тіліндегі нұсқасының баспасында кітаптың атын «Мұқаддимат» деп көрсеткен [106].

Сөздік зерттеуші әйгілі ғалым Ибн Манзурдың (ابن منظور, 1232–1311) «Лисан әл-араб» (لسان العرب) атты сөздігінде «Мұқаддимат» сөзі туралы мынадай мәліметтер келтірілген. Мұнда бұл сөзге «әскердің алдыңғы шебі» (مقدمة الجيش), «алға шығу», «бастап жүру» деген мағына береді. Бұл сөз астарлы (метафоралық) мағынада (مقدمة الكتاب – кітап кіріспесі), (مقدمة الكلام – сөз басы) секілді барлық нәрседе қолданылған. Бұл мысалдардың барлығында «د – дәл» әрпі «و – кәсра» харакатымен, яғни «Мұқаддимат» түрінде берілген. Ал «Мұқаддамат» тұлғасында тұрғанда «د – дәл» әрпі «و – фатха» харакатымен

қолданылады. Ол кезде сөйлемнің мағынасы ауысады немесе сөздің жазылу формасы өзгереді. Оған Ибн Манзур арнайы мысалдар келтірген: *مقدمة الإبل والخيل* – тұңғыш рет төлдеген немесе ұрықтанған түйе мен жылқы, *مقدم العين* – маңдай секілді тіркестерде қолданылады [107, б. 3554].

Классикалық еңбектерде «Мұқаддимат» сөзін қолдану екі түрлі көріністе кездеседі: 1) «Мұқаддимат әл-кітаб» (Кітаптың кіріспесі) – бұл бөлімде мұсылман қолжазбаларына тән дәстүр бойынша әуелі Аллаға мадақ, сосын пайғамбарға (с.ғ.с.) салауат айтылып, жазылып отырған еңбектің атауы, жазылу себебі, тақырыбы, мақсаты, маңызы, негізгі бөлімдері мен мазмұны таныстырылады. Сонымен қатар, ол кімге арналғаны, жазу барысында қолданылған әдістер мен кездескен қиындықтар туралы да айтылады. 2) «Мұқаддимат әл-‘илм» (Ғылымның кіріспесі) – мұнда жазылып отырған еңбектің қай ғылым саласына тиесілі екендігі анықталып, оның тақырыбы, мақсаты, пайдасы және негізгі ұғымдары баяндалады. VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, «Мұқаддимат» атауымен белгілі бір ғылым саласының негізгі тақырыптары қамтылған еңбектер жазыла басталғанын көруге болады [108, б. 115-117].

Аз-Замахшари өз еңбегін араб әдебиетінің маңызды саласының бірі болып табылатын сөздік жанрына арнағаны үшін оған «Мұқаддамат әл-адаб» деп ат қойған.

«Мұқаддамат әл-адаб» шығармасы кіріспе (муқаддима) және бес бөлімнен (қисм) тұрады:

- 1) «Араб тілінің есімдіктері» (Қисм әл-әсма’, 26 баб, ішінде тараулары бар);
- 2) «Араб тілінің етістіктері» (Қисм әл-аф’ал, 24 баб);
- 3) «Көмекші сөздер» («Фасл фи-л-хуруф»);
- 4) «Харакат әл-и’раб» (есімдердің септелуі немесе «әл-қисм фи тасриф әл-әсма’»);
- 5) «әл-Қисм фи тасриф әл-аф’ал» (етістіктердің жіктелу формалары).

Алғашқы екі бөлім (есімдер мен етістіктер) сөздік түрінде баяндалған. Мысалы, бірінші бөлімде араб тілінің **6250** сөзі сипатталған. Екінші бөлімде **6934** етістік қарастырылған. Көбінесе кітаптың бұл екі бөлімі жеке көшірілгендіктен бұл жеке сөздік ретінде қарастырылады. Шығарманың қалған үш бөлімінде (№ 3-5) көбінесе араб тілінің грамматикасы түсіндіріледі. Сондықтан әрқайсысы жеке трактат (*рисала*) ретінде қайта көшіріліп, медреселерде оқу құралы ретінде қолданылған. Осы себепті кітапхана қорларында мұндай нұсқалар өте көп кездеседі. Оларды егжей-тегжейлі зерттеу болашақтың ісі.

Өзбек ғалымы З. Ислотов «Мұқаддамат әл-адаб» еңбегінің Өзбекстан, Ресей, Дағыстан, Тәжікстан, Иран, Түркия, Үндістан, Англия, Италия, Франция, Германия секілді мемлекеттердің кітапхана қорларында сақтаулы 69 нұсқасы туралы мәлімет береді [103 б. 47]. «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының 136 нұсқасы (64 арабша-парсыша, 53 арабша-парсыша-түркіше және 13 арабша-түркіше) бар. Түркиядағы кітапхана қорларында сақталған 88 нұсқасы бар,

олардың орналасқан жері мен шифрлік номерлерін де қарастырдық.

Сөздіктің негізгі түпнұсқасы қос тілді (араб-парсы) болғандығын көптеген зерттеушілер бұрыннан мойындаған болатын. Алайда алғашқы зерттеуші Н.Н. Поппе түркі тіліндегі бөлігін аз-Замахшаридің өзі құрастырған болуы мүмкін деген болжамды пікір білдірген: «...аз-Замахшари шығармасының бір нұсқасын Хорезмиах Атсыз кітапханасына тапсыру туралы бұйрықты алғаннан кейін түркі тілдегі бөлігін өзі қосқан болуы әбден мүмкін» – дейді [105, б. 6].

«Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің екі нұсқасы маңызды, оның біреуі (Amasya Beyazıt Kütüphanesi, Beyazıt 726) 22 рамазан 648 жылы/18 желтоқсан 1250 жылы және екіншісі зу-л-хиджа 649 жылы/11 ақпан 1252 жыл аралығында шамамен Хорезмде көшірілген. Ол атақты ғалым Мұхтар ибн Махмұд әз-Захидидің (مختار ابن محمود الزاهدی, қ.б.ж. 1260) шәкірті – «Ради» (راضي) деген лақап атпен белгілі Мұхаммед ибн Ибрахим ибн Әби-л-Қасым ибн Махмұд әл-Бұрханидің қаламына тиесілі. Қолжазба толық, 5 бөлімнен тұрады. Алғашқы екі бөлімге (есімдер мен етістіктер) арналған сөздік тек араб және парсы тілінде жазылған. Бұл бұрынғы Хорезм мектебінің соңғы өкілдерінің қолымен қайта жазылған ең көне нұсқа. Бұдан да ескі парсы немесе түркі тілінде көшірілген нұсқалар сақталмаған. Сондықтан да бұл дәуірлерге тиесілі нұсқалар екі тілде (араб-түркі) болған деп болжауға болады.

Қолжазбаларды зерттеу барысында анықтағандай, «Мұқаддимат әл-адаб» сөздігі – *жолма-жол аударма сөздік түзу тәсілі* арқылы жасалған Құран сөздіктері нұсқаларының түзілу тәсілімен құрастырылған. Құранның *жолма-жол аударма сөздік* нұсқалары мұсылман әлемінің шығысында XI ғасырдан XV ғасырға дейінгі аралықта кең өріс алғаны белгілі. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл тәсіл бойынша араб сөздері үлкен әріптермен жолдың жоғарғы жағына, ал парсы немесе түркі тілдеріндегі балама сөздер сол жолдың астыңғы жағында арнайы қалдырылған бос орындарға ұсақ әріптермен жазылады.

Сөздікте таңдалған сөздердің көбісі Құраннан алынғанын лексикалар екендігін ескере отырып, сөздіктің рәсімделу стилін Құранның парсы және түркі тілдерінде жасалған *жолма-жол аударма сөздік* нұсқаларымен салыстыру орынды болады. Тіпті, «Мұқаддамат әл-адаб» қолжазбасының бір нұсқасының (Süleymaniye Kütüphanesi, Sarullah 2010) титул бетінде «Китаб лұғат әл-Құран –Құран тілі туралы кітап» (كتاب لغت القرآن) деген атау да қойылған.

Мысал ретінде келтіретін болсақ, Н.Н. Поппе дайындаған – 1492 жылы Мұхаммед Деруиш көшірген араб, парсы, түркі, монғол тілдеріндегі нұсқасында [105], түрік ғалымы Нури Йуже дайындаған – хорезмдік тілдегі «Шуштер» нұсқасында [109], 1257 жылы Ибрахим ибн Махмуд Суфи әл-Муэzzин көшірген «Йозғат» нұсқасында (Yozgat 396) және көшірілген уақыты мен көшірушісі белгісіз «Париж» нұсқасында (Supplement turc, nr. 287) кездесетін діни сөздер [110, б. 104-106] мен Стамбұл қаласындағы «Түрік-Ислам жәдігерлері» мұражайында сақталған (ТИЕМ 73) 1333 жылы Шираз қаласында Мұхаммед ибн Хажі Даулетшаһ көшірген нұсқаларды Құранның *жолма-жол аударма сөздік* нұсқасымен салыстыратын болсақ, мұндағы көптеген лексикалардың ортақтығын байқауымызға болады. Жоғарыда аталған

нұсқаларда кездесетін діни сөздер қатары мынадай болып келеді: Tengri (Тәңірі), Yazūq (күнә), Ziyārat (зиярат), Mäsjid (мешіт), Qurān (Құран), Parsā (тақуа), Tanūq (күә), Rūzā (ораза), Färištā (періште), Namāz (намаз), Īman (иман) [110, б. 104-106] «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігіндегі лексикалық қор Құранның жолма-жол аударма сөздігіндегі (ТИЕМ 73) лексикалармен көп жерде бірдей екендігін басқа еңбектерден де көруге болады [52, б. 235-692; 59, б. 290-276].

«Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының араб-парсы-түркі сөздігі ретінде түзілген алғашқы нұсқалары Берке ханның (1255–1265) тұсында көшірілген. Бұл кезеңде көшірілген екі нұсқа бар. Біріншісін 10 жамади әл-әууал 655 жылы/25 мамыр 1257 жылы Хорезмде Ибраһим ибн Махмуд әл-Суфи әл-Му’аззин атты кісі көшірген (Yozgat Kütüphanesi, 396). Екіншісі, Болон университетінің кітапханасында сақтаулы тұрған нұсқа (Bologna University Library, Ms. 3014). Бұл нұсқа 13 раби’ әл-ахир 663 жылы/3 қаңтар 1265 жылы Хорезмде көшірілген болуы ықтымал. Бұл нұсқаның колофонында ұлы билеуші Берке ханның осы жылдың осы айында қайтыс болғаны жазылған. Осы еңбекке қарап отырып, араб-парсы-түркі сөздіктері Алтын Орда дәуірінде пайда бола бастады деп болжауға болады.

Аз-Замахшаридің Хорезм топырағында 1137 жылдары жазған «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің араб-парсы тілдерінде түзілген алғашқы нұсқасы сан түрлі тілдерге өзгеріп, өте көп көшірмелері жасалды. Бір ерекшелігі көшірмелердің барлығында шығарма авторының аты мен сөздіктің атауы сақталып отырған. Бұл сөздіктің көп көшірілгендігі соншалықты, алғашқы нұсқасы танымастай өзгерген. Бастапқы бетте араб-парсы тілдерінің сөздігі болып жазылған бұл еңбек араб-парсы-түркі-моңғол-қыпшақ-хорезмдік және т.б. тілдердің сөздігіне айналды. Сөздіктің көшірілген жерлері де өте көп аумақты қамтиды. Алғашқы нұсқасы Хорезмде жазылғанымен оның көшірмелері Хорасан, Сырдың бойы, Сарай, яғни, Жошы ұлысы аумағында, кейіннен Мәмлүктер мемлекетінде жалғасын тапты.

Алғашқы бетте Құран лексикаларын аударуға арналған сөздікті көшірушілер әрбір көшірме нұсқаға жаңадан жергілікті арнайы лексикаларды енгізіп отырып дамытты. Мұндай тәсіл арқылы әрбір көшіруші өз ортасының жаңа сөздерін қосып отырған. Осылайша шығысирандық, хорезмилік, моңғол, түркі-шағатай, оғыз, қыпшақ және өзге де тілдердегі сөздік көшірмелері пайда болды. Әрбір нұсқаны арнайы зерттеу арқылы көшірушінің аты-жөнін, шыққан жерін, ортасын, кезеңін, сол кезеңдегі биліктегі тұлғалар және т.б. тың деректерді анықтауға болады. «Мұқаддамат әл-адаб» нұсқаларын қарастыра отырып, Жошы ұлысының мұсылмандық мәдениетін, Алтын Орда аумағындағы елдердің түркілену процестерін және т.б. ахуалдарды айқындауға мол мүмкіндіктер бар.

Келесі кезекте біз, Алтын Орда жерінде көшірілген нұсқалардың тізімін береміз:

1. Ms. 3014 нұсқасы шамамен 13 раби’ II 663/3 қаңтар 1265 жылы (п. 3036) Хорезмде көшірілген. Араб-парсы-түркі сөздігі. Есімдер мен етістіктер бөлімі – пп. 16-3036. Machaeva, Orazgozel. Catalogo dei manoscritti islamici conservati

nella Biblioteca Universitaria di Bologna. Volume I. Nn. 1-124. Bologna: Paolo Emilio Persiani, 2017 (с. 236–239). – 382 p.

2. Yozgat Kütüphanesi қолжазбасы, 396 нұсқасы, 10 cumadi'ü'l-evvel 655/25 мамыр 1257 ж. Хорезмде Ибрахим ибн Махмуд ас-Суфи ал-Му'аззин көшірген.

3. İstanbul Üniversitesi Kütüphanesi қолжазбасы, Edebiyat nr. A.Y.114 (4655) нұсқасын *сафар* айының 25 жұлдызында 715/1315 ж. Мас'уд ибн Мухаммад ибн Муса Ходжа ал-Барчканди көшірген. Араб-түркі сөздігі.

4. Damat İbrahim Paşa Kütüphanesi, 1149 нұсқасы, 1 ша'бан 738/1338 ж. Джурджанийя қаласындағы ал-Байда' медресесінде Мухаммад ибн Йусуф ас-Сарайи ал-Катиб көшірген.

5. İstanbul Arkeoloji Müzesi қолжазбасы, 1619 нұсқасы Ескі Сарайда көшірілгендіктен оның ғылыми ортада «Алтын Орда нұсқасы» деген атауы бар. Бұны 741/1340 ж. Сарайда Хибаталлах ас-Сарайи (10–24 Мухаррам 741 жылы) көшірген. Араб-парсы-түркі сөздігі, барлығы 5 бөлім.

6. Millet Kütüphanesi қолжазбасы, 2009 нұсқасы, Маулана Хусам ад-дин ал-Джанди 749/1348 ж. Джанд (Жент) қаласында көшірген. Мұнда Хаджи Умар Катиби деген біреудің 20 *раджаб* 815/ 22 қазан 1412 ж. Қырымда ұлы туған деген ескерту бар. Араб-парсы-түркі сөздігі.

7. Торқары Sarayı, Ahmed III, 2243 нұсқасы 776/1374 ж. көшірілген, қолжазбаның көшірушісі белгісіз. А.У. Тоғанның айтуынша, қолжазба каллиграфиясы және тілдік стилі тұрғысынан İstanbul Üniversitesi Kütüphanesi, Edebiyat nr. A.Y.114 қолжазбасы дайындалған жерде көшірілуі мүмкін. Араб-түркі сөздігі.

8. Beşir Ağa қолжазбасы, 648 нұсқасы, 14 Раби' ал-аввал 797/1394 ж. Каирде (Египте) Ахмад ибн Мухаммад Шамс ал-Хиваки ал-Х<sup>в</sup>аризми ал-Кубрави көшірген. Бұл нұсқа араб филологиясы саласында белгілі хорезмдік ғалымдар тарапынан тексерілген көшірмемен салыстырылған.

9. Торқары Sarayı, Ahmed III, 2740 нұсқасы, XIV ғасырда Шамс Хиваки көшірген. Араб-парсы-түркі сөздігі.

Бұдан да басқа нұсқалары әлемнің әр түкпіріндегі кітапхана қорларында сақтаулы. Осы нұсқалардағы көшірушілер мен көшірілген жерлерді бағамдай отырып, тың деректер табуға болады. Мәселен, Мас'уд ибн Мухаммад ибн Муса Ходжа ал-Барчканди есімі (nr. A.Y.114 (4655) нұсқасы) арқылы Сыр бойындағы Баршынкент қаласының адамы көшіргендігін байқауға болады. Сол сияқты, Мухаммад ибн Йусуф ас-Сарайи ал-Катиб (1149 нұсқасы), Хибаталлах ас-Сарайи (1619 нұсқасы) есімдері арқылы Сарай қаласының адамдарын, Маулана Хусам ад-дин ал-Джанди есімі (2009 нұсқасы) арқылы Жент қаласының адамын, Ахмад ибн Мухаммад Шамс ал-Хиваки ал-Х<sup>в</sup>аризми (648 нұсқасы), Шамс Хиваки (2740 нұсқасы) есімдері арқылы Хорезмнің Хиуа қаласының адамдарының аттарын кездестіреміз. Нұсқаларды зерттеу арқылы өте көп деректерді анықтауға болады.

Алтын Орда кезінде түркі тілінде көшірілген «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының нұсқалары сол дәуірдің тілі мен сөздік қорын зерттеу үшін маңызды. «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының 1257–1397 жылдар

аралығында Хорезм, Сарай және Мәмлүктердің астанасы Каир қалаларында түркі-қыпшақ тілінде көшірілген 20 нұсқасы мәлім. А. Уалиди 15 нұсқасы [111, б. 82-85], ал түрік ғалымы Нұри Йуже 19 нұсқасы бар деген де дерек келтіреді [109, б. 9].

«Мұқаддамат әл-адаб» шығармасы XIII ғасырда түркі тілінде (Хорезм, Алтын Орда кезеңі) көшіріліп жазылған деген болжамдар бар. Ирандағы жеке мұрағатта сақтаулы «Шуштер нұсқасы» деген атпен танымал нұсқасында **3506** сөз бар. Оның **2908** сөзі түркі сөздері, **598** сөзі басқа тілдерде (450 араб, 133 парсы, 5 моғол, 4 хорезм, 2 соғды, 2 орыс, 1 тибет, 1 грек тілінде) жазылған. «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының лексикалық қорының 83%-ы түркі, 17%-ы басқа тілдегі сөздер болып табылады. «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасының сөздік қоры «Диуан лұғат әт-түрік» еңбегінен кейінгі түркі тілінің ең бай және ең маңызды лексикалық қазынасы [109, б. 10-11, 25] болып табылады.

Қорытындылай келгенде, «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігіндегі түркі материалдарының негізгі бөлігі, араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. XII ғасырдағы жергілікті халықтың сөйлеу тіліне негізделген «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі лексикасының түркі қабаты жалпы қолданыстағы лексемаларды түзеді. «Мұқаддамат әл-адабтың» түркі аудармаларында кездесетін қыпшақ тіліне тән сөздер сол кезеңде жазылған «Диуан лұғат әт-түрік», «Кодекс Куманикус», және «Тухфат әз-закийя» секілді еңбектерде кездесетін қыпшақ сөздеріне тән ортақ лексемалар бар [112, б. 60-62]. Жошы ұлысында кең тараған «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасы жолма-жол сөздік түзу дәстүрін жоғары деңгейге жеткізді. Аз-Замахшаридің араб-парсы сөздігі адам танымастай өзгеріп, Жошы ұлысы кезінде көп көшірілді, кейбір көшірмелері Мысыр мен Шамға дейінг жетті. Сөйтіп, Мәмлүктер мемлекетінде түзілген сөздіктердің формасы мен мазмұны «Мұқаддамат әл-адаб» шығармасын негізгі үлгі ретінде қабылдаған.

### **1.1. Сөздіктердің Мәмлүктер мемлекетінің тілдік-мәдени кеңістігіне ауысуы: арабша-қыпшақша сөздіктердің пайда болуы**

Бұл тарауда Мәмлүктер мемлекетінің пайда болуы, мұндағы Дешті Қыпшақ даласынан барған мәмлүктер, Алтын Ордан көшіп барған ғұламалар, ақындар, шығармашылық адамдары жазып қалдырған мұралар жөнінде сөз болады. Мәмлүктер кезеңінде түзілген арабша-қыпшақша жазылған 8 сөздіктің сипаттамасы, нұсқалары, зерттелуі туралы мол мағлұмат берілген.

Араб филологиясында ойып орын алатын араб лексикографтары Халил ибн Ахмадтың «Китаб әл-‘айн» шығармасы, Исмаил әл-Жауһаридің «әс-Сихах» сөздігі, Ибраһим әл-Фарабидің «Диуан әл-адаб» сөздігі, Әл-Фирузабидің «әл-Қамус әл-мұхит» сөздігі, Ибн Манзур құрастырған «Лисан әл-араб» шығармаларының құрылымы мен мазмұны қарастырылды.

Мәмлүктер кезеңі Мысыр мен Шам елі үшін аса жоғары өрлеу заманы болды. Оған Ислам әлеміндегі өзгерістер сайма-сай келді. 1258 (656 х.ж.) жылғы Бағдат халифатының құлауы, моңғол шапқыншылығы кесірінен

кезіндегі ислам мәдениетінің ірі орталығы болған Бағдат қаласының талқандалуы, Мысырға мықты-мықты деген ғалымдардың моңғол езгісінен қашып келіп, оны паналап, орталыққа айналдыруына бірден бір себепкер болды. Батыста, Испанияда мұсылмандық билік ыдырап, көптеген ғалымдар Андалусиядан Мысырға көшті [113, б. 219-220].

Тарихи деректемелер мен құжаттарға сүйене отырып жазған арабтың тарихшысы Амин әл-Холи өз еңбектерінде «арабтардың қыпшақ тіліне деген қызығушылығы Мәмлүктердің билікке келуінің әсерінен» деген дерек келтіреді. Әкімшілік, іскерлік, елшілік қарым-қатынастың барлығы өз ана тілдерінде (қыпшақ) жүргізілген. *«Қыпшақ сұлтандарына хаттама-хабарлар көбінесе түркі тілінде жазылып, жіберілген»* [114, б. 40].

Мысыр мен Шам елдерінде билік құрған мәмлүк қыпшақтары сан-алуан ұлт пен ұлыс, тайпалардан құралғанымен, барлығы ортақ түркі (қыпшақ) тілінде сөйлесіп, түсініскен. Ол кезде «түркі тілі» мен «қыпшақ тілі» синоним ұғымдар ретінде қолданылды [115, б. 83].

XIII–XIV ғасырларда Мысыр мен Шам елінде түркі (қыпшақ) тілін үйрену өте үлкен құштарлыққа ұласты. Өйткені, мемлекеттің билік сатысында қыпшақ сұлтандарының отыруының орасан зор әсері болды. Кезінде тіпті араб зиялыларының арасында түркі тілін білудің өзі жоғары мәдениеттіліктің, зор білімпаздылықтың белгісі болған. Арабтарда «Кім түркі тілін білмесе, сол Алладан қорықпаған» – деген мәтел сөз бар: *من لا يعرف اللغة تركية لا يخاف من الله* / мән лә й‘әрифу әл-луғат ат-түркийя лә йәхафа мин Аллаһи» [116, б. 11].

Мысыр мен Шамның көптеген ғалымдары, саяхатшылары Алтын Орда мемлекетінде болды және сондай-ақ, Мысыр мемлекетінің көрнекті билік орындарында да Сарайи, Қырым, Хорезми және т.б. лақап атты адамдар қызмет атқарды. Арабтың белгілі тарихшы-ғалымы Амин әл-Холи еңбегінде Мысыр еліне Еділдің бойынан әртүрлі себептермен келген танымал ғалымдар мен ақындардың аттары аталып өтеді. Амин әл-Холидің айтуынша олардың бірі – шешендік өнердің шеберлері болса, басқасы – шабыты шалқар ақындар, үшіншісі – даналық пен заңнамалық саланың зердесі зерек ғалымы болған. Олардың кейбіреуі мектеп пен медреселерде дәріс берді, ғылыммен шұғылданды. Солардың ішіндегі Махмуд ибн ‘Абдуллаһ Әбу Сина’ әс-Сара’и әл-Қахири өз заманының жоғары білімді тұлғасы болған [114, б. 29].

Моңғол шапқыншылығынан күйреген көптеген қыпшақ тайпаларының ірі топтары көрші елдерге көшуге мәжбүр болды. [117, б. 24]. Алтын Орда мен Мысыр арасында XIII ғасырда басталған мәдени-экономикалық және әскери-саяси байланыстар XIV ғасырда одан әрі кеңейе түсті. Бұл байланыс Мысырда қыпшақ сауда орындарының (фактория) өсіп-өркендеуіне және дамуына зор ықпал етті. Алтын Орданың ішінде болған өзара қақтығыстардың күшейуі кесірінен Алтын Ордан ғалымдардың жаңа және тың толқыны, атап айтқанда, Сарайдан Египетке қоныс аударуға мәжбүр болды. XII–XIV ғасырлар аралығы Түркі мұсылман мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуы мен кең ауқымды аумақтарда Түркістан мен Дешті Қыпшақтан бастап Мысыр мен Сирияға дейін қарқынды дамыған кезеңі болғаны айқын аңғарылады. Бұл үдерістің жарқын

айғағы ретінде араб-қыпшақ тілдік сөздіктерін келтіруге болады. XIV ғасырда Алтын Орда, Орталық Азия және Мысыр аумағында аралас жазба тілдер қалыптасып, осы тілдерде әдебиет дамыды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін көптеген әдебиет пен мәдениет өкілдері өз аймағын тастап, өзге өңірлерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Олардың көпшілігі Кіші Азияға, Сирия мен Мысырға қоныстанды. Мәмлүктер билігі кезеңінде (1250–1517) Мысыр мен Сирияда түркі тіліндегі әдебиеттің таралуы мен дамуы маңызды мәдени құбылыс ретінде танылды. Түркі тілінде жазылған бұл әдеби мұралардың едәуір бөлігі араб-түркі сөздіктері түрінде көрініс тапты [118, б. 258].

Осылайша, Египетте XIV ғасырдың екінші жартысында іс жүзінде оғыз-қыпшақ тілдік негіздегі түркітілдес әдебиеттің жаңа ірі ошағы қалыптасты [119, б. 33]. Сөйтіп, XIV ғасырда Сырдарияның төменгі ағысынан Еділдің төменгі ағысы арқылы Хорезм, Әзербайжан, Қырымнан Египетке дейінгі кеңжазира аумақта әртүрлі мазмұнда түзілген түркітілді әдеби туындылар дүниеге келді [120, б. 3]. Амин әл-Холидің айтуынша қыпшақтар Мысырда беделге ие болып, өмірдің барлық бағытына араласып, ықпалын жүргізді. Көптеген араб ғалымдары қыпшақ тілін меңгеріп, қыпшақша-арабша, арабша-қыпшақша сөздіктер құрастырып, қыпшақ тілі бойынша грамматикалық құралдар жазды [114, б. 29].

Ендігі басты назар аударатын мәселе, XIII–XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде түзілген ескі қыпшақ ескерткіштерінің бүгінгі хал-ахуалы нешік? Мәмлүктер билігі кезеңіндегі араб-түркі-қыпшақ сөздіктері қалай пайда болды? Сөздік түзу дәстүрі мен тәсілін қайдан алды? Бабалардың пайдаланған құралдарын, сөздіктерін, ауызекі, әдеби-мәдени мұралары мен лексикалық қорын зерттеп, зерделей алып жатырмыз ба? Осы мәселелердің төңірегінде толықтай көңіл толарлық деп айту қиын. Тәуелсіздік алып, өткенімізді ешкімнен именбей зерттеп, жариялауға қол жеткізген шақта, шет елдердің кітапхана, мұражай-мұрағаттарында сақталып қалған осы жазба ескерткіштер қолға түспейтін асыл қазына.

Жалпы алғанда, Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерін зерттеу мәселелерінің көптеген аспектілері бар. Оның бастыларының бірі – қазақ тілінің, мәдениетінің тарихи тамырларын, құндылықтарын қазіргі заман талаптарына сай халық кәдесіне жарата алу болып табылады. Бұл жөнінде көрнекті түркітанушы Э.Н. Наджиптің пікірі мынадай: *«Қазақ ғалымдарының кезекті міндеті – Мысыр, Түркия, Шам елдеріне барып, мемлекеттік, сондай-ақ, жекеменшік кітапханалар мен архивтерде көп көлемде сақтаулы тұрған, бабалары қалдырған бізге белгісіз, түркітілді қолжазбаларды зерттеу»* [121, б. 83].

Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жазба мұраларды Қазақстанда ғылыми айналысқа енгізуге алғашқы мұрындық болғандардың бірі – ірі қыпшақтанушы ғалым, профессор Ә.Қ. Құрышанұлы: *«әр жерде, әр кезде айтылып жүрген, әр қилы болжамдардың ішінен біреуін-ақ, бүкіл дүние жүзілік шығыстанушылардың XXII конгресі шешіміне сәйкес (1951 ж.) барлық*



*елдердің тюрколог ғалымдары бірігіп жазған [...] классификацияны негізге алады» – дейді [43, б. 3].*

Түркі тілдерінің [...] көне дәуіріне (V–XV ғ.) жататын ескерткіштер сонымен үлкен екі топқа бөлінеді:

I. Көне түркі немесе ежелгі көне түркі (орысша «древнетюркский» деп аталады) тілінде жазылған нұсқалар;

II. Орта түркі немесе көне түркі (орысша «среднетюркский» немесе «старотюркский») тілінде жазылған нұсқалар. Көне түркі тілінің жазба нұсқалары деп біз орхон-енисей ескерткіштерін айтамыз. Орта түркі тілінің ескерткіштерін өз ішінен мынадай төрт топқа бөліп қараймыз:

- 1) Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер;
- 2) Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер;
- 3) көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер;
- 4) шағатай тілінде жазылған ескерткіштер [43, б. 10].

Осының ішіндегі көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер өз ішінен мынадай топтарға бөлінеді:

1) Куман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер (Кодекс Куманикус);

2) Половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Игорь полкі туралы сөз» (XI ғ.) және т.б.);

3) Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер (Қ.А. Иасауидің «Хикметі» және т.б.);

4) Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Хұсрау мен Шірін», «Мұхаббатнама» және т.б.);

5) Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Китаб әл-Идрак...», «Китаб булғат әл-муштақ...» және т.б.);

6) Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер (Каменец-Подольскі жазбалар және т.б.) [43, б. 3-66].

Жалпы, бұл ескерткіштерді топтастырудың өзінің әртүрлі әдіс-тәсіл мүмкіндіктері бар. «Оларды қайсы жазумен жазылғанына қарай бес топқа бөлуге болады:

- 1) Готикалық көне шрифтімен жазылған ескерткіш (XIII–XIV ғасырлар);
- 2) Араб әрпімен жазылған мұралар (XI–XIV ғасырлар);
- 3) Армян жазуымен берілген материалдар (XV–XVI ғасырлар);
- 4) Орыс алфавитімен жазылып қалған деректер (XI–XIII ғасырлар).

Шығыс Европа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілетін сөздер (адам аттары мен жер-су аттары т.б.).

Қай топтағы ескерткіштер болса да, олар басқа халықтардан шыққан авторлардың қолынан туған еңбектер. Тек араб тілінде жазылған кейбір шығармалардың ғана иесі түріктер (мүмкін қыпшақтар) болған [43, б. 45].

Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекеті арасында әрқашан да байланыс болғанын бас жағында айтып өткеніміздей түркітану ғылымында «ескі қыпшақ жазба ескерткіштері» деп аталатын бұл жадыхаттардың нақты қай жерде

жазылғаны ғылымда әрқилы тұжырым мен болжамдар бойынша айтылып жүр. Себебі, Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жәдігерліктерде олардың кейбірінің авторы белгісіз немесе қай жерде жазылғаны, кім көшіргені бірінде болса бірінде жоқ, қолжазбаларда нақты мәліметтер берілмегендіктен әр қалай болып келеді. Қалай болғанда да Алтын Орда қыпшақтары мен Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері бір-бірімен ауыс-түйіс жатқандықтан көбіне бір бағытта зерттеледі. Оларды бөліп-жарып, ажырату қиын әрі қай жағынан болсын тиімсіз, өнімсіз іс болады. Сондықтан осы кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасуы жөнінде ғалымдардың пікірі негізінен бір арнаға саяды. Мысалы, Э.Н. Наджип: *«XIV ғасырда Алтын Орда, Орта Азия, Египет аумақтарында өзіндік ерекше аралас жазба тіл пайда болды және әдебиет осынау бір аралас тілде айтарлықтай дамуға қол жеткізді»* – деп, *«аралас тілдің негізінде бұл кездегі ескерткіштерді екі салаға бөліп қарайды: з тобына жататын әдеби тілді мұралар мен й тобына жататын әдеби тілді мұралар. Бұл тілдердің екінші тобын қыпша-оғыз тілдері»* деп атайды [122, б. 14].

Н.А. Баскаков бұл кездегі ескерткіштерді «Монғолдан кейінгі кезең» (XIII–XIV ғ.) деген атпен жеке бөліп алып, әдеби тілдік тұрғыдан оны үш салаға тарқатады:

- 1) оғуздық белгі басым келетін селжүктік й тіл;
- 2) қыпшақ элементі басым жошылық д, й тіл;
- 3) қарлұқ элементі басым шағатайлық й тіл [123, б. 18].

*«Бұл кезең Сарай мен Хорезм, Сырдарияның орта тұсы мен төменгі Еділ аймақтарындағы мәдениет орталықтарында және сонау мәмлүктік Египетте өз шығармаларын орта ғасырлық аралас тілде жазған көптеген ғалымдар мен ақын-жазушылардың өмір сүрген кезеңі еді. Бұл кездегі мұралар тек қана дін ілімі немесе дидактикалық мазмұнды шығармалар емес, сонымен бірге көркем әдебиеттер мен заң және соғыс істері жайлы кітаптар түрінде де кездеседі. Египет пен Алтын Орда территориясында араб-парсы тілдерінен аударылған, күрделі шығармалар да пайда болды»* [124, б. 13].

Ескі дүние ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдерінің арасында «алтын көпір» болып, сонау V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілі мен қазіргі тірі қыпшақ тілдерін өзара жалғастырып, тарихи жағынан жақындастырып тұраған да осы ескі қыпшақ тілі. Ескі түркі тілдерінің жаңа түркі тілдеріне қандай жол, қай бағытпен ауысқанын, олардың қалай өзгеріп, қайтіп дамығаны туралы осы ескерткіштер тілі тиісті дәрежеде куәлік бере алады. Ол «Бұрынғы-соңғы қыпшақ тілдерінің өзіндік қасиеттері қалай қалыптасты?» деген мәселеге де жауап беру үшін таптырмайтын құрал. Осы күнгі қыпшақ тілдерінің арғы-бергі тарихын тексеру үшін, олардың Орал-Алтай тілдерімен тіркесетін тарихи қатынасын байқау үшін, ең алдымен, осы қыпшақ заманындағы қалпын біліп алған жөн болады. Бұл тілдердің тарихы, демек, қанша алысқа кетсе де, ескі қыпшақ тілінен басталып, соған қайта соғады. Сол үшін де қыпшақ ескерткіштерінің тілін оқып үйрену – бүгінгі таңдағы тіл зерттеушілеріне бағышталған басты міндет.

Біреу сөзбен айтқанда, көне заман ескерткіштерін басты-басты үш топқа бөлген жөн (бұлғар тілдерін қоспағанда):

- 1) қарлұқ тілдерінің (шығыс тілдерінің) ескерткіштері;
- 2) оғұз тілдерінің (оңтүстік тілдерінің) ескерткіштері;
- 3) қыпшақ (солтүстік-батыс) тілдерінің ескерткіштері.

Соңғы топ ескерткіштерін: а) әдеби тіл ескерткіштері, ә) сөйлеу тіл ескерткіштер деп екі түрге бөлуге болады [125, б. 30-31].

Көне қыпшақ жазба мұраларын тақырыбы мен мазмұнына қарай:

- 1) әдеби көркем шығармалар («Хусрау уа Шірін», «Мұхаббатнаме», «Гүлистан» және т.б.);
- 2) лингвистикалық, лексикографиялық жазбалар («Китаб әл-Идрак...», «Китаб ат-Тухфа...»);
- 3) хаттар мен іс-қағаздары – деп үш топқа бөлсе болады.

Біздің зерттеу нысанамызға алатын жазба ескерткіштер ол екінші топқа жататын ғылыми лингвистикалық, лексикографиялық мұралар болып табылады. Оларды қазақстандық түркітану ғылымында: а) тек қана аты аталып жүргендер; ә) зерттеу нысанына жиі айналып жүргендер деп бөлсек ара салмағы әр түрлі болып келеді.

Орта ғасырлардағы араб әлемінде қоғамдық ойдың, философия, шешендік өнер, медицина, осылардың ішінде филология саласы жалпы араб халқының мәдени қорына өте үлкен әсерін тигізді. Филология саласының лексикография бөлімі көлемі, құрылысы, мазмұны жағынан әртүрлі және күрделілеу болып келеді.

Араб филологтарының лексикография саласындағы үздіксіз және қарқынды еңбектерінің артында сөздерді топтастыру мен көркемдеуде көптеген әдістердің пайда болуына, жекелеген сөздерді бір түбір айналасына топтастыру тәсілінің, сөзді түсіндіру әдістерінің пайда болуына себепкер болды. Осы кезеңдегі араб әдеби ғылымдарының ішінде лексикография бірінші орында тұрды.

Жалпы араб лексикографиясының пайда болуына байланысты ғалымдар мен зерттеушілер арасында түрлі көзқарастар бар. Араб филологтарымен бірге бірқатар батыс зерттеушілері Исламның қасиетті кітабын дұрыс оқып, талдаудың құралы ретінде пайдаланды деген пікірді қолдайды. Құран мен хадистердің лексикасына қызығушылықтан араб тілі лексикасына деген қызығушылық туды. Сондықтан әдеби тілдің жекелеген бөліктеріне арналған сөздіктер пайда бола бастады.

Мұсылман әлемі лексикографияның пайда болуы мен дамуы үшін қолайлы орта болды. Араб әдеби тілінің ортағасырлық мұсылман Шығысында кітаби және діни тіл ретінде орнығуы, араб тілді әдебиеттің қарқынды дамуы, араб тілінің өзге ұлттардың ғылыми қызметінде дәнекер тіл ретінде қолданылуы, жазба тілдің жоғары стандартын сақтаудың қажеттілігі, сондай-ақ, диалектілік түрлердің кеңінен таралуы мен араб тілінің жазба және ауызекі сөйлеу нұсқалары арасындағы айырмашылықтардың ұлғаюы, араб лексикографиясының ерте қалыптасуына және оның ғасырлар бойы дамып,

өркендеуіне ықпал етті.

Ортағасырлық және қазіргі заман зерттеушілері лексикографиялық еңбектер мен семасиологиялық трактаттардың прагматикалық негізде жасалғанын атап өтеді. Араб лексикографиясы кең ауқымда дамып, бір мезгілде түрлі сөздік түрлері жасалды. Оның ерекшелігі алғашқы кезеңде қалыптасқан практикалық және теориялық қағидалар (грамматикада да солай) өзгеріссіз сақталуында.

Араб лексикографиясындағы бір тілді сөздік түрлері:

1) Топтастырушы сөздіктер – лексикасы мағыналық негізде (идеологиялық немесе тақырыптық сөздіктер) немесе белгілі бір лексикалық-семантикалық белгі бойынша жүйеленеді.

2) Түсіндірме сөздіктер – барлық сөздер қамтылып, әліпбилік ретпен орналасады [125, б.164-165].

Алғашқы пайда болған сөздіктердің көп бөлігі бізге жетпеген. Алайда, сөздік авторлары сөздерді жинақтау барысында олардың мағынасын анықтап, грамматикалық және лексика-семантикалық құбылыстарды да қарастырып отырған.

Араб лексикографтарының негізгі саласы – түсіндірме сөздіктерді құрастыру болды. Бұл сөздіктердің мақсаты – араб әдеби тілінің барлық сөздік құрамын тіркеп, белгілі бір әліпбилік ретпен орналастыру және ондағы сөздердің мағынасын түсіндіру еді. Мұндай сөздіктер араб лексикасын мүмкіндігінше толық қамтуға ұмтылған.

Осындай алғашқы еңбектердің бірі – «Китаб әл-‘айн» (كتاب العين). Бұл сөздікті Халил ибн Ахмад (الخليل بن أحمد, 718–791) құрастырған. Өз дәуіріндегі басқа лексикографтар сирек немесе қиын сөздерді ғана түсіндірумен шектелсе, Халил ибн Ахмад араб лексикасын толық қамтуды мақсат етті. Бұл еңбектің кіріспесінде араб тіл білімі мен грамматикасына қатысты теориялық көзқарастар баяндалған, олар кейінірек араб лексикографиясы мен лексикологиясының дамуына негіз болды.

Халил ибн Ахмад араб тіліндегі түбірлер жүйесін зерттеп, оны талдаған алғашқы ғалым. Ол араб сөздіктерінде түбір қағидасы бойынша сөздерді орналастыру әдісін ұсынған. Түбірлер әліпбилік ретпен орналастырылды, бірақ әліпби дыбыстық жүйеге байланысты жасалды, яғни көмейдің ең түкпірінен бірте-бірте ауыз қуысына келеді де еріннің ұшымен айтылатын дыбысты белгілейтін әріппен аяқталады [26, б. 170]. Автор әріптерді транспозициялау тәсілін қолданған. Халил бірінші болып, түбір мен оның түрлері туралы ілім қалыптастырып, араб түсіндірме сөздіктеріндегі сөздердің түбірлік ретпен берілуін енгізді. Сөздік бірнеше кітаптан тұрады. Әр кітапқа белгілі бір ғана әріптен басталатын сөздер енген. Халилдің әліпбиі бұрынғы қалыптасқан әліпбилерге ұқсамайды. Сөздіктегі әріптер дыбыстың артикуляциялық аппаратта пайда болу орнына байланысты орналасқан: дыбыс аппаратының ең төменінен бастап, еріндік дыбыстармен аяқтаған [126, б. 43]. Сондықтан сөздік ‘айн (ع) әрпінен басталып уау (و) әрпінен аяқталады.

Мұндай жүйелі сөздіктерді пайдалануда көптеген қиындықтар

туындайтыны сөзсіз. Дегенмен, Халилдің бұл жүйесі екі ғасырға жуық өзгерген жоқ. Кейінгі шыққан еңбектерде сөздерді соңғы түбір дауыссызының жалпы қабылданған алфавиттік реті бойынша орналастырды. Сөздіктер соңғы әріпке байланысты тарауларға бөлінеді, ал тараулар түбірдің бірінші әріпінің реті бойынша бөлімдерге бөлінеді. Мұндай әдісті ең бірінші болып Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһари (اسماعيل بن حماد الجوهري, қ.б.ж. 1009) өзінің «Тәж әл-лұғат уа сихах әл-‘арабийя» (تاج اللغة وصحاح العربية) сөздігінде қолданған.

Лексикография саласында түркі ғалымы Исмаил әл-Жауһари жемісті еңбек етіп, өзінің терең білімінің арқасында «лексикология имамы» деген құрметті атаққа ие болды. Ол алғашында әйгілі ғалым Ибраһим әл-Фарабиден (өзінің нағашысы) білім алып, кейін оқуын жалғастыру үшін Бағдатқа қоныс аударған. Исмаил әл-Жауһари «әс-Сихах» сөздігін ұстазы Ибраһим әл-Фарабидің «Диуан әл-адаб» (ديوان الأدب) сөздігі негізге алып ондағы қателіктер мен кемшіліктерін толықтырып жазуды мақсат етті. Әл-Жауһари өз нағашысынан асып түсіп, дәлдігімен ерекшеленген керемет жүйе жасады. Оның жүйесі айқын дәлел болды [127, б. 266]. Араб тілін жетік меңгеру мақсатында Месопотамия, Сирия және Хижазға сапар шегіп, араб тайпаларының диалектілерін мұқият зерттейді. Осыдан кейін әл-Жауһари біраз уақыт Дамған, Нишапур және Хорасанда өмір сүреді. Ол бұл қалаларда араб тілі, грамматика және каллиграфиядан дәріс берген. Каллиграфия саласында жоғары шеберлікке жеткендіктен оның қолжазбаларын атақты каллиграф ибн Мұқланың еңбектерінен ажырату қиын болды [128, б. 61].

Бұл сөздік X ғасырдың аяғында жазылған, ол сол кездегі басқа сөздіктерден өзінің құрылысы, мазмұны жағынан ерекшеленеді. Ең басты ерекшелігі – құрылысының қарапайымдылығында. Мұнда сөздер түбірдің соңғы дыбысына қарай орналасады және араб алфавитіндегі дыбыстар санына қарай жиырма сегіз тараудан, әр тарау жиырма сегіз бөлімнен тұрады. Тарау дыбыс атымен аталып, онда сөз түбірдің соңғы дыбысына сай беріледі. Бірақ сонда да сөзге анықтама беруде кейбір кемшіліктердің болғанына қарамастан аталмыш еңбек өз заманында зор беделге ие болды.

«Әс-Сихах» сөздігінің құрылымы, материалдарының толықтығы және түсініктілігі тұрғысынан кейінгі барлық сөздіктер оның кеңейтілген және түсіндірілген нұсқалары іспетті болды. Бұған «әс-Сихахты» пайдаланудағы жеңілдіктер себеп болды. Әсіресе оқырмандар өлең ұйқасы үшін керекті сөздерін осы еңбектен оңай тапты. «Әс-Сихах» сөздігі 40 000 классикалық сөзден тұрады [129, б. 13]. Исмаил әл-Жауһаридің бұл еңбегі араб лексикографиясындағы айтулы құбылыс болды. Ол араб тілінің сөздік қорын жүйелеп, оны түсіндіруде жаңа әдістер енгізді. Кейінгі лексикографтар үшін үлгі болып, көптеген араб сөздіктері осы еңбектің негізінде жасалды. Дегенмен, сыншылар оның жұмысындағы кейбір түсіндірме қателіктері мен кемшіліктерін атап өтті. Соған қарамастан, «әс-Сихах» араб тіл білімінде маңызды рөл атқарып, кейінгі ғасырларда көптеген толықтырулар мен түсіндірмелерге негіз болды [26, б. 173-174].

Сондай сөздіктердің бірі – Ибн Манзур (ابن منظور, 1232–1311) құрастырған

«Лисан әл-араб» (لسان العرب) сөздігі бүгінгі күнге жеткен араб сөздіктерінің ең толық және беделді еңбектерінің бірі болып саналады. Бұл еңбектің басты мақсаты – араб лексикасын барынша толық қамту. Жалпы сөздік қоры 80 000 сөзді қамтиды. Бұл сан араб тілінің түсіндірме сөздіктері арасында ең жоғары көрсеткіш болып табылады. «Лисан әл-Араб» сөздігі «әс-Сихах» сөздігіне сәйкес жүйеленген. Сөз түбірлерінің соңғы әріптері – «баб» деп аталып, алфавиттік ретпен орналастырылған. Сөз түбірлерінің алғашқы әріптері – «фасыл» деп аталып, сол ретпен жүйеленген. Ортаңғы әріптер де алфавиттік тәртіппен реттелген. Туынды сөздер тиісті түбір астында берілген. Ибн Манзур 22 зу-л-хиджа 689 жылы/26 желтоқсан 1290 жылы өз еңбегін аяқтап, оның кіріспесінде бұрынғы сөздіктерді екі негізгі санатқа бөліп қарастырады және олардың кемшіліктерін атап сынға алады: 1) Сөз қоры мол, бірақ жүйеленуі сәтсіз сөздіктер; 2) Жүйеленуі жақсы, бірақ сөз қоры аз сөздіктер. Ол сынаған сөздіктер арасында «әс-Сихах» сөздігі де бар [130, б. 195-196].

Бұлардан кейінгі осы кезеңдегі лексикография саласына үлкен үлесін қосқан әл-Фирузабади (الفيروزآبادي, 1329-1415) болды. Оның 813 хиджа жылы/1410 жылы аяқталған «әл-Қамус әл-мұхит» (القاموس المحيط) деген атпен танымал сөздігі әл-Жауһари негізін салған сөздік құрастыру мектебінің жүйесі бойынша реттелген. «Әл-Қамус әл-мұхит» ең көп таралған сөздік болып саналады. «Қамус» атауы кейіннен барлық араб сөздіктерінің жалпылама атауына айналды [26, б. 174].

«Қамус» (мұхит) сөзі бұл еңбектің танымал болуынан кейін «сөздік» мағынасында да қолданыла бастады. Әл-Фирузабади өз еңбегіне бұл атауды беру арқылы араб тіліндегі барлық сөздерді қамтығанын меңзеген. Алайда ол әл-Жауһаридің «әс-Сихах» сөздігіндегі сөздік қорына 20 000 сөз қосып, жалпы саны 60 000 сөзге жеткізгенімен, бұған дейін жазылған 80 000 сөзді қамтитын «Лисан әл-Араб» сөздігінен артта қалды. Әл-Фирузабади кітаптың кіріспесінде әл-Жауһари араб сөздерінің кем дегенде жартысын назардан тыс қалдырғанын, ал өзі оларды толықтырғанын айтады [131, б. 27].

Кейінгі кезеңдерде әл-Жауһаридің «әс-Сихах» сөздігі сөздік құрастыру барысында негізгі іргетас болып қала берді. Атақты түрік тілінің білімпазы Муслихуддин Мұстафа (қ.б.ж. 1560) «Ахтари кабир» (أختری کبير) сөздігінің кіріспесінде пайдаланған сөздіктерді санай келе, алдымен «әс-Сихахты» тілге тиек етті [132, б. 2]. Сөздер араб тіліндегі түбірлеріне сай, жазылу тәртібі бойынша алфавиттік ретпен орналастырылған. Бұл ерекшелік сөздікті пайдалану жағынан ыңғайлы болып, бұрынғы сөздіктерге қарағанда жаңашылдық сипат береді. Оған дейінгі сөздіктермен салыстырғанда заманауи лексикографияға жақындау тұрғысынан жаңашылдық әкелді.

Көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, ақын Сәдуақас Сәлменұлы Ғылмани (1890–1972) Қазақ ССР-ында 1952 жылдан 1972 жылға дейін қазилық қызметін атқарған. Сәдуақас Ғылмани артына мол әдеби мұра қалдырған ғалым. Ол ХХ ғасырдағы арабтану ғылымының алғашқы ізашарларының бірі. Ғылыми-зерттеушілік ізденістері қазақ және араб халықтарының ежелден келе жатқан тарихи тамырластығы мен мәдени

байланысын дамытуда үлкен мәнге ие болып табылады. Оның ғылыми мұралары арасында «Арапша-қазақша сөздік» айрықшы орынға ие. Бұл сөздікті құрастыруда бір қатар көне және жаңа сөздіктерден пайдаланғанын кіріспеде атап өтеді. Пайдаланған сөздіктер арасында «әс-Сихах» мен «Ахтари кабир» сөздіктері де бар. Автор сөздігін әйгілі «Ахтари кабир» (أختری کبیر) кітабының тәртібіне сүйеніп жасағанын және жүз сегіз мың сөзден, бес томнан тұратынын атап өтеді. Сөздікті 1946 жылы бастап 1966 жылы тәмамдайды [133, б. 110-111].

Әл-Жауһаримен басталған сөздік құрастырудың жаңа методы кейінгі ғасырларда көптеген лексикографтарға негіз болды.

Біз араб-түркі сөздіктерін түзудің тарихына тоқтала отырып, оларды жасалу формасына қарай үлкен топқа жинақтағанды жөн санаймыз. Жоғарыда жасалған зерттеулер негізінде оларды әліпбилік ретпен түзілген *сөзбе-сөз аударма сөздіктер* және тақырыптық ретпен түзілген *жолма-жол аударма сөздіктер* деген екі топқа жинастырдық. Бұл екі топты мына кестеден көруге болады (кесте 3).

Кесте 3 - Сөзбе-сөз аударма сөздіктер мен жолма-жол аударма сөздіктердің кестесі

| Реттік саны | Сөзбе-сөз аударма сөздіктер  | Жолма-жол аударма сөздіктер   |
|-------------|--|---|
| 1           | Халил ибн Ахмадтың ( الخليل بن أحمد, 718–791) «Китаб әл-‘айн» (كتاب العين) сөздігі;  | Санкт-Петербург қаласы (Ресей) Шығыстану институтында сақтаулы тұрған «Құран тәпсірі» (инв. 2475) сөздігі;  |
| 2           | Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһаридің (اسماعيل بن حماد الجوهري, қ.б.ж. 1009) «Тәж әл-лұғат уа сихах әл-‘арабийя» (تاج اللغة وصحاح العربية) сөздігі;    | Стамбұл қаласындағы (Түркия) «Түрік-Ислам жәдігерлері» мұражайында (Türk İslam Eserler Müzesi) сақтаулы (ТІЕМ 73) нұсқа;                            |
| 3           | Махмұт ибн әл-Хүсейн ибн Мұхаммед әл-Қашғаридің (محمود بن الحسين بن محمد الكاشغري, 1029–1101) «Диуан лұғат әт-түрік» (ديوان لغات الترك) сөздігі; | Өзбекстан Ғылым академиясының А.Р. Бируни атындағы Шығыстану институтында (Ташкент) сақтаулы тұрған нұсқа (инв. 2008);                              |
| 4           | Ибн Манзурдың (ابن منظور, 1232–1311) «Лисан әл-Араб» (لسان العرب) сөздігі;   | Манчестер қаласындағы (Ұлыбритания) «Rylands» нұсқасы (MS. Ar. 25-38);  |
| 5           | әл-Фирузабидидің (الفيروز أبادي, 1329-1415) «әл-Қамус әл-мұхит» (القاموس المحيط) сөздігі;  | Әбу-л-Қасым Махмуд ибн ‘Омар ибн Мұхаммед аз-Замахшаридің (أبو القاسم محمود بن عمر الزمخشري, 1075–1144) «Мұқаддамат әл-адаб» (مقدمة الادب) сөздігі; |
| 6           | Муслихудиң Мұстафаның (қ.б.ж. 1560) «Ахтари кабир» сөздігі;  | Мәмлүктер кезеңіндегі араб-қыпшақ сөздіктері  |

Жолма-жол аударма тәсілі арқылы түзілген сөздіктердің мұндай үлгісі Алтын Орда кезеңіндегі Мысырмен болған тығыз байланыстар нәтижесінде Каир, Шам, Александрия, Алеппо және т.б. жерлерде түзілген араб-қыпшақ сөздіктерінің түзілуіне негіз болды. Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер туралы көптеген зерттеулер жүргізілді. Ол еңбектердің барлығында сол кезеңдегі әдеби, діни, атбегілік, медициналық және т.б. тақырыптар бойынша жазылған жазба ескерткіштер жөнінде жан-жақты қарастырылған. Біз бұл зерттеуімізде солардың арасында араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі жолма-жол аударма сөздіктерін толыққанды қарастырып, Қарахандар әулеті, Жошы ұлысы, Мәмлүктер кезеңінде түзілген сөздіктердің өзара байланыстары мен сабақтастықтарын сөз етіп отырмыз. Мәмлүктер кезеңінде түзілген араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктер тақырыптарға бөлініп, жолма-жол аударма тәсілі арқылы жазылған сөздіктер.

Ендігі кезекте Мәмлүктер кезеңінде жазылған араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктерге тоқталамыз. Қазіргі таңда ғылыми айналымға тартылып жүрген лингвистикалық, лексикографиялық жазбалар тобына жататын және зерттеу нысанына жиі іліккен ескерткіштер көрінісі мыналар:

*Китаб мажму'и тәржуман түрки уа 'ажами уа моғули уа фарси*

[کتاب مجموع ترجمان ترکی و عجمي و مغلي و فارسي]

«Түркі, ғажам, моғол, парсы тілдерінің аударма жинақ кітабы».

Авторы белгісіз. Қолжазбаның жазылған жылы қателікпен хижра жыл санауымен 643/1245 жылы деп айтылған. Сөздіктің нақтылы жазылған уақытын хижра бойынша 27 шағбан 743 жылы/25 қаңтар 1343 жылы екендігін немістің танымал түркітанушы ғалымы Барбара Флемминг (Barbara Henriëtte Flemming, 1930–2020) дәлелдеген болатын [134]. Қолжазба (Or. 517) қазіргі күні Лейден қаласында (Нидерланд) сақтаулы. Сөздік 76 беттен, 4 бөлімнен тұрады және 2,5 мыңдай сөз қамтылған. Қолжазбаны көшіріп жазған (62v бет) – Халил ибн Мұхаммед ибн Йүсүф әл-Қунауи (خليل بن محمد بن يوسف القونوي). Көшірмешінің «әл-Қунауи» ныспысынан оның туып өскен жері Рум селжүктерінің бұрынғы астанасы Кония екенін аңғаруға болады. Ескерткіш қыпшақ тілі материалы негізінде жазылған, кейбір жағдайда көмекші материал ретінде түрікмен тілінің элементтері қолданылған.

Бұл кітапты ең алғаш 1894 жылы голландиялық шығыстанушы ғалым М.Т. Хоутсма (M.Th. Houtsma, 1851–1943) бастырып шығарған [135]. Сол себепті бұл сөздік, әдетте «Хоутсма сөздігі» деп те аталады. Қазақстанда 1971 жылы профессор Ә. Құрышжанов «Исследования по лексике «Тюркско-арабского словаря» атты ғылыми монография жариялады [136]. 1973 жылы өзбек тілінің маманы А. Юнусов «XVI ғасыр ескерткіштерін зерттеу: «Таржуман туркий ва ажамий ва муғалий»» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. А. Юнусовтың «Таржуман – XIV ғасыр жазба ескерткіші» (Таржумон – XIV аср ёзма обидаси) еңбегі 1980 жылы Ташкентте жарық көрді [137]. Бұны белгілі түрік ғалымдары Режеп Топарлы (Reser Toparli), Сади Чөгенли (Sadi Çögenli) және Невзат Йаныктар (Nevzat Yanik) 2000 жылы түрік грамматикасы ережелері негізінде жарыққа шығарды [138]. 2019 жылы Қазақстанда белгілі



түркітанушы ғалым А.Н. Гаркавец арабтанушы Ө.О. Тұяқбаевтың қатысуымен қолжазбаның сапалы факсимилесін қосып, транслитерациясы, транскрипциясы, нормаландыру, түркі тілі бөлімі мен моңғол бөлігі аудармасын жасап, сөздігін түзіп, ғылыми басылымын жариялады [139]. Бұдан басқа, көптеген зерттеу мақалалары да жарияланған болатын. Біз арнайы зерттеулер жүргізіп, жан-жақты қарастырылған көлемді еңбектерді ғана атап өтуді жөн көрдік.

*Китаб әл-идрак ли-лисан әл-әтрак*

[كتاب الإدراك للسان الأترāk]

«Түркілер тілі туралы түсіндірме кітабы».

Авторы – Әбу Хаййан Асир әд-Дин Мұхаммед ибн Йусуф әл-Ғарнати ( أبو حَيَّان أَثِير الدِين مُحَمَّد بن يوسف الغرناطي, 1256–1344). Ол негізінен Әбу Хаййан әл-Андалуси (أبو حَيَّان الأندلسي) тахаллусымен белгілі болды. Әбу Хаййан 1256 жылы араб халифатының Андалусиядағы (Испания) мәдени орталығы Ғарнат қаласында туған және 1344 жылы Мәмлүктер Египетінде қайтыс болған [140, б. 327-328]. Е. Есбосынов зерттеуінде автордың туған жылын 1265 жылы деп көрсетеді, бірақ бұл қате [141, б. 8].

Бұл жазба жәдігердің үш қолжазба көшірме нұсқасы бар. Біріншісі – Стамбұлдағы Уали әд-Дин әфенди кітапханасында (Veliyyüddin Efendi, nr. 2896) сақтаулы қолжазба. Бұл нұсқа автор Әбу Хайиан Мұхаммад ибн Йусуфтың хижра жыл есебі бойынша 712/1313 жылы 20 рамадан айында бейсенбі күні жазып бітірген түпнұсқа шығармасынан 23 жылдан кейін, яғни 735/1335 жылдың 15 ақпанында жасалған көшірмесі. Екіншісі – Стамбұл университеті кітапханасының қолжазба қорында (İstanbul Üniversitesi Kütüphanesi, nr. 3856) сақталған. Бұл нұсқа хижра күнтізбесі бойынша 4 раби‘ әс-сани айында 805/1402 жылы Ахмад ибн ‘Омар әш-Шафи‘йи (أحمد بن عمر الشافعي) қолымен Лазкие қаласында көшірілген [142, б. 108]. Үшіншісі – ғылымда онша белгілі емес, Мысырдың Каир қаласындағы «Дар әл-кутуб» кітапханасында сақтаулы нұсқасы [143, б. 68].

Шығарманың Уали әд-Дин әфенди кітапханасындағы нұсқасы ең алғаш Мұстафа бейдің бастыруымен араб әріпімен (түркіше-арабша) 1891 жылы Стамбұлда жарық көрді [144]. Бұл басылымды толық болмағандығы үшін және қателіктер орын алғандығы үшін 1931 жылы түрік ғалымы А. Жафароғлы (Ahmet Caferoğlu, 1899–1975) қайта бастырып шығарды [145]. 1936 жылы У. Избудак (Veled Çelebi İzbudak, 1867–1953) Стамбұлда үшінші рет бастырды [146]. 1999 жылы Роберт Ермерс (Robert Ermers) ағылшын тіліндегі аудармасын Лейденде басып шығарды [147].

Қазақстанда 1969 жылы М.А. Маженова «Абу-Хаййан – исследователь кипчакского языка» [148], Өзбекстанда 1969 жылы Н.А. Расулова «Исследования языка «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» деген тақырыптарда кандидаттық [149], Түркияда 2001 жылы Айша Мелек Өзйетгин (Ayşe Melek Özyetgin) «Абу Хаййан «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» – етістік: тарихи-салыстырмалы грамматика және сөздік бөлімі» (Kitābu’l-İdrāk li Lisāni’l-Etrāk, Fiil: Tarihî Karşılaştırmalı Bir Gramer ve Sözlük Denemesi) атты докторлық [150],

сондай-ақ, Қазақстанда 2006 жылы Е.З. Есбосынов «Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайян еңбегі бойынша, XIV ғ.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертацияларын қорғады. Е.З. Есбосыновтың 2006 жылы диссертация тақырыбымен сәйкес ғылыми кітабы да жарық көрді [141].

Китаб булғат әл-муштақ фи лұғат әт-түрк уа әл-кифжак  
[كتاب بلغة المشتاق في لغة الترك والقفجاق]

«Түркі және қыпшақ тіліне ынтық жанның толыққанды кітабы».

Авторы – Жамал әд-Дин Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ат-Түркий [جمال الدين أبو محمد عبد الله التركي]. Орта ғасырдағы түркітанушы, мәмлүк қыпшақтарының тілін зерттеуші, классикалық араб филологиясын, әсіресе оның лексикологиясы мен лексикографиясын жете меңгере білген ғалым, каллиграф. Бұл кітап – мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған сөздік. Сөздік 1450 жылы шамасында Сирияда аяқталған [151, б. 17]. Оның қолжазба нұсқасының бір данасы Париж қаласындағы Франция Ұлттық кітапханасында (Bibliothèque Nationale de France, Turc 293) сақтаулы. 1954 [152], 1958 [153] жылдары түпнұсқа (факсимиле) күйінде басылып, сөздік бөлімі де француз, поляк тілдеріне аударылып берілген (баспаға дайындаған А. Зайончковский).

Түрік зерттеушісі С. Қатагөзлу (Savaş Katagözlü) «Бұлғат әл-муштақтың» жеке мұрағатта сақтаулы жаңа бір нұсқасын тапқаны туралы мәлімет береді [154, б. 683-684].

Қолжазбаның I бөлімі есім сөздеріне (үш тараудан құралған), II бөлімі (жалпы тізім) етістік сөздеріне арналып, «арабша-қыпшақша сөздік» есебінде түзілген. Қолжазба 69 парақ, 138 беттен тұрады, бір беті бос. Екі бөлімде 1500-дей сөз бар, екінші бөлімде үш жүзден астам етістік бар, қалған сөздер есімдер, олар бірінші бөлімде орналасқан. Қолжазбада сөздер зигзаг түрінде (ромб түрінде) жазылған болып еңбекке бір көркемдік сипатын беру арқылы сол кездегі оқырмандардың қызығушылығын арттырған. Әрбір бетте үш бағанға бөлінген ромбтың бір қабырғасында арабша, ал екінші қабырғасында түркіше (мәмлүк қыпшақша), екінші ромбтың бір қабырғасында арабша, екіншісінде түркіше жазылған. Түпнұсқада арабша сөздер қара сиямен берілсе, түркіше сөздер қызыл түсте [152, б. 18] жазылған.

Бұл сөздік бойынша 1969 жылы Өзбекстанда Р. Файзуллаева [155], 2000 жылы Қазақстанда С.Р. Боранбаев кандидаттық диссертациялар қорғады. 2005 жылы С.Р. Боранбаев «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы» жазба ескерткішінің тілі (XIII–XIV ғ.ғ.)» деген атпен кітап шығарды [24]. 2004 жылы Татарстанда Г.Р. Гайнутдинова кандидаттық диссертация қорғады [156]. 2012 Түркияның Анкара қаласында Ғази университетінде (Ankara, Gazi Üniversitesi) Жалал әт-Түрік (Gulhan Abedalaziz Moh'd Jalal al-Turk) «Китаб булғат әл-муштақ фи-л-лұғат әт-түрік және қыпшақ тілдеріне шолу» (Kitabu Bulgatu'l-Muštak fi Lugati't-Türk ve'l-Kıfçak üzerine dil incelemesi) атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады [157].

*Китаб әт-тухфа аз-закийя фи әл-луғат әт-түркийя*

[كتاب التحفة الزكية في اللغة التركية]

«Түркі тілі туралы құнды сыйлық».

Авторы белгісіз. XIV ғасырда Мысырда жазылған. Мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған грамматика бөлімімен бірге берілген сөздік. Бізге жеткен жалғыз нұсқасы Стамбұлдағы Уәли әд-Дин әфенди (Veliyüddin Efendin nr. 2896) кітапханасында сақтаулы. Көлемі 91 парақ, 182 бет. Әрбір бетінде 13 жол жазу бар, әр жолда 7 сөз жазылған. Кіріспесінен кейін сөздік бөлімі (3000 сөз) және грамматика бөлімі берілген. Арабша сөздер қара сиямен, қыпшақ сөздері қызыл сиямен жазылған. Түркімен, татар, қарлұқ тілдері туралы мәліметтер келтірілген. Автор түркі тілдері туралы көптеген мәліметтер жинастырған, әйгілі Әбу Хаййан еңбектерін де пайдаланған. Осыған байланысты Т. Халаси-Кун «әт-Тухфа» авторын Әбу Хаййан шәкірті Салах әд-Дин Халил ибн Айбек ас-Садафи (صلاح الدين خليل بن ابيك الصفي) болу мүмкін деген болжамды пікірді алға тартады [158, б. 190].

Қолжазбаның түпнұсқасын 1942 жылы Т. Халаси-Кун Венгрияда жариялады [2]. Жалпы қолжазба Батыс Еуропаға 1922 жылдан бері белгілі. Түріктің атақты ғалымы Бесім Аталай 1945 жылы түрік тіліне аударып бастырды. 1948 жылы «әт-Тухфа аудармасының жайы» деген тақырыпта үлкен мақала жариялады [159]. Поляк ғалымы А. Дубинский 1967 жылы ескерткіштің тілі жайында арнайы зерттеулер жүргізді. 1968 жылы профессор С. Муталлибов (1900–1982) өзбек тіліне аударып бастырды [160]. Осы ескерткіш материалдары бойынша Өзбекстанда Э.И. Фазылов, М.Т. Зияева [161], Қазақстанда 1983 жылы Т.А. Арынов [162], 1999 жылы Б.М. Сүйеркұл «әт-Тухфа...» ескерткіші (XIV ғ.) тіліндегі етістік категориялары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады [163]. Түрікменстандық ғалым Г. Чариев (Guwanç Çarıýew) 2005 жылы Ашхабат қаласында «әт-Тухфа...» сөздігінің түркіменше аудармасын жариялады [164]. 2020 жылы Н.Н. Конкобаева «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат әт-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық инетрпретация» тақырыбы бойынша PhD докторлық диссертациясын қорғады [13].

*әл-Қауанин әл-қуллийа ли-дабт әл-луғат әт-түркийя*

[القوانين الكلية لضبط اللغة التركية]

«Түркі тілін еңсеруге арналған жүйеленген ережелер».

Авторы белгісіз. Мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған грамматика бөлімі бірге берілген сөздік. XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Египетте жазылған. Қолжазбаның жалғыз нұсқасы Стамбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Шехит Али Паша бөлімінде (Süleymaniye Kütüphanesi, Şehit Ali Paşa) 2659 нөмірімен тіркелген. Насх жазуымен жазылған, 84 беттен тұратын шығарманың әр бетінде 13 жол жазу бар. Түркі жазулар қызыл сиямен, арабша түсіндірмелер қара сиямен жазылған. Түркі сөздеріне харакаттар қойылған, араб сөздерінде харакаттар жоқ. Автор шығарманың кіріспе, үш тараудан және қорытындыдан тұратынын айтады [165, б. 24].

«Әл-Қауанин...» сөздігін алғаш түрік филологы Рифат Білге Кіліслі 1928 жылы Стамбұлда араб әріпімен жариялады. Алғы сөзін Мехмед Фуад Көпрүлүзде (Mehmet Fuad Köprülü, 1890–1966) жазған [166]. 1937 жылы С. Телегди (S. Telegdi) неміс тілінде бастырып шығарды [167]. Әйгілі түрік ғалымдары Режеп Топарлы (Reser Toparli), Сади Чөгенли (Sadi Çögenli) және Неузат Йанык (Nevzat Yanık) 1999 жылы түрікше аудармасын жариялады [168]. Қазақстанда 1995 жылы С.Ж. Дүйсен «Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы (мазмұны, графикасы, орфографиясы, фонетикасы)» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады [169]. 2016 жылы Қ.К. Аубакирова «Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.)» тақырыбында «Әл-Қауанин...» сөздігінің материалдары бойынша PhD докторлық диссертациясын қорғады [12].

Китаб хилйат әл-инсан уа хаблат әл-лисан  
[كتاب حلیة الانسان وحبلة اللسان]

«Адам көркі мен тіл саласы кітабы».

Авторы – Ибн Муханна (ابن مهنا) атымен танымал Әбу-л-Фазл Жамал әд-Дин Ахмед ибн Мұхаммед (أبو الفضل جمال الدين احمد بن محمد, қ.б.ж. 1283). Ибн Муханнаның отбасы мен білім жолы туралы дереккөздерде мәлімет жоқтың қасы. Оның өмірі туралы мәліметтер замандасы, мүмкін оның шәкірті, ирактық тарихшы Ибн әл-Фуатидің (қ.б.ж. 1323) берген шектеулі деректерде кездеседі. Ибн Муханна тіл, тарих және шежіре ғылымдары бойынша үлкен білімпаз болған ғалым.

XIII ғасырдың ортасында Хулагу ұлысы (1256–1355) аймағында парсы, түркі және моңғол тілдері жоғары маңыздылыққа ие болды және кеңінен қолданылды. Ибн Муханна «Хилйат әл-инсан уа хаблат әл-лисан» атты сөздігін осы ортада жазды. Хулагу ұлысы мемлекеттік ресми тілі түркі тілі болғанымен мәдени, сауда және қоғамдық өмірде араб, парсы және моңғол тілдерінің де қолданылғанын ескере отырып, Ибн Муханна өз еңбегін осы үш тілдің негізгі ерекшеліктеріне сүйене отырып араб тілінде жазған [170, б. 228].

Бұл еңбектің 6 түрлі қолжазбасы бар: үшеуі Оксфордтағы Бодлиан кітапханасында (Bodleian Library, Oxford University; MS. Laud Or. 43, MS. Marsh 238, MS. Thurston 14) [171]; біреуі Берлинде (Berlin Staatsbibliothek № 60) [172, б. 101-102], енді біреуі Парижде (Bibliothèque Nationale, turc. 208) [173, б. 50-51]; соңғысы Стамбұлда Археология мұражайы кітапханасында (İstanbul Arkeoloji Müzeleri Kütüphanesi, nr. 1202) сақтаулы [174, б. 221].

Оксфорд университеті Бодлиан кітапханасындағы көшірмелердің бәрінде кітаптың аты «Китаб таржуман фарси уа түрки уа муғали» (كتاب ترجمان فارسی) – деп жазылған және олардың ешқайсысында автордың аты-жөні көрсетілмеген. Бұл қолжазбаларға бірінші болып назар аударған профессор барон В.Р. Розен (1849–1908) болды [175, б. 76].

Кейінгі екі нұсқаны 1893 жылы түркітанушы П.М. Мелиоранский (1868–1906) тапқан. П.М. Мелиоранский қолжазбаның алғашқы бес түрін жинақтап,

монографиялық зерттеу жұмысын жазды (1900 ж. докторлық диссертация қорғады), оны өз алдына жеке кітап етіп бастырып та шығарды [176].

XX ғасырдың басында Стамбұл нұсқасы табылған соң бұл еңбектің аты «Хилйат әл-инсан уа хаблат әл-лисан» екендігі және авторының есімі ғылым әлеміне белгілі болды. Түрік ғалымы Рифат Білге Кіліслі 1922 жылы Стамбұл нұсқасын араб әріпімен басып шығарды. Оның пікрінше Стамбұл нұсқасы толық және ең ескі ескерткіш деп бағалайды. 1934 жылы Абдулла Баттал Таймас (Abdulla Battal Taymas, 1883–1969) қолжазбаның түрік бөлімінде қолданылған бүкіл түрік сөздерінің сөздігін индекспен құрастырып жариялады [177].

Әзербайжандық әдебиетші әрі түркітанушы Б. Чобанзаде (Bəkir Çobanzadə, 1893–1937) 1936 жылы Р.Б. Кіліслі мен П.М. Мелиоранский басылымын негізге ала отырып әзербайжан тілінде зерттеу жұмысын жасады. Бірақ, өкінішке орай, сол дәуір шарттарына байланысты жариялай алмады. Әзербайжан Мемлекеттік Әдебиет және өнер мұрағатында (Azərbaycan Dövlət Ədəbiyyat və İncəsənət Arxivі) сақталған қолжазба 2007 жылы ғалымның «Таңдамалы шығармаларында» жарияланды [178, б. 79].

Орыстың шығыстанушы ғалымы С.Е. Малов (1880–1957) «Ибн-Муханна о турецком языке» атты мақаласында жазба ескерткіште шығыс түркі тілдеріне тән көптеген грамматикалық формалар мен лексикалық бірліктер бар деген пікір білдіреді [179]. Өкінішке орай бұл құнды еңбек Қазақстанда зерттеу объектісіне алынған жоқ. «Хилйат әл-инсан» жазба ескерткішінің түркі тілі бөлімінде **2562** түркі сөз бар [180, б. 45]. Сондықтан бұл еңбекті зерттеу маңызды деп есептейміз. Ә.Қ. Құрышжанов «*Бұл еңбек 13–14 ғасырдағы Орта Азия түріктері мен сол кездегі қыпшақтардың тілін зерттеу үшін құнды ескерткіш болып табылады*» – деген болатын [174, б. 221].

*Китаб ад-Дурра әл-мудийа фи әл-луғат әт-түркийа ‘ала әт-тамам уа әл-камал»*

[كتاب الدرّة المضیة فی اللغة التریکیة علی التمام والکمال]

«Түркі тілінің жарқыраған інжу-маржаны әрі кемеліне келіп, толық тәмамдалған кітап».

Мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған сөздік әрі тілашар. Қолжазбаның көлемі 24 парақ, яғни, 48 бет, әр бетте 15-16 жол жазу бар. Араб сөздері қара сиямен, қыпшақ сөздері қызыл сиямен жазылған.

Бұл сөздікті алғашқы болып зерттеген поляк ғалымы – А. Зайончковский [7, б. 111-116]. 1963 жылы Италияның Флоренция қаласындағы Лоренцо Медичи кітапханасынан (Biblioteca Medicea Laurenziana) осы сөздіктің қолжазба нұсқасын тауып алып, француз тіліне аударып бастырып шығарды [181, б. 14]. Бұл сөздіктің зерттелуі, мазмұны, құрылымы және лексикалық қоры мен лингвистикалық талдаулары мен фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктері жөнінде келесі бөлімдердің тарауларында кеңінен тоқталамыз.

*Аш-Шузур аз-захабийя уа әл-қита ‘ әл-Ахмадийя фи әл-лұғат әт-түркийя*  
[الشذور الذهبية والقطع الاحمدية في اللغة التركية]

«Түркі тілінің алтын тізбесі және Ахметке арналған алтын кесектер».

Авторы – Молла ибн Мұхаммед Салих (ملا بن محمد صالح). Мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған сөздік. Түпнұсқа XVII ғасырдың басында (1619 жылдар шамасында) Мысырда жазылған. Қазір әлемнің әр түкпірінде сақталған нұсқалары өте көп [17, б. 7-8]. Ибн Мұхаммед Салих бұл кітапты Мысырдың қазысының ұлы Ахметке түрік тілін үйрету үшін жазған.

Қолжазбаның жазылып біткен заманы қыпшақ тілінің біртіндеп барып жойылып, оның есесіне осман түріктерінің тілі бел алып тұрған кез еді. Сондықтан «аш-Шузур аз-захабийя» Мысыр елінде жазылып қалған қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ең соңғысы саналады. Зерттелуі мен әлемнің әр түкпірінде сақталған нұсқалары туралы келесі тарауларда түбегейлі сөз болады.

Осыдан былай бұл өңірде дүниеге келген азды-көпті жазба ескерткіштердің бәрі де осман түріктерінің мұрасына жатады. Себебі 1517 жылы Осман сұлтаны Йаууз I Селим (1512–1520) Египетті жаулап алып, өз мемлекетінің провинциясы деп жариялады. 1804 жылы Египет жерінде түріктерге қарсы қозғалысты ұйымдастырушы, 1805 жылдан Осман империясының (1453–1924) шын мәніндегі аймақтық мемлекет билеушісі Мұхаммед ‘Али (Мехмет ‘Али, 1805–1848) Египеттің губернатор-патшасы болды.

Жоғарыда қарастырылған ескерткіштерден басқа да мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған еңбектер баршылық. Бұл аталған еңбектер ғылыми грамматикалық, лексикографиялық сөздіктер сияқты зерттеулер. Ал, одан басқа XIII–XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде жарық көрген мұралардың қатарында біршама поэтикалық, атбегілік, ветеринарлық, медициналық тақырыптардағы жазба ескерткіштер мен діни немесе философиялық трактаттар кездеседі. Олардың кейбірі осы күнге дейін сақталған да, біразы жоғалып кеткен. Сақталып аман қалғандарының өзі Еуропаның ірі қалаларындағы кітапханалар мен Түркия, Мысыр, Шам, Араб мемлекеттерінің мәдени орталықтары мен кітапхана, мұражай, сарайларында сақтаулы. Сондықтан да, бұл жәдігерліктердің жалпы саны қанша екені әлі нақты анықталған емес. Әйтсе де, осы күні ғылыми ортаға танылып жүрген жадыхаттардың тілі мен тарихынан әдеби, мәдени ерекшеліктерінен диссертациялар қорғалып, халқымыздың тарихи, рухани мұрасына айналуға.

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Шығыста сөздік жазу батысқа қарағанда ертерек дамыған. Себебі Ислам дінін қабылдағаннан кейін шығыс мұсылман елі үшін араб тілі ғылым тілі болып саналды. Мұсылман шығыс елдерінде алғаш сөздік құрастыру ісі Ислам дінінің қасиетті кітабы Құранмен тікелей байланысты.

1. Қарахан әулеті кезінде алғаш рет түркі тіліне Құран аудармалары жасалды. Құранның екі түрдегі аудармасы жасалған. Біріншісі, *жолма-жол аударма сөздік* – бұл бір жолдағы әрбір арабша сөздің астына сол сөздің

аудармасы жазылады. Бұл жерде толық мағыналы аударма шықпайды, тек әрбір сөздің жеке мағынасы ғана жазылады. Сондықтан бұны сөздік жанрына жатқызуға толық негіз бар. Екіншісі, *жолма-жол тұтас мағыналы аударма* – бір жолдағы арабша мәтіннің толық аудармасы астыңғы жолда беріледі. Сонымен бірге қажеттілікке байланысты қысқа ашықтамалар да (тәпсір) беріледі.

Шығыс мұсылман әлемінде Құран аудармасы негізінде сөздік құрастырудың негіздері қалыптасты. Жоғарыда айтылғандай Құран аяттарының әрбір сөзінің астына кіші әріптермен парсы немесе түркі тілінде сол сөздің мағынасы жазылады. Бұл тәсіл тұтас аударма емес, бәлкім, сөздік болғандықтан біз мұны *жолма-жол аударма сөздік* деп атадық.

2. Жошы ұлысында әдеби тіл екі орталық қалалардың негізінде дамыды. Біріншісі – Сарай қаласы, екіншісі – Хорезм қаласы. Осы екі әдеби орталықта көптеген көркем туындылар жазылды. Хорезмшахтар дәуірінде (1097–1231) өмір сүрген Әбу-л-Қасым Махмуд ибн ‘Омар ибн Мұхаммед аз-Замахшаридің «Мұқаддима ал-адаб» сөздігінің түркі тіліндегі кейбір нұсқалары Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған ең ескі сөздік ретінде бағаланып отыр. Сондықтан аталмыш сөздіктің түркі тілді нұсқалары Жошы ұлысы кезінде қолданылған қыпшақ тілін айқындауда негізгі іргетас.

«Мұқаддимат ал-адаб» сөздігі – *жолма-жол аударма сөздік түзу тәсілі* арқылы жасалған Құран сөздіктері нұсқаларының түзілу тәсілімен құрастырылған.

3. Мәмлүктер кезеңі Мысыр мен Шам елі үшін аса жоғары өрлеу заманы болды. Мысыр мен Шамның көптеген ғалымдары, саяхатшылары Алтын Орда мемлекетінде болды және сондай-ақ, Мысыр мемлекетінің көрнекті билік орындарында да Сарайи, Қырыми, Хорезми және т.б. лақап атты адамдар қызмет атқарды. Жолма-жол аударма тәсілі арқылы түзілген сөздік үлгілері Алтын Орда кезеңіндегі Мысырмен болған тығыз байланыстар нәтижесінде Каир, Шам, Александрия, Алеппо және т.б. жерлерде түзілген араб-қыпшақ сөздіктерінің түзілуіне негіз болды. Мәмлүктер кезеңінде түзілген араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктер тақырыптарға бөлініп, жолма-жол аударма тәсілі арқылы жазылған сөздіктер.

## 2 МӘМЛҮКТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР: «АД-ДУРРА ӘЛ-МУДИЙА» ЖӘНЕ «АШ-ШУЗУР АЗ-ЗАХАБИЙА» СӨЗДІКТЕРІ

### 2.1 «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінің зерттелуі, құрылымы және мазмұны

Екінші бөлімнің бұл тарауында Мәмлүктер кезеңінде түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің табылуы, сақталуы, құрылымы, мазмұны, зерттелуі қарастырылады. Біз зерттеп отырған шығарманың нақты ресми атауы:

كتاب الدرّة المضیة فی اللغة التریکیة علی التمام والکمال – «Китаб ад-Дурра әл-мудийа фи әл-лұғат әт-түркийа ‘ала әт-тамам уа әл-камал» (әрі қарай – «Ад-Дурра әл-мудийа») – «Түркі тілінің жарқыраған інжу-маржаны әрі кемеліне келіп, толық тәмамдалған кітап».

Бұл қолжазба XIV ғасырда Мысыр мен Шам елдерінде, яғни, мәмлүк қыпшақтарының мемлекетінде, сол кездегі қыпшақ тілін оқып үйрену үшін классикалық араб тілінде жазылған сөздік. Қолжазбаның 1<sup>b</sup> бетінде бұл еңбек «Тәржуман әл-лұғат әт-түркийа» – «Түрік тілінің аударма сөздігі» деп те аталады.

Ол кезде тек араб елдерінде ғана емес, жалпы шығыс елдерінің ішінде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтарды, әсіресе, қалың жұртшылыққа барынша кең танымал болған қыпшақ тайпаларын «түріктер» деп атаған да, олардың тілін «түрік тілі» деп жалпы атаумен беретін болған. «Түрік» пен «қыпшақ» сөздері синоним ретінде қолданылған (А. Зайончковский). Дүниежүзілік түркітану ғылымы бұл сөздікті «бізге жетпеген» (Б. Аталай), «жоғалып кеткен» (О. Прицак) деп есептейтін еді.

«Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің зерттелу тарихнамасына тоқталмас бұрын, алдыменен қолжазбаның нұсқалары, мазмұны, археографиялық ерекшеліктері туралы айтып, жалпы таныстырып өткенді жөн көрдік.

Қолжазбаның көлемі 24 парақ, яғни, 48 бет, әр парақтың екі бетінде 15–16 жолдан тұратын арабша-қыпшақша сөздердің тізімі бар, араб сөздері қара сиямен, қыпшақ сөздері қызыл сиямен жазылған.

Поляктің атақты түркітанушы ғалымы А. Зайончковский 1963 жылы Флоренцияның атақты Лоренцо Медичи (Biblioteca Medicea Laurenziana) кітапханасынан осы сөздіктің қолжазбасын тауып алып, француз тіліне аударып, бастырып шығарды (Варшава, 1965–69 ж.). Түркітану ғылымы аясында бұл сөздікті алғашқы болып зерттеген поляк ғалымы – А. Зайончковский [181, б. 111-116].

Қазақ тіл білімінде профессор Ә. Құрышжанұлы мәліметіне сәйкес «Түрік тілінің жарқыраған інжу-маржаны әрі толық жазылып біткен кітап» деген атпен, ескерткіш туралы энциклопедиялық үлгіде берілген жалпылама және тағы да басқа ғалымдардың қысқаша деректерімен танылды [8, б. 362-363]. К.Д. Таужанованың да мақаласы жарияланған [9, б. 43-46]. Түрік ғалымы Р.



Топарлы 2003 жылы қолжазбаның сапалы факсимилесін беріп, мәтінді толыққанды аударып, түрікше транскрипциясын жасап, әліпбилік тәртіп бойынша сөздігін беріп жарыққа шығарды [10]. 2014 жылы Стамбұл университетінде (İstanbul Üniversitesi) Режеп Йылмаз (Recep Yılmaz) «ад-Дурра әл-мудийа фи әл-луғат әт-түркийаның» мәмлүк түрікшесі мен оғыз түрікшесі нұсқаларын салыстыру» (Ed-Dürretü'l-Mudiyye fi'l-Lugati't Türkiyye'nin Memlük Türkçesi ve Oğuz Türkçesi Nüshalarının Karşılaştırılması) атты тақырып бойынша докторлық диссертация қорғады [11]. 2016 жылы Қ.К. Аубакирова «Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.)» тақырыбы бойынша қорғалған диссертациясында «Әл-Қауанин» сөздігін негізгі дереккөз, ал «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін қосымша дереккөз ретінде пайдаланып, мұндағы материалдарды кеңінен қолданған [12]. 2020 жылы «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат әт-түркийа» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» тақырыбы бойынша диссертация қорғаған Н.Н. Конкобаева да қосымша дереккөз ретінде «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдарын шамалы қолданған [13]. Осындай азды-көпті аты аталып, қосымша материал ретінде қарастырылғаны болмаса бұл ескерткіш ғылыми айналымға өзі жеке тартылып, зерттелген емес.

Қазақ тілінің тарихына қатысты тілдік мәліметтері бар жазба ескерткіштің жазылу уақыты, аймағы, орындалу ерекшелігі туралы жазылған пікірлер бірлі-жарым ғана болғандықтан, алдымен А. Зайончковскийдің ой-толғамдарымен таныстырғанды жөн көріп отырмыз.

«Тіл білімінде қыпшақ тілін зерттеу саласындағы ең соңғы жаңалықтардың бірі ретінде 1949 жылы Польша Ғылым академиясы Шығыстану бөлімінде «Қыпшақ сөздігіне» байланысты (*Thesaurus Linguae Kirgisorum*)» атты бір баяндама жасадым» – дейді А. Зайончковский<sup>1</sup> [181, б. 112-113].

А. Зайончковский Италияның Венеция қаласында өткен II Халықаралық Түркі мәдениеті конгресіне қатысқан мерзім ішінде (1963 ж. қыркүйек-қазан) әлемдегі ең көне кітапханалардың бірі – Флоренциядағы Медичи Лауренциана (*Biblioteca Medicea Laurenziana*) кітапханасының Шығыс тілдерінде жазылған қолжазбалар бөлімінде (*Orientali*) зерттеу жұмыстарын жүргізу мәртебесіне ие болып, көптеген арабша-түрікше сөздіктер арасынан Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші ретінде танылған және *Orient. 130* нөмірімен тіркелген бір қолжазбаға көңіл бөліп, назар аударады.

Медичи Лауренциана кітапханасының XVIII ғасыр басында қатталған каталогында аталмыш жазба ескерткіш туралы қысқа мәлімет берілгенімен, ол еңбектің қыпшақ тіліне байланысты екендігіне ешқандай сілтемелер, ескертпелер жасалмаған.

А. Зайончковский айтып отырған, каталог анықтамалығында берілген мәлімет мынадай: «CCCLXXIII. Vocabularium turcicum et arabicum non ordine

---

<sup>1</sup> Зерттеу жұмысы барысында пайдаланылған А. Зайончковскийдің ой-толғамдары, пікірлері қаралып отырған мәселе ыңғайына қарай ықшамдалып алынды. Олар туралы әдебиеттер тізімінде көрсетілген еңбектерін қарау арқылы толығымен танысуға болады.

quiden alphabetico, sed per materias, et Capita viginti quatuor dispositum; auctore Anonimo. Codex in 4. Bombicinus constat paginis 24. Turcicae et Arabicae aхарatus» (373. Әліпби тәртібімен түзілмеген түркі-араб сөздігі. Жиырма төрт бөлімнен тұрады. Авторы аноним. Кітап төрт бөлім, 24 бет. Түрікше-арабша жазылған – Б.Д.).

Ескерткішті мұқият зерттеу нәтижесінде қандай да бір күмән келтіретін тұстарын мейлінше азайта түсудің сәті түсті. Мысалы, арабша және түрікше мәтін «харакалы насх» каллиграфиясымен жазылып, графикалық көрінісі араб алфавитінің «батыс» стиліне жақын екендігін байқатады. Бұл ерекшелік Мәмлүк кезеңіне байланысты жазба ескерткіштердің өзіндік қасиеті болып есептеледі. Арабша мәтін негізінен қара бояулы болса, түрікше мәтіндер қызыл бояумен жазылған. Бұл жоғарыда атап өткен *жолма-жол аударма сөздік* түзу тәсілінің айқын көрінісі. Бет саны: 24 (v, r), бет өлшемі 21,5 x 15 см. Әр бетте 15 немесе 16 жол бар. Мәтін негізінен 4 немесе 5 бөлім тәртібімен түзіліп, түрікше сөздер арабша сөздердің астына жазылған. Қағазы қалың, түсі қою сары (түптеу үшін ортасынан бүгілген), 5 см-лік «құлақшалы қайшы» түріндегі оюы бар. Оюдың бұл түрі хронологиялық тұрғыдан XV ғасырдың бас кезеңі немесе бірінші ширегі екендігін көрсетуімен қатар, қағаздың «италиялық» екендігін дәлелдейді [182].

Алайда кітап кейінірек уақытта түптелген. Өңделген теріден жасалған кітап қаптамасының (шағын сөмкенің) тыс жағында 373 х, төменгі тұсында 30 белгілері бар. Сыртында (1а бетінде) мынадай арабша мәтін берілген:

[كِتَابُ الدَّرَّةِ الْمُضِيَّةِ فِي اللُّغَةِ التُّرْكِيَّةِ عَلَى التَّمَامِ وَالْكَمَالِ]

«Кисабу әд-дуррати әл-мудийати фи әл-луғати әт-туркийати ‘ала әт-тамами уа әл-камали».

Шығыс дәстүрін және рифманы сақтай отырып «ад-Дурра әл-мудийа...» түрінде жазылған негізгі мәтін тысында (қар: [183] Supplement I, p. 468, 522, 719), кіріспе бөлігінде және кітаптың соңында түркі тіліне байланысты шығарманың атауы «Tarcuman al-luğat at-turkiya» деп немесе 24а бетінде «at-Tarcuman at-turki» деп берілген. Бұл жазу Мартин Теодор Хоутсма (M. Th. Houtsma) [135] атап өткен, 1245 жылғы авторы белгісіз сөздікте болуымен қатар, «Bulğat al-Mustaq» еңбегінде де аталып өтеді. Ал Райнхарт Дози (Reinhart Dozy, 1820–1883) «таржуман» сөзінің баламасын «glossaire» (түсіндірме сөздік) деп қолданған (қар: [184] Supplement I).

Тек қана сөздіктерде ғана емес, жалпы араб тілді шығармаларда, оның ішінде мәмлүктер тіліне байланысты жазба жәдігерліктерде жиі кездесетін «Ad-Durra’ al-Mudi’a» атауы, «fi-l-Luğat at-Turkiya» деп басталатын шығармамен бірге – бізге белгілі дәуірден бұрын немесе кейін – жазылған шығарма деген пікірлер жиі айтылып, мәмлүк қыпшақтары тілін зерттеулерде жарияланып та жүр. Мұндай дерек, мысалы, 1619 жылы жазылған «Aş-Şuzur az-Zahabiya fi-l Luğat at-Turkiya» атты шағын жазба ескерткіштің авторы – Молла Салих тарапынан да аталып өткен. Ол өз шығармасының кіріспе бөлігінде «татар» тілі деп атаған тіл туралы айта келе, «татар тілінің» XVI ғасырдан бастап, Осман тілінің аса қатты әсеріне (қысымына) ұшырағанын және «бұл өңірлерде»

қолданыстан мейлінше ығыстырылғанын ескерте келе, ол турасында өз шығармасында нақты мәлімет, мысал келтіре алмағандығын да атап өтеді.

«Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткіші түркітану ғылымында көлемі жағынан шағын болса да құнды мәліметтер жиынтығын топтастырған дереккөз ретінде бағалы. Орта ғасыр жазба ескерткіштері қатарында өзіндік ерекше орны бар «Divanu Luğat at-Turk» шығармасының кіріспе бөлігінде Бесім Аталайдың «ең көне сөздіктер»-ді атай келе, 11-ші қатарда «Ad-Durra' al-Mudi'a» атауының тұсына берген «кітап біздің заманымызға жетпеді» деген мәліметіне назар аударғанымыз жөн [185, б. 9].

А. Зайончковский 1962 жылы Топқапы Сарайындағы (Торқары Сарайы) аса бай жазба ескерткіштерді зерттеп жүріп, соңғы уақыттарда жарияланған парсыша және түрікше жазба ескерткіштері каталогындағы нұсқалардың көмегімен көптен бері іздеп жүрген «ад-Дурра әл-мудийа»-ға сәйкес келетін ескі екі дәптерді кезіктіреді. Бұлардың бірінің анағұрлым ерте уақытта және қате тұстары басым, асығыс жазылған жазба екендігі анықталды (Торқары Сарайы Hazine Koleksiyonu, No. 1688), ал енді бірі парсыша жазбалар каталогынан табылды. Жазылу уақыты хижра жыл есебі бойынша 940 ж./1533-1534 ж. Сондай-ақ, екінші қолжазба алғашқы нұсқаның бір варианты ғана екендігіне көз жеткізуге болады және толық атауы «Durra al-Mudi'a fi'l Luğat al-Arabia wa-t-Turkiya» деп аталады [186, б. 19]. Қолжазбалардың екі варианты да жалпы алғанда Анадолы түріктерінің тілін зерттеуге арналған.

Мәмлүк қыпшақтары ареалында (аймақтық таралым өрісінде) жазылуына сілтеме жасайтын географиялық, хронологиялық немесе тілдік қоры жағынан болсын мәліметтері жоқтың қасы. Дегенмен, бұл екі қолжазба осы тақырып аясында жазылған және Медичи Лауренциана кітапханасынан табылған сөздікпен үлкен ұқсастық жақтары бар.

XIII ғасырда өмір сүрген Имад әд-Дин Даудтің (عماد الدين داود بن علي الوراق) «Жоғалып кеткен сөздіктер» тізімінде «ад-Дурра әл-мудийаның» бар-жоғы жөнінде толыққанды дәлел айта алмасақ та, «Aš-Šuzur az-Zahabiya fi-l Luğat at-Turkiya» авторы бұл сөздікті атап өтсе де, өз шығармасы үшін пайдаланбағандығын (материал ретінде қолданбағандығын) байқай аламыз. Бұл шығармадағы кейбір мәліметтер бір қарағанда «Vulğat al-muštaq» сөздігіне өте жақын, тіпті бірдей болып көрінуі мүмкін. Мұндай жағыдайда аталмыш сөздіктің авторын айқындау аса маңызды іс болып табылады. Атап айтқанда, авторы Әбу Хаййан ән-Нахуи ма, әлде Әбу Хаййан әл-Ғарнати ма соны анықтауымыз қажет, – дейді А. Зайончковский.

Жазба ескерткіштің факсимилесіне қарағанда, негізгі мәтіннің алдына қоса берілген үш бет қағаз бар. Алғашқы бетінде Медичи Лауренциана кітапханасының мөрі басылған, басқадай мәліметтер жоқ (001 бет). Мұнан кейінгі екі бетте есімі белгісіз кісінің қолынан жазылған мәтін бар (002-003 бет). Бұл мәтіннің жалғасы ескерткіштің титул (1<sup>а</sup>) бетіндегі анықтамалықтың соңына жалғастыра жазылған. Біз бұл беттерді шартты түрде 001, 002, 003, ал жазба ескерткіштің бірінші бетінде берілген жалғасын 1<sup>а</sup> таңбалары арқылы белгіледік. Жазба ескерткіш мәтініне қоса тігілген бұл беттерде 21 жол жазу

бар. Оның 3 жолы 002 бетке, 13 жолы 003 бетке, ал 5 жолы жазба ескерткіштің 1<sup>a</sup> бетіне жазылған. Белгісіз кісі қолымен жазылған бұл мәлімет жазба ескерткіштің негізгі мәтініндегі каллиграфияға ұқсамайды және бірқатар жолдары мүлдем өшіп қалған [187, б. 174].

Онда берілген жазу жолдарының транскрипциясы мынадай:

002

كِرْكَدَايِم زَارِ عَمِّ مُلْكِنِكَ سُلْطَانِ يَنْيِمِ  
شَيْبَى هَلَالًا أَبْرُو نَكَارُكَ قَوْلِيْمِ قُورْبَانِيْمِ  
كِرْكَدَايِم زَارِ عَمِّ مُلْكِنِكَ سُلْطَانِي

1. Ger gedāyım zāru ğam mülkining sultāniyem
2. Šeb-i hilālle ebrû nigāring quliyām qurbāniyım
3. Ger gedāyım zāru ğam mülkiġa sultāni

**Аудармасы:**

1. Өзім кедей болсам да, уайым-қайғы мүлкіне сұлтанмын,
2. Жаңа туған айдай су бетіндегі сұлу жүзіңнің құлымын, құрбанымын.
3. Өзім кедей болсам да, уайым-қайғы мүлкіне сұлтан[мын].

003

ايسَمَّا اِيچون يَزَا يِدْرَهْ اَوْلُ بُونِي  
بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ اَلْاَن حَقَّفَ اللّٰهُ عَنكُمْ  
ثَانِي بُونِي ... بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ يُرِيْدُ اللّٰهُ  
اَنْ يُحَقِّفَ عَنكُمْ ثَالِث ... بِسْمِ اللّٰهِ  
كُوْرُبِ اَوْلُ دَلْبِرِي اَوْلَسُوْنِ بِيْرَاهِ قَدْرَا رِيْدِيْمِ  
كَلْمَدُوْكَ يَاْنِمَهْ قَتِي اَقْرَارِ يَدُوْمِ  
بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ ذٰلِكَ تَخْفِيْفُ  
مِنْ رَبِّكُمْ وَرَحْمَةٌ مِّنْ بَابِ اَكْر...  
بَابِ اَكْر يَتِ نَجْسِيْنِ اَوْلَسَهْ قَرَه...  
سِرْكَايِه ...  
... اَرِيَا اَوْنِنِ اِنْجِهْ كِيْدَرَهْ  
... اَكْلَدْنِ كَجُوْرَسَهْ سُوْجَلَهْ بُوْلَا  
مَجِ اَيْلِيَهْ صَجُوِيَهْ اُوْرَهْ كِيْدَرَهْ

1. ısımmā içun yazā yedira ävāl buni...
2. bismi-l-lāhi-r-rahmāni-r-rahīm āl-ānā ḥaffāfā-l-lāhu ‘ankum
3. ṣānī buni... bismi-l-lāhi-r-rahmāni-r-rahīm yurīdu-l-lāhu
4. ān yuḥaffifā ‘ankum ṣāliš... bismi-l-lāhi...
5. körü b ol dilberi olsun pira kadar eridü m
6. kelmedü ñ yanıma qatı iqrāra aydü m.
7. bismi-l-lāhi-r-rahmāni-r-rahīm zālikā taḥfifun
8. min rabbikum va raḥmatun tämmät bāb eger...
9. bāb eger et najisin olsa qara...
10. sirkäyä...
11. ... bāb eger arpa unın inçe kidere

12. ... äkläydin kečürsä suçla bula
13. miç äyläyä sançuya ura kidere

**Аудармасы:**

1. Қызу көтерілгенде әуелі мынаны жазып жегізеді.
2. Аса қамқор, ерекше мейрімді Алланың атымен бастаймын. «Әзір Алла сендерден жеңілдетті» (Құран, 8:66).
3. Екінші мұны... Аса қамқор мейрімді Алланың атымен бастаймын. «Негізінен Алла сендерге жеңілдікті қалайды» (Құран, 4:28). Үшінші... Алланың атымен.
5. Жүрегімді жаулаушыны көріп әбден азып-тоздым,
6. Қасыма келмедің, мен нық қарарға келдім.
7. Аса қамқор, ерекше мейрімді Алланың атымен бастаймын. «Міне осы,
8. Раббылары жағынан жеңілдік және рақым» (Құран, 2:178). Тәмәм. Баб егер...
9. Баб. Егер ет нәжіс болса...
10. Сіркемен...
11. ... Баб. Егер арпа ұнын ұсақ қылып
12. ... електен өткізіп, сумен быламық
13. жасап шаншып ауырған жерге жақса, жазылады [14, б. 9-10].

Жазба ескерткіштің негізгі мәтінінің алдына қоса тігілген бұл парақтар жөнінде әзірше ғылымда ешқандай мәлімет жоқ. Дегенмен жазба ескерткіштің негізгі мәтініне басылған мөрдің осы беттердің алғашқы бетіне де басылуы – бұл беттерді осы жазба ескерткішті Медичи Лауренциана кітапханасына тапсырушы кісінің қолы емес пе екен деген ойға қалдырады. Ал бұл беттердегі мәліметтерді сарапқа салу міндетімізге кірген жоқ. Дегенмен қызығып қараушы оқырман бұл беттердегі мәліметтермен танысқысы келсе, жұмыстың соңында берілген қосымшадан қарауына болады. Бұл беттердегі қосымша жазбаларды ғылымда тұңғыш рет оқып, аударып отырмыз.

А. Зайончковский жазба ескерткіштің алғашқы бетіндегі тақырыптың атауы араб тілінің египеттік диалектісіне тән деп санайды [188, б. 123-128]. Сөздік былай басталады:

کِتَابُ الدَّرَةِ الْمُضَيِّةِ فِي اللُّغَةِ التَّرْكِيَّةِ عَلَى التَّمَامِ وَالْكَمَالِ،  
مَا دَامَتِ الْأَيَّامُ وَاللَّيَالِي، وَبِاللَّهِ الْمُسْتَعَانُ، اللَّهُ الْمُؤَقِّقُ، لِلصَّوَابِ

Мағынасы: *«Түркі тілінің жарқыраған інжу-маржаны әрі кемеліне келіп, толық тәмамдалған кітап.*

*Күндер мен түндер уақытша жалғасқанша Алла жар болсын, Алла сәтін салсын, ниет жүзеге ассын!».*

Араб тілінде берілген бұл сөйлемдер 6 жолға жазылған (1<sup>а</sup>). Мұндағы египеттік диалекті деп отырған себебі, жазба ескерткіш атауының құрамындағы «кітаб» сөзінің «қисаб» орфограммасы арқылы берілуіне байланысты. Бұл жерде айта кетуіміз керек, А. Зайончковский ескерткіштің жазылған жерін анықтау мақсатында екіұштылау пікір білдіреді. Бұл сөздік бірде египеттік

диалектіде жазылған десе, бірде сириялық диалектіде жазылған деген пікір айтады: «Сөздік Мәмлүктер мемлекетінің (Египет немесе Сирия) қайсы өлкесінде (провинция) түзілгендігін анықтау үшін *арабист-диалектологтар қызығушылық тудыратын* араб тіліндегі лексикалық материалдарды түбегейлі зерттеу нәтижесінде түйінін шешуге болады. [...] Сөздіктің Сириядан шыққандығын соңғы XXIV тарауда орналасқан сөйлесу тіркесі растауы мүмкін. [...] Бұл тараудың басындағы тіркестерінің бірінде Сириядағы Алеппо (Халеб) қаласының аты аталып өтеді: Сен қайсы шардан-сен? «Сен қай қаладансың?» – Мен Халеб шардан-мен «Мен Алеппо қаласынанмын» және т.б.» [181, б. 115].

Қолжазбаның екінші бетінде араб тілінде берілген 16 жолдық мәтін бар:

1) Қайырымды рақымды Алланың атымен бастаймын. Ол маған жеткілікті 2) Жаратылыста басқалардан биік қылып адамды жаратқан, тілдер мен түрлерді әр алуан етіп, сөйлейтіндердің тілін бір-біріне ұқтырған қамқоршы Аллаға мадақ. 3) Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның әулетіне, ізінен ерушілердің ең ардақтыларының бәріне, қадірлі де сыйлы сахабаларына Алланың салауаты болсын. 4) Дұғаларымыз үзілмесін. 5) Бұл түрік тілінің аудармасын мен «ад-Дурра әл-мудийа» деп атадым. 6) Қолданатын адамның түсінуіне қолайлы болу үшін мен оған араб тіліндегі қағидалар мен шарттарды, қажеттілігі анық, астарлы, әр мағынадағы есімдерді және орындаушылар<sup>2</sup> мен орындалатындарға<sup>3</sup> қатысты етістіктерді енгіздім. 7) Мұны бұрынғы алынған қалпына жақындатып құрастырдым. 8) Мағынасын айқын қылып, жетілдіре түстім (1<sup>b</sup>).

Аталмыш шығарманың тілдік материалдары, осы тектес және араб тілінде орындалған шығармалар дәстүріне сай шағын тақырыпшаларға (24 бабқа<sup>4</sup> немесе фасылға<sup>5</sup>) бөлінген [189].

Қолжазбадағы екінші бөлім арабтың египет тілі диалектісінде орындалып, Екінші баб: «Сусын және ішімдік түрлері» (4<sup>a</sup>, 3)<sup>6</sup> деп аталынған. Бұл баб *سُوا* «су» (4<sup>a</sup>, 5), *سِرْكَة* «сірке» (4<sup>a</sup>, 5), *سِنْكَة* «сірке» (4<sup>a</sup>, 5) сияқты лексемалардың араб тіліндегі аудармалары арқылы беріле отырып, қолжазбаның 5<sup>a</sup> бетіндегі үшінші жолда «Үшінші тарауға» (Әл-Фасл әс-салису) ұласады. Бұл тараудың аты – «Иіс атаулары» (Асма'әу-л-машмуум). Көлемі жағынан алғанда ескі қыпшақ және араб тілінде берілген 4 жолдан тұрады.

Төртінші «Жеміс атаулары» тарауы қолжазбаның 5<sup>a</sup> бетіндегі 10 жолдан басталып, 5<sup>b</sup> беттегі 10 жолмен аяқталады.

<sup>2</sup> Дамә'ийру ал-фа'илийна [ضَمَائِرُ أَلْفَاعِلِينَ] – субъекті, яғни бастауыш мағынасын беретін араб тілі грамматикасы термині.

<sup>3</sup> Дамә'ийру ал-маф'улийна [ضَمَائِرُ الْمُفْعُولِينَ] – объекті, яғни тура толықтауыш мағынасын беретін араб тілі грамматикасының термині.

<sup>4</sup> باب *bāb* – араб филологиясында кеңінен қолданылатын термин, грамматикада лексемалардың фузиялық өзгеріс парадигмасын білдірсе, әдеби жанрда «бөлім, тарау» ұғымдарын білдіреді.

<sup>5</sup> فاصل *fāsil* - араб филологиясында кеңінен қолданылатын термин, көбінесе проза жанрында пайданылады, мағынасы – кіріспе, кейде тарау мәніндеріне сәйкесіп отырады.

<sup>6</sup> Жақша ішіндегі цифр және әріп қосындысы арқылы берілген шартты белгілер жиынтығы қолжазбаның бетін, ал олардан кейін үтір арқылы берілген араб цифрлары қолжазбадағы жолдардың реттік қатарын білдіреді.

Бесінші «Ағаш атаулары» тарауы ескі қыпшақ және түркі тілдеріне қатысты материалдар – 13 жолды қамтиды<sup>7</sup>.

Алтыншы «Дақылдар атаулары» тарауы 6<sup>a</sup> беттегі жетінші жолдан басталады, көлемі – 9 жол.

Жетінші «Ішіп-жем атаулары» тарауы 6<sup>b</sup> беттегі бірінші жолдан басталады, жалпы көлемі – 23 жол.

Сегізінші «Үй жануарлары» тарауы 7<sup>a</sup> беттегі тоғызыншы жолдан басталып, 7<sup>b</sup> беттегі екінші жолмен аяқталады, жалпы көлемі – 9 жол.

Тоғызыншы «Жабайы аңдар» тарауы 7<sup>b</sup> беттегі үшінші жолдан басталады, көлемі – 19 жол.

Оныншы «Мініс жануарлары» тарауы 8<sup>a</sup> беттегі жетінші жолдан басталып, 8<sup>b</sup> беттегі төртінші жолда тамамдалады, көлемі – 13 жол.

Он бірінші «Мініс жануарлары және жабдықтары» тарауы 8<sup>b</sup> беттегі бесінші жолдан басталып, 9<sup>a</sup> беттегі екінші жолмен аяқталады, көлемі – 14 жол.

Он екінші «Реңктер» тарауы 9<sup>a</sup> беттегі екінші жолдан басталып, осы беттегі он үшінші жолмен аяқталады, көлемі – 9 жол.

Он үшінші «Түр-түс» тарауы 9<sup>a</sup> беттегі он үшінші жолдан басталып, 9<sup>b</sup> беттегі сегізінші жолда аяқталады, жалпы көлемі – 17 жол.

Он төртінші «Көмекші құралдар» тарауы 9<sup>b</sup> беттегі тоғызыншы жолдан басталып, 11<sup>a</sup> беттегі екінші жолмен аяқталады, жалпы көлемі – 44 жол.

Он бесінші «Соғыс жабдықтары» тарауы 11<sup>a</sup> беттегі үшінші жолдан басталып, 11<sup>b</sup> беттегі сегізінші жолмен аяқталады, көлемі – 19 жол.

Он алтыншы «Құстар атаулары» тарауы 11<sup>b</sup> беттегі тоғызыншы жолдан басталып, 12<sup>a</sup> беттегі он төртінші жолмен аяқталады, көлемі – 21 жол.

Он жетінші «Киімдер, маталар» тарауы 12<sup>a</sup> беттегі он бесінші жолдан басталып, 12<sup>b</sup> беттегі 12 жолмен аяқталады, көлемі – 13 жол.

Он сегізінші «Адамның дене мүшелері» тарауы 12<sup>b</sup> беттегі он үшінші жолдан басталып, 13<sup>b</sup> беттегі он төртінші жолмен аяқталады, көлемі – 34 жол.

Он тоғызыншы «Кісі сипаты және лауазымы» тарауы 13<sup>b</sup> беттегі он тоғызыншы жолдан басталып, 14<sup>b</sup> беттегі сегізінші жолмен аяқталады, көлемі – 24 жол.

Жиырмамыншы «Түркілерше санау» тарауы 14<sup>b</sup> беттегі тоғызыншы жолдан басталып, 17<sup>b</sup> беттегі тоғызыншы жолмен аяқталады, көлемі – 95 жол.

Жиырма бірінші «Кәсіпшілер атаулары» тарауы 17<sup>b</sup> беттегі он бірінші жолдан басталып, 18<sup>a</sup> беттегі он төртінші жолмен аяқталады, көлемі – 19 жол.

Жиырма екінші «Түркілердің есімдері» тарауы 18<sup>a</sup> беттегі он бесінші жолдан басталып, 18<sup>b</sup> беттегі он төртінші жолмен аяқталады, көлемі – 15 жол.

Жиырма үшінші «Түркілердің жақсы есімдері» тарауы 18<sup>b</sup> беттегі он бесінші жолдан басталып, 19<sup>a</sup> беттегі төртінші жолмен аяқталады, көлемі – 6 жол.

---

<sup>7</sup> Бұл ретте қолжазба беттерінің соңындағы қатар жолдарға араб немесе ескі қыпшақ тілінде жазылған лексемаларды да есепке алып отырмыз.

Жиырма төртінші «Сөз тіркестері мен сөйлемдер» тарауы 19<sup>a</sup> беттегі бесінші жолдан басталып, 24<sup>a</sup> беттегі он алтыншы жолмен аяқталады, көлемі – 166 жол.

Соңғы Жиырма төртінші «Сөз тіркестері мен сөйлемдер» тарауының он жетінші, он сегізінші жолдарында араб тілінде:

تَمَّ التَّرْجُمَانُ التُّرْكِي بِحَمْدِ اللَّهِ وَعَوْنِهِ وَحُسْنِ تَوْفِيقِهِ عَلَى التَّمَامِ وَالْكَمَالِ

«Түркіден аудармасы толығымен әдемі бір түрде аяқталды, Аллаға шүкіршілікпен, Оның жәрдемімен және Оның тауфиқымен» деген сөйлем берілген (24<sup>a</sup>,17,18).

Бұл жазба ескерткіш орындалуы және тілдік материалдардың берілуі жағынан Мәмлүк қыпшақтары тіліне қатысты тарихи мұралардың арасында «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» (Bulğat al-muštāq fi luğat al-Turk wa-l-Qifzāq) шығармасына ұқсас болып келеді, ал тілдік материалдардың семантикалық мазмұны жағынан біршама айырмашылықтарға ие [154, б. 111].

Ал енді «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің зерттелу тарихнамасына келсек, бұны біз үш кезеңге бөліп талқылайтын боламыз. Бірінші кезең бойынша XIII–XVII ғасырларда жазылған жәдігерліктердегі мәліметтерге тоқталсақ, 1619 жылы жазылған «Aš-Šudur ad-Dahabiya fi-l Luğat at-Turkiya» атты шағын жазба ескерткіштің авторы – Молла Салих өз еңбегін жазу барысында өзі пайдаланған жиырма беске жуық еңбек пен авторлардың тізімін береді. Солардың ішінде «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігіне де тоқталып өтеді:

هَذِهِ الرَّسَالَةُ إِطْلَعْتُ عَلَى تَرْجُمَانٍ مَنْسُوبًا لِلْعَلَامَةِ أَبِي حَيَّانَ عَلَيْهِ الرَّحْمَةُ النَّحْوِيُّ وَالرَّضْوَانُ قَالَ فِي دِيْبَابَجَتِهِ جَعَلْتُهُ عَلَى الْقَوَاعِدِ الْعَرَبِيَّةِ وَسَمَّيْتُهَا بِالذَّرَّةِ الْمُضِيَّةِ فِي اللُّغَةِ التُّرْكِيَّةِ وَقَدْ فَعَلَ ذَلِكَ

«Осы кітапшаны тамамдап жатқан кезде Аллама Абу Хаййан ән-Нахвиннің «Тәржуман» атты кітабымен таныстым. Ол кітаптың кіріспесінде былай дейді: «Мен бұл кітапты араб тілі қағидалары негізінде жаздым. Оны «ад-Дуррату әл-мудия фил-лұғат әт-түркия» деп атадым». Расында ол мұны әдемі жасады» [189, б. 26].

Бұл мәтіннен байқағанымыздай, Молла Салих өз еңбегін жазып аяқтайтын кезде Абу Хаййанның «Тәржуман» еңбегімен таныстым, ол өз кітабын «Мен бұл кітапты араб тілі қағидалары негізінде жаздым. Оны «ад-Дурра әл-мудийа фи әл-лұғат әт-түркийа» деп атадым» деген дәлелдер келтіреді. Біз қарастырып отырған сөздіктің басындағы кіріспесінде де осы сөз нақты келтірілген:

وَبَعْدُ فَهَذِهِ تَرْجُمَانُ اللُّغَةِ التُّرْكِيَّةِ، سَمَّيْتُهَا بِالذَّرَّةِ الْمُضِيَّةِ

«Бұл түрік тілінің аудармасын мен «ад-Дурра әл-мудийа» деп атадым» [14, б. 131].

Зерттелу тарихнамасы тұрғысынан қарасақ, Молла Салихтың «аш- Шузур» еңбегі «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі туралы мәлімет берген, сыни пікір білдірген ең алғашқы дереккөз деп тануға болады.

Одан бөлек, мұнда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің авторы Аллама Әбу Хаййан ән-Нахуи екендігін тайға таңба басқандай анық айтып өткен. Бірақта біздің ғылыми орта бұл ескерткіштің авторы әлі күнге дейін белгісіз деп танып



келеді. Бұл еңбекті ең алғаш зерттеген А. Зайончковский осы мәселеге тоқтала келе мынадай пікір білдірген болатын:

*«Біз мұнда бір шығарма мен бір автор (Әбу-Хайян әл-Ғарнати мен Әбу Хайян ан-Нахви бір адам ба?) немесе бірдей атаумен әртүрлі ескерткішті қарастырып отырмыз ба деген мәселені арнайы байқау қажет»* дейді [181, б. 112-113]. А. Зайончковский Әбу Хайян әл-Ғарнати мен Әбу Хайян ан-Нахви бір адам немесе екі бөлек адам екендігін анықтау болашақ ғалымдардың ісі деп атап өткен. Оның әл-Ғарнати тахаллусымен қатар араб грамматикасын терең білгендіктен, «ән-Нахви», яғни, «Наху – грамматика ғалымы» деген лақабы да айтылады. Әбу Хайяанның көптеген лақаб аттары бар: «Әбу Хайян атты автордың толық аты-жөні; Мұхаммед ибн Йусуф ибн ‘Али ибн Йусуф ибн Хайян. Әл-Андалуси деген атпен белгілі болғаннан басқа, автордың басқа да көрнекті атрибуттары бар: әл-Ғарнати, әл-Джаййани, әл-Мысри, әл-Қахири, ән-Нифзи, әл-Джубби, әл-Мағриби, әш-Шафи’и, әл-Мәлики, әз-Захири, әл-Нахви және әл-Атхари» [190, б. 116].

Сондықтан да, Молла Салих айтып отырған Әбу Хайян ан-Нахви осы Әбу Хайян әл-Ғарнатидің қосымша аты. Осы дәлелдерге сүйене отырып, «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің авторы осы Әбу Хайян болуы мүмкін деген мәселе ашық күйінде қалады. Молла Салихтың айтқандарын Э. Наджип те атап өтеді [122, б. 27]. Әбу Хайян әл-Ғарнати туралы Р. Маженова да мынадай мәлімет береді: *«Әбу Хайян 1265 жылы Андалусия (Испания) Араб халифатының әкімшілік және мәдени орталығында дүниеге келген және 1334 жылы Мәмлүктер Египетінде қайтыс болған. Ол түркі тілдеріне арналған кемінде төрт филологиялық шығарманың авторы: 1. «Китаб захви-л-мулк фи-нахви т-турк»; 2. «Китаб ал-аф‘ал фи-лисани-т-турк»; 3. «Ад-дурат ал-муди‘а фи-л-лугат ат-туркийа»; 4. «Китаб ал-идрак ли-лисани ал-атрак». Өкінішке орай, алғашқы үш жұмыс табылмады, олар туралы басқа дереккөздерде ғана айтылады»* деген болатын [148, б. 4].

Түркияда шыққан «Ислам энциклопедиясы» мәліметтері бойынша Әбу Хайяанның жалпы 65 еңбегінің атауы белгілі. Соның ішінде 19 ескерткіш қазіргі күнге дейін жеткен деп саналады [191, б. 30-31]. Зерттеу нәтижелерінде «ад-Дурра әл-мудийа» қолжазбасын қоссақ, Әбу Хайяанның барлығы 20 қолжазбасы қазіргі заманға дейін жеткен болып есептеледі.

Қолжазбаның авторы жөнінде А.Н. Гаркавец мынадай мәлімет келтіреді: *«Ад-дуррат ал-мудийа фи-л-лугат ат-туркийа» – белгісіз автордың «Түркі тілін үйренуге арналған жарқыраған інжу-маржаны» кітабы. Хосроу ибн Абдуллах көшірген 24 парақтың көшірмесі Флоренциядағы Медичи кітапханасында Orient 130 шифрымен сақталған»* [192, б. 37]. Бұл жерде авторы белгісіз қолжазбаны көшірген Хосроу ибн Абдуллахтың атын атап өтеді. Бұл мәлімет А. Зайончковскийдің француз тілінде жазылған мақаласында айтылған болатын: *«Бұл қолжазба, оны көшіруші Хосрау бин Абдулла өте кеш көшірген»* [193, б. 42].

XVII ғасырдағы Молла Салихтың еңбегінде келтірілген деректен бөлек, сол ғасырда өмір сүрген османдық ірі ғалым, тарихшы әрі жазушы Катиб

Челеби (Kâtib Çelebi, 1609–1657) өзінің «Кашф эз-зунун» атты еңбегінде «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің авторы Зейн әд-Дин Абдуррахман ибн Әбу Бакр деген дерек келтіреді [194, б. 744].

«Кашф эз-зунун ‘ан әл-асами әл-кутуб уә әл-фунун» (كشف الظنون عن أسامي الكتب والفنون – «Кітаптар мен ғылым атаулары туралы күмәндерді ашу») – мұсылман әлемінің араб, парсы және түркі тілдеріндегі **14500** кітап пен **10000**-нан астам авторлар туралы мәліметтер жинақталған библиографиялық-энциклопедиялық еңбек. Бұл еңбекті алғаш рет неміс шығыстанушы ғалымы Г. Флюгель (Gustav Flügel) 1835–1858 жылдар арасында Лейпциг қаласында шығарды [195].

Катиб Челеби айтып отырған «ад-Дурра әл-мудийа» шығармасы біз қарастырып отырған сөздіктен басқа еңбек болуы мүмкін. Себебі, бұл еңбекпен аттас қолжазбалар біраз кездеседі. Тіпті, А. Зайончковскийдің өзі де Стамбұлдың Топқапы сарайынан осымен аттас, бұдан басқа тағы да 2 қолжазба кездестіргенін айтқан болатын [193, б. 113]. Стамбұлдық Катиб Челеби айтып отырған бұл еңбек солардың біреуі болуы да мүмкін.

«Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі зерттелуінің екінші кезеңі ХХ ғасырда жазылған ғылыми зерттеулерде көрініс табады. Осы тұрғыда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін ең алғаш тауып, ғылыми ортаға таныстырған А. Зайончковский: *«Италияның Венеция қаласында болып өткен ІІ-ші Халықаралық Түрік мәдениеті конгресіне қатысқан мерзім ішінде (1963 ж., қыркүйек-қазан) әлемдегі ең көне кітапханалардың бірі – Флоренциядағы Медичи Лауренциана (Biblioteca Medicea Laurenziana) кітапханасының Шығыс тілдерінде жазылған қолжазбалар бөлімінде зерттеу жұмыстарын жүргізу мәртебесіне ие болдым. Көптеген арабша-түрікше сөздіктер арасынан Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші ретінде танылған және Orient. 130 нөмірімен тіркелген бір қолжазбаға көңіл бөлдім»* – деп бұл қолжазбаның қалай табылғанын баяндап береді [188, б. 123-128]. А. Зайончковский осы ескерткішті танудың ең басында тұрған тұлға.

Бұдан бөлек, Мәмлүк қыпшақтарының лексикографиялық ескерткіштерінің тізімін түзіп, еуропалық ортаға таныстарған украин/неміс ғалымы О. Прицактың (Omeljan Pritsak, 1919–2006) да еңбегі ересен. Ол Әбу Хайян еңбектерінің тізімі қатарында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін де атап өтеді: *«Әбу Хайяанның басқа еңбектері (жоғалғаны да бар) қыпшақ филологиясы саласына арналған: «Китаб әл-аф‘ал» – етістік, «Захр әл-мүлк фи нау ат-түрк» – синтаксис және «ад-Дурра» – лексикография (бұл еңбек әл-Уаррақтың осымен аттас еңбегімен байланысы бар болуы керек (мүмкін Бейликке де қатысты))»* [1, б. 75]. Бұндай пікірлерден бөлек те көптеген ғалымдардың атын атап өткен еңбектері баршылық.

Қазақстанда алғашқы болып әйгілі қыпшақтанушы Ә.Қ. Құрышжановтың таныстырылымдары ғана болды. Кейіннен К.Д. Таужанова арнайы мақала жариялаған болатын [9]. Ол бұл мақаласында ескерткіш туралы өзіне дейін ғылымға белгілі болған мәліметтерді қысқаша хабарлама ретінде берген. Бұл тұрғыдан алғанда аталып отырған мәліметтер А. Зайончковскийдің, Топқапы

сарайындағы түркітілді, парсы, араб қолжазба шығармалардың каталогын жасаған библиограф Фехми Ердем Қаратайдың (Fehmi Erdem Karatay) хабарламаларының жиынтығы іспеттес болып келеді. Сонымен қатар, К.Д. Таужанованың тарапынан берілген құнды пікірлер бар. Жазба ескерткіш мәтініндегі бірнеше бөлімнің лексикалық материалдарының жинақталған түрін, атап айтқанда 37 лексема мен сөз тіркесін салыстыра қараған К.Д. Таужанова мынадай пікірге келген: *«Осылайша, сөздікке аз-кем көз жүгіртіп өткеннің өзінде бұл еңбек түркі тілдерінің қыпшақ тобының тарихи лексикологиясы үшін өте маңызды екендігіне көз жеткізуге болады»* – дейді [9, б. 45].

Тәуелсіздік алған жылдардан соң, тарихи жәдігерліктерді зерттеу өте үлкен қарқын алды. Шартты түрде үшінші кезең деп атап отырған қазіргі заман, яғни, ХХІ ғасырдағы тың деректер мен жаңа зерттеулер баршылық. Бұл кезеңде көбіне көп түркиялық ғалымдардың еңбегі өте көп. Соңғы жылдарда Түркия Республикасының ғалымдары қыпшақ жазба ескерткіштеріне қызығушылық танытып, олардың бірқатарын баспа бетінде жариялады. Солардың бірі – «ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінің жаңа басылымы. Кітапты дайындаған – профессор, доктор Режеп Топарлы. Басылымда жазба ескерткіш тілінде қолданылған лексемалардың араб графикасы транскрипциясына бейімделген, латын жазуында орындалған мәтіндік транскрипциясы, сөздігі, жазба ескерткіштің факсимилесі қамтылған. Бірақ ескерткіш мәтінінің тілдік ерекшеліктері туралы ешқандай зерттеу жұмыстары берілмеген. Басылымда берілген ескі қыпшақ тілі лексемаларының транскрипциялануы, кейбір лексемалардың аудармалық анықтамалықтары сын көтермейді. Дегенмен басылым соңында берілген факсимиленің сапалы дайындалуы, бұл басылымдағы бірқатар олқылықтардың орнын толтыруға септігін тигізетіні сөзсіз [10, б. 1-126].

Жазба ескерткіш тіліне қатысты басылымның бірі – «Қыпшақ түрікшесі сөздігі» (Kırçak Türkçesi Sözlüğü) [196, б. 1-338]. Бұл сөздікте Батыс және Шығыс қыпшақ тілдерінің тарихи мұралары болып табылатын 17 жазба ескерткіштің лексикалық материалдары қамтылған. Сол жазба мұралардың бірінде «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары қолданылған. Сөздіктің басты құндылықтарының бірі – онда берілген қыпшақ-оғыз лексемаларының араб жазуына бейімделген латын графикасымен берілуі болса, сондай-ақ, басты кемшіліктерінің бірі – ескі қыпшақ тіліндегі, тіпті ескі оғыз тіліндегі үндестік заңының ескерілмеуі болып табылады.

Түркиялық ғалымдар «ад-Дурра әл-мудийа» ескерткіші төңірегінде көлемді мақалалар да жариялаған. Белгілі түркітанушы, доктор Онур Балжы (Onur Balcı) өз мақаласында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің ерекшеліктеріне тоқтала келе, бұл еңбектің авторлығы туралы да пікір білдіреді: *«Жафароглу бұл еңбектің Әбу Хайянға тиесілі екенін айтады. Бірақ әрі сөздік, әрі грамматика болып табылатын Абу Хайян жазған «Китаб әл-идрак ли-лисән әл-әтрәк» деп аталатын шығармада көрінетін шеберлік пен басымдықтар бұл еңбекте байқалмағандықтан сенімімізді әлсіретеді»* дейді [197, б. 58]. Біздің

айтарымыз, «ад-Дурра әл-мудийа» сөздік болып құрылғандықтан «Китаб әл-идрак» сияқты түбегейлі түгенделмей, жеңілірек жазылған.

Түрік зерттеушісі Есра Нұр Тирйакидің (Esra Nur Tiryaki) айтуынша, «ад-Дурра әл-мудийа» шығармасының орны мен авторы белгісіз. 24<sup>а</sup> бетінде табылған жазбаға сәйкес, қолжазбаны көшіруші Хосрау бин Абдулла» [198].

Ең маңызды зерттеулердің бірі – түркиялық ғалым Реджеп Йылмаз 2014 жылы «ад-Дурра әл-мудийа фи-л-луға ат-туркийаның» мәмлүк түрікшесі мен оғыз түрікшесі нұсқаларын салыстыру» атты тақырып бойынша докторлық диссертация қорғаған болатын. Бұл еңбекте «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің флоренциялық қыпшақ нұсқасы мен түркиялық оғыз нұсқасы салыстырылып зерттелген. Түркі тілдерінің оғыз тобындағы нұсқасы 1375 жылы жазылған, авторы Исхақ ибн Мурад, Türk Dil Kurumu бірлестігінің кітапханасында сақтаулы. Реджеп Йылмаз «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінде шамамен 960 сөз бар деп болжам келтірген [11, б. 28].

Ендігі кезекте, жақын шетелдер мен отандық ғалымдардың еңбектеріне тоқталып өтсек. Белгілі шығыстанушы ғалым, профессор Б.Н. Жұбатова мен Қ.Қ. Аубакирова жазған «Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII–XV ғғ.)» атты монографиялық зерттеу еңбегінде Мәмлүктер кезеңінде түзілген лексикографиялық еңбектердің қатарында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі талданып, оның ішіндегі мысырлық арабтардың тұрмыс-тіршілігіне қолданысқа еніп кеткен түркизмдер туралы нақтылы деректер келтірілген. «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары қосымша материал ретінде кеңінен қолданылған [12].

Мәмлүктер кезеңіндегі түрік-араб мәдени-тілдік байланыстарды зерттеген Қ.Қ. Аубакированың пікірінше, ««ад-Дурра әл-мудийада» 1070 сөз бар» деген болжам келтіріледі [12, б. 124]. Ал Б.Д. Дүйсеновтің зерттеуінше, «Ескерткіш сөздігі лексикасының көлемі 1214 сөзден тұрады» [200, б. 237].

Көрнекті поляк түркітанушы ғалымы А. Зайончковский бұл жазба ескерткіш материалдарына үнемі назар аударып отырған: «Бұл қолжазбаның мазмұны мен рәсімделуіне қарасақ, бұл шығарма Мәмлүктер мемлекетінде жазылғандығына ешқандай күмән тудырмайды және қыпшақ тілінің өте бай әрі толыққанды материалы жинақталған» [181, б. 37]. Осыған қарағанда, бұл ескерткішті зерттеудің маңызы өте зор. Әлі де талай зерттеулер жазылып, ғылыми ортада талқыланатыны белгілі.

«ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі XIII–XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде жазылғандығы тағы да дәлелдене түсті. Бұл ескерткіш туралы мәліметтер сонау XVI ғасырдан бүгінгі XXI ғасырға дейін зерттеу объектісі ретінде ғылыми айналымда аты аталып келеді. Көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған құнды шығарма екендігі анықталды. Бір кездері ескі ескерткіштерде аты аталғанымен біздің дәуірімізге жетпеген, жоғалып кеткен сөздіктер қатарында болды. А. Зайончковскийдің ізденісі арқасында ортамызға оралып, түркітанушылар мен шығыстанушылардың зерттеу нысанына айналды.

Сөздік түркі тілдерінің қыпшақ диалектісінде жазылғандықтан қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Сөздікте қыпшақ тобымен қатар оғыз сөздерін де бірге

беріп отырған. Зерттеу барысында анқытағанмыздай қазіргі таңда түрік ағайындар бұл ескерткіштегі оғыз сөздерін талдап, қыпшақ сөздерімен салыстырып, зерттеулер жүргізген жұмыстары өте көп.

«Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің авторы Әбу Хаййан әл-Ғарнати ан-Нахуи болуы мүмкін деген болжамдар әлі күнге дейін нақты дәлелденбеді. Бұған дейін бұл сөздіктің авторлығы туралы азды-көпті айтылған, бірі-бірінен алған мәліметтер ғана болмаса нақтылы ұсыныстар мен тұжырымдар болған емес.

Арабша-қыпшақша сөздіктегі лексикалық бірліктердің саны туралы да пікір әрқилы. Сөздік негізінен жеке сөздерден тұрғанымен соңғы тарауында сөйлемдер мен сөз тіркестері берілген. Осындағы кейбір сөздерді тізіміге алмағандықтан сөздер саны әрқилы болуы мүмкін.

Сөздіктің зерттелу тарихын 3 кезеңге бөліп қарастыра отырып, еңбектің алыс-жақын шетелдерде зерттелуін де қамтып өтуге тырыстық. «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі әлі де жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Бұл жазба ескерткіш орындалуы және тілдік материалдардың берілуі жағынан Мәмлүк қыпшақтары тіліне қатысты тарихи мұралардың арасында «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» (Bulğat al-muštāq fi luğat al-Turk wa-l-Qifzāq) шығармасына ұқсас болып келеді, ал тілдік материалдардың семантикалық мазмұны жағынан біршама айырмашылықтарға ие.

Зерттеуші С.Р. Боранбаевтың мәліметтеріне қарағанда «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақта» он жеті бөлім топталған таза қос тілді сөздік ыңғайында түзілсе [24, б. 18-19], біз қарастырып отырған шығарма жиырма төрт бөлімнен тұрады, жиырма үш бөлімі қос тілді сөздік, ал соңғы бөлімі «арабша-қыпшақша тілашар» болып табылады.

Жазба ескерткіштегі тілдік материалдарды қазақ тілінің тарихын зерттеу жұмыстары барысына тартқан, көрнекті түркітанушы, проф. Ә. Құрышжанұлының мынадай пікірі бар: *«14 ғасырда Мысыр мен Шам елдерінде, яғни мәмлүк қыпшақтарының мемлекетінде, сол кездегі қыпшақ тілін оқып үйрену үшін классикалық араб тілінде жазылған сөздік. Қолжазбада бұл еңбек «Таржуман әл-лұғат ат-туркийя» «Түрік тілінің аударма сөздігі» («Түрікше аударма») деп те аталады».*

Қорыта келгенде, көрнекті түркітанушылардың жазба ескерткіш туралы пікірлер жиынтығы, қаралып отырған жазба ескерткіш материалдарының қыпшақ, оғыз тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихына тікелей қатысы бар екендігін дәлелдей түседі. Оның үстіне бұл шығарма бұрын-соңды қазақ тілінің тарихы саласы бойынша арнайы зерттеу нысанына алынбады. Сондықтан осы олқылықтың орнын азды-көпті толтыру мақсатында шығарма мәтіні арнайы зерттеу нысанына алынды. Келесі тарауларда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексикалық қоры лингвистикалық талданып, сөздік жазылған кезеңдегі өзге де сөздіктердің лексикаларымен салыстырылып, фонетикалық, лексика-грамматикалық зерттеулер жүргізіледі.

## 2.2 «Аш-Шузур аз-захабийя» жазба ескерткішінің зерттелуі, нұсқалары және құрылымы

Бұл тарауда «Аш-Шузур аз-захабийя» сөздігінің зерттелуі, сақталуы, нұсқалары, тілі, құрылымы, мазмұны және т.б. мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіледі.

«Аш-Шузур аз-захабийя» жазба ескерткіші арабтарға мәмлүк қыпшақ тілін үйрету үшін жазылған және Мысырдың сол кездегі қазиының ұлы Сәййид Ахмедке арналған. Бұл жөнінде Молла ибн Мұхаммед Салих кітаптың кіріспесінде айтып өтеді. Сол дәуірдегі кітап жазушылардың дәстүрі бойынша әуелі Алла, сосын Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с), кейіннен тапсырыс берушіге мадақтар айтқан соң былай дейді:

1. فالتمس مني تعليم نجله ثمرة الفؤاد من نحلة من العين السواد
2. أعنى به ذا القريحة الوقادة والطباع المنقادة المحفوف
3. باللطف السرمد والمحفوظ بعناية الملك لا تجد النجل السعيد
4. الموفق الرشيد سيد أحمد وفي العالم الانسي أمين محمد

Ол менен көзінің қарашығы, жүрегінің жемісіндей болған баласына тәлім беруді өтінді. Оның баласы, зерек, дарынды, туа біткен қасиет иесі, мәңгі ілтипатқа лайықты, Алланың күш-құдіретімен қорғалған, бақытты ұрпақ, табысы мен ақылы толысқан – Сәййид Ахмед. Адамдар арасындағы аты – Әмин Мұхаммед [201]

«Аш-Шузур аз-захабийя» қолжазбасы басқа сөздіктерге қарағанда өте көп тараған грамматикалық әрі лексикографиялық еңбек. Бұл қолжазбаны аудару мақсатында басқа тізімдерді де қарастырып, көптеген кітаптар ақтарып, интернет желісіне жүгініп, жан-жақты іздестірдік.

«Аш-Шузур аз-захабийя» сөздігінің зерттелу тарихына тоқталсақ, дүниежүзілік ғылыми айналымға еніп, шығыстану ғылымының үлкен бір саласы түркітануда бұрыннан танымал, ертеден белгілі болып келген нұсқасы 1949 жылы әйгілі түрік ғалымы Бесім Аталай шығарған басылым [16].

Одан бөлек, Бесім Аталайға дейін де араб қарпімен литографиялық түрде жарыққа шыққан бір нұсқасы Торонто (Канада) университетінің кітапханасында PL 193 A7126 шифрімен сақтаулы. Бұл басылым хижра жыл есебі бойынша 1253 жылы/григориан күнтізбесі бойынша 1837 жылы Каир қаласының Булақ ауданындағы «әл-Муслим» баспаханасында басылып шыққан. Кітаптың авторын Ибн Мұхаммед Салих, Ахмад деп көрсеткен, бірақта атауын «Китаб таржуман ат-турки уа-л-‘араби» деп атаған [202].

Торонто университеті кітапханасында сақталған литографиялық басылымнан кейін 1949 жылы шыққан Бесім Аталай басылымының кіріспесінде қолжазба туралы былай айтылады: *«Жеке кітапханамызда кітаптың екі данасы бар. Біріншісі хижра жыл есебі бойынша 1047 ж. (григориан күнтізбесі бойынша 1637 жылы) Мысырда шыққаны белгілі. Маңызды мәтіндерімен де, қыпшақ тіліне жақын жақтарымен де оның Мысырда жазылғанына еш шүбә келтірмейміз. Оның өлшемі 13,5×19,5 сантиметр, 42 парақ. Беттердегі мәтін 10x15 сантиметрді қамтиды. Әр бетте 15 жол жазу бар. [...] Екінші көшірме нұсқа 15x20,5 сантиметр*

болатын 40 парақтан тұрады. Әр бетте 13 жол жазу бар. Беттердің мәтіні 9x15,5 сантиметрді құрайды. Шамасы, бұл басқа көшірмеден алынған болуы керек» [16, б. 4].

Бұл еңбекте Бесім Аталай «аш-Шузур аз-захабийя» қолжазбасы өзінің жеке қорында сақтаулы екендігін ескертеді, яғни бұл тізімдер қазіргі күні Стамбұлда сақталған 2 қолжазба болуы мүмкін [203]. Бесім Аталай «авторы Бин Мұхаммед Салих бұл кітапты Мысырда қазы болған Шериф Мұхаммед әл-Хусейни әл-Жемезидің ұлы Ахметке түрік тілін үйрету үшін жазған» деген дерек келтіреді [16, б. 4]. Екі нұсқаны салыстырып, бір бірімен толықтырып, 5 бөлімге бөліп кітап қып шығарған. Қолжазбаның кіріспе бөліміне жалпы шолу жасап, мазмұнымен таныстырып, аудармасын жасамаған.

Бесім Аталайдың бұл кітабынан кейін «аш-Шузур аз-захабийя» қолжазбасына арнайы зерттеу жүргізілмеді, көбіне көп Бесім Аталайдың кітабына сілтеме жасалып, сол кітапты ғана қанағат тұтты. Түбегейлі зерттеу жүргізу жұмыстары көп жылдар тоқтап тұрды. Бұл жұмыс соңғы мыңжылдықта, яғни, ХХІ ғасыр басынан бастап қана қайта қолға алына бастады.

2012 жылы Түркияда Сами Баскын (Sami Baskın) «аш-Шузур аз-захабийя» сөздігін зерттеп, қазіргі түрік тіліне аударып, өзге де нұсқаларын тауып, өзара салыстырып, текстологиялық талдау жасап, Ондокуз Майыс университетінің (Ondokuz Mayıs Üniversitesi, Samsun) әлеуметтік ғылымдар факультетінде «Eş-Şüzürü'z-Zehbiyye ve'l-Kıtai'l-Ahmediyye fi'l-Lugati't-Türkiyye» атты докторлық диссертация жазып қорғады [17]. Осы зерттеу жұмысында С. Баскын Түркияда сақталған 11 қолжазбаны ғылыми сипаттап, зерттеп, академиялық айналымға енгізген (кесте 4).

Кесте 4 - «аш-Шузур аз-захабийя» нұсқаларының Сами Баскын зерттеген тізімі

| Нұсқа | Шығарманың аты  | Автордың аты-жөні       | Сақталған жері              | Архив номері       |
|-------|---|-------------------------|-----------------------------|--------------------|
| A     | Şüzûru'z-Zehbiyye ve'l-Katî'i'l-Ahmediyye                           | Celâl zâde Sâlih Çelebî | Milli Kütüphane, Ankara     | 06 Mil Yz A 4764/1 |
| B     | Şüzûrü'z-Zehbiyye ve'l-Kat'i'l-Ahmediyye fi'l-Lugati't-Türkîye      | Sâlih b. Muhammed       | Milli Kütüphane, Ankara     | 06 Mil Yz A 1522   |
| C     | ed-Durretul-Mudîe fi Lugati't-Türkîye                               | Sâlih b. Muhammed       | Milli Kütüphane, Ankara     | 06 Mil Yz A 4824   |
| D     | Lugat   | Ibn Muhammed Sâlih      | Milli Kütüphane, Ankara     | 06 Hk 2781         |
| E     | eş-Şüzürüz-Zehbiyye li-Kitail-Ahmediyye                             | Celâl-zâde Sâlih        | Milli Kütüphane, Ankara     | 06 Hk 73           |
| F     | -   | -                       | Beyazıt Devlet Kütüphanesi  | 6825               |
| G     | eş-Şüzûrü'z-zehbiyye ve'l-kıt'ai'l-Ahmediyye fi'l-lugati't-Türkîyye | Sâlih Mustafa           | İstanbul Millet Kütüphanesi | 34 Ae Lugat 150    |

#### 4-ші кестенің жалғасы

| Нұсқа | Шығарманың аты  | Автордың аты-жөні                           | Сақталған жері                | Архив номері |
|-------|---|---|-------------------------------|--------------|
| H     | eş-Şüzürü'z-zehebiyye ve'l-kıtau'l-Ahmediyye fi'l-lugati't-türkiye  | Molla Salih b. Muhammed, 1029/1620          | Süleymaniye Kütüphanesi       | 34 Na 217/3  |
| I     | eş-Şüzürü'z-Zehebiyye ve'l-Kıtau'l-Ahmediyye fi'l-Lugati't-Türkiye  | Sâlih b. Muhammed (öl. 1029/1619'dan sonra) | Balıkesir İl Halk Kütüphanesi | 10 Hk 74     |
| K     | eş-Şüzürü'z-Zehebiyye ve'l-Kat'u'l-Ahmediyye fi'l-Lugati't-Türkiye  | Sâlih b. Mehmed (öl. 1029/1620)             | Mevlâna Müzesi, Konya         | 4003/1       |
| M     | eş-Şuzuru'z-Zehebiyye ve'l-Kitabu'l-Ahmediyye fi'l-Lugati't-Türkiye | Ibn Muhammed Sâlih (?)                      | Dar'ul-Kotob                  | 51571        |

Бесім Аталайдан кейін осы тақырыпта еңбек етіп, түркітануға серпін әкелген С. Баскын: «Осы кезеңде өмір сүрген және Молла Салих деген атпен танымал болған Бин Мұхаммед Салих Ирак, Мысыр, Анадолы және Румелияны аралап, халықтың үмітіне сай білім беру жұмыстарын жүргізді» дейді [17, б. 32]. Шынымен де Молла ибн Мұхаммед Салих осы қолжазбада өзі пайдаланған көптеген кітаптардың тізімін береді, өзінің өте білімді тұлға болғанын содан-ақ білуге болады.

Кейінірек 2013 жылы Маниса провинциясының кітапханасындағы көшірмені зерттеп, түркітанушы Рағед Мұхаммед (Raghad Mohammad) «Eş-Şüzürü'z-Zehebiyye Fi'l-Lügati't-Türkiyye ve'l-Arabiyye üzerine bir inceleme» атты магистрлік диссертация жазып қорғады [201]. Бұдан бөлек, 2016 жылы тағы да бір түркиялық маман Мұстафа Йігіт (Mustafa Yiğit) «Ibn Sâlih Muhammed'in Eş-Şüzürü'z-Zehebiyye ve'l Kita'ül Ahmediyye fi'l lugati't türkiyye'si (morfolojik inceleme ve metin)» атты тақырыпта магистрлік жұмысын қорғап шықты [202]. Бұл магистрлік жұмыстардың қосымшасында аталған қолжазбаның факсимилесін беріп отырған.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің біраз бөлігін және «аш-Шузур аз-захабийя» қолжазбасының басқа да нұсқаларын «Қазыналы мұра – қолжазбалар көрсеткіші» (خزانة التراث - فهرس مخطوطات) – Хизанат эт-турас – фихрис махтутат) каталогынан табуға болады. Мұнда араб қолжазбаларының әлемнің әр түкпіріндегі кітапханаларда сақталған нұсқаларының тізімі берілген [204].

Қазақстанда «аш-Шузур аз-захабийя» сөздігі бойынша Ә. Құрышжанұлы жазған энциклопедиялық мақала [8] және кейбір отандық ғалымдар бірлі-жарым еңбектерде атын атап, бұрынғы зерттеулерге сілтеме көрсеткені болмаса арнайы аударма жасалып, зерттеу алаңына алынған жоқ.

«Аш-Шузур аз-захабийя» жазба ескерткішінің нұсқалары. Қаралып отырған шығарманың көшірмелері өте көп тараған [205, б. 632]. Біз Ұлыбритания [206, б. 130], Германия [207, б. 341-342], АҚШ [208; 5], Түркия



[189], Египет [17, б. 7], Франция [147, б. XVIII, № 130; 56; 57], Тунис [17, б. 7], Сауд Арабиясы [209], Ирак [210, б. 222, № 165] және т. б. елдердің кітапханаларында сақталған нұсқаларымен танысып, жан-жақты қарастырдық.

«аш-Шузур аз-захабийя» еңбегінің құнды бір нұсқасы Ватикан Апостолдық кітапханасындағы Шығыс қолжазбалары қорында Sbath.263 шифрімен сақтаулы. «Аш-Шузур аз-захабийя» қолжазбасының алдындағы Sbath.263 шифірінен бөлек Vat.ar.506 және Vat.Turkish.74. шифрлерімен сақталған нұсқалары бар. Соңғы екі нұсқаның сапасы нашар, кейбір жерлерінде сиясы жайылып кеткен және одан басқа да әртүрлі ақаулары бар. Бұл құнды қолжазба Ватикан Апостолдық кітапханасының Поул Сбат (1887–1945) қолжазбалар топтамасында сақталған. Сириялық католиктік дін қызметкері Поул Сбат өз қолындағы 1325 қолжазбаның жартысын 1927 жылы Ватикан кітапханасына сатқан. Осы қолжазбалар арасында мәмлүк қыпшақтары жазып қалдырған сөздік, трактат, рисала, шарх, мантық және т.б. жанрларда жазылған жазба ескерткіштерді кездестіруге болады. Қағаздың өлшемдері 200x150 мм, Әр бетте 15 жол жазу бар. Қолжазба насхи жазуымен Мысырда көшірілген. Ватикан кітапханасындағы сипаттамасында 1701 жылы жазылған деген уақыт беріліпті. Бұл уақытты кітапханашылар шартты түрде қойған болу керек деп ойлаймыз. Себебі бұл қолжазба 1637 жылы жазылғаны белгілі факт. [211, б. 218]

Жұмыстың көшірмелері көп болғандықтан, бұл зерттеуде АҚШ, Франция, Сауд Арабиясы кітапханаларындағы 5 нұсқаны таңдап алып, салыстырмалы түрде зерттеп, аударма жасап шықтық. Ең алдымен бұл көшірмелер транскрипцияланып, қазіргі қазақ тіліне аударылды. Ибн Мұхаммед Салих кітаптың сөздік қорын, оның тұжырымдамалық өрісін ескере отырып жасаған. Кітапта әуелі арабша түсіндірмелерді енгізіп, кейін араб-түрік сөздерін тізіп шыққан. Біз де сол түпнұсқа бойынша жұмыс жүргіздік.

Бұл кітапта біз пайдаланған 5 қолжазбаның А нұсқасы деп белгіленген бірінші әрі негізгі материал ретінде қолданылған, факсимилесі берілген тізімі Париж кітапханасында *كتاب الدرّة قضیة فی اللغة التریکیة* – *Kitab ad-Durra қадийя фил-лұғат әт-туркийя* деген атпен тіркелген қолжазба [204]. Кітапхананың анықтамалығында қолжазба туралы мынадай мәліметтер берілген: «Бұл картотекадағы шығарманың атауы қолжазбаның *f.1r* бетіне сәйкес келеді. Абдұлгани Ахмад-Биуд (*Abdelghani Ahmad-Bioud, 1913–1989*) өз хабарламасында бұл еңбекке *الدرّة المضيئة فی اللغة التریکیة* – *al-Durraṭ al-muḍīʿat fī al-luḡat al-turkiyya* деген атау береді. Оның тағы да басқа *الشنور الذهبیة والقطع الأحمدیة فی اللغة التریکیة* – *al-Şudūr al-dahabiyya wa al-qıṭaʿ al-Aḥmadiyya fī al-luḡat al-turkiyya* деген атауы *f.3v* бетінің ішінде кездеседі. Қолжазбаның *f.1r* бетіндегі француз тілінде жазылған хабарламада «1831 жылы А.» деген қол қойылған. Қолжазбаның кіріспесінде шығарма, оның жазылу себептері туралы қысқаша айтылады және 8 тарауының тақырыбы берілген. Бұл араб тілінде жазылған түркі грамматикасының оқулығы» [201].

Қолжазба алғаш рет Париждің Жас тілдерге арналған корольдік мектебі кітапханасының араб каталогында №24 номерімен тізімге алынып, кейіннен

1837 ж. №32 номерімен Жуаним (Jouannim) қорының тізіміне тіркелген. Қазіргі күні Парижде «Тілдер мен өркениеттер университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations) сақтаулы, одан бөлек жалпыға қолжетімді сайтында PDF форматта жүктеп алуға ыңғайлы етіп сақталған. Қолжазба 47 парақтан тұрады, жазуы насх, араб сөздері қара сиямен, қыпшақ сөздері мен тақырып атаулары қызыл сиямен жазылған. Көлемі 205 x 155 мм. Біз бұл кітапта берілген факсимилені осы сайттан жүктеп алғанымызды ескертіп, <https://bina.bulac.fr> сайтына шексіз алғыс білдіреміз!

Біз пайдаланған С нұсқасы деп белгіленген екінші нұсқа الشذور الذهبية والقطع الأحمديّة في اللغة التركية – «аш-Шузур аз-захабийя уа-л-қита‘ әл-Ахмадийя фи-л-лұғат әт-түркийя» деген атпен сақталған қолжазба [212]. Түркі тілін үйренуге арналған араб тілінде жазылған грамматикалық еңбек, арабша-қыпшақша сөздік. Бұл қолжазбаның сақталу орыны да А нұсқасы сияқты Парижде «Тілдер мен өркениеттер университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations). Қолжазбаны кітапханаға тапсырған Сүлеймен әл-Хара’ири (الحرائري سليمان, 1824–1875). Қолжазба 27 парақтан тұрады. Насх жазуымен көшірілген. Алдыңғы жағы мен алғашқы екі беті түрлі-түсті бояумен көркемделген. Қолжазбаның өлшемі 210 x 155 мм. Әрбір бетте 150 x 85 мм жақтау салынып, соның ішінде 15 жол жазу хатталған. Тақырыптары мен қыпшақ сөздері қызыл түспен, ал араб жазулары қара түспен жазылған [212].

«Аш-Шузур аз-захабийя» шығармасының тағы да екі нұсқасы (Arabic MSS 557, Arabic MSS 764) Америка Құрама Штаттарының Коннектикут (Connecticut) штатының Нью-Хэвен (New Haven) қаласында орналасқан Йель университетінің (Yale University) Бейнеке сирек кітаптар мен қолжазбалар кітапханасы (Beinecke Rare Book and Manuscript Library) қорында сақталған. Бұл нұсқалардың бірінің шифрі Arabic MSS 764, толық әрі көркем жазумен жазылған. Біз осы нұсқасын пайдаландық. Оны шартты түрде В нұсқасы деп атадық. Төмендегі сілтемеде осы екі нұсқа туралы толық мәлімет берілген: <https://collections.library.yale.edu/catalog> [208].

Біздің төртінші және бесінші қолжазба ретінде D және E деген шартты түрде белгілеген нұсқаларымыз Сауд Арабиясының «Са‘уд патшасы университеті» (جامعة الملك سعود) кітапханасында 4220, 4892 номерлерімен сақталған. Бұны <https://ketabpedia.com> сайтынан жүктеп алуға жақсы жағдай жасалған. Шығарманы зерттеу барысында біз осы екі нұсқаны пайдаландық. Кітапханадағы шифрі 4892 болып номерленген нұсқаны шартты түрде D деп, шифрі 4220 болып номерленген нұсқаны шартты түрде E деп атадық. Қолжазбаның өлшемі 14,2 x 20,2 см.

Бұл нұсқалардың арасында аса қатты айырмашылықтар болмаса да, текстологиялық талдау жасап, салыстыру-салғастыру жұмыстары жүргізілгенде арасындағы өзгешіліктер анық көрінеді (кесте 5).

Кесте 5 - «Аш-Шузур аз-захабийя» қолжазбасын аударуға пайдаланған 5 нұсқаның тізімі

| Нұсқа | Шығарманың аты | Автордың аты-жөні | Сақталған жері | Архив номері |
|-------|----------------|-------------------|----------------|--------------|
|-------|----------------|-------------------|----------------|--------------|

| 1 | 2  | 3                       | 4   | 5              |
|---|--|-------------------------|---|----------------|
| A | كتاب الدرّة قضية في اللغة التركية / كتاب Әд-Дурра қадийһа фи-л-луға ат-туркийһа  | Molla Salih b. Muhammed | Парижде «Тілдер мен Өркениеттер Университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations) сақтаулы, жүктеу <a href="https://bina.bulac.fr">https://bina.bulac.fr</a> сайтында жалпыға қолжетімді | MS_ARA_36      |
| B | الشذور الذهبية والقطع الأحمديّة في اللغة التركية (al-Šudūr al-ḡahabiyyaʿ wa al-qitaʿ al-Aḡmadiyyaʿ fī al-luḡaʿ al-turkiyyaʿ – аш-Шузур аз-захабийһа уа-л-қитаʿ әл-Ахмадийһа фи-л-луға ат-туркийһа)   | Molla Salih b. Muhammed | Йель университетінің (Yale University) «Бейнеке сирек кітаптар мен қолжазбалар кітапханасы» (Beinecke Rare Book and Manuscript Library)   | Arabic MSS 764 |
| C | الشذور الذهبية والقطع الأحمديّة في اللغة التركية (al-Šudūr al-ḡahabiyyaʿ wa al-qitaʿ al-Aḡmadiyyaʿ fī al-luḡaʿ al-turkiyyaʿ – аш-Шузур аз-захабийһа уа-л-қитаʿ әл-Ахмадийһа фи-л-луғат әт-туркийһа)  | Molla Salih b. Muhammed | Парижде «Тілдер мен Өркениеттер Университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations) сақтаулы, жүктеу <a href="https://bina.bulac.fr">https://bina.bulac.fr</a> сайтында жалпыға қолжетімді | MS_ARA_37      |
| D | الشذور الذهبية والقطع الأحمديّة في اللغة التركية (al-Šudūr al-ḡahabiyyaʿ wa al-qitaʿ al-Aḡmadiyyaʿ fī al-luḡaʿ al-turkiyyaʿ – аш-Шузур аз-захабийһа уа-л-қитаʿ әл-Ахмадийһа фи әл-луғат әт-туркийһа) | Molla Salih b. Muhammed | Саʿуд патшасы университеті (جامعة الملك سعود) кітапханасы   | 4892           |

5 – ші кестенің жалғасы

| 1 | 2  | 3                       | 4  | 5    |
|---|--|-------------------------|--|------|
| E | الشذور الذهبية والقطع الأحمديّة في اللغة التركية | Molla Salih b. Muhammed | Патша Сауд университеті (جامعة الملك سعود) | 4220 |

|  |   |  |             |  |
|--|---|--|-------------|--|
|  | (al-Šudūr al-ḍahabiyyā wa al-qīṭa' al-Aḥmadiyyā fī al-luḡa' al-turkiyyā – Аш-Шузур аз-захабийя уа-л-қита' әл-Ахмадийя фи әл-луғат әт-түркийя) |  | кітапханасы |  |
|--|---|--|-------------|--|

«Аш-Шузур аз-захабийя» жазба ескерткішінің осы 5 нұсқасы бойынша сыни мәтіні жасалды. Сөздіктің құрылымына келетін болсақ, негізгі тірек материал болып табылатын А нұсқасының басындағы тақырыбы былай басталады: هذا كتاب الدرّة قضیة فی اللغة التریکیة<sup>8</sup>.

«Аш-Шузур аз-захабийя» жазба ескерткіші «Мұқаддима» бөлімі және етістіктер мен есімдіктер масдары бойынша түзілген үлкен 4 рүкін (бөлім) және хатымадан (соңғы сөз) тұрады [201, б. 3b]. Бірінші рүкінде масдар және масдардан түрленетін есімдік пен етістіктер туралы (الركن الأول فی بیان المشتقات) 8 баб (тарау) бар [201, б. 7a], екінші рүкінде есімдіктер (الركن الثانی فی بیان الاسماء) [211, б. 28a], үшінші рүкінде жақ бойынша жіктеу жалғаулары мен сілтеу есімдіктері (الركن الثالث فی بیان الضمائر المنفصلة والاسماء الإشارة) [201, б. 35b], төртінші рүкінде араб және түркі тілдерінде ортақ қолданыстағы сөздер (الركن الرابع فی بیان) (الكلمات المشتركة بین العربیة والترکیة فی الاستعمال) [201, б. 38b], хатымада (соңғы сөз) әртүрлі сөз таптарынан, соның ішінде зат есім, етістік, көмекші сөздерден және жалғаулардан құралған сөз тіркестері (الخاتمة الكلام المركب من المفردات المتفرقة من مصادر) (و افعال و اسماء) берілген [201, б. 39b]. Бірінші рүкіндегі сегіз баб:

Бірінші баб масдар (түбір) туралы (الباب الأول فی بیان المصدر);

Екінші баб әмір (бұйрық) туралы (الباب الثانی فی بیان الامر);

Үшінші баб болымсыз етістік туралы (الباب الثالث فی بیان النهی);

Төртінші баб өткен шақ етістігі туралы (الباب الرابع فی بیان الماضي);

Бесінші баб келер шақ етістігі туралы (الباب الخامس فی بیان المضارع);

Алтыншы баб зат есім туралы (الباب السادس فی بیان الاسم الفاعل);

Жетінші баб болымсыздық жалғауы туралы (الباب السابع فی بیان علامة النهی);

Сегізінші баб көпше түрдің жалғауы туралы (الباب الثامن فی بیان علامة الجمع) [201, б. 7a].

Осы күнге дейін бұл ескерткіш 8 бабтан тұрады деген қате тұжырым тарап келген болатын. Ал анығында бұл 8 баб бірінші рүкіннің ішіндегі бабтар болатын. Ескерткішті бастан-аяқ толық зерттемегендіктен осындай жаңсақ пікірлер үнемі бір автордан екінші авторға көшіріліп жүре беретін әдет бары бәрімізге аян. Сондықтан да ортағасырлық арабжазулы ескерткіштерді түпнұсқадан аударып, ғылыми айналымға тарту бүгінгі шығыстану ғылымының басты міндеттерінің бірі деп білеміз.

Жоғарыда атап өткен сөздіктердің дәстүрі бойынша бұл жазба ескерткіштің басында «Мұқаддима – Кіріспе» берілген. Бірақта бұл сөздіктің

<sup>8</sup> B, C, D: [هذا كتاب الدرّة قضیة فی اللغة التریکیة] жоқ.

ерекшелігі сол, мұнда екі «мұқаддима» беріледі. Шығарманың басында «Бисмилладан» басталған соң, әуелі Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылып, шығарманы жазуға тапсырыс берушіге құрмет сөздері жазылған. Кейіннен бұл сөздікті жазу барысында туындаған қиындықтар мен оны еңсеру жолдары және өзі оқыған кітаптар, пайдаланған әдебиеттер, сол замандағы түркі тілінің ахуалы туралы қысқаша мәліметтер бере келіп, қолжазбаның 5-ші бетінің соңғы қатарларында сөздік бөлімдері басталар алдында « هذه المقدمة في بيان ما يحتاج إليه الشارع في هذا الكتاب – бұл кіріспе осы кітапты оқуды бастамақшы болған адамға қажетті нәрселерді баяндауға арналған» кіріспе деген жолдар жазылған. Жазба ескерткішке арналған жалпылама үлкен «мұқаддиманың» ішінде сөздіктің құрылымын түсіндіруге арналған кішірек «мұқаддима» тағы да берілгенін байқауға болады. Бұл өзге ескерткіштерде кездесе бермейтін ерекшелік.

Біз «аш-Шузур аз-захабийя» сөздігін бастан-аяқ толық аударып шыққандықтан ендігі кезекте, әрбір бөлімдегі сөздерге тоқталмасақ та, ең басты мәліметтерді көрсетуді жөн көреміз. Бұл жерде «Мұқаддима» бөлімінде берілген тың деректер бұрын-соңды ешбір жерде кездескен емес. Өйткені, бұл сөздікті түрік тіліне аударған алғашқы зерттеуші ғалым Бесім Аталай да жазба ескерткіштің «Мұқаддимасын» аудармаған. Ол тек сөздік бөлімін ғана аударып шыққан [16]. Сондықтан да шығарманың «Мұқаддима» бөліміндегі тың деректер қазіргі шығыстану ғылымына қосылған жаңа материалдар болады деп білеміз. Сөздіктің араб тіліндегі мәтінін берсек, диссертация көлемі көтермейді. Сондықтан да, шығарманың қазақ тіліне аударылған мәтінін қықартып, ең маңызды бөліктерін ғана беруге тура келді.

«Аш-Шузур аз-захабийя» сөздігінің «Кіріспе» бөлімінен *үзінді*:

(1 бет). Бұл «Түркі тілінің ережесі туралы інжу-маржан» кітабы...

(2 бет) Осыдан кейін барлық жан-тәнімен Аллаға жалбарынатын және Иесінің кешірімін үміт етуші Ибн Мұхаммед Салих былай дейді: Кісі сөйлесетін адамның сөзін түсініп, оған жауап қайтару үшін оның тілін білу керек. Біздің заманамыздағы билік Осман мемлекетінің<sup>9</sup> тілі сұлтандар сөйлейтін түркі тілі. Көптен бері түркі тілі туралы кітапша жазу ойымда бар еді. Менен осы туралы жақындарым мен достарым көп рет қайта-қайта сұрады. Мен болсам екі ұдайы пікірде жүрдім. Өйткені жол көрсететін адам болмады. [...] Ол – «Әбу-л-‘Иззэт уә-н-Наср».<sup>10</sup> [...] Ол менен көзінің қарашығы, жүрегінің жемісіндей болған баласына тәлім беруді өтінді. Оның баласы, зерек, дарынды, туа біткен қасиет иесі, мәңгі ілтипатқа лайықты, Алланың күш-күдіретімен қорғалған, бақытты ұрпақ, табысы мен ақылы толысқан – Сәййид Ахмед. Адамдар арасындағы аты – Әмин Мұхаммед. (5 бет) Мен бұл кітапшаны есте сақтауға қолайлы етіп жинақтадым және айтуға ыңғайлы үлгіде дайындадым. [...] Мен бұл кітапшаны: «аш-Шузур аз-захабийя уа-л-қита‘ әл-Ахмадийя фи-л-лұға ат-түркийя» – деп атадым. [...] мен бұл кітапты көп

<sup>9</sup> Кіші Азияда (Анадолы) 1300-жылдары түркі халық тарапынан құрылған мемлекет. Алғашқы сұлтаны Осман бей атымен аталған.

<sup>10</sup> Құрметті және көмектесуші.

қолданылатын түбірлер (масдар) мен пайдалануға қолайлы есімдер негізінде жинақтадым. [...] (6 бет) Осы кітапшаны жазғанда менің қасымда отыздан астам түрлі тілдерде: арабша-түрікше, парсыша-түрікше, түрікше, науаи және түрікше-пәһлеуише кітап жиналды. Мысалы, «Ахтари әл-кәбир», «Мирқат», «Ниғматуллаһ», «Халими Чәләби», «Сихах әл-‘ажам», «Сихах әл-байан», «Жауаһир ал-уқуд», «Ибн Мәләк», «Хамд сәна», «Тухфат әл-әдәб», «Данстән», «Нисаб ас-сибйан», «Нисаб әл-футйан», «Шарх нисаб ас-сибйан» Сәйид Шәриф Журжанидікі, «Лұғат Шаһиди», «Тухфат Хусам», «Лұғат әл-Гүлістан», тағы сол сияқты «Әбйат әл-Гүлістан әл-‘арабийа» және оның «Шархы», Молла Хункардың «Лұғат әл-мәснәуи әл-‘арабийа» (кітабы). Осы кітапшаны (рисаланы) жазу барысында Алла тағала маған «Гүлістан» кітабының екі арабша шархын (пайдалануды) жеңіл қылды. Оның бірі, Сәйиди ‘Әли Мұстафа ибн әс-Сұлтанға тиесілі. Енді бірі, Сұлтан Сүлейменнің ұстазы Сурури Чәләбиге тиесілі. Оларға Алланың рақымы мен ризашылығы болсын! Және төменде аты аталатын ғалымға тиесілі «Гүлістан» кітабының кіріспесінің шархымен (Шарх дибаджат ал-Гулистан) танысу және аты аталмаған басқа да кітаптарды пайдалану қолжетімді болды.

(7 бет) Осы жерде бір ескерту. Аты аталған кітаптар арасында әуел бастан арабтардың балаларына (түркі тілін) үйретуге арналған кітап жоқ. Олардың мазмұны арабша болса да. Ал, біздің бұл кітапшамыз әуел бастан түрік тілін үйретуге арналған, мазмұны арабша болса да. Осы кітапшаны тәмамдаған кезде Абу Хаййан ән-Нахвидің (оған Алланың рақымы болсын) сөздігін оқып шықтым. Ол кітабының кіріспесінде былай дейді: «Мен бұл кітапты араб тілі қағидалары негізінде жаздым. Оны «ад-Дурра әл-мудийа фи-л-лұға әт-түркийа» – деп атадым». Расында ол, (бұл кітапты) керемет жазған. Бірақ өкінішке орай, оның араб тіліндегі шеберлігі, басқа тілде де сол қауым ішінде туып өскен кісідей шебер екендігін көрсетпейді. Ал ‘Ажжж<sup>11</sup> болса, арабша өлеңдерді жазуға, басқа тілдерді үйренуге және сөздердердің синонимдық мағыналарын түсінуге қатты кіріскен еді. Ол (Абу Хаййан өмір сүрген) замандағы түркі тіл<sup>12</sup> осы заманда Осман мемлекетінде қолданыстан шыққан. Кафа<sup>13</sup> қаласының шет шалғай аймақтары мен татар елінде ғана қолданылады. Мен бұл елдерге барғанымда жоғарыда аталғандай олардың түркі тілде сөйлескендерін көрдім. (8 бет) Осы уақытта Алла тағаланың маған сыйлаған жақсылығы Шейх Са‘д әд-дин әт-Тафтазанидің «Шарх ат-талхис» кітабының, «Құл» (аты) болғанмен бір молланың қолымен жазылған түрік тіліндегі нұсқасын бастан-аяқ хашиясымен бірге оқуым болды. [...] **Кіріспе.** Осы кітапты (оқуға) бастаушыға

<sup>11</sup> Атақы араб ақыны Әбу Ша‘ша‘ ‘Абдуллаһ б. Ру‘баның (қ.б.ж.715-716) ұлы Ру‘ба б. ‘Абдуллаһ әл-‘Ажжж (қ.б.ж.762) болуы ықтимал. Өйткені ол, әдеби тілі бұзылмаған сақталған бәдәуи араптар арасында өскендіктен тіл саласында беделді болған. VIII ғасырдың басынан бастап Басрада жаңадан құрылған тіл мамандары үшін тіл білімі саласында өте маңызды ресурстық рөл атқарды. Өйткені оның шығармалары лингвистер зерттейтін сирек және аз қолданылатын сөздерге өте бай болды.

<sup>12</sup> В, С, Е нұсқаларында: «Ол замандағы түркі тілі татар тілі болып» - деп жазылған. Бұл жерде татар тілі деп отырғаны қыпшақ түркі тілі.

<sup>13</sup> Кафа (Феодосия) – Қырым түбегінің оңтүстік-шығыс аймағында, Қара теңіз жағалауында орналасқан тарихи қала.

қажетті болған барлық пайдалы білімді «әл-Малик» (9 бет) ... және «әл-Уәһһаб» (болған Алланың) көмегімен, дарынды да білімді ғұламалардың еңбектерінен алып, араб тілінде көп қолданыста болған көркем әдеби сөздердің мағыналарын баяндаймын. Алла тағала сені бақытқа бөлесін және ең тура жолға бастасын! Уа, осы түркі тілін үйренуші! Сен әуелі, араб тіліндегі жиырма тоғыз әріптің қайсысы түркі тілінде қолданылады, қайсысы қолданылмайтынын білуің керек. Сондай-ақ түркі тілінде қолданылатын «әл-мұ‘ажжама» немесе «әл-‘ажамийа» деп аталатын әріптерді білуің қажет. Бұл әріптер араб тілінде қолданылмайды. Әрбір әріпті анық айта алуың үшін бұл қажет. Түркі тілінде қолданылмайтын әріптер төртеу: **Біріншісі** – «**сә’**» – (الثاء). **Екіншісі** – «**зәл**» – (الذال). **Үшіншісі** – «**дад**» – (الضاد). **Төртіншісі** – «**зо**» – (الطاء). Аталған әріптер түркі тілінде қолданылмайды. Егер түркі сөздерінде бұл әріптер кездесіп жатса, ол араб тілінен енген немесе ауызекі тілде кең қолданыста болған. [...] Ал, енді түркі тілінде қолданылып, араб тілінде болмаған әріптер үшеу. Олар; «**пә**» - (الپا), «**чим**» - (الچيم), «**гаф**» - (الگاف). Бұл әріптер «әл-мұ‘ажжама» деп аталады. Оларды ажырату үшін төмен жағына белгі ретінде үш нүкте қойылады. Бұл әріптердің «әл-мұ‘ажжама» деп аталу себебі бұл әріптерге (артық) нүкте қойылғаны үшін. Кейбір ғалымдар бұлай аталуының себептерін осылай көрсеткен. Бұл әріптер арабтарда болмағаны үшін «‘ажами» немесе жоғарыда аталған себептерге байланысты «мұ‘ажжама» деп аталуының оғаштығы жоқ. Сурури Чәләби «Шарх Гүлістан» кітабында бұл әріптерді фарси деп атайды. Мысалы; парсыша «**пә**» – (الپا), парсыша «**чим**» – (الچيم) сияқты. (11 бет) Бұл үш әріптің қалай айтылатынын (махражын) біліп ал. «**Пә**» – (الپا) әрпі. Мысалы: «патша» (پادشاه), «паша» – (پاشا), «қыпрамақ» (قىرماق) секілді. «**Пә**» – (الپا) әрпінің махражы; араб тіліндегі «**бә**» мен «**фә**»-нің арасындағы дыбысқа ұқсас. «**Пә**» – (الپا) әрпіне белгі ретінде төмен жағына үш нүкте қойылады. «**Чим**» – (الچيم) әрпі. Мысалы; «чауыш» (چاوش), «ичмек» (اچمك) секілді. «**Чим**» – (الچيم) әрпі махражы: араб тіліндегі «**жим**» мен «**шин**» әріптеріне ұқсас. «**Чим**» – ([الچيم]) әрпіне белгі ретінде төмен жағына үш нүкте қойылады. Осы жерде әл-Лами‘идың «Кіріспеде» айтқан түркі тілінде қолданылатын және араб тілінде болмаған әріптерді баяндауы тәмамдалды. Алла артық біледі. Мен саған түсіндіру керек болған кейбір нәрсені баяндаймын. Ол: «**ләм**» әрпі «муфаххама» немесе «мураққа‘а» түрінде болады. Бір бірінен ажырата алу үшін «муфаххама» мен «мураққа‘а» арасында айырмашылықты білу керек. Бұны түркі тілін үйрену барысында шатастырмау үшін қажет. «**Ләм муфаххаманың**» астыңғы жағына үш нүкте қоюмен, ал екіншісін нүктесіз жазумен ажыраттым. Мысалы, «**ал**» (ال), «**әл**» (ال) секілді. «**Ләм муфаххама**» мен болған сөздің мағынасы: (خذ) – «**ал**» дегені. «**Ләм мураққа‘а**» мен болған сөздің мағынасы: (اليد) – «**қол**» дегені. Егер де осындай ажыратып жазылмаса, етістік пен зат есім шатасатын еді. Осы кіріспені жақсылап оқу керек.

Сөйтіп, «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігі үлкен 4 рүкіннен (бөлімнен) тұрады. Бірінші рүкінде 8 баб (тарау). Жоғарыдағы сөздіктің аудармасында бұл бабтардың аттары анық берілген. Осылайша, араб-қыпшақ сөздерімен мысалдар келтіріп, сөздік жасалған.

«Аш-Шузур аз-захабийя» атты арабша-қыпшақша сөздігін қазіргі қазақ тіліне аударып, жалпы жұртшылыққа таныстыру аса маңызды. Осы жазба ескерткіш материалдары тіл білімі, тарих, деректану, шығыстану салаларында тілдік-мәдени дереккөз ретінде өте жоғары құндылыққа ие. Бұл аударылған мәтіндер болашақ зерттеулерге дайын материал болары анық.

Текстологиялық талдау және салыстырмалы әдіс арқылы аударма жасау жұмысы өте мұқият болуды талап етеді әрі аса ауыр ғылыми ізденіс. Сыни мәтінді түзу барысында қолданылған бес тізімнің ерекшеліктерін әрбір беттің соңында сілтеме беріп, қолжазбалардың айырмашылықтарын көрсетіп отырдық. Әр жерде әрбір кезеңдері көшірілгендіктен бір ескерткіште бар мәтін келесі қолжазбада жоқ болып шығады. Дегенмен, жалпы алып қарағанда «Аш-Шузур аз-захабийя...» жазба ескерткішінің тізімдеріндегі мазмұн мен негізгі ұстаным бірдей. Түпнұсқада араб сөздері қара сиямен, түркі сөздері қызыл сиямен жазылған. Араб сөздеріне қойылған харакаттар қазіргі араб тілі грамматикасы ережелеріне сай келе бермейді. Әртүрлі көшірушілер көшіргендіктен қате қойылған жерлері баршылық. Сондықтан да біз араб сөздеріне қойылған харакаттар алынып тасталды да, түркі сөздеріне қойылған харакаттарды қалдырылды.

Қорыта келе айтқанда, бұл жазба ескерткіш материалдары ескі қыпшақ тілінің грамматикасын, фонетикасы мен лексикасын зерттеу үшін аса құнды дереккөз болып табылады. Зерттеу жұмысы барысында лексикалық қордан материалдар пайдаланылып, зерттеу алаңына тартылады.

### **2.3 Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктердің лексикалық қоры: лингвистикалық талдау**

Бұл тарауда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары негізінде қыпшақ сөздеріне лингвистикалық талдау жасалады. Әрбір сөздің этимологиясы, шығу тегі талданады, кірме сөздер ажыратылады. Сөздіктің лексикалық қоры Мәмлүктер кезеңінде түзілген сол дәуірде жазылған сөздіктердің мәтінімен салыстырылып, қазіргі тірі түркі тілдері, яғни, қыпшақ тобына жататын тілдердің лексикасымен салыстырылады.

Мәмлүк қыпшақтары тілінің сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады. Мәмлүктер Мысыр мен Шам елінде қыпшақтар диаспорасы болғанымен, тілдік қорында қазіргі түркі халықтарының тілімен тұтас, бірізділік байқалады. Оның дәлелі біздің негізгі зерттеу нысаны ретінде қолға алған *Китаб ад-Дурра әл-мудийа фи әл-лұғат әт-түркийа ‘ала әт-тамам уа әл-камал»* (كتاب الدرّة المضیة فی اللغة التّركیة علی التّمام والکمال) және *Аш-Шузур аз-захабийя уа әл-қита ‘әл-Ахмадийя фи әл-лұғат әт-түркийа* (الشنور الذهبیة والقطع) (الاحمدیة فی اللغة التّركیة) жазба ескерткіштерінің материалдары. Бұдан бөлек, қосымша материал ретінде **Ал-Каванин, Ат-Туһфа, АФ, БМ, ЕФ, Ибн М, Кк, МҚ, МТВ, Пд, ИЛТАС** жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері: қазақ, башқұрт, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, қырғыз, түркімен, түрік, қарашай-балқар және т.б. тілдердің сөздіктерімен салыстырмалы лингвистикалық талдаулар жасалды.



«Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткіші – аты айтып тұрғандай Мәмлүк қыпшақтары пайдаланған тілді толықтай қолданып және сөздік қордың мол мұрасын жинақтап жазылған еңбек. Лингвистикалық талдау жұмыстарын жүргізу үшін негізгі мәтін ретінде «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдарын қолдандық. Қалған жазба ескерткіштерді осы сөздікте бар лексикалармен салыстыру мақсатында қолдандық. «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі жоғарыда кеңінен талқылап айтқандай, 24 тараудан (фасл) тұрады. Әр тарау мазмұны мен стилдік топтарына қарай жіктеліп, тақырыптарға бөлінген. Бұл 24 тараудың 23 тарауы толықтай қазіргі заман сөздіктері сияқты жеке түркі-қыпшақ сөздерінің араб тілінен аудармасы. Соңғы 24-ші тарау сөз тіркестері мен сөйлемдерден құралған.

Ескерткіштің құрылымына назар аударсақ, өте сауатты жазылғаны бірден аңғарылып тұр. Бастапқы 23 тарауда жеке сөздерді келтіріп, соңғы тарауда сол сөздерді сөйлескенде қалай пайдалану керектігін үйрету үшін арнайы «тілашар» іспеттес жазылған. Сондықтан сөздердің негізгі қоры жеке тұлғада тұр. Ескерткіште кездесетін сөздік қордың жалпы санын анықтау үшін картотекалар түзіп, статистикасын жасадық. Алдыменен атау сөздерді алфавиттік қатарға түсірдік. Қолжазбада шамамен **1214** сөз бар. Негізінен ескерткіштің өзінде көбі атау сөздер, сондықтан соңғы бөлімдегі сөйлемдердегі етістіктер мен сөздіктегі сөз тудырушы аффикстер арқылы жасалған туынды сөздерді, басқа сөз таптарының барлығында тұрған тұлғадағы сөздерді, араб-парсы және т.б кірме сөздерді қостық. Бірақта жәдігерлікте қайталанып кездесетін сөздерді есепке алған жоқпыз. Мысалы, *yaḥṣī* *يَا حَسْبِي* жақсы (3<sup>b</sup>,14; 3<sup>b</sup>,16; 14<sup>b</sup>,8; 20<sup>a</sup>,8; 21<sup>a</sup>,12; 21<sup>b</sup>,14; 22<sup>a</sup>,14; 22<sup>a</sup>,14; 22<sup>a</sup>,16) сөзі 9 рет қайталанатын. Бұны бір сөз деп санадық.

Енді сөздерді алфавиттік қатарға салып көрсетсек мынадай болып шығады: **A** (أ, آ, إ) әрпінен басталатын сөздер саны **97**, **B** (ب) – **114**, **C** (ج) – **8**, **Č** (چ, ح) – **18**, **Ď đ** (ض) – **8**, **D** (د) – **26**, **E** (ا, آ, ه) – **22**, **G** (ك) – **3**, **H** (ح, ه) – **7**, **Ĥ** (خ) – **10**, **I** (ي, ی) – **3**, **İ** (ي, ی, ا) – **35**, **K** (ك) – **97**, **L** (ل) – **8**, **M** (م) – **27**, **N** (ن) – **16**, **O** (و) – **25**, **Ö** (و) – **12**, **P** (ب) – **10**, **Q** (ق) – **123**, **R** (ر) – **1**, **S** (س, ص, ث) – **133**, **Š** (ش) – **50**, **T** (ت, ط) – **131**, **U** (و, و) – **12**, **Ū** (و, و) – **10**, **V** (و, و) – **22**, **Y** (ي, ی) – **180**, **Z** (ز, ظ, ذ) – **4**.

Статистика бойынша ең көбі **Y (180)** әрпінен басталатын сөздер де, ең азы **R (1)** сөз ғана) әрпінен басталатын сөз екен. Бұдан қыпшақ тілдерінде **p** әрпі көбіне сөздің ортасы не аяғында ғана кездесетінін байқауға болады, тек кірме сөздердің ғана басында тұрады.

Бұл ескерткіштің мол сөздік қоры арқылы басқа қолжазбаларда кездеспейтін сөздерді табуға болады. Ескерткішті зерттеу барысында бұрыннан бері түркітану ғылымында белгілі сөздерден гөрі, әлі күнге қазақ тіл білімінде кездеспеген сөздердің, кездессе де толықтай этимологиясы анықталмаған сөздер мен мүлдем бұрын жолығыспаған сөздердің туатүп түбірін қыпшақ тілдері тобына жақындастыра қарастырып немесе қазақ тілінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестерінен іздестіріп, зерделеп, зерттеуге тырыстық. Әсіресе, бұнда Махмұт Қашғари, Әбу Хаййан сияқты ғұламалар ұстанған жол, яғни

араб-парсы және т.б. тілдерден енетін кірме сөздерді қолданбау принципі қатаң сақталғаны көрініп тұр.

Мәмлүк қыпшақтары тілінің лексикасының мағыналық және стильдік топтары. Лингвистикалық түсініктемелер. «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінің тілдік қоры өте бай. Әсіресе, жоғарыда көрсетілгендей түркі жұртының барлығына ортақ сөздердің қатары көптеп кездеседі. Сондықтан да XIII–XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде билікте болған сұлтандардың ресми тілі болған қыпшақ тілінің лексикалық қорын зерттеп, қазіргі қазақ, қырғыз, татар, башқұрт және т.б. түркітөкес тілдермен салыстырып-салғастырып зерттеудің келешегі кемел болары анық.

XIII-XIV ғасырлардағы әртүрлі аймақтық жазба ескерткіштердің тілі, грамматикалық жүйелері мен лексикасында елеулі ұқсастықтар бар. Бұл құбылысты тек қараханидтер дәуірінің әдеби дәстүрінің әсерімен түсіндіру қиын. Ислам мәдениетінің бірлігі мен мұсылмандық білім жүйесінің дамуы осы өңірлерде жазылған жазба ескерткіштерге бұрынғы әдеби дәстүрлердің енуіне ықпал етті. Сонымен қатар, бұл ескерткіштердің грамматикалық жүйесіне ареалдық қойненің элементтері де енді. Мұнда этномәдени жағдай маңызды рөл атқарады. Бұл жазба ескерткіштің тілін ғана анықтап қоймай, оны этномәдени ортаға сәйкестендіруге мүмкіндік береді [213, б. 44-45].

Тарихи лексикологияның зерттеу объектісі дегенде екі түрлі жағдайды ескергеніміз жөн. Біріншіден, ол алдына қойған мақсатына жету және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты іштей сараланып, тікелей өзіне қатысты проблемаларды әр қырынан қарастыратын этимология, семасиология, ономазиология, диалектология, этнолингвистика сияқты тарауларды қамтиды. Екіншіден, оның тіл білімінің осы салаларында қол жеткен табыстар мен талдау тәсілдерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихын (этногенезін), этнос тілінің пайда болуын (глоттогенезін), халық тілінің базистік структурасын, туыс, туыстас және басқа тілдермен болған қарым-қатынасын, әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсерін т.б. тіл фактілері мен оның заңдылықтары негізінде қарастырып, тұжырым айтуға мүмкіндігі мол. Сондықтан да тарихи лексикологияның өзіндік объектілері мен қатыстық объектілері арасында тығыз байланыс, мүдделестік бар [214, б. 51].

Сонымен жазба ескерткіш тілінде мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде жиі қолданылған бірнеше лексика-семантикалық сөз топтары барлығы байқалады.

**Діни наным-сенімдерге байланысты сөздердің лингвистикалық түсініктемелері:**

**Teḡgiri** تَغْرِی Алла, Тәңірі (2<sup>a</sup>,7) – ескі қыпшақ тілі туралы жазбаларда: **ат-Тухфа.:** *Теңрі*, **Абу Х.:** *Теңрі//Танры*, **ал-Каванин.:** *Таңры*, *Таңлау* (небо), **Кк.:** *Теңрі*, *Теңері*, *Теңір*, **түр.:** *Танры* (бұл тілде мұрын жолды сонор **ң** дыбысы жоқ), **қаз.** *Тәңір*, *Тәңрі*, *Тәңірі*. Қуман тілі мен қазақ тілдерінде бұл сөздің әртүрлі аллофондары (фонетикалық варианттары) бар. Жалпы түркі тілдерінде **e** мен **i** (**u**) дыбыстары өзара алмасып айтыла береді (**e // i // u**). **Tanrı** تَنْرِی Алла, Тәңірі (2<sup>a</sup>,5) – қар.: **Teḡgiri**.

**Yalauaĉ** يَلَاوَاĉ Пайғамбар (2<sup>a</sup>,7) – бұл лексема – арабтың «*расул*» сөзінің түрікше баламасы. М. Қашқарида – «*йалавач*» (посланник Аллаха, пророк); ұйғыр тілінде «патшаның елшісі» деген мағына беретін *йалафар* деген сөз бар екен (МҚ., узб. индекс); ИЛТАС. *йалавач*; В. Радлов сөздіктерінде: *йалавач*, *йалабач*, *йалауч*; Абу Х.: *йалавач*; түр.: *йалавач*.

**Payġan/mbar** (payġambar) پايغامبره Пайғамбар (2<sup>a</sup>,7) – «Пайғамбар» бұл жерде беріліп отырған ар. аудармасы – *наби* (ар. *наби* – ғалайһи уас-салам) сөзі; «*интеллигентный, высоко образованный, славный, известный, выдающийся, высокий уровень умственного развития*» – деген сияқты толып жатқан ұғым береді. Бұл айтылғандардың бәрі де Пайғамбардың теңеуі болып табылады. Түпнұсқа сөздің құрамында айтылатын *н* дыбысы біздің тілімізде дауыссыз дыбыстардың өзара ыңғайласу (гармония) заңдылықтары бойынша *м/н* дыбысымен алмасады: *Пайғамбар* – қазақ тілінде осындай заңдылық бар, мысалы, *бейсенбі/бейсембі, жексенбі/жексембі, сенбе/сембе*, т.б. Жалпы түркі тілдерінде бұл сөз осылай екі түрлі нұсқада айтыла береді.

**Qabarĉi** خبرجي пайғамбар (2<sup>a</sup>,7) – бұл сөз арабтың *хабар* деген сөзінен туып отырған лексема. «Хабар, ақпарат» мағынасында алғашқы реттерде «Құтадғу білікте» және Ахмед Йүгінеки ескерткіштерінен кездеседі. Бұл сөз Алтын Орда қыпшақтары жазба ескерткіштерінде жиі ұшырасады (ХШ. 22<sup>a</sup>,3; Г. 11<sup>b</sup>,8; НФ. 24<sup>b</sup>,11). Ортаазиялық «Тегфирде» *хабар* сөзі «ақпарат» мағынасын білдіреді (9<sup>b</sup>,17; 111<sup>b</sup>,11) [215, б. 8].

**Perešte** (perište) فَرِشْتَهَ Періште (2<sup>a</sup>,9) – ИЛТАС. *фериште*; БМ. *ферителер*; СС. *фериште*; Еф. *фриште*; тат. *фәрәштә*; қаз. *періште*.

**ĥaĉ** خاشĉ крест (3<sup>a</sup>,10) – ИЛТАС., БМ., СС. қар. пар.: *خاش хац*.

Адамның атақ-лауазымына, кәсібіне және әлеуметтік топтарға байланысты сөздердің лингвистикалық түсініктемелері:

**bardaĉiĉĉi** بَرْدَاقِ جِي (құмыра жасайтын ұста) (18<sup>a</sup>,10) – **bardaĉ** – кувшин, құмыра + **iĉĉi** – зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Бардақшы – белгілі бір кәсіптің иесі, яғни кәсіби лексикаға жатады. Кәсіп иесін білдіретін сөздер ескі қыпшақ тілдерінде онша көп болмаса да баршылық: *бітікчі* (жазу жазатын адам), *алтунчы* (ювелир), *темірчі* (темір ұстасы), *қылыч остасы* (қылыш ұстасы), *ейерчі* (ерші, ер жасаушы), *отачы* (оташы), *сықрық* (курьер) және т.б. *Бардақчы* осы топтың қатарын көбейтері анық. Басқа ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС., КҚС., Абу Х., АЗ., *бардақ*; Салыс.: МҚ. *барт* – «мерный сосуд для вина; мера для жидкостей» [38, б. 330]. Қаз *бардақ* (диал.), түрік. *bardak*.

**baĉ yülütіĉĉi** بَاشَن يُولُوتِجِي шаштараз (18<sup>a</sup>,4) – изафет конструкциясында тұрап, кәсіп иесінің атауын білдіріп тұр: **baĉ yülütіĉĉi** – *бас йулутчы* (бас жұлушы, яғни бастағы шашты алушы, шаштараз). Бұл сөздің *сақал йулучы* (сақал жұлушы, яғни сақал алушы, шаштараз) деген варианты да қолданылады. Басқа ескерткіштердегі көрінісі мынадай: ИЛТАС., *йулы*: *йулыгыл*. КҚС. *йулу*; МҚ. *йулды* *жұлды*, *йүліді* *қырды*, *шашын* *жұлды*; АЗ. *йүлү*; қар. *йулу*; тат. *йолу*; башқ. *юлылу*; құмық. *юлю* *қырыну*; қаз. *жұлу*. Салыс.: КҚС. *сақал йуловчы* шаштараз.

**šerübaš** شَرُوبَاش әскербасы (11<sup>a</sup>, 13) – басқа ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС., шері = сү; шері башы; КҚС., БМ. чері, черік; АЗ. шері; МҚ. чэрік; Абу Х. чері, черік; Қазіргі түрік тілдеріндегі көрінісі: қар. черів; қаз. шеру, шерубасы.

**bay** بَاي бай (14<sup>a</sup>,12) – Басқа жазба ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС. бай; КҚС., Абу Х., АЗ., МҚ., Кав. бай: Қыпшақ тілдерінде: тат., башқ., ноғ., құмық., ққ., қаз. бай.

**bazāričči** بَزَارِجِي базаршы (17<sup>b</sup>,15) – базарда істейтін саудагер. Қар.: базар.

**bek** بَک бек (14<sup>a</sup>,2) – қыпшақ тілдерінде еркін әрі жиі қолданылады. Көне түркі тілінде *бег* тұлғасында кездесетін бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде сөз соңындағы *г* дыбысының *й*-ге айналған *бий*, *бей* және *г* дыбысының қатанданған *бек* сипатында қалыптасқан. Ал сөз ортасындағы *е* < *і* сәйкестігі сол көне түркі дәуірінің өзінде-ақ болған. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде *бег* // *биг* // *бей* // *би* // *бий* сипатында кездесуі бұл дыбыс алмасуларының сол дәуірде болғандығын аңғартады. КҚС: *бег*; *бей*; *би*; *бий*; Кав: *бег*; *бей*; *бй*.

**bey** بَاي бей (22<sup>a</sup>,6) – орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрініс: ИЛТАС. бей; КҚС. бей, бий; Абу Х. бей; АЗ. бей, бий; Қазіргі түрік тілдеріндегі көрінісі: қар. бий; тат. би; башқ. бей; ноғ. бий; ққ. бий; қаз. би.

**demüričči** دَمُورِجِي темірші (18<sup>a</sup>,4) – ескі қыпшақ тілдерінде көп қолданылатын лексема. Басқа ескерткіштердегі көрінісі мынадай: ИЛТАС: *темірчі*; КҚС. *темірчі*; МҚ. *тэмүрчі*; Қазіргі түрік тілдеріндегі көрінісі: ноғ., ққ. *темирши*; башқ. *тимерсе*.

**Elči** أَلِج Пайғамбар (2<sup>a</sup>,8) // **elišši** أَلِشِّي елші (11<sup>a</sup>,15) – *елчі* және *елиші* – ел «халық» сөзіне + *чі*; *ші* сөз тудырушы жұрнақтары қосылуы арқылы туындаған лексема. Көне түркі ескерткіштерінде: 1) *елиші*, *пайғамбар* (посол, посланник); 2) *хабар жеткізуші* (вестник, гонец); 3) *ел билеуші* («Құтадғу біліг» ескерткішінде: *правитель*, *владелец*) мағыналарында қолданылады. Басқа ескерткіштердегі көрінісі: *элчи элчи*, *älchi* (ДТС, 169); «Диуан лұғат-әт-түркте» кездеспейді. Абу Х. *илчи*; АЗ. *элчи* // *илчи*; Хорезмдік (алтынордалық) деректерде *элчи* тұлғасында кездеседі: КХШС. *елчі*; ИЛТАС. *илчі*; Қазіргі түркі тілдерінде: тат. *илче*; башқ. *илсе*; ноғ. *элиши*; ққ. *елиши*; құмық, *элчи*; қаз. *елиші*. Бұл сөз жалпытүркілік *ел* (*ал*) түбірінен түзілген.

**Eginičči** أَكْبَجِي егінші (14<sup>a</sup>,10) – Түрік тілдерінде еркін қолданылатын лексема. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: ИЛТАС. *екінчі*; КХШС. *екінчі*. Қазіргі тілдерде: ноғ. *эгіншиі*; қаз. *егінші*.

**halvačči** حَلْوَى جِي Һалуашы (17<sup>b</sup>,15) – Жалпы түркі тілдеріне араб тілінен (арабтың *сладкий*, *приятный* деген сөзі АРС, 182) енген белгілі сөз. Негізгі түбірі *halva*, бұған *či* сөз тудырушы жұрнағы қосылған. Ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштердегі көрінісі: КХШС. *халва*; қаз. *алуа*.

**hōcā** حُجَا хожа (14<sup>a</sup>,6) – Бұл сөз де араб-парсы тілдерінен (Мұхаммед пайғамбардың ұрпағынан тарайтын дін таратушылар) енген, адамдардың әлеуметтік топтағы орнын білдіретін сөз. Басқа ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС. *қожжа*; *хожадаш*; КҚС. *қожжа*; АЗ. *хошдаш*; БМ. *қошдаш*; Абу Х. *қожаташ*. Қазіргі түркі тілдерінде мынадай: ққ., қаз. *қожжа*.

**iščci** اِشْحِي اِسْحَر, жұмыскер, қызметкер (17<sup>b</sup>,13) – Бұл сөздің негізгі түбірі **iš**, сөз тудырушы **ičči** жұрнағы арқылы жаңа сөз туып тұр. Қазіргі қазақ тілінде **ičwi** деген варианты емес, **-кер**, **-гер** парсының жұрнағы арқылы туындаған **išker** тұлғасы қолданылады. Қар.: **iš**.

**kirišičči** كِرِشْ جِي кірісші (садақ кірісін жасайтын ұста) (18<sup>a</sup>,6) – Бұл да түркі тілдерінде еркін қолданылған сөз. Негізгі түбірі **kiriš** (садақ керме жібі) – **ičči** сөз тудырушы жұрнағы арқылы жасалған лексема. Басқа ескерткіштерде негізгі түбір тұлғасында кездеседі: ИЛТАС. *кіріш*; МҚ., АЗ., *кіріш*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі мынадай: қар. *кіріш*; тат., башқ. *кереш*; ноғ. *кирис*; қаз. *кіріс*.

**kišipičči** كِشِپِجِي тыңшы (11<sup>b</sup>,2) – Бұл сөздің негізгі түбірі **kiši**, бұған **pič** – **či** жұрнақтары қосылуы арқылы пайда болған туынды сөз. Бұл жерде тыңшы, шпион деген мағына береді. Қар.: **kiši**.

**Адамның мінез-құлқына, сын-сипатына байланысты сөздердің лингвистикалық түсініктемелері:**

**bazıq** بَازِق зор, үлкен, ірі; жаман қылықты; нашар мінезді (14<sup>b</sup>,6). Базық «крепкий, толстый, мощный (о столбах, стволах деревьев); широкоплечий, коренастый, богатырского сложения», чув. *posăk*, *pusăx*, *pyseăx* «базык, зур; бөөк» [Тэтимол 2015].

**beyni** بَيْنِي мыйлы, мый (12<sup>b</sup>,16) – ИЛТАС. *бейн*; Ибн.М *бейни*; Абу Х. *бейни*; ТЗ. *бейни*; башқ. *мейе*; ноғ. *мый*; құмық., ққ. *мий*; қаз. *ми*.

**bilış** بِلِش таныс (14<sup>a</sup>,10), – ИЛТАС. *біліш*; МҚ., БМ. *біліш*; ҚХШС. *Біліш*; тат., башқ. *белеш*; ноғ., ққ. *билис*; қаз, *біліс*.

**boylı** بُوَيْلِي бойлы, бойшаң (5<sup>a</sup>,2), – ИЛТАС. *бойы*; ҚХШС. *бой*; СС., Абу Х, АФ., Ибн М., МҚ., Тз., БМ., ЕФ., ноғ., құмық., ққ., қаз. *бой*; тат., баш. *буй*.

**ersem** اَبْسَامُ тыныш, тыныштық (3<sup>b</sup>,14). А. Зайончковский бұл сөзді *äpsäm* – *тыныш* мағынасында аударған [181, б. 31]. Р. Топарлы *ersem* – *тыныш* деп аударып, сол еңбекке сүйенеді [10, б, 83].

**kücsiz** كُوْجْ سِيْزْ әлсіз, қуатсыз (5<sup>a</sup>,4) - ҚХШС. *күш*, *қуат*; ИЛТАС. *күчсіз*; СС., АФ. *күчсіз*; Ибн М., қар. *күчсүз*; тат., *күчсез*; башқ. *көшөз*; ноғ., ққ. *күшсиз*; қаз. *күшсіз*.

**qara** قَرَا (ар. (الْمَمْلُوكُ) құл, тексіз, тобыр (14<sup>a</sup>,2), қазақтың түсіндірме сөздері. Бұл сөз туралы соңғы кездегі зерттеушілер жан-жақты талдау жасады [216, б. 20]

**šakirt** شَاكِرْتْ бозбала, жасөспірім (14<sup>a</sup>,4) – ИЛТАС. *шекір*; Абу Х., *шекір*; башқ. *шәкерт*; ққ. *шәкерт*; қаз. *шәкірт*.

**Адамның дене мүшелеріне және жынысына, тегіне қатысты сөздердің лингвистикалық түсініктемелері:**

**alın** اَلْأَلْنُ алды, маңдай (13<sup>a</sup>,4) – ИЛТАС. *алын*; СС., АФ., Ибн М., МҚ., Тз., Пд. *алын*; Қазіргі түркі тілдерінде: қар. *алын*; құмық., тат., қаз. *ал*, *алды*.

**arqa** اَرْقَا арқа (13<sup>a</sup>,14), - ИЛТАС., СС., АФ., Ибн М., МҚ., Тз., Пд. *арқа*; Қазіргі түркі тілдерінде: қар., құмық., тат., қаз. *арқа*.

**avuč** اَوُجْ алақан, уыс (13<sup>a</sup>,12), - ҚХШС. *уыс*; Орта ғасыр қыпшақ жазбаларымен қазіргі түркі тілдеріндегі *авуч//авыч//овуж//навуч* формаларында кездесетін бұл етістік тілімізде **уыс** сипатында қолданылады.

Қазақ тілінде сөз басында у дыбысына, алдынан көмескіленіп ұ // ү дыбыстары естілетіндіктен дифтонг дыбыс деп қарайды да ұ жазуда еленбейді. Ал бірінші буыннан кейінгі буындардағы у дыбысы ерін үндестігінің әлсіздігінен *ы*-ға айналады. Осыдан қазіргі тілімізде бұл сөз *а ~ ұ; в ~ у; у~ы; ч // ж~ш~с* сәйкестіктері арқылы қалыптасқан. Сондай-ақ бұл сөздің негізгі түбір емес екендігін тіліміздегі *уқалау* етістігімен салыстыру арқылы аңғаруға болатын сияқты. Радлов «Сөздігінде»: «**оғ- ов** – тереть; ел оғмақ; оғала – растереть» деп түсіндіріледі де басына «осман түріктері тілінде» деп белгі соғылған. Қазақ тілінің дыбыстық заңдылығын ескерсек (*оғ>у*) *уқалау* етістігінің құрамындағы ежелгі түбір тек (*у (ұу)*) морфемасы ғана, *-қа, -ла* қосымшалар [ҚТТГ, 122]. Уыс сөзінің де негізгі түбірі *у (ұу)*; - ыс істің істелу құралын, процесстің атауын білдіретін көне *-ч* қосымшасының бүгінгі көрінісі болса керек (сүйініш, қуаныш сөздерінде сақталған). Қазіргі түркі тілдерінде: **қаз.** *уыс*; **баш.** *ус төбө*; **тат.** *ус төби*; **қырғыз.** *уч*; **түрік.** *авуч*; **азер.** *овуж*; **түркм.** *овуч*; **өзб.** *навуч*; **үйғ.** *авуч*;

**aurat** عَوْرَات қатын (14<sup>a</sup>,4), – ИЛТАС. *аврат*; **Салыс.** МҚ. *авурта*; **қаз.** *ауретінді жан*;

**cöhüd** جُود еврей, жөйт (14<sup>a</sup>,15) – ҚХШС. *жухуд*;

**ebišši** اَبَشِي зайып, әйел, жұбай (14<sup>a</sup>,4) – ИЛТАС. *епчі*; **СС., Ибн М.** *епчі*; **Ибн М.М.** *абчы*; **АФ.** *ебчі*; **Тз.** *епчі, ипчі*; **Абу Х.** *ечі, ече* Рдл. *ече*.

**emček** (emeček) اَمَجَاك емшек (13<sup>a</sup>,16) – ИЛТАС. *емчек*; **СС., АФ., Абу Х., Ибн М.** *емчек*; **МҚ.** *эмік*; **Тз.** *емчек, имчек*; **тат.** *имчәк*; **ноғ.** *эмшек*; **башқ.** *имесәк*; **құмық.** *эмчек*; **ққ., қаз.** *емшек*.

**eñse** اَنْكَسَا (اَنْكَسَا) еңсе, иық (13<sup>a</sup>,8; 13<sup>a</sup>,14) – ИЛТАС. *еңсе*; **СС.** *еңсе*; **Абу Х.** *енсе*; **Тз.** *енесе*; **тат.** *иңса*; **ноғ.** *энсе*; **ққ., қаз.** *еңсе*.

**gavır** (gavur) كَاوِر кәпір, христиан, иаһуди (14<sup>a</sup>,15) – ҚХШС. *кафир*. Арабша: مُلْجِدٌ (ор.т. неблагодарный; неверующий, нечестивый, неверный; безбожник, гяур). **Абу Х., В. Радлов** т.т. кездеседі: *кафир, қафыр, гәур*. Мұсылмандар әлемінде, көптеген түркі тілдес елдерде белгілі сөз.

**keude** كَوْدَا кеуде, көкірек (12<sup>b</sup>,16) – ИЛТАС. *кевде*; **Абу Х.** *гөвде*; **Тз.** *көвде, кевделі*; **ноғ.** *кевде*; **ққ.** *кеуде, геуде, кебзе*; **башқ.** *кәузә*; **қаз.** *кеуде*.

**kögüs** كُوْغُس төс, төс сүйегі (13<sup>a</sup>,16) – ИЛТАС., **СС., Ибн М.** *көгүс*, **Абу Х.** *гөгүс*; **МҚ., Тз.** *көкүз*; **түр.** *gögüs*.

**kirpik** كِرْبِك кірпік (13<sup>a</sup>,4) – ИЛТАС. *кірфік*; **ҚХШС.** *кірпук*.

**köbek** كُبَاك кіндік (13<sup>a</sup>,16) – ҚХШС. *кіндік*; Қазіргі қыпшақ тілдерінде көп кездесе бермейтін бұл лексема оғыз тілдерінде «кіндік, қарын, ұрпақ, орталық» секілді бірнеше мағыналарда қолданылады. **Түрік.** *гөбек*; **азер.** *гөбәк*; **түркмен.** *гөбек* [ҚТТГ, 122]. Қазақ тіліндегі «*Көбек, Көбекбай*» деген кісі есімдері осы сөзбен бір байланысы болса керек.

**bağarsuq** بَغَارْصُوْق ішек-қарын, жылы-жұмсақ (13<sup>b</sup>, 2) – ИЛТАС. *бағырсақ*; **СС.** *бавурсақ*; **Абу Х.** *бағарсуқ*; **Тз.** *буварсық*; **МҚ.** *бағырсуқ*; **түрік.** *бағырсақ*; **қар.** *бавурсах*; **ноғ.** *өкпе-бавыр*; **қаз.** *өкпе-бауыр*.

**bağır** باغِر бауыр (13<sup>b</sup>,12) – ҚХШС. *бағыр*; ИЛТАС. *бағыр*; Абу Х. АФ., Ибн М., ТЗ., МҚ. *бағыр*; қар. *бағыр*; тат., ноғ. *бавыр*; башқ. *бауыр*; құмық. *бавур*; қаз. *бауыр*.

**baltır** بَلْطِر балтыр (13<sup>b</sup>,6) – ИЛТАС. *балтыр*; Абу Х., Тз., Ибн М., *балтыр*; БМ. *балдур*; *балтур*; қар. тат., башқ., ноғ. *балтыр*; құмық. *балдыр*; қк., қаз. *балтыр*.

**barmaq** بَرْمَاق бармақ (13<sup>a</sup>,12) – ИЛТАС., СС., Абу Х., Абу Х. Х., Ибн М. *бармақ*; Еф., Пд., *бармах*; Аф. *бармақ*; Тз. *пармақ*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі; қар. *бармах*; тат., башқ., ноғ., құмық., қк., қаз. *бармақ*.

**baş** بَاش бәс (12<sup>b</sup>,16) – ИЛТАС., СС., Абу Х., АФ., ТЗ., МҚ., БМ. *баш*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: қк., қаз. *бас*;

**bilegi** (bilegü) بِلَگِي білегі (10<sup>a</sup>,6) – ИЛТАС., Абу Х., МҚ., ТЗ. *білек*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: ноғ., қк., қаз. *білек*; тат., башқ. *беләк*.

**boğaz** بُوغَاز бұғаз, кеңірдек (13<sup>a</sup>,8) – бұл сөз бауыздайтын жері *бұғазы* деген мағына беріп тұр. Басқа ескерткіштердің көбінде етістік формасында келген: *боғузла*; *боғузлағыл*- бауыздау деген тұлғада қолданылған. Көне түркі тілдерінде ертеден бар сөз: *боғаз* [ДТС, 109]. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі мынадай болып келеді: ИЛТАС., *боғузла*; *боғузлағыл*; Абу Х. *боғазлады*; Тз. *боғузлады*, *бовузлады*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: тат. *буғазлау*; башқ. *боғазлау*; қк. *бауызла*; қаз. *бауызда*.

**bürün** بُرُون мұрын (13<sup>a</sup>,2) – көне түркі тілдерінде бұрыннан келе жатқан сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС., Абу Х., ТЗ., АФ., МҚ. *бурун*; СС. *бурун*, *брун*; ТЗ. *бурн*, *бурун*; Қазіргі оғыз және қарлұқ топтарында осы тұлғада сақталғанымен қыпшақ тілдерінің көбінде *б*<*м*-ға ауысқаны байқалады. Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі мынадай: қк. *бурун*; тат. *борын*; башқ. *морон*; ноғ. *бурын*; қаз. *мұрын*.

**bügrük** (bügrük) بُغْرُوك бүйрек (13<sup>b</sup>,2) – көне және қазіргі түркі тілдерінде баяғыдан келе жатқан сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі мынадай болып келеді: ИЛТАС., *бүгрек*; Абу Х. *бүкрек*; Тз. *бөрек*, *бөгрек*; Кав. *бүрек*; Қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдерде сөз ортасындағы *г* дыбысы *й*-ге айналып, заңды құбылысқа енгенін көруге болады. Қазіргі түркі тілдерінде: қар. *буврак*; тат. *бөөрек*; құмық. *бюйрек*; ноғ., қк., қаз. *бүйрек*; башқ. *бөйөр*.

#### Мал атауларының лингвистикалық түсініктемелері:

**at** أَط (8<sup>a</sup>, 9) – Түркі тілдерінде жаппай танымал сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінде: ИЛТАС., СС., Аф., Абу Х., МҚ., БМ., Тз. *ат*; Қазіргі түркі тілдерінде де бірізділік байқалады: қар., башқ., құмық., ноғ., қк., қаз. *ат*.

**ayğır** أَيغِر айғыр (8<sup>a</sup>,9) – ескі қыпшақ тілдеріне белгілі сөз. Орта ғасыр ескерткіштерінде осы тұлғада кездеседі: ИЛТАС., СС., Аф., Абу Х., БМ., Ибн М., Тз. *айғыр*; МҚ., *азғыр*, *айғыр*; Қазіргі түркі тілдерінде: тат., башқ., құмық., ноғ., қк., қаз. *айғыр*.

**būzağū** بُزَاغُو бұзау (7<sup>a</sup>,13) – Көне түркі тілдерінің барлығында бірдей кездесетін белгілі лексема. Бірнеше аллофондары бар; *бұзағу*//*бұзағ* (теленек,

ДТС, 130). Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: **ИЛТАС.**, **БМ.**, **МҚ.** *бузағу*; **СС.** *бузав, бузов*; **Аф.** *бузау, бызағу*; **Абу Х.**, **Кав.** *бузағу, бузаву*; Қазіргі түркі тілдерінде: **түрік.** *бузағы*; **қар.** *бузов*; **тат.** *бозау*; **башқ.** *бызау*; **ноғ.**, **құмық.** *бузав*; **ққ.** *бузау*; **қаз.** *бұзау*.

**deve** دَوَا түйе (7<sup>a</sup>,11; 8<sup>a</sup>,13) – орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: **ИЛТАС.** *теве (верблюд)*; **СС.** *тове*; **ат-Тухфа.** *тейе//түве*; **Ибн М.** *дiве*; **АФ.** *теве*; **МҚ.** *теве//тевей//теві//деве*; Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: **қар.** *теве, тат; тәбә//дея*; **ноғ.**, **ққ.**, **қаз.** *түйе*.

**inek** إِيْنَك сыйыр (7<sup>a</sup>,11) – бұл сөздің қалыптасу, даму тарихы туралы бірқатар пікірлер бар: «..**инәк** сөзінің түбірі «ана, шеше» мағынасында «*инә, әне*» сөзі екендігі белгілі. Сыйыр сөзі негізінен қыпшақ тілдеріне тән, түркі тілдерінің солтүстік батыс тобында, ал **инәк** моңғол тілдерімен қарым-қатынаста болған шығыс және оңтүстік аймақта орналасқан түркі тілдерінде қолданылады» [217, б. 31]. Көне түркі тілдерінде жиі ұшырасатын белгілі сөз. Орта ғасыр ескерткіштеріндегі көрінісі: **ИЛТАС.**, **СС.**, **БМ.**, **Тз.**, **Абу Х.**, **АФ.** – *інек*; *инек//иңек* (ДТС, 209, 211); **Пд.** *інек*; **МҚ.** *іңек*; Қазіргі түркі тілдерінде: **құмық.** *инек*.

**siğir** صِيْغِر сыйыр (7<sup>a</sup>,11) – **ИЛТАС.**, **АФ.** *сығыр*; ДТС: *сығыр* (**МҚ.**), *сув сығыры* (*буйвол*, **МҚ.**). **қаз.** *сиыр*.

**qatır** قَاطِر қашыр (8<sup>a</sup>,11) – көне түркі тілдерінде ертеден белгілі сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: **ИЛТАС.**, **БМ.**, **МҚ.**, **СС.**, **АФ.**, **Абу Х.**, **Ибн М.** *қатыр*; Қазіргі түркі тілдерінде: **ноғ.**, *қатыр*; **тат.**, *качыр*; **башқ.**, *қасыр*; **ққ.** **қаз.** *қашыр*.

**qoçqar** قُوجْقَار қошқар (7<sup>a</sup>,13) – көне түркі тілдерінде белгілі сөз. Түркі тілдеріндегі қолданылу тарихына келсек, ол туралы айтылған бірқатар пікірлер бар: «*қоч, қочыңар, қочңар* – «**Диуануда**» кездесетін еркек қойдың үш түрлі атауы. А.М. Щербактың пікірінше олардың толық тұлғасы *қоч//у//нғар* болса керек. «**Диуанда**» ең көп кездесетіні – қой. Осы сөздің басқа көне түркі тілдерінде қойын, қоң, қойун деп айтылатын түрлері де бар болған, әрі қойын йылы, қойын күн деген ауыспалы мағынадағы сөз тіркестері де ұшырасып отырады» [218, б. 23-25]. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінде әртүрлі варианттары бар; *қочқар//қочңар//қочуңар* (ДТС, 451); **ИЛТАС.**, **БМ.**, **СС.**, **Абу Х.**, **Тз.** *қочқар*; **МҚ.** *қочқар, қочыар*; Қазіргі түркі тілдерінде: **қар.** *қочқар*; **тат.** *кучкар*; **башқ.** *қушқар*; **ноғ.**, **ққ.**, **қаз.** *қошқар*.

**qoyun** قُوْيُون қой (7<sup>a</sup>,13) – қыпшақ ескерткіштері мен тілдерінде – **ИЛТАС.** *қойун*; (164); көне түркі тілдерінде: *қой, қойын, қоң, қон*; (ДТС, 453). **СС.** *қой*; **Абу Х.**, **Тз.**, **БМ.** *қойун*; **АФ.** *қойын, койун*; **Ибн М.** *қой, қойун*; **Пд.** *Хой*; Қазіргі түркі тілдерінде: **тат.**, **башқ.** *куй*; **қаз.** *қой*. Жалпы түркі тілдеріне кең жайылған сөз.

**qozi** قُوْزِي қозы (7<sup>a</sup>,13) – **ИЛТАС.** *қозу*; **СС.**, **Абу Х.**, **БМ.**, **МҚ.**, **АФ.** *қозы*; **Ибн М.** *қузу*; **Еф.** *хозу*; Қазіргі түркі тілдерінде: **тат.** *кузы*; **ноғ.**, **ққ.**, **қаз.** *қозы*; **қар.** *қозла (қозу-ла)*. Бұл сөз қыпшақ тілдерінде жиі кездеседі, азды-көпті фонетикалық айырмашылықтары бар: *у//ы, у//о, қ//х*; қозы (ДТС, 462).



**quduq** قُدُوق қодық (8<sup>a</sup>,11) – көне түркі тілдерінде кеңінен белгілі сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: ИЛТАС. қудуқ; Абу Х., Тз. қодуқ; Абу Х., Ибн М. қудуқ; Қазіргі қазақ тілінде: қодық.

**öküz** اُكُوْز өгіз (7<sup>a</sup>,11) – ИЛТАС. өгүз; СС., Абу Х., Пд., АФ., Ибн М., ат-Тухфа. өгүз//окүз. Қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі: қар., ноғ., ққ., тат., башқ. өгүз//окүз (ДТС, 382-383). Түркі тілдеріне түгелдей танымал.

**tana** طَنَا тана – сыйырдың екі жылдық бұзауы (7<sup>a</sup>,13) – көне түркі тілдерінде бұрыннан белгілі сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісі: Тз., Абу Х., БМ. тана; Қазіргі түркі-қыпшақ тілдерінде: қар., ноғ., ққ., тат., қаз. тана.

**tau** طَائِي тай (8<sup>a</sup>,11) – көне түркі тілдерінде ертеден белгілі сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінің барлығында біркелкі тұлғада кездеседі.

**teke** تَكَا теке (7<sup>a</sup>,15) – ИЛТАС. теге; СС. теге; Абу Х., Ибн М., АФ., Тз., МҚ., БМ. теке; Қазіргі түркі тілдерінде: ноғ., ққ., қаз. теке; тат., башқ. тәкә; Қыпшақ тілдерінде: к//г, е//ә дыбыстық өзгешеліктері бар; теке (ДТС, 550).

**yeşek** يَشَاك есек – құлан болуы да мүмкін (7<sup>b</sup>,15; 8<sup>a</sup>,11) – ИЛТАС., СС., АФ., Ибн М., Абу Х. ешек; Тз. ечек, ешек; МҚ. эшйек, эшкек; Қазіргі түркі тілдерінде: қар. ешак; ноғ., құмық. эшек; ққ., ешек; тат., башқ. ишәк; қаз. есек, ешек, естек, ишек, ишак, ешак (диал.).

**Аң және хайуанат атауларының лингвистикалық түсініктемелері:**

**yabān** يَبَان жабайы, түздік (7<sup>b</sup>,13) – көне түркі тілінде әр түрлі мағынада қолданылған. Бұл жерде жабайы деген ұғым берсе, орта түркі қыпшақ жазба ескерткіштерінде жапан дала мағынасында кездеседі. Қар.: ИЛТАС. йабан; АФ., Абу Х., Ибн М., БМ., Тз. йабан; Қазіргі түркі тілдерінде: тат. япан; ққ. жабан, жапан; қаз. жапан; жапан дала, жапан түз.

**ās** اَس дала аңдарының бір түрі (8<sup>a</sup>,6) – ас (ақ тышқан, ласка, сусар тұқымдас аң, күзен). Ибн М. аш; АФ.: ас? (горностай); МҚ.: ас//аз (горностай, ДТС, 59).

**araslan** اَرَسْلَان арыстан (7<sup>b</sup>,5) – көне түркі тілдерінде ежелден келе жатқан белгілі сөз. Бұл лексеманың табиғаты ғалымдар тарпынан зерттелген. Орта ғасыр ескерткіштеріндегі көрінісі: ИЛТАС., Арсылан; кісінің аты; СС. арсылан; АФ. аслан, арслан; Абу Х. арслан, араслан; Ибн М., МҚ., БМ., Тз. арслан; тат., башқ. арыслан; ноғ., құмық. арслан; қар., ққ. арыслан; қаз. арыстан.

**aslan** اَصْلَان арыстан (7<sup>b</sup>,5) – қар.: **araslan**.

**au** اُو аң (12<sup>a</sup>,14) – ау, аңға шығу, аң аулау, саят құру, саятқа шығу. Ар.: الصيد ас-сайд (охота, ловля) > қазақша – саят. والقاص ва (и)л-қанас (дичь, добыча). Абу Х. – ав. ДТС: ав//аб (охота), ав, авла (охотиться).

**bars** بَرَس барыс (7<sup>b</sup>,7) – А. Зайончковский: ягуар, пантера. ИЛТАС. барс. Жоғарыда аталған мұрағаттар мен тілдерде: барс//парс//барыс (ИЛТАС, 93). Көне тілдерде: барс//берс (тигр, ДТС, 84).

**keyik** كَايِك киік, жайран (7<sup>b</sup>,15) – түркі-қыпшақ тілдерінде бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар. Бірі – жалпы аң, хайуан, жабайы жануар; екіншісі – сол

жабайы андардың белгілі бір түрі. Мысалы, қыпшақ тілдерінде: **ИЛТАС.** кейік (зверь, дикое животное); кейік (газель); монғол тілдерінде: кийік (антилопа); **АФ.** zig (<giik < кийік); **тат.** киек, **башқ.** кейек; **ноғ., ққ.** кийик. **Ар.:** الغزال ал-газал (газель, антилопа); **В. Радлов:** олень; **ДТС:** кезік//кейік (лань, олень, зверь вообще; 294).

**qarlan** قَبْلَان қабылан (7<sup>b</sup>,5) – **А.** Зайончковский: қапан (пантера, тигр). **ИЛТАС.** қапан (тигр, леопард); **М. Хоутсма:** пантера, барс, **Абу Х., АФ., түрк.-тат., тат., ноғ.** қапан, **ат-Тухфа:** қапан//қопан, **ққ.** қаблан (156-157), **ДТС:** қапан (тигр, 421).

**qayan** قَايَان үлкен қабан, жабайы шошқа түрі (7<sup>b</sup>,13) – түркі тілдерінде жаппай белгілі. Қыпшақ ескерткіштерінде – **ИЛТАС.** қойан//тавиан.

**qurt** قُورْط қасқыр, ит-құс (7<sup>b</sup>,9) – **ИЛТАС.** қурт (түрікменше) // бөрү (қыпшақша). Көптеген түркі тілдерінде кездеседі: **ИЛТАС.** қурт. Кейде қурт бөрү деп те айтылады («Муқаддамат әл-адаб»). Көне сөз болуы ықтимал, кейінірек оны бөрі сөзі ығыстырып тастаған тәрізді.

**sirtlan** صِرْطَلَان қорқау қасқыр, шибөрі (7<sup>b</sup>,5) – **ИЛТАС.** сыртлан; **Хт.** сиртлен; **Тз., Абу Х., АФ., БМ., тат.** сырттан; **қаз.** сырттан.

**šaqal** شَقَال шағал (7<sup>b</sup>,7) – **ИЛТАС.** чагал; **Тз., ққ.** шагал; **ноғ.** шакал;

**tavšan** طَوْشَان қоян (8<sup>a</sup>,2) – **ИЛТАС.** тавшан; **Хт.** таушан; **МК., Ибн М.** табышган; **Тз., ноғ.** тавшан; **АФ.** таушан, тавышган; **БМ.** давушаган; **ққ.** таушан; **түркм.** товшан.

**tilkü** تِلْكُؤَا түлкі (7<sup>b</sup>,9) – **ИЛТАС.** түлкү; **СС., Ибн М., АФ., Пд., кар.** түлкү; **Тз., қаз.** түлкі; **Абу Х.** тілкү; түлкү; **МК., БМ.** тілкү; **ноғ., ққ.** түлки; **тат.** төлке; **башқ.** төлкө.

**Құс атауларының лингвистикалық түсініктемелері:**

**yavri** يَؤْرِي балапан (12<sup>a</sup>,10) – **ИЛТАС.** йавры; **Хт.** йаур, йауры. **АФ** йавры.; **Ибн М.** йавру; **БМ.** йавры; **Буд.** йавру; **түр.** йавру.

**yarsa** يَارْسَا жарқанат (9<sup>b</sup>,2) – **ИЛТАС.** йараса; **Хт.** йересе; **Абу Х., Тз.** йараса; **МК.** йарыса; **Рдл.** йараса.

**turna** طُورْنَا тырна (11<sup>b</sup>,11) – **ИЛТАС.** турна; Бұл да – белгілі сөз. Жоғарыда келтірілген дереккөздер мен тілдерде: турна//тырна//торна; **түрк., тат.:** турна. Көне тілдерде: турна (ДТС, 588). Мұның турунайа деген де тұлғасы бар: турунайа құш (журавль, ДТС, 588). Бір сөздің екі түрлі айтылуы бір құстың екі түрін білдіру үшін қолданылады.

**taḡuq** طَاغُوق тауық (11<sup>b</sup>,15) – тоқуқ (тауық). **ИЛТАС.:** дағық (қыпшақша) //дақуқ (түрікменше) (курица). Бірнеше фонетикалық варианттары бар: тавуқ//тавоқ (**Ққ.**) //дақуқ (**Ибн М.**) //тақағу (**МК.**) //тағуқ (**Абу Х.**) //тақуқ (**Аф.**) //тауық (**башқ.**) // тавық (**тат.**) Қалғандары осы тұлғалардың біреуіне келіп саяды. Қазіргі түркм. тілінде: товуқ//такық. Ендігі бір варианты: дағуқ (**А.** Зайончковский).

**serše** سَارْشَا торғай (12<sup>a</sup>,4) – дурғай (бозторғай, орысша – жаворонок); **МК.:** турыга (жаворонок); **Абу Х.:** тургай; тағы және бір еңбекте: торгай (жаворонок, **А.** Зайончковский).

**qarğa** قَرَاغَا қарға (11<sup>b</sup>,13) – қарға (қарға). ИЛТАС: қарға (ворона); МҚ., Абу Х., ат-Тухфа., Аф., Ибн М., қар., түрк., тат., башқ., ноғай, ққ. көне тілдерде: қарға (ворон, ворона, ДТС, 426).

**qaraqıŋ** قَرَاقُوش қарақұс (12<sup>a</sup>,10) – ИЛТАС. қарақуш; МК. қарақуш; СС., БМ., Аф. қарақуш; тат. қарақош; башқ. қарақош; ноғ. қарақус; ққ., қаз. қарақұс.

**qanat** قَنَاط қанат (12<sup>a</sup>,12) – қанат. ИЛТАС: қанат (крыло, крылья); осылай - Кк., Мқ., Абу Х., ат-Тухфа., қарайым, тат., башқ., ноғ., ққ.; Аф., түрк., тат.: қанад, ДТС: қанат (крыло, 417).

**laçın** لَاجِنُ лашын (12<sup>a</sup>,10; 18<sup>b</sup>,9) – лачын (лашын, ор.т.: сокол). ИЛТАС.: лачын (сокол белый); МҚ., Аф., Абу Х., Ибн М., ат-Тухфа., тат.: лачын; ноғ., ққ.: лашын, ДТС: лачын (кречет; сокол, сапсан; МҚ., 332). Араб-парсы тілдеріне көне түркі, ескі қыпшақ тілдерінен ауысқан лексема.

**qartal** قَارْتَال бүркіт, қыран (12<sup>a</sup>,8) – қартал (бүркіт, бүркіт тұқымдастарының бір түрі). Ар.: النسر ал-наسر (орел). ИЛТАС: қартал (түрікменше) //күчиген (қыпшақша) (орел); Абу Х., ат-Тухфа., Аф., түр.: қартал; түрк., тат.: киртал; Л.З. Будагов: қартал (род орла, коршун).

**deve quŋ** دَوَا قَشِي تүйе құс (11<sup>b</sup>,13) – Абу Х. *devequŋ* دَوَا قَشِي. Қаз. түйеқұс (118,7)

**bayğuş** بَيْغُوش байғыз (12<sup>a</sup>,6) – ИЛТАС. байқуш; СС. байғуз; Тз. байғуш; тат. байғыш; башқ. байғош; ққ. байқус, байуулы; қаз. байғыз.

**Жәндік атауларының лингвистикалық түсініктемелері:**

**aru** أَرُوا бал арасы (9<sup>b</sup>,4) – ИЛТАС., БМ. ару; Абу Х., Аф., МҚ., Ибн М. ары; Қазіргі қаз.: ара.

**bit** بَيْت бит (9<sup>b</sup>,6) – бит. ИЛТАС: бит: бешік биті (түрікменше) // қандала (қыпшақша) (клоп, досл. вошь в колыбели); Кк., Абу Х., Аф., Ибн. М., МҚ., қарайым, түрк.-тат.: бит; тат., башқ. бет; ноғ., ққ.: бийт; құмық: бит, ДТС: бит (вошь, 103).

**boğa** بُوغَا тасбақа (8<sup>a</sup>,2) – ИЛТАС. баға; Хт. боға. Абу Х. бақа; Тз. баға; МК. бақа; БМ. қабырчақлы баға; тат. бақа қабырчығы; ноғ. бақа; тас бақа; құмық. бақа, қапқачлы бақа; ққ., қаз. Бақа, тасбақа, құрбақа.

**bürşe** بُوْرشَا бүрге (9<sup>b</sup>,4) – бүре және бүрче (бүрге). ИЛТАС: бүре (түрікменше) // бүрче (қыпшақша); Абу Х., түркм: бүре; МҚ.: бүрге; Аф.: бүрке; түрк.-тат.: бире; ққ.: бүрге; моңғ.: бүүрэг.

**čekirge** چَكِرْگَا шегіртке (8<sup>a</sup>,2) – ИЛТАС. чекірге. Абу Х. чүкүрге; БМ. чекүрге; Тз. чекертіге, чекүрге; МК. чәгүрге; қар. чегіртке; башқ. сиңерткә; ноғ. шегертки; ққ. шегиртке; қаз. шегіртке; түркм. чекиртке.

**kesürtki (kesürtüki)** كَسْرْتِكِي кесіртке (9<sup>a</sup>,15) – ар.: السحلية ас-сихлийатун (ящерица). Абу Х. кеселтекі. А. Зайончковский: саламандра, вид большой ящерицы. ИЛТАС. келте. Абу Х. келте; БМ. кеселткі. В. Радлов: келте; тат.: кәлтә; шағатайша: кесертке; қырғызша: кесерткі; османша: кестенкеле; МҚ.: кеслінчү. қаз. кесіртке.

**kirpi** كِرْبِي кірпі (8<sup>a</sup>,2) – Абу Х., Аф. – кірпі, МҚ.: кірпі (еж; ДТС, 309).

**qandala** قَنْدَالَا қандала (9<sup>b</sup>,6) – ИЛТАС. қандала; СС., Тз. қандала; қазіргі қыпшақ тілдеріндегі көрінісі: тат., башқ., қаз. қандала; ноғ. кандалай.

**qarınça** قَرْنَجَه құмырсқа (9<sup>b</sup>,8) – ИЛТАС. қарынча (түрікменше) // қумурсқа (қыпшақша). Түркм.: гарынжа; МҚ., Аф., түрк.-тат.: қарынча; ат-Тухфа.: қарынчақ; ДТС: қарынча//қарынчақ (муравей, 427). Қыр. қымыр-сағы.

**Өсімдік атауларының лингвистикалық түсініктемелері:**

**ağaç** أَغَاش ағаш (6<sup>a</sup>,2) – ескі түркі ескерткіштерінде ертеден мәлім сөз. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштердегі көрінісі: ИЛТАС., СС., Аф., Абу Х., Ибн М., Пд. ағач; Тз. ағаш; МҚ. йығач; қазіргі түркі тілдерінде: тат., қар., құмық. ағач; башқ. ағас; ноғ., ққ., қаз. ағаш.

**alma** أَلْمَه алма (5<sup>a</sup>,12) – орта ғасыр қыпшақ ескерткіштерінде: ИЛТАС., СС., Аф., Абу Х., Ибн М., Пд., Тз., МҚ. алма; қазіргі түркі тілдерінде: тат., қар., құмық., башқ., ноғ., ққ., қаз. алма.

**armut** أَرْمُوط алмұрт (5<sup>a</sup>,12) – ИЛТАС., СС., Аф., Ибн М., Тз., МҚ. армут; қазіргі түркі тілдерінде: құмық. гьармут; ноғ. армыт; ққ. армут; қаз. алмұрт.

**arpa** أَرْبَه арпа (6<sup>a</sup>,9) – ИЛТАС., СС., Аф., Абу Х., Ибн М., МҚ., БМ. арпа; Қазіргі қазақ тілдерінде: тат., башқ., қар., ноғ., құмық, ққ. арпа;

**buğday** بُغْدَاي бидай (6<sup>a</sup>,9) – ИЛТАС. бугдай//будай; СС. богдай//бугдай; МҚ.: бугдай//будгай; Абу Х.: богдай; Аф.: богдай//бугда; Ибн М., ат-Тухфа. бугдай; түрік: бугдай; тат.: богдай. Түркі-қыпшақ тілдерінде кеңінен белгілі лексема: бугдай//будгай (ДТС, 120).

**çetlevük** چَتْلَوُك фисташки (5<sup>a</sup>,14) – ИЛТАС. четлейік; Хт. четле; СС. чотлаук; Тз. шетлевук; Абу Х. четлевүк; құмық. чертлевюк; Рдл. четлеук; башқ. сәтләуек; қаз. Шаттауық (диал.).

**çiçek** چِيچَك бәйшешек (гүл) (5<sup>a</sup>,7) – ИЛТАС. чичек, гүлічичек

**çulban** جُلْبَان бұршақ, жасыл бұршақ (6<sup>a</sup>,11) – А. Зайончковский: горох, фасоль. ИЛТАС. бурчақ// толу; В. Радлов: бурчақ (қара бурчақ)//буршақ; бурчақ; СС., Абу Х., МҚ.: бурчақ; ноғ., ққ.: буршақ; башқ.: борсақ; тат.: бөрчек; ДТС: бурчақ (125).

**darı** ضَارِي тары (6<sup>a</sup>,11) – ИЛТАС. тары; СС., Тз., Абу Х., МҚ., Ибн М. тарығ; БМ. тару; ноғ., башқ., ққ., қаз. тары.

**egin** اَكِن егін (5<sup>a</sup>,7; 6<sup>a</sup>,13) – ИЛТАС. екін; Аф. екін; МҚ. экин; Ибн М., Тз. екін; тат., башқ. иген; ноғ. эгин; қаз. егін.

**erük** أَرُوك өрік (5<sup>b</sup>,4, 6) – ИЛТАС. ерік; СС. ерік; Абу Х. ерүк; Тз. ирік, сары ерік; МҚ. эрүк; түркм. эрик; ққ. ерик; қаз. өрік.

**gülaf** كَلَّاف гүл (5<sup>a</sup>,7) – ИЛТАС. гүлаб; СС. гүлаф, күлаф; Абу Х. гүлаф; Тз. гүлаф; қар. гілаф; тат.гөләп; сал.: гол-аб.

**hürma** حُورْمَه, جُورْمَه құрма (5<sup>b</sup>,2; 6<sup>a</sup>,6) – ИЛТАС. қорма; СС. хорма; Тз., БМ., хурма; ққ., құрма; тат. хорма; ноғ. құрма, хурма; қаз. құрма.

**incir** اِنجِير інжір (5<sup>b</sup>,4; 6<sup>b</sup>,13) – ИЛТАС. інжір; СС. інжір; Рдл. інжір; тат., башқ. инжир; ноғ. ынжыр.

**kerек** كَبَاك кебек (6<sup>a</sup>,15) – ИЛТАС. кевүк//салам//саман//салом; бұл сөзді А. Зайончковский كوك болып белгісіз сөз жазылған дейді, шынында да, бұл

жерде тек тиісті «харакалар» қойылмай кеткен, сондықтан ИЛТАС. оны *кок* деп көрсетеді. **МҚ.:** күвук; **тат.:** күк; қаз. *кебек*.

**keşir** كَشِيرُ сәбіз (7<sup>a</sup>,4) – ИЛТАС. *кешүр*; **Хт.** *кешвер*; **Абу Х., Тз., АФ.** *кешүр*; **Ибн М.** *кешір*; **түр.** *кішүр*; **МК.** *кэшүр*; **тат., башқ.** *кишер*. Негізі парсы сөзі.

**kinci** كَنْجِي күнжіт (6a,11) – *күнжі, күнжіт* < **пар.:** كَنْجِد *күнжид* (кунжут, сезам, семя кунжута). Түркі, монғ. тілдерінде: *күнжид//күнжіт* (А. Зайончковский).

**yüzüm** يُزُوم жүзім (4<sup>a</sup>,11) – *yüzüm* «жүзім» сөзінің шығу төркіні жайлы ғылымда әртүрлі пікірлер бар: «Клосон тұжырымынша *жүзім* сөзінің түбірі *yüzmek* етістігінен (мучить, терзать, износить, истерпать) шыққан. VIII ғ. ұйғырлар тілінде *quruq üzüm suwi* (сок сушеного винограда), сондай-ақ, *quru üzüm* (сушеный виноград), *it üzüm* (собачий виноград) «жабайы» мағынасында қолданылған. Жүзім ағашы туралы өз шығармасында XIV ғ. Ибн-Муханна жазды: кумандар *üzüm* орнына *yüzüm* сөзін пайдаланған. Бұл сөзді Хоутсманың дәлелдегеніндей XIII ғасырда қыпшақтар да пайдаланды. Бұл сөзді «ад-Дурра әл-мудийада» *jüzüm* формасында кездестірдік. Ныри жүзімнің 50 түрі болғанын айтады. Оның отаны – Жерорта теңізі және Алдыңғы Азия. Жүзім егіншілік сияқты ең көне шаруашылық мәдениеті болып табылады. Бүгінгі күні оның 5000 түрі белгілі. *Üzüm* – түркі сөзі. Бұл туралы тұңғыш рет жүзімнің емдік қасиеті туралы мәлімет берілген ұйғыр-түркі жазба ескерткіштерінен белгілі болды. Қашқари өз кезінде атап өткендей түркілер жүзім өсірумен атақтары шыққан және жүзімді баптап-жеткізу өте көп еңбек етуді қажет етеді. Міне, осыны ескере отырып оның атын да *üzmek* деп атаған» [21, б. 25].

### Екінші бөлім бойынша тұжырым

Бұл тарауда Мәмлүктер кезеңінде түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» сөздіктері зерттелді. Шығыстану ғылымында осы екі ескерткіш арнайы жеке зерттеу алаңына тартылған емес. Осыған орай бөлім бойынша мынадай қорытындыларға келдік:

1. «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі XIV ғасырда Мысыр мен Шам елдерінде, яғни, мәмлүк қыпшақтарының мемлекетінде, сол кездегі қыпшақ тілін оқып үйрену үшін классикалық араб тілінде жазылған сөздік. Түркітану ғылымы аясында бұл сөздікті алғашқы болып зерттеген поляк ғалымы – А. Зайончковский.

Қолжазбаның көлемі 24 парақ, яғни, 48 бет, әр парақтың екі бетінде 15–16 жолдан тұратын арабша-қыпшақша сөздердің тізімі бар, араб сөздері қара сиямен, қыпшақ сөздері қызыл сиямен жазылған. «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі 24 баб немесе фасылға бөлінген.

2. Мәмлүктер кезеңінде түзілген сөздіктердің бірі «Аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткіші. Бұл еңбек арабтарға мәмлүк қыпшақ тілін үйрету үшін жазылған және Мысырдың сол кездегі қазыының ұлы Сәйид Ахмедке арналған. «Аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасы басқа сөздіктерге қарағанда өте көп тараған грамматикалық әрі лексикографиялық еңбек. Бұл жазба ескерткіш

материалдары ескі қыпшақ тілінің грамматикасын, фонетикасы мен лексикасын зерттеу үшін аса құнды дереккөз болып табылады.

3. Мәмлүк қыпшақтары тілінің сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады. Оның дәлелі «ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінің материалдары. Бұдан бөлек, қосымша материал ретінде **Ал-Каванин, Ат-Тухфа, АФ, БМ, ЕФ, Ибн М, Кк, МҚ, МТВ, Пд, ИЛТАС** жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері: қазақ, башқұрт, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, қырғыз, түркімен, түрік, қарашай-балқар және т.б. тілдердің сөздіктерімен салыстырмалы лингвистикалық талдаулар жасалды.

«Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткіші Мәмлүк қыпшақтары пайдаланған тілді толықтай қолданып және сөздік қордың мол мұрасын жинақтап жазылған еңбек. Лингвистикалық талдау жұмыстарын жүргізу үшін негізгі мәтін ретінде «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдарын қолдандық. Қолжазбада шамамен **1214** сөз бар.

### 3 МӘМЛҮКТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ СӨЗДІКТЕР МЕН ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР – ТІЛДІК-МӘДЕНИ ДЕРЕККӨЗ

#### 3.1 Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің фонетикалық ерекшеліктері

Бұл тарауда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары бойынша мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері зерттеледі. «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткіш араб тілінде, араб графикасы арқылы сөздік түрінде орындалған. Ескі қыпшақ ауызекі тіліндегі сөйлеу ерекшеліктеріне арналған, жиырма төртінші тарау болып есептелетін «Сөз тіркестері мен сөйлемдер» бөлімі де ескерткіш археографиясына ортақ бірегей жүйе арқылы түзілген. Сондықтан да, араб графикасында түзілген жәдігерлікте қыпшақ сөздерін жазудағы қиындықтар кездесері анық. *«Өйткені қандай жетілген орфография болса да, сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алмайтыны белгілі»* [219, б. 52]. Араб графикасының түркі сөздерін жазудағы қиын тұстары жайлы А.М. Щербак былай деп жазады: *«Жалпы түркі дыбыстарын беру үшін араб әліпбиінің графикалық шамасы соншалықты жеткіліксіз, оны мына үш дауыссыз дыбысты таңбалаудан-ақ шамалауға болады, к мен г, ч мен ж, п мен б дыбыстарының арасындағы бір ғана таңба оларды аша алмайды»* [218, б. 64]. Осындай пікірді П.М. Мелиоранский де қолдайды: *«Араб алфавиті түркі тілінің дыбыстарын көрсетуге жарамсыз. Бұл жағдай түркі тілінің біздің заманымызға жеткен ескерткіштерін лингвистикалық, әсіресе фонетикалық-этимологиялық тұрғыдан зерттеуге әр уақытта да үлкен бөгет болып келді және солай да бола береді»* деген болатын [176, б. 29]. *«Ескі қыпшақ сөздері қандай әріппенен жазылған болса да, ондағы қолданылған таза фонемалық дыбыстарды талдап, таңдап ала беруге болады»* дейді қыпшақтанушы ғалым С. Боранбаев [24, б. 19]. Дегенмен де, араб әріптері дауысты дыбыстар таңбасына кедей болып келеді де, бір таңба контекстке қарай әртүрлі дыбыстың орынына жүріп, олай да, бұлай да оқыла береді.

Жалпы ғылыми ортада ескі қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар деп танылып жүр. Бұларды В.В. Радлов *«негізгі»* («коренные») дыбыстар» десе, неміс ғалымы А.М. фон Габэн *«басты»* («главные») дыбыстар» деп атайды [21, б. 19]. Ал Ә.Қ. Құрышжанұлының пікірінше, қыпшақ тілінде 8 *толық* дауысты дыбыс, 2 *жартылай* (й, у) дауысты дыбыс бар. Толық дауысты дыбыстар айтылу ерекшелігі жағынан «созылық дауысты дыбыстар» және «жалаң дауысты дыбыстар» болып екіге бөлінеді. Созылық дауысты дыбыстар сөздің фонетикалық құрамына әсер еткенмен, оның лексикалық мағынасын өзгерте алмайды. Дифтонгоид дыбыстар да солай. Ылғи жұптаса жүріп кейбір дауыстылар «қос дыбыс» құрайды.

Шетел түркітанушыларының кейбірі қыпшақ тілінде дауысты дыбыстардың саны сегізден гөрі көбірек болар деген көзқараста. Мысалы, фон Габэн 8 дыбыстың үстіне тағы екі дыбысты қосады. Оның бірі *е* дыбысынан гөрі қысаңдау, *і* дыбысынан гөрі ашықтау *ешит* (есіт), *бер* (бер), *бей* (би) деген сөздердің құрамында айтылатын бір дыбыс көрінеді. Екінші дыбыс деп фон Габэн *а* мен *е* дыбыстарының арасында «айтылады» дейтін бір белгісіз дыбысты меңзейді. Автор бұл жерде еуропалық «кейбір зерттеушілердің шамалауы бойынша» деп көрсетеді.

Ал О. Прицак езу дауыссыздардың қатарында *а* мен *о* дыбыстарының арасынан шығатын бір дыбыс бар деп ойлайды. Ол, әдетте, араб жазуындағы дамма мен алиф таңбалары арқылы беріледі де, *қал* (қал), *йазұрт* (сүзбе, құрт) сөздерінің құрамында кездеседі деп көрсетеді автор [1, б. 78]. Сонда қыпшақ тілінде жиыны 11 дыбыс бар болып шығады. В.В. Радлов тұжырымына сүйене отырып қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар екеніне әбден көз жеткізуге болады – дейді қыпшақтанушы Ә.Қ. Құрышжанұлы [43, б. 199].

Көне қыпшақ тіліндегі екі жартылай дауысты дыбысы (*й*, *у*) жуан дауыстылармен де, жіңішке дауыстылармен де тіркесе береді [43, б. 191]. Ә.Қ. Құрышжанұлы бұл екеуін «жартылай дауысты» деп атап, дауыстылар қатарына енгізгенменен, қазіргі қазақ тілінің фонетикасының маманы С. Мырзабеков «...үлкен жаңсақтық – қазақтың байырғы сөздерінің құрамында *и*, *у* (мысалы: *бу*, *су*, *ки*, *қи* т.б.) дауысты дыбыстары кездеседі деп қарауы. Бір қызығы, зерттеушілер мен оқулық авторларының көбісі бұл екі әріптің әрқайсысы екі дыбыстың *ұу*, *үу*, *ыу*, *іу*, *ый*, *ій* қосындысы екенін біле отырып, дауыстыға жатқызып жүр.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды эксперименттік жолмен зерттеп жүрген Ә. Жүнісбеков және басқа ғалымдар байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін осы екі (*и*, *у*) әріпті дауысты дыбыстар деп қарамайды» дейді [23, б. 16]. Дегенмен де, ғалым орыс фонетикасының ерекшеліктерімен салыстыра келе, *и* және *у* әріптерін дауыстылар қатарына енгізіп, талдау жүргізеді. «Бірақ оларда фонематикалық (сөз мағынасын ажырататын) қасиет жоқ, сондықтан бір-ақ фонема деп танылады» дейді [23, б. 18]. Қалай айтсақ та, қалыптасқан тұжырым бойынша ескі қыпшақ тілінде 8, ал, қазіргі қазақ тілінде байырғы сөздерінің құрамында кездесетінін ескерсек 9 дауысты дыбыс бар.

Сондай-ақ, ескі қыпшақ тілінде 22 дауыссыз дыбыс бар деп қорытындыланған [223, б. 145]. Академик В.В. Радлов қазақ консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын атап, дауыссыздарды қатаң (*q*, *k*, *t*, *p*, *s*, *š*), ұяң (*γ*, *g*, *d*, *b*, *z*, *ž*), үнді (*n*, *m*, *ŋ*, *r*, *l*, *l̥*) және аралық немесе жарты дауысты (*w*, *j*) деп төрт түрлі акустика-артикуляциялық топқа жіктеген [221].

П.М. Мелиоранский дыбыстардың құрамына тоқтай келіп, қазақ консонантизм саласы жиырма бір дауыссыз дыбыстан (*б*, *п*, *м*, *т*, *д*, *н*, *ж*, *з*, *ш*, *с*, *р*, *л*, *к*, *г*, *ч*, *і*, *қ*, *ғ*, *ң*, *й*, *й̣*-дж) құралатынын атап өтеді [222]. Біз қыпшақтануда қалыптасқан тоқтамға сүйенеміз.

Екі жартылай дауысты (*у* және *й* дыбыстары) да өз алдына тұрып, буын құрай алмайтын болғандықтан, дауыссыздар қатарында қарастырылып жүр



[223 б. 145]. Қыпшақ тіліндегі **ϕ, χ** таңбалары арқылы берілетін дыбыстар кірме сөздер құрамында ғана қолданылады, ескі қыпшақ тілінде жоқ дыбыстар деп есептеледі. «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінде де ескі қыпшақ тіліндегі бірқатар дауыссыз дыбыстар табиғи фонетикалық ерекшеліктеріне сай орын тапқан. Олар **b** (ب), **p** (ب, ف), **t** (ت, ط), **c** (ج), **č** (ج, چ), **h** (ح), **d** (د, ض), **r** (ر), **z** (ز, ظ), **s** (ص, س), **š** (ش), **ğ** (غ), **q** (ق), **k** (ك), **g** (ك), **l** (ل), **m** (م), **n** (ن), **ŋ** (ن), **v** (و), **y** (ي), **u** (و).

Көрсетіліп отырған дауыссыз дыбыстар қатарының жазба ескерткіш тілінде қолданылу мысалдары мынадай, қар.: budur بُودُر бұдыр (3<sup>b</sup>,14); pül پُل ақша, пұл (2<sup>b</sup>,16), qarqara قَرَا قَاب қап-қара (9<sup>a</sup>,13); Teŋgiri (Teŋiri) تَنْكِرِي Алла, Тәңірі (2<sup>a</sup>,7); Saŋım سَانِم Жаным – кісі есімі (18<sup>b</sup>,5); čekirge كَچِرْكَ шегіртке (8<sup>a</sup>,2); dost دُوسْت дос, жолдас (14<sup>a</sup>,8); rast رَسْت рас, тура (3<sup>b</sup>,8), quru incir اِنْجِير қурұа кептірілген інжір (6<sup>b</sup>,13); zurna زُرْنَا зурнай, керней (11<sup>b</sup>,4); siŋir سِنْكِر сінір (13<sup>b</sup>,10); šibin شِبِن шыбын (9<sup>b</sup>,8); sağ صَاغ оңтүстік; оң жақ (4<sup>b</sup>,12); qan قَان қан (13<sup>b</sup>,4); kör(i)k كُوفْكَ мамықты ит (7<sup>b</sup>,11); Gūharbay كُھَارْ بَاي Гүһарбай – кісі есімі (19<sup>a</sup>,1); legün لَكُون леген, үлкен ыдыс, бочка (11<sup>a</sup>,4); mindim مِندِم міндім (23<sup>a</sup>,14); naqare نَقَارَه нығыра, нағара (11<sup>b</sup>,4); yanaq يَنَاق иектің төменгі жағы, тамақ (13<sup>b</sup>,12), yarıçıq يَنْجِق қалта-құлта, дорба (12<sup>b</sup>,4); tulquq تُلْقُوق тұлып (8<sup>b</sup>,16) және т.б.

**Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі.** Мәмлүк қыпшақтары тілінде 8 дауысты дыбыс қолданылған. Бұл тілді арнайы зерттеп мақала жазған О. Прицак оларды былай деп көрсетеді: **a** мен **ä**, **o** мен **y**, **ö** мен **ү**, **ы** мен **i** [1, б. 78]. Осы автор қыпшақ тілдес армяндардың тілінде де 8 дауысты дыбыс бар деп көрсетеді: **a**, **e**, **o**, **ö**, **y**, **ү**, **ы**, **i** [1, б. 82]. Бұл пікірді академик К. Мұсаев та қолдайды: «Ортағасырлық қыпшақ ескерткіштері мен қазіргі заман түркі тілдерінің салыстырмалы талдау базасында мәмлүк қыпшақ тілінде 8 дауысты фонеманың құрылысын жасап шығуға болады» деп жазады [223, б. 48]. Н.А. Кононов VII–IX ғасырлардағы ежелгі түркі ескерткіштерінде жіңішке, ашық **ə** фонемасының болғандығын айтады [224, б. 60]. Профессор Н.В. Юшманов, Е.Ф. Поливанов және т.б. ғалымдардың пікірі бойынша **ə** фонемасы шығыс тілдерінің әсерінен пайда болды дейді. Сол түркі жазба дәстүріне көп әсер еткен шығыс тілдерінің бірі – араб тілінде **ə** фонемасы жоқ. **Ə** фонемасының орта ғасыр ескерткіштерінің тілінде жиі қолданылуы оның түркілік төл дыбыс екенін, ежелгі түркі тіліндегі **a** дыбысының аллафоны бола жүріп, орта ғасырларда жеке фонема болып қалыптасқанын дәлелдейді – деп жазады [225, б. 76].

Академик К. Кеңесбаев та «**ə** даусты дыбысы қазақ тілінде кейін пайда болған, ол шығыс тілдері әсерінен енген» дейді [226, б. 21]. Фонетика саласының ірі маманы Ж. Аралбаев «Мүмкін, **ə** әуелі **a**-ның жіңішке фонетикалық варианты есебіне жүрген болуы керек» деген болатын [227, б. 33].

Қазіргі қазақ тілінің фонетикасын зерттеуші ғалым С. Мырзабеков «қазақ тілінде сирек кездеседі» деу де жазуға негізделген біржақты пікір. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде (реестр) кірген 67 мың сөз бар десек,

соның 19 проценті дауыстылардан басталады. Соның ішінде ә әрпінен басталатын сөздердің саны – 870. Бұл жағынан **а** (4440 сөз), **е** (2249) болмаса, қалған дауыстылар бір-біріне қарайлас» [23, б. 23]. «Орфографияға сәйкес ә әрпі барлығы 2,5 мыңдай сөздің бірінші буынында кездеседі. Осының өзі-ақ оның кірме еместігін байқатады» дейді [215, б. 23].

Тілші ғалым Ж.А. Аралбаев «түркі вокализмінің дамуын үш кезеңге бөледі. Олар: көне түркілік, орта түркілік, жаңа түркілік кезеңдер. Көне түркі кезеңінде тек үш қана дауысты фонемалар болды: **а, у, ы**. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 2 томдығында 50%-дан астам сөз осы дауыстылардың барлық үш сатысы бойынша құралған. Орта түркі кезең **ү, е, і** дауыстыларының пайда болуымен ерекшеленеді. Қазақ тілінің сөздігінде **ү, е, і** дауыстылары 30% қамтиды. Осылайша, орта түркі кезеңде түркі дауыстыларының классикалық «сегіздігі» пайда болады: **а – е, ы – і, ұ – ү, о – ө. Ә** дауыстысы қазақ тілі дамыған тұста пайда болды (әдет, әдебиет, мәдениет, әсем, әскер, дәурен және т.б.). Бұл сөздер негізінен араб-иран тілдерінен енген» деген пікір айтқан болатын [228, б. 221-224].

Ал қыпшақтанушы ғалым М. Сабыр: «**ә** фонемасы көне түркі тіліндегі дауысты дыбыстармен салыстырғанда көзге оқшау көрінеді. Орта ғасырлардың алғашқы кезеңіндегі жазбаларда мұндай фонема ұшырамағанмен XIV ғасырда жиі қолданыла бастаған. Түркітануда **ә** фонемасы түркі тілдерінің бірсыпырасында шығыс тілдерінің әсерінен қалыптасты дейтін пікір орныққан. [...] Қазақ тілінде **ә** дыбысы барлық позицияда қолданылады» деп ой айтады [229, б. 11].

С. Боранбаев: «**әдетте, оны біз шығыс тілдерінен ауысқан элемент деп есептейміз**» деп ескертеді [24, б. 21]. Араб әліпбиінде **а, ә, е**, дыбыстары бір ғана таңбамен берілгендіктен «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткіші тіліндегі түркі сөздерінде **ә** дыбысының айтылып, айтылмағандығын кесіп айту қиын. Алайда тоғызыншы **ә** дыбысы араб сөздері құрамында айтылған деп есептейміз. Ескі қыпшақ жәдігерліктерінде дауыссыз дыбыстардан тұратын сөз түбірінің үстіне және астына «харакат»<sup>14</sup> белгілерінің қойылуы арқылы және «алиф», «йай» әріптерінің көмегімен **а, е, (й), ы, і, о, ө, у, ү** сияқты дауысты дыбыстардың мағынасы берілген. Мұның ішінде ашық дауысты **а, е** – «фатха», қысаң дауысты дыбыстар **ы, і (й)** – «каса», ал ерін дауысты **о, ө, у, ү** дыбыстары «дамма» «харакаттарымен» белгіленген. Араб әліпбиіндегі үш әріп «алиф», «йай», «һа» ескі қыпшақ тіліндегі **а, е, (й), ы, і** дауысты дыбыстарының графикалық белгілері ретінде қолданылған [230, б. 381].

**А** тіл арты жуан дауысты дыбысының графикалық берілу ерекшелігі мен емлесі және түбір сөз құрамында жұмсалуды «Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткіші тілінде бірнеше амалдармен берілген. Оларды жинақтай көрсетсек мынадай жүйе барлығы байқалады:

1) араб әліпбиіндегі диакритикалық таңба «фатха» арқылы (Бұл таңба араб графикасында қысқа дауысты **а** дыбысын белгілеу үшін қолданылады, таңба

<sup>14</sup> Араб тіліндегі қысқа дауыстыларды таңбалайтын белгі.

дауыссыз дыбысты белгілейтін әріптің үстіне қойылады): bile بِلَّة -мен; бірге (3<sup>b</sup>,10), samqa جَمَقًا шатыр қазығы (9<sup>a</sup>,2) және т.б;

2) араб әліпбиінде созылыңқы дауысты **а** дыбысын белгілеу үшін қолданылатын «алиф» әрпінің таңбасы мен «фатха» таңбасының қатар қолданылуы арқылы (Араб тілі фонетикасында «алиф» пен «фатха»-ның қатар қолданылуы созылыңқы **ā** дыбысының көрсеткіші болып табылады, ал екінші буыннан ары қарай екпін көрсеткіші қызметін қоса атқарады): boğaz بُغَاز бұғақ, кеңірдек (13<sup>a</sup>,8), buğday بُغْدَاي бидай (6<sup>a</sup>,9), bulaca بُلَاجَا бұла шұбар (9<sup>a</sup>,9), bulamaç بُلَمَاج быламық, ұннан жасалған сорпа (6<sup>b</sup>,3) және т.б;

3) араб әліпбиіндегі «хамза» <sup>15</sup>таңбасы қойылған «алиф» арқылы: ağaç اَغَاج ағаш шанақ (10<sup>b</sup>,8) және т.б;

4) «фатхалы хамзаның» «тилдалы алифтің» алдына қойылуы арқылы: aşı اَشِي ашы су; тұзды су (4<sup>b</sup>,2), alşaq اَلشَّاق биік емес алшақ және т.б.

«Алифтің» немесе «алиф мақсураның»<sup>16</sup> үстіне қойылатын «тилда» диакритикалық таңбасы араб грамматикасында «тилда» қойылатын буындағы дауысты дыбыстың ашық, әуезді дыбысталатынын білдіреді.

5) бірнеше диакритикалық таңбалардың қатар қолданылуы арқылы, мысалы: alın اَلْنُ маңдай (13<sup>a</sup>,4) – бұл лексеманың орфограммасына «фатха» қойылған» «уаслалы<sup>17</sup> хамза» пайдаланылған. Жазба ескерткіш тілінде кездесетін мынадай орфограммаларды да осы қатарға жатқызамыз: alur<sup>18</sup> sen اَلرْسَا аларсың (20<sup>a</sup>,15).

Жалпы араб жазуында орындалған ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде **а** дыбысының мынадай орфограммалық жазылу үлгілері кездесетіні белгілі:

1) «алиф» арқылы: biraz بِرَاز «біраз» (23,4), sışqan صِشْقَانُ «тышқан» (5,16);

2) «фатха» арқылы: qar qara قَرَبُ قَرَا «қап-қара» (5,9);

3) «алиф» пен «фатха» қатар қолданылу арқылы: barşa بَرَشَا барша (40,6);

4) «фатха» мен «ha» қатар қолданылу арқылы: olturma اَلطَّرْمَةُ «отырма» (13,1);

5) «ha» әріпі арқылы: boza بوزَه «боза, сусын» (63,5), qurma قُرْمَه «құрма» (63,9) [231, б. 27].

Бұл қатардағы орфограммалық үлгілердің ішінде **а** дыбысының «кей-hauc» (ه) әрпі арқылы берілетін түрі қаралып отырған жазба ескерткіш мәтінінде мүлдем кездеспейді. Жалпы алғанда жоғарыда көрсетілген кейбір орфограммалық ерекшеліктер болмаса, жазба ескерткіште **а** дыбысының ескі қыпшақ немесе түркі тілдеріндегі негізгі фонетикалық сапасынан ажыратарлықтай ерекшеліктер байқалмайды.

**Е** тіл арты жіңішке дауысты дыбысының графикалық берілу ерекшелігі мен емлесі және түбір сөз құрамында жұмсалуды қолжазба тілінде бірнеше амалдармен берілген. **Е** дауысты дыбысын көне түркі жазба ескерткіштерін

<sup>15</sup> Хамза – сөз басында екі дауыссыз дыбыс қатар келгенде олардың жеңіл айтылуына жағдай жасайтын көмекші буын (дыбыстық белгі).

<sup>16</sup> Сөз аяғында **ي** түрінде жазылып, созылыңқы **а** болып оқылатын бұрмаланған алиф.

<sup>17</sup> Уасла – дауыссыз дыбысқа аяқталған сөз өзінен кейінгі сөзбен қосылып айтылғанда алиф тірек әрпінің үстіне жазылатын белгі.

<sup>18</sup> Профессор Режеп Топарлы бұл лексеманы **alur** түрінде қате транскрипциялаған.

оқып, зерттеушілер кейбір тұстарда ә деп оқыған. Профессор Н.В. Юшманов Н.А. Кононовтың еңбегіндегі [232] **ä** харпін ә деп оқиды [225, б. 60], оны К. Мұсаев е деп таныған [223, б. 53]. Бар мәселе – осында (оны е деп оқу керек сияқты) академик К. Мұсаев айтады: «...**ä** фонемасы түркі тілдерінің басқа тілдермен, атап айтқанда, иран тілдерімен байланыстары нәтижесінде пайда болды деп түсінуге болады. [...] Ортаиран тілінен түркі тіліне, әуелі – дыбыс, сосын **ä** фонемасы көшкен сияқты, бұл вокализм жүйесінің ажырамас бөлігі» [223, б. 49]. Одан әрі былай деп жазады: «... руникалық ескерткіштер, сондай-ақ, ертетүркі және ертеқыпшақ тілдерінде түркі вокализмінің түзілім жүйесінде классикалық сегіз дауысты фонеманың болғандығын айтуға болады: **а, е, о, ө, у, і, ы, й**. Тогызыншы **ä** фонемасының пайда болуы біздің дәуіріміздің II ғасырынан бұрын емес. Сондықтан да, руникалық ескерткіштерде осы күнге дейін **ä** деп транскрипцияланғандардың барлығын **е-мен берген жөн»** [223, б. 53].

«Языки мира» кітабының авторлары да: «Половец тілінде **ä** кездескен жоқ» деп жазған болатын [233, б. III]. Қазіргі түркология әлеміндегі осы соңғы автордың жаңадан айтқан пікірін біз де қолдауға тиістіміз ғой деп ойлаймыз. «Ал, **е** фонемасының алдынан әнтек **й** айтылады. Ә. Жүнісбеков **е-нің й және і** дыбыстарының қосындысынан (**йі**) тұратынын (**й – 40, і – 60 процент** болатынын) экспериментті жолмен анықтаған» [24, б. 27].

Жазба ескерткіш туралы алғашқы болып зерттеу жұмысын жүргізген А. Зайончковский **а** және **е** дыбыстарын **а (ä)**, **ä** таңбалары арқылы транскрипциялаған [193, б. 48]. Мұндағы **ä** таңбасы арқылы берілген дыбысты, біз **е** графемасы арқылы бердік, қараңыз: bädänä||bedene بَدَنَةٌ бөдене (12<sup>а</sup>,8) және т.б [193, б. 56, 59].

Қолжазба тіліндегі **е** дыбысына қатысты ерекшеліктердің бірі – «ташдид» және «тилда» белгілерінің қолданылуы болып табылады: sen سَنْ сен (20<sup>а</sup>,6), sen سَنْ сен (20<sup>б</sup>,4; 21<sup>б</sup>,2,6), seni سَنِي сені (19<sup>б</sup>,8). Қаралып отырған жіктеу есімдігінің II жақ формасы орфограммалық тұрғыдан алғанда екі түрлі берілген. Алғашқы вариантында **е** дыбысы «ташдид» арқылы еселенген «син» әрпінің үстіне жазылған. Бұл жағдайда сілтеу есімдігі сен || (і) сен тұлғасында транскрипциялауды қажет етеді. Соңғы варианттағы орфограмма арқылы берілген жіктеу есімдігінде **е** дыбысын білдіретін «фатханың» үстіне қойылған «тилданың» ешқандай мағыналық жүгі жоқ, дегенмен «тилда» бұл жағдайда дауысты **е** дыбысына түсетін екпінді көрсетеді деп білеміз, қар.: sén سَنْ «сен» (20<sup>б</sup>,4; 21<sup>б</sup>,2,6), séni سَنِي «сені» (19<sup>б</sup>,8). Қолжазба тілінде байқалатын бұл ерекшелік туралы ешбір ғалым осы уақытқа дейін сөз еткен емес.

**Ы (И)** тіл арты және **І (И)** тіл алды дыбыстарының графикасы, емлесі жөнінде сөз етсек. «Қазіргі қазақ тіліндегі **Ы** тарихи жағынан бірде **а** дыбысының тарихи баламасы болса (мысалы: тырт – тарт, ындығ – андағ), бірде делабилизация (еріндіктің езулікке айналуы) процесінің нәтижесі болып шығады. Мысалы, турна – тұрна – тырна т.б.» дейді М. Сабыр [229, б. 12]. Сондай-ақ, «қысаң **ы, і** фонемалары көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі. Орфоэпиялық сөздіктерде олар тіпті түсіріліп (шартты белгімен)

жазылады: дәр`гер, қат`нас, тәж`рибе, аң`зақ, ад`раңдау және т.б. [...] Жалғанатын қосымша дауысты болса, немесе дауыстыдан басталса, кейбір сөздердің екінші буынындағы **ы, і** мүлде (айтуда да, жазуда да) түсіп қалады: халық – халқы, қарын – қарны және т.б.» [24, б. 27]. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған «Әл-Қауанин» жазба ескерткішін зерттеген С.Ж. Дүйсен **ы** және **і** дауыстыларының бірнеше түрлі орфограммалық варианты болғандығын көрсетеді:

1) «касра» белгісі: قِلْجِن qılıcın «қылыш» – таб. сеп., طَبْطُ tapṭı «тапты, табу».

2) «йай» әріпі: يَطْقَالِي بَرِي yatqalı berī «жатқалы бері, ұйқыға жатқалы бері».

3) «касра» белгісі мен «иаи» әріпінің қатар қолданылуы арқылы: طُرْبُطُرْ بِى by turbuturdı «би тоқтап тұрды».

Тіл алды жіңішке **і** дауысты дыбысы үшін:

1) «касра» белгісі: سَوْنُ söznü «сөзді».

2) «йай» әріпі: كَلِيرُ kelir «келу, келер».

3) «касра» белгісі мен «йай» әріпінің қатар қолданылуы арқылы: ادى ydi «болды, болу» [231, б. 30].

«Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінде **ы** және **і** дыбыстары былай берілген: šeri شَرِي «әскер» (11<sup>a</sup>,15), šiš شَيْش «айналдырма» (вертел) (11<sup>a</sup>,4), süngi سُنْجِي «сүңгі» (11<sup>a</sup>,11) және т.б. Соңғы сөз тіркесіне қарағанда араб әліпбиіндегі «иаи» (ي) таңбасы бұл жазба ескерткіште **ы** және **і** дыбыстарын белгілеу үшін қолданылмаған, тек қана осы дыбыстарды білдіретін «касра» көмекші белгісін қоятын араб жазуы дәстүріндегі көрсеткіші ретінде, сондай-ақ, ескі қыпшақ тіліндегі **й** дыбысының жеке таңбасы ретінде қолданылған. Бұл ретте **ы** және **і** дыбыстары сөз басында, ортасында келсе «иаи» әрпі «фатхамен», сөз соңында келсе «сукунмен жазылған. **Ы** және **і** дыбыстарының мұндай түрде берілуі өзгедей ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде аздап та болса кездеседі, мысалы: ijzš يِيش «жеп-ішу» (108,19), ijzür يِيزُ «жер, жей жатар» (111, 9), ijkirminčī يِكْرِمِنْجِي «жиырмасыншы» (144,5).

**О (O), ө (ö), у (ū - ұ), ү (ü)** ерін дауысты дыбыстарының графикасы және емлесінің қолжазбадағы көрінісі негізінен басқа ескерткіштердегілермен көп жерінде бірдей болып келеді.

Ашық, жуан дауысты **о, у** және жіңішке дауысты **ө, ү** дыбыстары қолжазба мәтінінде араб әліпбиіндегі «дамма» диакритикалық белгісі арқылы берілген; аталмыш дыбыстардың араб графикасы арқылы берілуінде бірқатар позициялық айырмашылықтар байқалады.

Ашық, жуан **О** дыбысы сөз басында: ot اَوْتُ «жердің оты, жайылым шөбі; шөп» (5<sup>a</sup>,9), ošaq اَوْجَاقُ «ошақ» (11<sup>a</sup>,2) және т.б. түрлерде берілген. Ашық, жуан дауысты **о** дыбысының сөз басындағы орфограммасы «хамза», «дамма», «алиф», «уау» және «сукун» таңбаларының орфограммалық жиынтығы арқылы берілген. Мұндағы «хамза», «алиф», «уау» және «сукун» таңбалары оқылмайды. Бұл қатардағы «хамза» таңбасының атқаратын қызметі туралы мынадай болжам ұсынамыз: otuz және ošaq және т.б. **о** дыбысының алғашқы ашық буындағы айтылуында, дыбысталуында осы жазба ескерткіштің жазылу дәуірінде белгілі бір дәрежеде фонологиялық ерекшелік болған. Бұл

фонологиялық ерекшелік: 1) екпіннің **o** дыбысымен айтылатын алғашқы ашық буынға түсуінде немесе ескі мәмлүк қыпшақтары тілінде 2) **o** және **ұ** дыбыстарының арасындағы жеке дыбыстарға дифференциялану құбылысын байқатады. Мысалы жазба ескерткіш тілінде кездесіп отырған otuz және oсақ лексемалары көне түркі жазба ескерткіштерінде otuz, Махмуд Қашғарида otciq [234, б. 373-374] тұлғаларында қолданылғандығы байқалады. Бұл мәліметтерге қарағанда oсақ және otciq лексемалары түбірлерінің арасындағы тарихи байланыс өте ежелгі дәуірлерде жатыр.

**O** дауысты дыбысы мәтінде берілуінің екінші бір түрі «дамма» диакритикалық белгісі арқылы орындалған: boldı **بُلْضِي** «болды, болу» (4<sup>b</sup>,16), hōgoz **جُرُوزُ** «қораз» (12<sup>a</sup>,2). Мұндай жағдайда өзгедей қыпшақ жазба ескерткіштерінде **o** дауысты дыбысының түбір (жай, шартты таңбалық) орфограммасы болып табылатын «уау» әрпі оқылмайды, транскрипцияланбайды.

**У (Ў)** – қысаң, жуан, еріндік дыбысы сөз басында және ортасында: turp **تُرْبُ** «шалқан» (7<sup>a</sup>,4), tutı **طُطِي** «тұтқын» (21<sup>a</sup>,10) және т.б. түрлерде кездеседі. Жазба ескерткіш тілінде **y** дыбысының **طُوزُ** **tuz** орфограммасындағы «уау» әрпі оқылмайды, транскрипцияланбайды.

Бұл қатарда келтірілген лексемалар орфограммаларының құрамындағы «дамма» (◌<sup>◌</sup>) диакритикалық белгісін, оның «уау» (و) әрпі таңбасымен қосыла берілуін қазақ тіліндегі жуан, еріндік, қысаң **ұ** дауысты дыбысы деп тануға болады. Жазба ескерткіш материалдарында кездесетін мынадай лексемалық тұлғалар осы қатарға жатқызылады: ünütma **أُنُوطْمَهْ** ұмытпа! (22<sup>a</sup>,4), ūsta **أُوصَطَا** ұста (17<sup>b</sup>,13), ūstūra **أُسْتُرَهْ** ұстара (10<sup>a</sup>,6), ūzūn **أُوزُونُ** ұзын (5<sup>a</sup>,2).

Осы лексемалардың қатарындағы **ūlū** **أُولُوا** үлкен, ұлы, зор (3<sup>a</sup>,4) түбірі ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің бірқатарында кездесіп отырады. Бұл түбірді **ū** + **lū** және **ūl** + **ū** формаларында салыстыра қарасақ, екінші формасында заттанған, номинативтік атау сөз екендігі анық. Бұл ерекшелік **ұ** фонемасы арқылы, оның заттану, яғни субстантивтендіру қабілетіне байланысты. Қазіргі қазақ тіліндегі «Жүсіптің ұлы» және «Ұлы – кісі» сөз тіркесі мен жалаң жай сөйлем құрамына салыстыра қарағанда, жай сөйлем құрамындағы **ұ** (**ы**) дыбысында грамматикалық мағына жоқ екендігі байқалады: ұлы, ұлықсу // ұлұ, ұлұксұ [235, б. 237].

**Ұ** дауысты дыбысына, оның айтылымына қатысты қазақ тіліндегі ерекшеліктер жазба ескерткіш тілінен келтіріліп отырған жоғарыдағы мысалдардан айқын көрінеді. Бұл **ұ** дыбысының кейінгі орта ғасырларда алдымен ескі қыпшақ тілі фонологиясы құрамында, сонымен шамалас дәуірдегі ескі қазақ тілі фонологиясында өз алдына жеке дыбыс ретінде дифференцияланып, **y** дифтонгоиды құрамынан өз алдына ажырай бастағандығын көрсетеді.

Қысаң, жіңішке, еріндік **Ү** дауысты дыбысы жазба ескерткіш тілінде буын жүйесінде мынадай орындарда қолданылады: üç **أُوجُ** үш (14<sup>b</sup>,11), sü + rük **سُرُوكُ** сақтияң жайма (10<sup>b</sup>,12), šü + rük **شُرُوكُ** шірік; жарамсыз (4<sup>b</sup>,8), бүг + rük **بُجُرُوكُ**

бүйрек (13<sup>b</sup>,2), bi + le + zük بِلَزُكُк білезік (12<sup>b</sup>,6), bi + le + gü بِلْگُوا білегі (10<sup>a</sup>,6) және т.б.

Жоғарыдағы **о, ө, у (ү), ү** дауысты дыбыстары жазба ескерткіште 1) «дамма», 2) «дамма» және «уау» арқылы берілген.

Қорыта келгенде, қыпшақ тілінде 8 толық дауысты, 2 жартылай дауысты дыбыс бар. Толық дауысты дыбыстар айтылу ерекшелігі жағынан «созылыңқы дауысты дыбыстар» және «жалаң дауысты дыбыстар» болып екіге бөлінеді. Созылыңқы дауысты дыбыстар сөздің фонетикалық құрамына әсер еткенмен, оның лексикалық мағынасын өзгерте алмайды. Дифтонгоид дыбыстар да солай. Ылғи жұптаса жүріп кейбір дауыстылар «қос дыбыс» құрайды. Бірақ олардың да сөз мағынасын өзгертуге қабілеті жетпейді. Олардың тіркесі – тек қана механикалық тіркес. Дауысты дыбыстар бірі мен бірі алмасып та отырады. Оның өзі екі түрлі себепке негізделген. Бірі – тарихи себеп те, екіншісі үндестік заңымен байланысты [236, б. 121].

**Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі.** Қыпшақ тіліндегі консон 22 толық дауыссыз дыбыс бар [220, б. 125]. Алғашқы зерттеулерде түркілер тілі дыбыс жүйесі туралы, қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасы туралы бірізді пікір де, қазақша терминдер де жасалған жоқ. Қазақ тілі дыбыс жүйесінің белгілі бір мәселесі бойынша арнайы зерттеу жүргізілгендіктен орыс түркологтары еңбектерінде фонетика таза практикалық мақсатта болды. Сондықтан олардың зерттеулері қазақ тілі дыбыс жүйесі жөніндегі алғашқы мәлімет деңгейінде ғана еді. Оны төмендегі шолуымыздан байқауға толық болады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөнінде алғашқы мәліметті Н.И. Ильминскийдің 1860 жылы Қазан қаласында шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінен кездестіре аламыз. Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа жіктеп, дауыстылардың сегіз түрін (**а-ä, е, ы, і, о-ö, у-ү**), дауыссыздардың он тоғыз түрін (**п, м, w; т, д, н; ж, з, ш, с; р, л, j; k̄, ğ, к, г, ң**) атап өтеді (дыбыстарды өзара артикуляциялық жуықтығына қарай жіктеп көрсеткен). Дауыссыз дыбыстардың құрамында **дж, ч** аффрикаттары мен **Һ** спиранты кездеспейді. Шамасы, Н.И. Ильминскийдің еңбегі батыс қазақтарының тіл материалдары негізінде жазылса керек. Еңбекте кейбір дыбыстардың артикуляциясы, комбинаторлық жағынан алмасуы (**б-м, н-д-т, н-н, к-г**, т.б.), қолдану ерекшелігі және екпін жайынан қысқаша мәлімет берілген [237].

Түркі тілдерінің фонетика мәселесін зерттеу жайында В. Радловтың сіңірген еңбегі аса зор. В. Радлов тұңғыш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жасап, онда қазақ фонетикасының едәуір мәселесін сөз етті. Түркі тілдері фонетикасының сан алуан мәселелерін лингвистиканың сол кездегі компаративистика бағыты бойынша түсіндіреді. Консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын атап, дауыссыздарды қатаң (**q, k, t, p, s, š**), ұяң (**γ, g, d, b, z, ž**), үнді (**n, m, ŋ, r, l, I**) және аралық немесе жарты дауысты (**w, j**) деп төрт түрлі акустика-артикуляциялық топқа жіктеген [221].

Қазақ фонетика мәселелерін арнаулы жүйеге салып зерттеу кезеңі профессор Құдайберген Жұбановтан басталады. Қ. Жұбанов қазақ лингвистикасының іргетасын қалаушылардың бірі болды. Ол қазақ фонетикасының бір топ мәселелері (атап айтқанда – тіл дыбыстарының фонологиясы мен жіктелуі, дыбыстардың өзгеру құбылысы, үндестік заңы, сөздің буын құрылысы және акцентуация саласы) жөнінде зерттеу жүргізіп, олар туралы белгілі шешімге келеді. Қ. Жұбанов сонор дыбыстардан бөлек дауыссыздарды үнді (ұяң дыбыстар) және үнсіз (қатаң дыбыстар) дыбыстар деп те бөлген, оларды егіз жұбайлас дыбыстар деп атайды (мәселен, **қ-ғ, к-г, ш-ж, с-з, т-д, п-б**). Дауыссыздарды созылып-созылмай айтылуына қарап үздікті (**п-б, т-д, қ-ғ, к-г**) және үздіксіз (**с-з, ш-ж**) деп жіктейді. Үздікті дауыссыздар үздік-үздік шығады. Салдыр дауыссыздар жасалу орнына қарай көмей (**қ, к, ғ, г**), ерін (**п, б**) және тіс (**т, с, ш, д, ж, з**) дыбыстары болып үш түрлі артикуляциялық топқа жіктелген. Үздікті дыбыстар жасалу түріне қарай жабысыңқы (екі дыбыстау мүшесінің бір-біріне жабысуымен жасалатын) және жуысыңқы (екі дыбыстау мүшесінің бір-біріне жабыспай тек жуысуынан туатын) болып аталады.

Жуысыңқы дыбыстар да дыбысталу түріне қарай өзара сыбыр (**с, з**) және сыбыс (**ш, ж**) болып жіктелген (жай акустикалық қасиетіне қарай). Сонор дыбыстарды дауыссыздардан өзге үні мен салдыры тең дыбыстар деп түсінеді. Сонорлар тура жолды (**у, й**) және айналмалы жолды (**р, л, м, н, ң**) болып екіге жіктелген. Айналмалы жолды сонор дыбыстардың да екі түрі бар: бірі мұрын жолды (**м, н, ң**) екіншісі ауыз жолды (**л, р**). Сонорлар жасалу орны мен жасалу жолы жағынан қысқаша түрде баяндалады. Қ. Жұбанов қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін жасап, фонетикаға елеулі үлес қосты [238, б. 169].

Қазақ фонетикасының белді бір даму кезеңі академик І. Кеңесбаевтың атымен байланысты. Дауыссыз дыбыстарға қатысты ойларын қарастырсақ. Қазақ консонантизмі 25 дауыссыз фонемадан құралатыны, олардың акустика-артикулярлық ерекшелігі, орыс тілі арқылы ауысқан **в, ф, х, ч, ц** дыбыстарының фонема сапасына өте бастауы және дауыссыз фонемалардың дистрибуциялық сыры, комбинаторлық жолмен алмасып отыруы тым тәуір айқындалған. Дауыссыз фонемалар үш түрлі жолмен жіктеліп көрсетілген: 1) дауыс пен салдырдың қатысына қарай, 2) жасалу орнына қарай, 3) жасалу жолына қарай [239].

Түркітанушы ғалым М. Томанов: *«қазіргі түркі тілдерінде барлық тілдерге ортақ болып келетін 23-25 дауыссыз фонема бар деп есептеуге болады»* дейді. Ары қарай басқа түркі тілдері мен қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарының сандық айырмашлығын айта келе, олар бір тілде көп, бір тілде аз болатынын айтады. Консонанттардың әр тілде әр түрлі болатыны *«жалпы түркілік дауыссыздардың бірі белгілі бір тілде сақталмаған, ізі жоқ деген қорытынды шықпауға тиіс»* деп ескертеді. *«Түркі тілдері арасындағы дыбыс сәйкестіктерін ескерсек, белгілі бір дыбыстардың кейде конвергенция, не дивергенция құбылыстарына ұшырағандығын көруге болады. Соның*



салдарынан бір тілде екінші бір тілдегі екі дауыссыз бір ғана дыбысқа ұласуы байқалады» дейді [240, б. 67].

«Түркітануға кіріспе» оқу құралының авторлары мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған «Ат-тухфа» жазба ескерткішінің бірінші бөлімі фонетика саласына арналғанын айта келе: «мысалы, автор қыпшақ тілінде 23 дыбыс бар, оның он тоғыз негізгі дыбыс деп аталады. Олар: **а, б, т, ж, р, з, с, җ, м, ғ, к, қ, л, м, н, х, в, и**; бұлардың төртеуі қайталану негізінде жасалынған: **б** дыбысы **ф** дыбысымен араласқан (яғни **п**), **ж** дыбысы **ш** дыбысымен араласқан (яғни **ч**), **к** (**г**) дыбысы мұрындық **н** дыбысымен араласқан (яғни **ң**). Бұлардың артикуляциясы көмейден басталады да, мұрынның ұшында бітеді делінген. Қолжазбада қыпшақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне байланысты арнайы белгілер де қойылған» дейді [241, б. 22].

Мәмлүк қыпшақтары тілінің ең көрнекті мұрасы Әбу Хаййан «...түркі тіліндегі дыбыстардың саны 23...» – екендігін ескере отырып, олардың фонетикалық қатарын былай көрсетеді: *hamza* (ء), **b** (ب), **p** (پ), **t** (ت), **c** (ج), **č** (چ), **d** (د), **r** (ر), **z** (ز), **s** (س), **š** (ش), **š** (ص), **t** (ط), **ğ** (غ), **q** (ق), **k** (ك), **g** (گ), **l** (ل), **m** (م), **n** (ن), **ŋ** (ن), **u**||**ü** (و), **j**||**y**||**ij** (ي).

Әбу Хаййан бұлардың ішінде **p** (ب), **č** (چ), **k** (ك) графемалары білдіретін дауыссыз дыбыстарды «таза емес, қоспалы» (*әл-машуубату*) деп көрсетсе, **g** (گ) таңбасы білдіретін дыбысты «бадауилердің **г** дыбысы сияқты», ал **ŋ** (ن) дыбысын «мұрын жолды **нун**» деп атаған. Мәмлүк қыпшақтары тілі туралы жазылған жазба ескерткішерде эмфатикалық «та» (ط) дыбысы бұл қатарға енбейді, тек ескі қыпшақ тіліне енген кірме араб сөздерінде қолданылады деп көрсетіледі, ал шұғыл, көмейлік «хамза» (ء) дыбысы деп аталынған дыбыстың фонологиялық табиғаты әлі айқындалған жоқ. Сондықтан жазба ескерткіш тілінде аталып отырған екі дыбыстан басқа, 21 дауыссыз дыбыс қолданылған дейміз [141, б. 10].

Әбу Хаййан бұл дыбыстардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ешқандай классификация жасамаған. Дегенмен, көрсетіліп отырған дыбыстар қатары «Әл-Қауанин» жазба ескерткішінің фонологиялық жүйесіне толығымен сәйкес келеді, оның мәтініндегі ескіқыпшақ тілінде 28 фонема, 21 графикалық таңба болған: 1) «таза» дыбыстар: **b, t, s, r, z, q, l, m, n, u, y**; 2) «таза емес» дыбыстар: **p, c, s, z, č, (š)**; 3) «аралық» дыбыс: **ğ**; 4) «көмескілеу» дыбыс: **g**; 4) «мұрын жолды» дыбыс: **n**; [231, б. 12].

Демек, араб тіліндегі **x** (خ), **f** (ف) дыбыстары арқылы айтылатын сөз-дердің барлығын Әбу Хаййан ескі қыпшақ тіліне жат сөздер деп есептеген, «әл-Қауанин» жазба ескерткішінің есімі белгісіз авторы да осы пікірді қуаттаған [231, б. 12-13].

Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тілін зерттеген еңбегінде М. Сабыр: «Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болса, орта ғасырда дауыссыздар қатары толысқаны байқалады. Аталмыш ескерткіште 25 дауыссыз дыбыс бар» дейді [229, б. 15].

XV ғасырда Мәмлүк қыпшақтары тіліне аударылған Әбу Ләйс әс-Самарқандидің «Китаб Муқаддима» жазба ескерткішінде 24 дауыссыз дыбыс

бар. Жасалу органдарының қатысына қарай: ерін дауыссыздары: **б, п, м**; тіс пен ерін дауыссыздары: **в, ф**, тіс дауыссыздары: **т, д, с, з**; тіл ұшы дауыссыздары: **ч, л, н**; тіл алды дауыссыздары: **ш, дж, р, й**; тіл ортасы дауыссыздары: **к, г**; тіл арты дауыссыздары: **қ, х, г, ң**; көмей дауыссыздары: **һ, `айн**. Дауыс қатысына қарай дауыссыз дыбыстар қатаң және ұяң болып жіктеледі. Олардың арасындағы негізгі белгі – жасалу процесінде дауыстың қатысуы. Қатаң дауыссыздар: **п, ф, т, с, ч, ш, к, қ, х, һ**; ұяң дауыссыздар: **б, м, в, д, з, л, н, дж, р, й, г, г, ң, `айн** [242, б. 8].

«Ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішінде 22 дауыссыз дыбыс бар. Олар **b** (ب), **p** (پ, ف, ب), **t** (ت, ط), **c** (ج), **č** (ج, چ), **h** (ح), **d** (د, ض), **r** (ر), **z** (ز, ظ), **s** (س, ص), **š** (ش), **ğ** (غ), **q** (ق), **k** (ك), **g** (ك), **l** (ل), **m** (م), **n** (ن), **ŋ** (ن), **v** (و), **y** (ي), **u** (و).

Еріндік, ұяң (үнсіз) **б (b)** дыбысы және емлесі қолжазбада еркін жұмсалады. Ескерткіш тілінде еріндік, ұяң **б** дауыссыз дыбысы арабтың ب (b) әрпі арқылы беріледі, ескерткіш тілінің буын жүйесінде мынадай орындарда қолданылады: *باطق بامق* мамық (12<sup>b</sup>,12) және т.б.

Түркі тілдерінде сөз басында **п, б** парының қолданылуы сәл өзгеше. Сөз басында **п** қатаң дыбысын айтатын тілдер тобына хакас, шор, тува, чуваш тілдері ғана жатады. Бұл дыбысты жүйелі емес, эпизодтық ыңғайда басқа да түркі тілдері қолданады. Мысалы, қазақ тілінде де **п** дыбысынан басталатын біраз сөздер кездеседі. Бірақ ондай сөздердің біразының дублеттері бар (яғни жарыса қолданылуы), ал едәуір көпшілігі басқа тілдерден ауысып келген сөздер болып табылады. Қазақ тілінің осы ерекшелігі түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ.

*«Сөз басында б ұяң дауыссызын айтатын тілдердің саны әлдеқайда көп. Бұл топқа оғыз тобындағы тілдермен бірге қыпшақ тобындағы тілдерді де, Сібір мен Шығысқа орналасқан тілдерді де, көне түркі, көне ұйғыр, көне қыпшақ тілдерін де, сондай-ақ, қарлұқ тобындағы тілдерді де жатқызуға болады»* [240, б. 84].

Ерін дауыссызы **б** дыбысының қолданысы жөнінде проф. М.Қ. Ескеева былай дейді: *«Көне түркі тілінде анлаут b дыбысы жиі қолданылатын фонемалар қатарына жатады. Дыбыстық тілдің генезисі тұрғысынан, алғашқы түркілердің акустикалық-артикуляциялық мүмкіндігі аясында қарастырғанда қатаң дауыссыздардың алғашқылығы жайлы гипотезалардың негізді болуы да мүмкін. [...] Орта ғасыр түркі ескерткіштері тілінде де анлаут b-ның қолданылғанын тілдік деректер толық қуаттайды»* [243, б. 38].

Ескерткіш тілінде еріндік, қатаң **п** дауыссыз дыбысы бірнеше әріп түрлері арқылы беріледі: 1) арабтың ب (b) әрпі арқылы: *parası* (*parəsi*) *پَرَسِي* теңге (3<sup>a</sup>, 4), *реунір* *بَيْر 1* сүзбе, 2) сыр (6<sup>b</sup>,5), *pül* *بُول* ақша, пұл (2<sup>b</sup>,16), *püllum* (*püllım*) *بُولُ لُم* (2<sup>b</sup>,16), *paуғамбар* (*paуғанbar*) *پَاغَامْبَار* пайғамбар (2<sup>a</sup>,7); 2) араб әліпби негізінде түзілген парсының پ (p) әрпі арқылы: *palšiq* *پَالشِق* балшық (2<sup>b</sup>,14). Бұл қатарда көрсетіліп отырған лексемалардың ішінде *pül* ақша, пұл (2<sup>b</sup>,16) сөзінің орфограммасы назар аудартады. Мұнда сөз басында қолданылып отырған **п (p)** әрпінің үстіне «ташдид», яғни бір дыбыстың қосарлана айтылу белгісі қойылған, қар.: *بُول* – сондықтан оны араб жазуының негізін сақтай отырып

транскрипцияласақ рrūl түрінде дыбыстар едік. Бірақ түркі тілдерінде, оның ішінде ескі қыпшақ тілінде сөз басындағы дауыссыздардың қосарлана дыбысталу заңдылығы жоқ болғандықтан, бұл жағдайды ауызекі тілдегі бізге белгісіз бір дыбыстау ерекшелігі деп ойлаймыз. II дауыссыз дыбысының осындай орфограмма арқылы берілуі өзгедей ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде мүлдем кездеспейді; 3) араб әліпбиіндегі **ف** (f) әрпі арқылы: perišteller (perištiller) **فَرِشْتَلَر** періштелер (2<sup>a</sup>, 9), punduq **فُونْدُق** фисташки (5<sup>a</sup>,16), purūnčci **فُرُونْجِي** нан пісіруші, бөлішке пісіруші (18<sup>a</sup>,4). Осы соңғы қарастырылып отырған лексемаларды түрік ғалымы профессор, доктор Режеп Топарлы қатаң, тіс пен ерін дауыссызы (жасалу жолына қарай ызың, жуысыңқы) **ф** дауыссыз дыбысы ретінде транскрипциялаған: ferišteller **فَرِشْتَلَر** періштелер (2<sup>a</sup>,9), ferištiller **فَرِشْتَلَر** періштелер (2<sup>a</sup>,9), funduq **فُونْدُق** фисташки (5<sup>a</sup>,16), furūničci **فُرُونْجِي** нан пісіруші, бөлішке пісіруші (18<sup>a</sup>,4) [10, б. 83-84].

Осы әріпті дыбыс транскрипциялау жөнінде мынадай пікірлер бар: «Жалпы түркі тілдерінің өзіндік табиғатында **f** дыбысы жоқ. Көне түркі, ескі түркі тілдерінің жазба жадыгерліктерінде әлдеқалай аздықтөпті мысалдардың құрамында **f** дыбысы кездесіп қалатын болса, олар кірме сөздер болып есептеледі. [...] жалпы араб фонетикасы құрылымында **п** дыбысы жоқ» [220, б. 66]. Көрсетіліп отырған лексемалар ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің барлығында **ف** (f) әрпі арқылы беріледі. Бірақ түркі тілдерінің фонологиялық, фонетикалық заңдылықтарына орай, бұл әріпті транскрипциялағанда ерін дауыссызы, қатаң **п** (p) дыбысы ретінде қабылдаймыз.

Шұғыл, қатаң **T** дауыссыз дыбысы жазба ескерткіш тілінде араб әліпбиіндегі «та» **t** (ت) және «то» **ط** әріптерінің таңбалары арқылы берілген. Эмфатикалық «**то**» дыбысының таңбасы болып табылатын әріп арқылы ескі қыпшақ сөздерінің басқы буынындағы **t** дауыссыз дыбысы көрсетілген: taban **طَبَان** табан (13<sup>b</sup>,14), taban **طَبَان** табан (тобық) (13<sup>b</sup>,8), tağ **طَاغ** тау (2<sup>b</sup>,8) және т.б.

Тіс дауыссызы **t** дыбысынан басталатын біраз сөздер қолжазбада кей кездерде **d** дыбысымен айтылатын тұстары бар. Мәселен, **t** вариантында: temür **تَمُور** темір (11<sup>a</sup>,1,3); **d** вариантында: demür **دَمُور** темір (11<sup>a</sup>,13): Бұндай көріністер көбіне оғыз тілдері тобына тән болуы керек. Бұл туралы М. Томанов былай дейді: «Түркі тілдерінің қазіргі күйі сөз басында **t** немесе **d** дыбысының айтылуы фонологиялық мән алатындығын әсте дәлелдемейді. Қазақ тілінде (әдеби тілді болсын, говорлар мен әдеби тіл арасында болсын) бір ғана сөздің әрі **t**, әрі **d** дыбысымен айтылу фактісі бар, бірақ олардың арасында мағыналық айырмашылық болып көрген емес» [240, б. 82, 84].

Тіл алды, ұян, ызың **ж** дыбысы араб тіліндегі «жим» **ج** (ج) әрпі арқылы берілген: Cānıbaу **جَانِي بَاي** Жаныбай (18<sup>b</sup>,7), Cānsever **جَان سَوَار** Жансүйер (19<sup>a</sup>,3), quıgı incir **قَرُوا اِنْجِير** кептірілген інжір (6<sup>b</sup>,13).

Ескерткіш тілінде **ж** дыбысы негізінен алғанда антропонимдер құрамында қолданылған. Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің арасында, тек осы

ескерткіш мәтінінен ескі қыпшақ тілінде **ж** дыбысының айтылғаны, қолданылғаны анық байқалады. Сонымен қатар мәмлүк қыпшақтары арасында ұяң **ж** дыбысының аллофон вариантының қолданылғаны белгілі болып отыр. Ескерткіш мәтінінен келтіріліп отырған Cānberdī جَانْ بَرْدِي Жанберді (18<sup>b</sup>,13), Cānqılıč جَانْ قَلِيحْ Жанқылыш (18<sup>b</sup>,13) антропонимдерінің араб жазу дәстүріндегі «ташдид» арқылы таңбалануы **ж** дыбысының аллофон варианты болғандығын көрсетіп отыр. Бұл лексемаларды араб жазуы бойынша транскрипцияласақ «Жжанберді, Жжанқылыш» не болмаса «Жанберді, Жанқылыш» түрінде көрсеткен болар едік, бірақ одан мағыналық, не болмаса грамматикалық өзгерістер туындамайды. Сондықтан жазба ескерткіш тілінде бір ғана ұяң **ж** дауыссызы бар дейміз.

«**Ж**» дыбысы қыпшақ тілдеріне ғана тән дыбыс екенін түркологтар талай көрсеткен. Бұл жайында проф. М. Томанов былай деп жазады: «Ал жалаң **ж** сөз басындағы көне түркілік (қазіргі кейбір тілдерде) **й** – дің «орынбасары», варианты ретінде айтылған, **й** – дің қолданылуы басым. Аффрикат **дж** көбіне **ч** аффрикатының орнына айтылатындығы байқалады» [240, б. 38-39].

Тіл ұшы, (үнсіз, қатаң) шұғыл, аффрикат **ч** дауыссыз дыбысы ескерткіш мәтінінде парсы әліпбиіндегі «чэ» (چ) және араб әліпбиіндегі «жим» (ج) әріптері арқылы берілген: 1) čādār چادار шатыр тірегі (9<sup>a</sup>,2), četik چتیک мысық (8<sup>a</sup>,4) және т.б.

Ескерткіш тілінде **ч** аффрикатының дыбысталуында ерекшелік болғандығын байқаймыз, оны сөз басындағы, соңындағы **ч** дыбысы таңбасының араб орфограммасындағы «ташдид» арқылы таңбалануынан көреміз, мысалы: čötmčә جۆمچه шөміш, ожаудың бір түрі (10<sup>b</sup>,6), čekič جاكچ шекіс, шекісу (10<sup>a</sup>,14) және т.б.

Бұл дыбыс көне түркі тілінде жиі қолданылған. Көне түркілік, орта ғасырлық **ч** дыбысының жалғасы қазақ тіліндегі **ш** дыбысы [229, б. 23].

Ескерткіш мәтінінде тіс дауыссыз, шұғыл (үнсіз ұяң) **д** дыбысы екі түрлі орфограмма арқылы берілген:

1) араб әліпби жүйесіндегі «дад» (ض) әрпі арқылы: dam ضام шатыр (3<sup>a</sup>,10), damar ضمار тамыр (13<sup>b</sup>,8), don دون тон (12<sup>b</sup>,2) және т.б;

2) араб әліпби жүйесіндегі «дал» (د) әрпі арқылы: damaq دماق тамақ (13<sup>a</sup>,8), budur بۇدر бұдыр (3<sup>b</sup>,14) және т.б.

Ұяң **д** дауыссыз дыбысының бірнеше таңбалар арқылы берілуі мәмлүк қыпшақтарының арасында оғыз тайпалары өкілдерінің болуымен және олардың ескерткіштің жазылу уақытында саяси-элеуметтік басымдыққа ие болуымен түсіндіріледі. Себебі мәмлүк қыпшақтары тілінде орындалған жазба ескерткіштердің бірқатарында, мысалы «Әл-Қауанин» жазба ескерткішінде, сондай-ақ, Әбу Хайанның «әл-Идрак ли-лисан әл-этрак» жазба ескерткішінің негізгі мәтіндерінде жоғарыда көрсетіліп отырған, «дад» әрпі арқылы таңбаланған лексемалардың басым бөлігі «дад» әрпі арқылы берілген [140, б. 44].

Ескерткіш мәтінінде **д** дауыссызының әртүрлі әріп таңбалары арқылы берілуіне қарамастан олардың арасында мағыналық айырмашылықтар

байқалмайды. Сондықтан олардың барлығын бір ғана ұяң дауыссыз д дыбысы деп қараймыз.

Тіл алды, (ызың, үнді) ауыз жолды **р** дауыссыз дыбысы араб әліпбиіндегі «ра» (ر) әрпі арқылы берілген.

Қазақ тілінде сөз **р** дыбысынан басталмаған. Сондықтан өзге тілдердегі **р**-дан басталатын сөздердің алдынан дауысты дыбыстарды селбестіріп (протеза жасап) айтқан. Осы күнгі орыс (русс) осылай пайда болаған. Қазіргі кезде тілімізде **р** әрпінен басталатын бес жүздей сөз бар. Оның дені орыс тілі арқылы енген сөздер. Оларды айтқанда (орыс тіліндегідей) **р** фонемасы сақталып айтылады. Ал тілімізге ертеректе енген араб-парсы сөздерінің көбісінің алдынан қысаң (**ы, і, ұ, ү**) дауыстылары селбесіп қана қоймай, жеке буын құрап (әсіресе өлеңде) тұрады: ы-рас, ы-разы, ы-рақым, і-ренжі, -рен, і-рет, ұ-рұқсат, ү-рүстем. Ал олардың **р**-мен жазылуы – орфографиялық норма. «Рас десең, рас сөз мен айтайын», «Лайла лай оймен тұнығынды» дегеннің жазылуы мен айтылуына назар аударыңыз [23, б. 42].

Ұяң (ызың, үнді) **з** дауыссыз дыбысы ескерткіш мәтінінде араб әліпби жүйесіндегі «зайн» (ز) және бірлі-жарымды сөздер орфограммасында «зо» (ظ) әріптері, кейде олардың қатар жазылуы арқылы берілген. Мәтіндегі лексемалардың қолданысында, дыбысталуында басқадай жазба ескерткіштер тілімен өте жақын, тілге тиек етерліктей айырмашылықтар байқалмайды, қар.: 1) zardalū زَرْدَلُوا абрикос (5<sup>b</sup>,6), zerken زَرْكَن үлкен, атақты, танымал (17<sup>b</sup>,13), yoqsız يُوُقِي سَيِّزْ кедей (14<sup>a</sup>,12); 2) taḏli طَاطِلِي тәтті, таза су; тұщы су (4<sup>a</sup>,15), qoz xalvāssi قُوْظ حَلْوَاسِي грек жаңғағынан жасалған халуа (6<sup>b</sup>,15); 3) boz بُوْظ боз (жылқы) (8<sup>b</sup>, 2) және т.б.

Қатаң (ызың, үнді) **с** тіс дауыссыз дыбысы ескерткіш мәтінінде араб әліпбиі жүйесіндегі «сад» (ص) және «син» (س) әріптері арқылы берілген. Дауыссыз **с** дыбысы мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің барлығында осылай беріледі. Бұл мәселе дауыссыз **т, д** дыбыстарына да ортақ. Бұл мәселенің жауабы жоғарыда ескертіп өткеніміздей, мәмлүк қыпшақтары арасында оғыз тайпалары өкілдерінің де елеулі орыны болуымен түсіндіріліп жүр. Ал мәмлүк жазба ескерткіштерінде **с** дауыссызының осындай әдістермен берілуіне қарамастан, олар арқылы берілген лексемалардың, яғни сөздердің арасында мағыналық айырмашылық байқалмайды. Сондықтан бұл екі таңба арқылы берілген сөздердегі **с** дыбысын бір ғана қатаң **с** дыбысы ретінде қабылдау, тану дәстүрі қалыптасқан. Бұл қаралып отырған жазба ескерткіш тіліне де ортақ: 1) ص «сад» әрпі арқылы берілуі: sabaq yel صَبَاقْ يَل таңертеңгі самал жел (2<sup>a</sup>,11), saç صَاحْ шаш (12<sup>b</sup>,16); 2) س «син» әрпі арқылы берілуі, қар.: sinek سِنَاكْ шыбын (9<sup>b</sup>,8), siñir سِنِكِرْ сіңір (13<sup>b</sup>,10) және т.б.

Тіл алды (үнді, қатаң), ызың **ш** дауыссыз дыбысы ескерткіш мәтінінде араб әліпби жүйесіндегі «шин» (ش) әрпі арқылы берілген, бұл жайт ескі қыпшақ тіліне қатысты араб жазуында орындалған мәтіндердің барлығына ортақ: šağır شَاغِرْ мас; масаң, ішкен кісі (9), šalğam شَلْغَامْ шалғам, көк пияз (7<sup>a</sup>,4) және т.б.

Жазба ескерткіште тіл арты (ызың, үнді), ұяң ғ дыбысы араб әліппесіндегі «ғайн» әрпінің таңбасы арқылы берілген, қолданылу позициялары мынадай: aǵırşaq (aǵırşaq) أَغْرِشَقْ ұршық (10<sup>a</sup>,2), aǵız أَغْزُ ағыз (13<sup>a</sup>,6), aǵrı أَغْرِي дирхам (10<sup>a</sup>,8), baǵıuǵ بیغوش жапалақ (12<sup>a</sup>, 6).

Сонымен қатар қолжазба тілінде ǵ және созылыңқы мұрын жолды ñ дыбысының жарыспалы түрде қолданылғаны байқалады. Бірақ мұның сөздің негізгі мағынасына әсері болмағандықтан ескі қыпшақ ауызекі тіліне тән фонологиялық ерекшеліктердің бір көрінісі деп табамыз: barşañız بَارْشَعْرُ баршаңыз (22<sup>b</sup>,6), saǵıǵ صَاغِشْ сан, есептеу (17<sup>b</sup>, 9).

Ғ дыбысы сөз басында тек араб-парсы сөздерінде ғана айтылса, түркі сөздерінде сөз ортасы мен аяғында ғана қолданылады. Алайда бұлар шығу тегі жағынан бірдей емес көрінеді. «Сөз ортасындағы ғ қатаң қ дыбысының ықпалдасу заңдылығы нәтижесінде пайда болаған аллафоны болса, сөз соңындағы ғ дербес фонема» [240, б. 59]. Сондықтан қолжазба тілінде ғ дыбысы сөз соңында (yaǵ يَاح май (7<sup>a</sup>,2), tuǵ طُوغ ту (11<sup>a</sup>,15)) өте аз, бірен-саран ғана кездесе, сөз ортасында (baǵarsuq بَغَارْصُوق ішек-қарын, жылы-жұмсақ (13<sup>b</sup>, 2), baǵır بَاغِرْ бауыр (13<sup>b</sup>,12)) жиі қолданылады, ал сөз басында мүлдем кездеспеді.

Жазба ескерткіш тілінде тіл арты (үнсіз, қатаң), шұғыл қ дауыссыз дыбысы араб әліпби жүйесіндегі бірнеше әріптердің қолданысы арқылы берілген: 1) «каф» (ق) әрпі арқылы: qabuq قَبُوق қабық (5<sup>b</sup>,2), qabırǵa قَابِرْغَا қабырға (13<sup>a</sup>,16) және т.б.; 2) «ха» (خ) әрпі арқылы: Qabarǵı خَبْرَجِي пайғамбар (2<sup>a</sup>,7). Қазақ тіліне араб тілінен енген осы лексема қазірде де бұрынғы орфограммасына сай «хабар» қалпында жазылып жүр. Ал дыбысталуы тұрғысынан алсақ, «қабар». Жалпы алғанда ескерткіш тілінде оның фонологиялық жүйесінде бір ғана қатаң қ дауыссыз дыбысы қолданылған.

Тіл арты (үнсіз, қатаң), шұғыл к дыбысы ескерткіш тілінде араб әліпби жүйесіндегі «каф» әрпімен берілген: kel كَلْ кел (23<sup>a</sup>,6), keǵı كَاشِيْ ешкі (5<sup>b</sup>,4) және т.б.

Қатаң к дауыссыз дыбысы kemi كَمِيْ кеме (2<sup>a</sup>,15) лексемасының айтылымында «ташдид» арқылы көрсетілген. Бұл ерекшелікті осы сөзді айтушының интонациясымен байланыстырамыз.

Ескерткіш мәтінінде сөз түбірінде тіл ортасы (шұғыл, үнсіз), ұяң ғ дауыссыз дыбысы қолданылған лексемалар саны көп емес: gāvır (gāvur) كَاوِرْ кәпір, христианин, иаһуди (14<sup>a</sup>,15), Gühārbay كُھَارْ بَايْ Гүһарбай (19<sup>a</sup>,1), gülāf سُوقِ كَلَاْفْ гүл сөлі (4<sup>a</sup>,5), gülaf كَلَاْفْ гүл (5<sup>a</sup>,7). Мысалдардан байқап отырғанымыздай, ұяң ғ дауыссыз дыбысының транслитерациясына араб әліпбиіндегі «каф» (g - ك) әрпі пайдаланылған. Бұл жайт араб жазуында орындалған ескі түркі жазба ескерткіштерінің барлығына ортақ болып келеді.

Тіл ұшы (ызың,үнді), ауыз жолды л дыбысы араб әліпби жүйесіндегі «ләм» (ل) әрпі арқылы берілген: laǵın لَاجِيْنْ лашын (күс атауы, 12<sup>a</sup>,10), laǵa لَأْشَا иықтың басы (13<sup>b</sup>,12) және т.б.

Еріндік (ызың,үнді), мұрын жолды **м** дауыссыз дыбысы араб әліпби жүйесіндегі «мим» (م) әрпі арқылы берілген: mağruūfyh مَغْرُوفٌ 1) белгілі, 2) атақты (2<sup>b</sup>,10), müšk مُشْكٌ (пар.) (12<sup>b</sup>,10) және т.б. Ескерткіш мәтінінде **м** дауыссызы ескі қыпшақ лексемалары мен кірме сөздер құрамында бірдей қолданылған.

Тіл ұшы (ызың,үнді), мұрын жолды **н** дауыссыз дыбысы ескерткіш мәтінінде араб әліпбиіндегі «нун» (ن) әрпі арқылы берілген: nasaq نَجَاقٌ балта, айбалта (11<sup>b</sup>,6), aytšana أَيْتَسْنَا айтқын (19<sup>a</sup>,11) және т.б.

Тіл арты (үнді, созылыңқы мұрын жолды) **ң** дауыссыз дыбысы ескерткіш мәтінінде бірнеше формада көрініс тапқан: «ғайн» (غ) әрпі арқылы: 1) aldiñiz اَلْدِغِزْ алдыңыз (23<sup>b</sup>,16), maña مَغَا маған (19<sup>a</sup>,13), baršañiz بَارْشَغِزْ баршаңыз (22<sup>b</sup>,6) және т.б; 2) «Нун» және «каф» әріптері лигатурасы мен «суқун» (жабық буын) таңбасының қосындысы арқылы: bengi بَانِكِي гашиш (6<sup>a</sup>,6), eñse اَنْسَا еңсе, иық (13<sup>a</sup>,8), köñ كُونُكْ көкпеңбек (9<sup>a</sup>,11) және т.б; 3) «нун» арқылы: saunıç صَائِنٌ есептеңіз //saunıñiz صَائِنٌ نَزْ есептеңіз (17<sup>b</sup>,10) және т.б. Осы қатарда көрсетіліп отырған saunıñiz صَائِنٌ نَزْ формасын «saunıñiz» тұлғасында да транскрипциялауға болады. Ал «зайн» әрпінің үстіне нүктесі жоқ екендігін, яғни «ра» әрпі екендігін есепке алсақ «saunıñiz» тұлғасында транскрипциялар едік. Бірақ түркі тілдері грамматикасы жүйесіндегі заңдылықтарды және есімі белгісіз қолжазба авторының араб тілінде берген баламасын есепке ала отырып, бұл форманы «saunıñiz» түрінде транскрипциялаймыз.

Ескерткіш тілінде бірқатар сөздердің құрамында кездесетін тіл арты, (ызың,үнді) қатаң **х** дыбысы негізінен алғанда негізгі түркі фонетикасы жүйесінде жоқ дыбыс. XIII-XIV ғасырларда жазылған мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері тілінде санаулы сөздердің, яғни бірлі-жарымды топонимдер мен антропонимдер құрамында ғана кездеседі. Ал біз қарастырып отырған ескерткіш тілінің құрамында да Haleb'ten حَلَبْتَا Халептен (24<sup>a</sup>,6), Haler حَلْبُ Халеп қаласы (19<sup>a</sup>,9), qoz xalvāssı قُوْظْ حَلْوَاسِيْ грек жаңғағынан жасалған халуа (6<sup>b</sup>,15), halvačči حَلْوَجِيْ Халуашы (17<sup>b</sup>,15), sabaq yel صَبَاحٌ يَلْ таңертеңгі самал жел (2<sup>a</sup>,11) сияқты бірен-саран лексемалардың құрамында кездеседі және бұлар кірме сөздер болып табылады.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде шұғыл, үнсіз, қатаң, көмейлік **h** (ħ) дауыссыз дыбысының араб әліпбиіндегі «кей-Һаус» (ه) әрпі арқылы берілетіні белгілі. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде бұл дауыссыз дыбыстың берілуі де қалыпты ережеден ауытқымайды: gehne كَهْنَا қоржын (8<sup>b</sup>,9), heuve هَيْوَا айуа (5<sup>a</sup>,16), hīc هَيْشٌ еш, ешбір, ешқандай (24<sup>a</sup>,12, 3<sup>b</sup>,12).

Тіл алды, (ызың,үнді) ауыз жолды **й** дауыссыз дыбысы ескерткіш тілінде араб әліпбиіндегі «иай» әрпі арқылы берілген. Сөз құрамындағы қолданылу позициялары мынадай: yabān يَبَانٌ жабайы (8<sup>a</sup>, 4), yabuq يَابُقٌ бас киімнің бір түрі (10<sup>a</sup>, 10), yad يَاضٌ жат, шетелдік (14<sup>a</sup>, 12), alyağız أَلْيَاغِزْ төрт аяғының түсі әртүрлі болып келетін жылқы (8<sup>b</sup>, 4). Ескерткіш мәтінінен келтіріліп отырған лексемалардың **й** дауыссыз дыбысының фонологиялық ерекшеліктері қазақ тіліндегі **й** дауыссызына өте жақын, яғни ескерткіш

тіліндегі *й* дауыссыз дыбысы бір құрамды емес, тіл алды, жіңішке *i* дауысты дыбысы мен *й* дауыссыз дыбыстарының қосындысынан тұрады.

Ауыз жолды, үнді у дауыссыз дыбысы жазба ескерткіш мәтінінде араб әліпби жүйесіндегі «уау» (و) әрпі арқылы берілген, сөз соңында немесе екінші буыннан бастап қолданылады: ulu tağ **أُولُوا طَاغٌ** үлкен тау, ұлы тау (3<sup>a</sup>, 4), ulu tiş **أُولُوا تَيْشٌ** азу тіс (13<sup>a</sup>, 6), alğışladum **أَلْغِشْ لَدُمٌ** алғыстадым (24<sup>a</sup>, 14). Осы қатардағы *ulu* лексемасын «улу», «ұлу» варианттарында, ал alğışladum формасын «алғышладум» және «алғышладум» варианттарында да транскрипциалауға болады. Бірақ одан сөз мағынасы немесе сөзге қатысты қандай да бір грамматикалық қағида бұзылмайды. Сондықтан осы және жоғарыда келтірілген материалдарға қарай отырып, ескерткіш тіліндегі у фонемасы **ұ+у, ү+у** варианттарында қолданылған дейміз.

Жазба ескерткіш тілінде араб әліпби жүйесіндегі үнді, ұяң **в** (v) «уау» (و) әрпі арқылы берілген Vardıqan **وَرْدِقَانٌ** Вардықан (19<sup>a</sup>, 3), van **وَانٌ** он (14<sup>b</sup>, 15), van altı min **وَانِ الطِّي مِينٌ** он алты мың (17<sup>a</sup>, 10), vaunar sen **وَيْنَارَسَا** ойнарсың (19<sup>b</sup>, 12) сияқты сөздер тобы бар, жалпы саны – 3. Бұл үш сөздің бастапқы буындарында қолданылып отырған **в** дыбысы «уау» (و) әрпі мен «ташдид» және «фатха» (дауысты **а** дыбысы, «алиф» таңбасы) жүйесінде берілген. Біз бұл дыбыстың ескерткіш тілінде кездесуін Ескі ұйғыр жазба мұраларында кездесетін қытайша **ван** үлгісімен байланыстырамыз [244, б. 65].

Демек осы дыбыспен айтылған сөздердің барлығы жергілікті халықтың ауызекі тіліндегі фонологиялық сөйленіс болып табылады. Сөз түбіріне, яғни сөздің негізгі мағынасына ешқандай әсері жоқ.

**Буын үндестігі.** Жалпы түркі тілдеріндегідей ескі қыпшақ тілінде де дауысты дыбыстар арқылы, яғни дауысты және дауыссыз дыбыстар арқылы буын құралады. Сөздер ең кішкене бөлшектер буындарға ажырайтыны белгілі.

*«Буын – фонациялық ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше»* [23, б. 43]. Қазақ тіліндегі буынның түрін Қ. Жұбанов алтыға [238, б. 164], Н. Сауранбаев төртке [245, б. 46], І. Кеңесбаев үшке [246, б. 141] бөледі. Соңғы бөліс (ашық, тұйық, бітеу) бүгінгі қазақ тілі білімінде орныққан.

Түркі тілдеріне тән буынның үш түрі қыпшақ тілінде де кездеседі. Жазба ескерткіш тілінде қамтылған тілдік материалдарға қарағанда ескерткіштің орындалу аймағы мен мерзіміндегі ескі қыпшақ тілінің буындық жүйесі төмендегідей:

1) бір дауысты және бір дауыссыз (VC) дыбыстан тұратын буындар: al **أَلٌ** ал (21<sup>b</sup>, 4; 22<sup>a</sup>, 2; 23<sup>a</sup>, 4; 23<sup>a</sup>, 8), aq **أَقٌ** ара балы (6<sup>b</sup>, 9), aš **أَشٌ** ас, тамақ (6<sup>b</sup>, 7), at **أَطٌ** ат, жылқы (8<sup>a</sup>, 9), un **أُونٌ** ұн (6<sup>a</sup>, 15) және т.б. Сондай-ақ, керісінше дауыссыз және дауыстыдан тұратын буындар: ne **نَا** не? (22<sup>a</sup>, 6) su **سُوا** (4<sup>a</sup>, 5) уе **يَه** инф.: жеу (6<sup>b</sup>, 3) және т.б.

2) дауыссыз-дауысты-дауыссыз дыбыстар тіркесінен құралған буындар – SVC: yüz **يُوزٌ** жүз (13<sup>a</sup>, 4), boz **بُوزٌ** боз (жылқы) (8<sup>b</sup>, 2) және т.б.



3) дауыссыз – дауысты – дауыссыз + дауыссыз дыбыстар тіркесінен құралған буындар – CVCC: qurt قورط қасқыр, (7<sup>b</sup>, 9), rast رست рас (3<sup>b</sup>, 8) және т.б.

Қорыта айтқанда, қолжазба тіліндегі бір буынды сөздер құрамындағы дыбыстар жүйесі мынадай: VC, CVC, VCC, CVCC. Бұлардың ішінде «әд-Дурра әл-мудайиа» тілінде жиі қолданылатындары VC, CV, CVC, ал сирек қолданылатындары VCC, CVCC.

Қолжазба тілінде екі буынды сөздердің құрылымы төмендегідей болып келеді: 1) дауысты-дауыссыз және дауысты – V – CV: e – ge اگا егеу, түрпі (10<sup>a</sup>, 12), a – ru اروا бал арасы (9<sup>b</sup>, 4), ü – ce اوجا ұлы, жоғары (3<sup>a</sup>, 14) u – lu اولوا үлкен, ұлы, зор (3<sup>a</sup>, 4) және т.б.

2) CV – CV: to – ri طوري торы (8<sup>a</sup>, 15), te – ze تزه жас, жұмсақ (14<sup>b</sup>, 6), ya – ma يماه жамау (12<sup>b</sup>, 8) және т.б.

3) CVC – CVC: yal – man يلمن дала тышқаны (7<sup>b</sup>, 11), tul – qiq تقوقұ тұлып

4) VC – CV: ar – pa اربه арпа (6<sup>a</sup>, 9), ar – qa ارقا арқа (13<sup>a</sup>, 14), us – ta اوصطا ұста (17<sup>b</sup>, 13) және т.б.

5) CV – CVC: tü – meg توماگ бесік жапқышы (9<sup>b</sup>, 15), tü – tün تون түтін (2<sup>b</sup>, 8), tu – zaq تزاq тұзақ (12<sup>a</sup>, 14) және т.б.

6) V – CVC: ü – yez اوياز шіркей (9<sup>b</sup>, 6), a – dim اديم есімім (24<sup>a</sup>, 6), a – ğır اغر ауыр (14<sup>b</sup>, 6) және т.б.

Үш буынды сөздердің құрылымы мынадай:

1) CV – CV – CV: bi – le – gi بلاگи білегі (10<sup>a</sup>, 6), bu – la – ca بلاجا бұла шұбар (9<sup>a</sup>, 9), ce – me – ge جمكا еңбекақы, жалақы (23<sup>a</sup>, 4) және т.б.

2) CV – CVC – CV: ğe – kir – ge جكرگا шегіртке (8<sup>a</sup>, 2), de – mür – ği دمورچي темірші (2<sup>b</sup>, 16), ke – miš – ti كامشتي салды (жүзу құралы бар кісі), көлікті кісі (4<sup>b</sup>, 16) және т.б.

3) CV – CV – CVC: qa – ra – qiš قراقوش қарақұс (12<sup>a</sup>, 10), ki – ši – ler كشلر кісілер (23<sup>b</sup>, 10) және т.б.

4) CV – CVC – CVC: ši – raq – liq شراقلق шамдан (10<sup>a</sup>, 16), ğe – kir – dek شاكرداك дән, дәнек (5<sup>b</sup>, 2), ba – ğar – suq بغارصوق ішек-қарын, жылы-жұмсақ (13<sup>b</sup>, 2), Ha – leb – ten حلبتا Халептен (24<sup>a</sup>, 6), ye – ğek – ler يشاك لاز ешектер (8<sup>a</sup>, 11) және т.б.

5) CVC – CVC – CVC: pay – ğan – bar (payğambar) پايغامبار Пайғамбар (2<sup>a</sup>, 7), ket – miš – sen كاتمشسا кетпексің (20<sup>a</sup>, 6), hoš – mis – san خوش مسا خوشсымысың? (20<sup>a</sup>, 12) және т.б.

6) CVC – CV – CVC: qur – tu – man قراطمان бұршақ, жасыл бұршақ (6<sup>a</sup>, 11), saĥ – ti – yañ ساختيان сақтияң жайма (10<sup>b</sup>, 10), sev – le – düm سولدم сөйледім (22<sup>a</sup>, 8) және т.б.

7) VC – CVC – CVC: in – cit – mek انجتماк ренжіту (4<sup>b</sup>, 14).

Төрт буынды сөздердің құрылымы мынадай:

1) CV – CV – CV – CV: ba – la – va – si باواسي балауыз (7<sup>a</sup>, 6).

2) CV – CV – CV – CVC: To – qı – ti – miš طقطميش Тоқутумыш (18<sup>b</sup>, 7), bitigimiz بيتگimiz кітабымыз (24<sup>a</sup>, 14, 16).

3) CV – CVC – CV – CV: ke – sür – tü – ki كاسرتكي кесіртке (9<sup>a</sup>, 15).

4) CVC – CVC – CV – CVC: qar – ğiš – la – dim قارغاشلام қарғадым (24<sup>a</sup>, 12).

5) CV – CVC – VC – CV: qu – mur – us – qa قُمْرُسَقَا құмырысқа (9<sup>b</sup>, 8).

6) CV – CVC – CVC – CV: te – gir – men – ċi تَكْرِمَانَجِي дирменші (18<sup>a</sup>, 2).

7) CV – CVC – CV – CVC: Te – mir – ğa – zıq تَمِرْغَارِقُ Темірқазық – жұлдыз (2<sup>a</sup>, 11).

Бес буынды сөздердің құрылымы мынадай:

1) CV – CV – CV – CV – CV: kü – re – ke – le – cü كُرَاكْ لَه ескек есуші (2<sup>a</sup>, 15).

Жазба ескерткіш мәтінінде ескі қыпшақ тіліндегі буын үндестігі заңы сақталған, сөз түбірі жуан не жіңішке дауысты дыбыстан басталса түбірге жалғанатын қосымшалар да жуан не жіңішке дауысты дыбыстан тұратын буын түрінде жалғанып отырады, мысалы: 1) жуан дауыстылар: aġaš أَغَاشْ ағаш (6<sup>a</sup>,2), baqır بَاقِرْ бақыр, мыс (2<sup>b</sup>,14) және т.б. 2) жіңішке дауыстылар: öļšek أَوْلَشَاكْ өлшем құралы (10<sup>b</sup>,14) және т.б.

Буындардың үндестігі жайлы түркітану ғылымында бірталай еңбектер жарық көрді. Мысалы: «бір буынды түбірлер мен түбір-негіздер құрамындағы дауысты дыбыстар қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен салыстыра қарағанда бірнеше дыбыс сәйкестігін түзеді, олар моносиллабтың барлық шенінде ашық ~ ашық, қысаң ~ қысаң, ашық ~ қысаң, еріндік ~ еріндік, езулік ~ езулік, еріндік ~ езулік түрінде келе береді» [246].

**Ерін үндестігі** жазба ескерткіш тілінде ескі қыпшақ сөздерінің фонологиялық тұлғаларында сақталған: unutma اُنُوْطْمَه ұмытпа! (22<sup>a</sup>,4), tüzgün تُوْزْگُنْ тізгін (8<sup>b</sup>,), bilezik (bilezük) بِلَازْكُк білезік (12<sup>b</sup>,6) және т.б.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі ерін үндестігі туралы қалыптасқан пікір: «Түбір сөздегі ерін дауыстылары өзінен соңғы бірінші буынға қатты әсер етеді, кейде екінші буынға да ықпалы болады, ал үшінші буынға әсері сирек білінеді. Ерін үндестігінің таралу шегі осы үшінші буында бітеді. Ол ашық буыннан гөрі тұйық буында көбірек сақталады» [220, б. 119].

**Дауысты дыбыстардың алмасуы.** Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілінде кейбір дауысты дыбыстар өзара басқа дауыстылармен алмасып келіп қолданылады.

Егер түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың алмасу ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда ескі қыпшақ тіліндегі дауыстылардың өзара алмасып келуіне байланысты мынаны айтуға тиістіміз: ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілінде көне түркі тілінде айтылатын ерін дауыстылары ескі қыпшақ тілінде езу дауыстыларымен алмасып келіп отырады. Бұл, әрине ерін дауысты дыбыстары ылғи да осылай, түпкілікті түрде түгелдей езу дауыстыларымен алмасып кеткен екен деген сөз емес, бірақ ерін дауыстыларына қарағанда сол кездегі қыпшақтардың тілінде езу дауыстылары әлдеқайда жиі қолданылатын болған. Бұл, күмән жоқ, айтулы тенденциясы болған. Қазіргі қазақ тіліндегі езу дауыстыларының көне түркі тіліндегі ерін дауыстыларының орнына қолдану тенденциясы біртіндеп дами отырып, бүгінде, қазақ тілінде өзінің шарықтау шегіне жеткен. Бұл құбылыс өзінің бастау кезін осы ескі қыпшақ тілінен алғаны ешқандай күмән туғызбайды.

Ескерткіш мәтініне қарағанда ескі қыпшақ ауызекі тілінде бірқатар дауысты дыбыстардың өзара алмасуы байқалады, мысалы:

1) e//i: ferišteller, ferištiller فَرِشْتَلَرُ періштелер (2<sup>a</sup>,9);

2) u//ı; yulduz, yıldız يۇلْدۇز жұлдыз (2<sup>a</sup>,11); ı//u: algıšladım (algıšladum) اَلْغِشْنِ لَدِمْ алғыстадым (24<sup>a</sup>,14), aytır sen (aytur sen) اَيْتِرْسَا айтарсың, айтасың сен (19<sup>a</sup>,15), çādır (čādur) چَادِرُ шатыр (9<sup>a</sup>,2);

3) u//v: balauası bāl awāsıي بَالْ اَوَاسِي (10<sup>a</sup>,16) // balavası bāl awāsıي балауыз (7<sup>a</sup>,6); v//u: canavar (cınıuar, canıuar) چِنَوَارُ хайуан, жануар (8<sup>a</sup>,9);

4) i//ü: bilir sen (bilür sen) بِلِرْسَا білерсің (21<sup>a</sup>,4);

5) a//e: Tanrı تَنْرِي (2<sup>a</sup>,5) // Teңgiri تَنْكِرِي Алла, Тәңірі (2<sup>a</sup>,7);

6) a//ı: ağrşaq (ağırşıq) اَغْرِشِقُ ұршық (10<sup>a</sup>,2) және т.б.

**Дауыссыз дыбыстардың алмасуы.** Жазба ескерткіш мәтініндегі сөздердің дыбыстық құрамында бірқатар дауыссыз дыбыстардың алмасып қолданылатындығы байқалады:

1) ұяң ғ дауыссызы мен мұрын жолды н және созылыңқы мұрын жолды н дауыссыз дыбыстарының алмасып келуі ғ//н//ң: Tanrı تَنْرِي (2<sup>a</sup>,5) // Teңgiri تَنْكِرِي (2<sup>a</sup>,7) // Тағrı تَغْرِي Алла, Тәңірі (2<sup>a</sup>,5);

2) аффрикат қатаң ч және тіл алды қатаң ш дауыссыз дыбыстарының алмасуы ч//ш: ağaš çanaq اَغَاشْ چَنَاقُ ағаш шанақ (10<sup>b</sup>,8) // ағасçı اَغَاجِي құрма ағашы (6<sup>a</sup>,6);

3) Үндестік заңының сақталмауына байланысты k, g дауыссыздарының ұяң ğ дыбысына алмасуы k, g//ğ: bekğa بَاكْ غَا әмірге, бекке (20<sup>a</sup>,6), bizga بَزْ غَا бізге (22<sup>a</sup>,16; 23<sup>a</sup>,6; 23<sup>b</sup>,8; 23<sup>a</sup>,10). Бұл лексема бір жолда екі рет осылай жазылған. Біз мұны ескерткішті түзуші автордың немесе кейінгі бір көшірмешілердің қолынан кеткен жаңсақтық болар деген ойдамыз.

**Дауыссыз дыбыстардың қосарлануы.** Қолжазбада бірқатар дауыссыз дыбыстардың қосарлана берілуі кездесіп отырады. Олардың ішінде дауыссыз дыбыстардың сөз басында орфограммалық түрде қосарлана берілуі назар аудартады, мысалы: bbar بَار «бар» (20<sup>a</sup>,12), bbožz بُوْظُ боз (жылқы) (8<sup>b</sup>,2), ppül پُولُ ақша, пұл (2<sup>b</sup>,16), ttağ طَاغ тау (2<sup>b</sup>,8), bbūdūr بُودُر бұдыр (3<sup>b</sup>,14), kkül كُونُ күл (2<sup>b</sup>,8), Scānberdi جَانْ بَرْدِي Жанберді (18<sup>b</sup>,13), čöm(i)čče جَوْمَجَهْ шөміш, ожаудың бір түрі (10<sup>b</sup>,6) және т.б. Осы қатарда көрсетіліп отырған лексемалар құрамындағы **b, p, t, k, c** дауыссыз дыбыстары «ташдид» (дауыссыз дыбыстардың қосарлану белгісі) арқылы беріліп отыр, бірақ одан лексемалардың морфологиялық құрамына, мағыналық толықтығына ешқандай өзгеріс еніп тұрған жоқ. Сондықтан қолжазбадағы мұндай орфограммалық ерекшеліктерді ескі қыпшақ тіліндегі ауызекі тілдегі фонологиялық ауызекі сөйленіс ерекшелігіне жатқызамыз. Қолжазба тілінде бастапқы буын алдында келетін бұл ерекшелік тіл алды у дыбысының орфограммалық өрнектелуіне де ортақ болып келеді, қараңыз: uev يَوُ үй биік (3<sup>a</sup>,12), iууеуғ, ууеуғ يِيْزُ жер (2<sup>a</sup>,15) және т.б.

Дауыссыз дыбыстардың бірқатарының қолжазбадағы мұндай орфограммалық ерекшеліктерінің сөз мағынасына елеулі әсері болмағандықтан бұл дыбыстардың барлығын бір ғана фонеманың орфограммалық көрінісі деп қабылдаймыз.

Қолжазба орфограммасындағы осы қатарға жататын және бір ерекшелік түбір мен қосымша арасындағы дауыссыз дыбыстар орфограммасының күрделенуі, бұл ретте де фонологиялық ерекшелік «ташдид» арқылы көрсетіледі, мысалы: el(i)šši الْعَشِي елші (11<sup>a</sup>,15), eñsse أَنْسَا (أَنْسَا) еңсе, иық (13<sup>a</sup>,8; 13<sup>a</sup>,14), yessi أَيَسِي иеси (21<sup>a</sup>,8), in(i)ccī اِيْنَجِي інжу (12<sup>b</sup>,4), incinnim اِنَجِيْم رенжіттім (22<sup>a</sup>,8), ketmišssen كَاتْمِشْسَا кетпексің (20<sup>a</sup>,6), kin(i)ccī كِنَجِي күнжіт (6<sup>a</sup>,11) және т.б. Көрсетіліп отырған лексемалар қатарындағы el, eñ-, ye, in(i)c, ketmiš, kin(i)c тұлғаларының соңынан жалғанған -ši,- se, -si; -ci аффикстері мен sen сілтеу есімдіктерінің айтылымындағы осы бір ерекшелік ескі қыпшақ ауызекі тілінде сөйленістік ерекшеліктер болғандығын көрсетеді. Бұл ерекшеліктің сөздің бастапқы, ортаңғы және соңғы буындарында кездесіп отыруы, осы ескерткіш тілінде қарастырылған тілдік материалдардың мәмлүк қыпшақтары өкілдерінің арасындағы белгілі бір топқа қатысты екендігін көрсетеді, ал ескерткіште тек «түркі» этнонимі ғана аталған.

**Қосарлы дауыссыздар.** Ескерткіш тілінде дауыссыз дыбыстар түбір немесе туынды түбір құрамында қосарлана айтылғандығы байқалады, мысалы: арпақ اَبَقْ аппақ (9<sup>a</sup>,9), četten جَتَانْ мақта матасы (9<sup>b</sup>,15), bozza بُوْظَهْ боза – сусын түрі (4<sup>a</sup>,9), ħaššan (qaššan) خَشَّانْ қашшан (23<sup>a</sup>,16), kösse كُوْسَا көсе (14<sup>a</sup>,14), yazzı يَزْ جазық (3<sup>a</sup>,6), qolluq قَوْلُقْ жұмырық, білек қапсырмасы атауы (11<sup>b</sup>,8) және т.б. Бұл қатардағы «četten» лексемасының қазіргі қазақ тіліндегі «шиті май» тіркесімен белгілі бір тарихи сабақтастығы бар деп табамыз.

**Метатеза.** Ескерткіш тілінде кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылым қолданысында метатеза құбылысы, яғни дыбыстардың орын алмасып қолданылғандығы байқалады, мысалы: 1) m/l: čölmek جَوْلْمَكْ саз құмыра (10<sup>b</sup>,10), čömlək جَوْلْمَكْ саз құмыра (10<sup>b</sup>,10); 2) m/g̃: yamğur يَمْغُورْ жаңбыр (2<sup>b</sup>, 2), yağtur يَمْغُورْ жаңбыр (2<sup>b</sup>,2).

### 3.2 Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері

Жазба ескерткіш тілінде берілген сөздер ескі қыпшақ ауызекі тілінде жиі қолданылған лексемаларды қамтығандығы байқалады. Олардың басым бөлігі басқадай да ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде, сондай-ақ, қазіргі қыпшақ, жалпы түркі тілдерінде кездесіп отырады. Қолжазба авторы ескерткіш мәтінін түзгенде тізімге алынған лексемаларды мүмкіндігінше мағыналық тұрғыдан топтастыруға ұмтылған. Мұның басты себебі еңбектің «сөздік-тілашар» бағытында түзілгендігіне байланысты деп білеміз.

Сөз – тілдің өзгерістер мен құбылыстарға түсіп отыратын құралы. Сондықтан, сонау ғасырлардан бізге жеткен бұл арабша-қыпшақша сөздікті басқа жәдігерліктермен және тірі түркі тілдерімен салыстыра қарастыру нәтижесінде біз оның сан-салалы семантикалық өзгешеліктерін аңғарамыз. Ол үшін қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып, лексикологиялық зерттеудің дәстүрлі жолымен қарастырсақ:

- осы күнге дейін жеткен, сол күйінде сақталған сөздер;
- семантикалық өзгеріске түскен немесе түбірде сақталып қалған сөздер;

– қазіргі қазақ тіліндегі қолданыстан шығып қалған сөздер, – деп бөлуге болады.

*Бірінші топтағы* осы күнге дейін жеткен, сол күйінде сақталған сөздер қатарын бұл қолжазбадан көптеп кездестіруге болады: **құмырсқа, кіліт, тұзақ, таразы, қарға, қаз, тобық, таныш, біліш, ақ, қара, үзеңгі, тай, қодұқ, кірпі, тазы, йт, қаблан, айу т.б.**

Сан ғасырлардан бері тілдің бір қалыпты емес даму нәтижесінде сөздік қор әрқилы өзгерістерге (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық) түсіп отырады. Әсіресе, лексика-семантикалық тұрғысынан сөз өзінің бұрынғы мағынасы мен тұлғасын өзгерістерге ұшыратады. Осы күнгі сөйлеу, әдеби, жазба тіліміздегі сөздердің мағынасы осыдан талай ғасыр бұрын пайдаланылғанындай емес, өз қалпынан ауысып, мағыналық өзгерістерге ұшыраған. Әйтсе де, семантикалық өзгеріс болғанымен, негізгі туатүп түбірлері бір екені байқалып тұрады. Біздің зерттеуіміздегі қолжазбада *екінші топқа* жататын мағыналық өзгерістерге ұшыраған, бірақ тұлғасы сақталған сөздер біршама кездеседі: **bangi** بَانْجِي гашиш (6<sup>a</sup>,6) **бәнг** деген парсы тілінен енген сөз, қазіргі қазақ тілінде фонетикалық формасы өзгеріске ұшырап, сонымен қатар семантикалық қалпын өзгертіп, ҚТТС-те **бәңгі** – «есалаң, есуас адам» дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, ескерткіште кездесетін **kökürmek** كُكْرَمَك найзағай (күннің күркіреуі) (2<sup>b</sup>,6) **көкүрмек** сөзі ескі қыпшақ тілінде зат есім тұлғасында қолданылса, қазіргі тілде тек қана **күркіреу** тұлғасы етістіктің қызметін атқарады; Тағы да, ескерткіште кездесетін **četlevük** چَتْلَؤُك фисташки (5<sup>a</sup>,14) **четлеуүк** – пісте, фисташки сөзі назар аудартады. Қазіргі тілімізде **шаттауық** деген сөз бар, бірақ ол Батыс-Қазақстанда **картоп** (диалект) деген мағынаны білдіреді. Сол секілді **шекілдеуік** сөзінің де сыртқы формасы ғана ұқсап қоймай, мағынасы да жақындайды. Себебі Ә. Құрышжановтың «ИЛТАС» зерттеу монографиясында **четлейік** тұлғасында тұрған сөзге ары қарай «далее в ркп. объясняется, они так названы потому, что производят трескучий звук, когда их разбивают» деген дәлел келтіреді [136, б. 218]. Бұл сөз ескерткіште **жаңғақ, фисташки** мағынасында қолданылса, қазіргі қазақ тілінде **шекілдеуік** бір затты шекіп, сындырып алу тұлғасындағы мағынаға ауысқан ұқсас сөз.

*Үшінші топқа* енетін қазіргі қазақ тілінен қолданыстан шығып қалған сөздер: **күнеш (күн), кәши буйнузи (қарабидай), кіраз (қара өрік, алхоры), хут (бұршақ, горох) және т.б.**

**Түркілік лексикалық қабат.** Сөздіктің лексикалық қоры мен сөз байлығы біріншіден, көне түркі Х–ХІ ғасырға дейінгі жазылған жазба ескерткіштері тілінде (Орхон-Енесей, Талас жазба мұралары), екіншіден, ортағасыр түркі (оғыз-қыпшақ) жазба ескерткіштері тілінде, үшіншіден, қазіргі қыпшақ тобына жататын түркі тілдері жазба ескерткіштерінде молынан сақталған.

Тіл – сөздік қорын үш бағыт бойынша жинайды:

1) **жалпы туыс тілдерге ортақ сөздер** (түркі тілдерінің оғыз, қыпшақ, қарлұқ, топтарының барлығына бірдей сөздер);

2) **жақын туыс тілдерге ортақ сөздер** (қыпшақ тілдеріне ғана тән сөздер);

3) тек өзіндік сөйлеу тіліне ғана тән сөздер болады (бір жазба ескерткіште бар сөз басқа жазбаларда болмайды). Ондай сөздер өзіндік амал-тәсілі арқылы жасалып, тарихи шығу тегі ұмытылады. Олар көбіне-көп тарихи себептермен басқа туыс түркі тілдеріне болсын таралмай, дамымай қалады. Сол сияқты «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінен басқа жазба мұраларда да, қазіргі түркі-қыпшақ тілдерінде жоқ сөздер кездеседі: **yathari** يَثَارِي артынша, соңынан (3<sup>b</sup>,2), **tüyre** طَيْرَا (8<sup>b</sup>,13; түйре, шашлықтың етін тізетін сым).

Ескі немесе қазіргі түркі тілдеріне тән грамматикалық ерекшеліктер мен ортақ сөздер мәмлүк қыпшақтары тілінде сан алуан түрде кездеседі. Олардың мағынасы мен сыртқы формасы ұқсас, кей-кейде фонетикалық едәуір өзгерістері мен айырмашылықтары болады. Ескі қыпшақ тілінің кейбір элементтері өзінің сөздік қорына ғана тән сөздер болмаса, көбінесе ескі не қазіргі түркі тілдерінің бірінде болмаса бірінде кездеседі. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі оғыз, қыпшақ, қарлұқ топтарының барлығына бірдей болғандықтан «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігін бәрімен қатар салыстыра отырып, ортақтастыра қарастырамыз.

**Көне түркі тілдеріне ортақ сөздер:** «күн» (күн), ау, ауу (аю), kolke (көлеңке), sekuc (соққыш, балға), segirke (шегіртке), соқмар (шоқпар), qamci (қамшы), sal, cal (күлгін түс), sicqan (тышқан), tavsan (қоян), korek (ит), qurt (қасқыр), arslan (арыстан), kesi, kesi (ешкі) т.б.

Ортағасыр түркі (қыпшақ) жазба ескерткіштеріне ортақ сөздер де көптеп кездеседі. «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдарын біз «Түрік-араб сөздігі», «Диван лұғат әт-түрік», Құтбтың «Хусрау уа Шірін» сөздігі, «Әт-Тухфа әз-закийат» сөздігі, «Кодекус Куманикус», «Бұлғат әл-муштақ», Әбу Хаййанның «Китаб әл-идрак» сөздігі сияқты өзі тұстас ескі қыпшақ жазба жадыхаттарымен салыстырдық. Соның нәтижесінде байқағанымыз, фонетикалық ерекшеліктері болмаса, ортақ, яғни ұқсас сөздер көп ұшырасады: suru (табын), qouun (қой), qocqar (қошқар), buzaqu (бұзау), iynek (сиыр), burc (бұрыш), sogan (пияз), turp, turma (шалқан), gesur (сәбіз), уағ (сары май), tuturgan (күріш), mercimek (чечевица), bacla (бобы) т.б.

**Өзге тілден ауысқан сөздер.** «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінде басым көпшілігі араб-парсы тілінен ауысқан элементтер. Моңғол тілінің түбі бір алтай тілдері болғандықтан, оның таза моңғол сөзі ме, әлде түркі сөзі ме ажыратудың өзі қиын. *«Қазақ, моңғол тілдеріндегі негізгі ұйтқы сөздік қордың айтылу жүйесі тарихи фонетика тұрғысынан ұқсас келеді. Бұл екі тілдің морфологиялық құрылысында да бірқатар ортақтықтар бар. Ал сөйлем құрылысы негізінен алғанда бірдей»* деген алтай тілдерін зерттеуші ірі ғалым Б. Базылханның тұжырымының үлкен негізі бар [248, б. 372]. Сондықтан, ескерткіште моңғол сөздері кездеспейді. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінде көбіне-көп араб-парсы сөздері ұшырасады, ал моңғол сөздері жоқтың қасы, *«оның бір себебі мынада: мәмлүк мемлекетінің Бейбарыс бастаған қарулы күштерінің моңғол басқыншыларын жеңіп шығуы»* [24, б. 116].

Ескі қыпшақ тіліндегі кірме сөздер тек қана лексикалық тұрғыдан түрленген емес, сонымен қатар, грамматикалық тұрғыдан да тұлғалық өзгерістерге ұшырап отырған. Белгілі ғалым Н.А. Баскаков ортаазиялық түркі тілдерінің көршілес елдермен болған қарым-қатынастары әсерінен тұтастай алғанда түбегейлі өзгерістері болғанын атап өтеді: «*Орта Азия түркі тілдері әртүрлі генетикалық байланыстарға ие бола отырып, сонымен қатар ортақ географиялық жағдайларға қатысты күйштер, жақын және тұрақты байланыстар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бола тұра өзінің дамуында лексика саласында және аз да болса грамматика саласында ең бастысы ортақ келбет қалыптастыра алды*» [249, б. 23].

Соның ішінде араб-парсы тілдерінен енген сөздер өзінің бастапқы айтылуынан фонетикалық, семантикалық өзгешіліктерге ұшырап, ауысып отырған. Ескерткіштегі араб-парсы кірме сөздері: талышман (14,5,1) – парсы тілінде (әрі қарай пар.) бұл формада **л-н** дыбыс алмасулары (*талишман-танишман*) түркі тілдеріне тән құбылыс. «*Қазіргі күнде көне және жаңа тілдер деп танылып жүрген тілдердің тұрғысынан келгенде р және л дыбыстары арасындағы алмасудан ч/т, р/ш. л/ш дыбыстарына тән тұрақтылықты көре бермейміз. Яғни р, л дыбыстарының көне және жаңа тілдер фактілері негізіне сүйенсек, р>л әрі л>р жағыдайында бірдей кездесе береді*» [250, б. 139].

*Шәгірді* (қолбала деген мағынада қолданған), *нөкер*, *баһа* пар. (баға, оценка), *кафтан* (кафтан), *тулбабд* (шалма), *хорос* пар. *қораз*, *шырақлық* (парсының *siray* сөзі мен түркінің *-лық* түрлендіруші жұрнағы арқылы жасалған), *жаттан* (қайық немесе корзина, себет мағыналарында пайдаланылған араб сөзі), *ахур* (ақыр, оттық мағынасында, арабтың салыстырыңыз: – конюшня, атқора сөзіне сәйкеседі; *аратма* (носилка немесе арба мағынасында, салыстырыңыз: ар.: *хайуан* ар. (хайуан), *гешүр* пар. *gazar* (сәбіз), *қоз* – пар. (горох, бұршақ), *тархна* пар. *тархина* (қышқыл сүттен жасалатын тағам түрі), *бәнг* пар. *bang* (анаша), *шафталу* пар. (персик, шабдалы), *кәстәнә* пар. (каштан), *хурма* ар.-пар. (құрма), *һийуа* ар. (айва), *фундуқ* пар. (финики, құрма), *анар* пар. (гранат, анар), *қауз* – ар.т. *hauz* (қауыз), *қына* – ар. *һина*; *зиан* – ар. *зиан* (зиян), *гүләф* – пар. (гүл); *фәріште* – пар. (періште), *мусулман* – ар.; *бинар* – пар. *бибер* (бұрыш); *гүлі* – пар. *роза*; *тәнә* - пар. (дән); *зардалу* – пар. (сары) – *өрік*; *жулбан* – ар. (горох), *устара* – пар. *остор* «қырыну» деген сөзі мен **-а** жұрнағы арқылы жасалған (ұстара); *шаулдыз* – пар. (ине); *ходжа* – ар.; *сабах йел* – ар. – таң (таңғы самал жел); *суруф йел* – ар. (самал жел); *гаурат* – ар.- пар. (әйел).

**Грамматикалық ерекшеліктер.** Жазба ескерткіш мәтінінде берілген ескі қыпшақ сөздері 1) түбір немесе 2) туынды түбір формасында қолданылған. Түбір сөздер, сондай-ақ, туынды түбірлер ортағасырлық ескі қыпшақ тілі айтылымында берілген. Бірақ бірқатар сөздердің айтылымы оғыз тілдеріне қатысты болып келді, мысалы: *dam* ضَامٌ шатыр (3<sup>a</sup>,10), *diz* دیز тізе (13<sup>b</sup>,6).

**Зат есімдер.** Жалпы алғанда, зат есімдер тобына жататын түбір сөздер жазба ескерткіште бір буынды тұлғада қолданылған (Мәмлүк қыпшақтарына

қатысты басқа ескерткіштерде де солай кездеседі), мыс.: аш  $\text{أش}$  ас (22<sup>b</sup>,2), ау  $\text{أى}$  Ай (2<sup>a</sup>,13), ауу  $\text{أىوا}$  аю (7<sup>b</sup>,7), сән  $\text{جان}$  жан, рух (13<sup>b</sup>,4) және т.б.

**Зат есімнің туынды түбірлері.** Жазба ескерткіш тіліндегі туынды түбірлер сөзден сөз тудырушы аффикстердің көмегі арқылы, яғни аффиксациялану жолымен жасалынған. Бірқатар түбір сөздердің құрамындағы аффикстер байырғы буындар немесе силлабофонемалар болып табылса, кейбір аффикстер ортағасырлық сөз қолданысының, яғни ауызекі тілдің ықпалы болып келеді. Бұл ретте де жалпы түркі тілдеріне ортақ сөзжасам заңдылықтарының сақталатындығы байқалады, мысалы: авищ «алақан, уыс» (13<sup>a</sup>,12) тұлғасы «Құдатғу білік» дастанында да осы мағынаға жақын, осы дыбысталу формасында қолданылған, қараңыз: авищ «горсть» [116, б. 70]. Бұл тұлғаның қалыптасу тарихын силлабофонемалық а + v түбірі мен ищ (iç//iç) қалпындағы етістік мағыналы түбір сөздің кіріге тіркесуі арқылы қалыптасқан деп шамалауға болады. Қолжазбада кездесетін алғищ «алғыс, дұға, бата» (4b,14) сөзі де күрделі даму жолынан өткен байырғы түркі лексемасы болып табылады, қалыптасу формасы көне түркілік «alig» қимыл атауы + iщ//iç тұлғасының кірігуі арқылы жасалынған. Сөз тұлғаларының кірігуі барысында алғашқы түбір құрамындағы ы (i) фонемасы түсіп қалған, қараңыз: ALIQ I. своеволие [110, б. 35]. Қолжазбадағы ақпипа «жарыс арбасы» (3<sup>a</sup>,6) тұлғасы ескі қыпшақ ауызекі тілінің ықпалы арқылы жасалынған, сөздің негізгі тұлғасы байырғы түркілік «AQ» [116, б. 48] етістігінің ауыспалы мағынада қолданылуы арқылы жасалынған. Сөздің кейінгі дамуы барысында туынды «ақпи» тұлғасына күрделі құрамды -n+a аффиксі жалғануы арқылы жасалған. Бұл аффикс көне түркілік ARQUN «скакун» лексемасының құрамында кездеседі. Қолжазба мәтінінде кездесетін ашақ (aşıq) «бас киім» – дулығаның бір түрі болуы мүмкін (11<sup>a</sup>,9) тұлғасы Махмуд Қашғарида осы формада, бірақ «тау бөктері» (подножие горы) мағынасында қолданылған. Ескі қыпшақ ауызекі тілінің әсерімен сөздің бастапқы буыны айтылым барысында қысқаруға ұшыраған, яғни сөздің бұл тұлғасы ұқсату заңдылығы бойынша жасалған. Қолжазбада осы іспетті тарихи тұрғыдан алғанда күрделі сөз болып табылатын, бірақ ескі қыпшақ тілінде негізгі, тұрақты түбір түрінде қолданылған бірқатар лексемалар кездеседі, мысалы: boğaz  $\text{بۇغاز}$  бұғақ, кеңірдек (13<sup>a</sup>,8), қарыз, парыз (21<sup>a</sup>,10), boğı  $\text{بۇرغى}$  керней (11<sup>b</sup>,4), boynuz  $\text{بۇيۇز}$  мүйіз (7<sup>b</sup>,2), bozza  $\text{بۇزۇه}$  боза – сусын түрі (4<sup>a</sup>,9), аймақ (3<sup>a</sup>,12), semege  $\text{جَمَكَا}$  еңбекақы, жалақы (23<sup>a</sup>,4) және т.б. Бұл лексемалардың шығуы, қалыптасуы, даму тарихы түркологиялық арнайы еңбектерде қарастырылып та, айтылып та жүр. Бұл жағы біздің жұмыстың мақсаты болмағандықтан, арнайы қарастырмадық.

Қолжазбада берілген зат есімдердің және бір тобын мынадай лексемалар құрайды, қараңыз: arvana  $\text{اروانا}$  аруана (7<sup>a</sup>,11), boğç  $\text{بۇرچ}$  борыш, kilit  $\text{كَلِت}$  кілт (9<sup>b</sup>,11), busaq  $\text{بۇجاق}$  көше, kinci  $\text{كِنجى}$  күнжіт (6<sup>a</sup>,11). Бұл лексемалар Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің барлығында кездеседі. Ортағасырлық түркі тілдерінің сөздік қорында жиі қолданылғанымен кірме сөздер болып табылады.



**Зат есімнің морфологиясы.** Қолжазба тіліне қарағанда Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде түбір зат есімнің туынды түбірін түзетін -lıq//-lik аффикстерінің қолданылғандығы байқалады, қараңыз: ағашlıq **أَغَاشٍ لِقْ** орманшылық (6<sup>a</sup>,2), ашlıq **أَشْ لِقْ** азық үшін пайдаланылатын бидай (6<sup>a</sup>,13), аydınlıq **أَيْدِنْ لِقْ** ай сәулесі, ай нұры (2<sup>a</sup>,13), yeşillik **يَشِيْلِكْ** көкөніс (5<sup>a</sup>,7). Жалпы алғанда бұл лексемалардың мән-мағынасын тап басып, дәл анықтау мүмкіндігі жоқ. Дегенмен лексемалардың түбір мағынасымен салыстыра қарағанда -lıq аффиксінің көптік мәнге ие екендігі байқалады. Бұл көптік мән түбір сөздің негізгі мағынасымен байланысты, ал -lıq//-lik аффиксі осы мәнді жалпы процестік, қимылдық мағына ретінде нақтылайды. Бұл аффикс еліктеуіш сөздерден туынды түбір зат есім жасағанда даралық мәнге ие жалпы есімдер құрамында жұмсалады, қараңыз: kıklık **كِكْلِكْ** кекілік (12<sup>a</sup>,8), жасалу үлгісі: еліктеуіш сөз + аффикс. Осы аффикстің -lıq вариантының және қатаң дауыссыздан басталатын -lıq аффиксінің дара мәнде нақтылау мағынасын беретін түрі де кездеседі, қараңыз: qolluq **قَوْلُقْ** қолтық, білек қапсырмасы атауы (11<sup>b</sup>,8), qoltuq **قُلْتُقْ** қолтық (13<sup>a</sup>,10).

Қолжазбада кездесетін қосымшалардың және бірі – -şaq// -şıq аффиксі, мысалы: ağırşaq (ağırşıq) **أَغْرِشَقْ** ұршық (10<sup>a</sup>,2), езулік, жіңішке варианты -şek, мысалы: kerşek **كَرْشَاكْ** «керек, керекті» (20<sup>b</sup>,8), könçek **كُنْجَاكْ** көншек, көйлек-көншек (12<sup>b</sup>,2). Бұл аффикс түбірге жалғана отырып, көптік мәндегі немесе жиі қайталанатын іс-әрекетті білдіреді, жаңа мағынаға ие туынды түбір жасайды және етістік түбірінен туынды зат есім түзе отырып, түбірге жиі пайдаланылатын зат, нәрсе ұғымын береді, қара.: emçek (emeçek) **أَمَّجَاكْ** емшек (13<sup>a</sup>,16). Қолжазба мәтінінде кездесіп отырған -suq// -şuq аффиксі де түбірге жалпылық мағынасын бере отырып туынды түбір зат есім түзеді, қар.: bağarsuq **بَغَارْصُوقْ** ішек-қарын, жылы-жұмсақ (13<sup>b</sup>, 2), dumşuq **دُمُشُوقْ** тұмсық – құс тұмсығы (12<sup>a</sup>,12).

Қолжазбада зат есімнен туынды зат есім түбірін жасайтын қосымшалар қатарында -č, -çe; -čı, -či аффиксі қолданылған, қолжазба мәтінінде байырғы түркі лексемалары құрамында ғана қолданылады, қар.: çöm(i)ççe **جُومَجَّه** шөміш, ожаудың бір түрі (10<sup>b</sup>,6), demüriççi **دَمُورْجِي** темірші (18<sup>a</sup>,4), kömüriççi **كَمُورْجِي** көмірші (18<sup>a</sup>,4), bardaqiççi **بَرْدَاقْ جِي** (құмыра жасайтын ұста) (18<sup>a</sup>,10). Мұндай туынды түбірлер қаралып отырған ескерткіш мәтінінде өте жиі кездеседі, басқадай Мәмлүк жазба ескерткіштерінде кездеспейді. Туынды тұлғаның жасалу жолы есімді сөз тіркесі – аффикс үлгісіне құрылған, мысалы: bardaqiççi < bardaq + ič + či. Алғашқы келтіріліп отырған çöm(i)ççe лексемасының құрамындағы -mč дауыссыз дыбыстар тіркесін көне түркі тілінде жиі қолданылған -нч қатаң дауыссыздар тіркесінің ескі қыпшақ ауызекі тілінде **й** (ы) қыстырынды дауысты дыбыстың және үнем заңы әсерінен туындаған аллофондық вариант.

Осы жерде жазба ескерткіш мәтінінде жиі кездесетін қыстырма дыбыстарға қатысты жазылған еңбектерге шолу жасап өтуді жөн көрдік: *«Қыстырма дыбыстар туралы қазақ (түркі) тілінде әңгіме болмауына сөздің түбір мен қосымшаларға оңай ажыратылады деген түсініктің басым болуы*

бір себеп болса, түркологияда үлкен еңбек сіңірген білгір ғалым В.А. Богородицкийдің «Бір кездегі сүйікті қыстырма дыбыс (вставочные звуки) арқылы түсіндіру дәуірі өтті» деген пікірі екінші себеп болуы мүмкін. Ал А.М. Щербак басы артық дыбыстың болу фактісі талассыз, даусыз екенін айтты. Бірақ қырғыз тілінің маманы Т. Садықов басы артық элемент барын мойындау морфологияға қосымша жаңа ұғым енгізуді қажет етеді деп, одан бас тартады.

Орыс тілінің маманы В.В. Лопатин қыстырма дыбысты морфеманың бір түрі деп есептесе, В.В. Касевич мағынасыз бөлшекке жатқызады. Біз де қазіргі қазақ тіліндегі қыстырма дыбыстарды сөзге қосар не грамматикалық, не лексикалық мағынасы жоқ бөлшек деп қараймыз» [223, б. 33-34].

Қолжазбада берілген лексемалар құрамында етістіктердің заттануы арқылы жасалған зат есімдер де кездеседі, мысалы: kesek كَسَاكُ кесек (нан тілімі) (6<sup>b</sup>,7). Бұл туынды түбір kes инфинитивіне -ек аффиксінің жалғануы арқылы түзіліп отыр. Қолжазбадағы ğiġek چيچاك бәйшешек (гүл) (5<sup>a</sup>,7) лексемасы да осы үлгіде түзілген. Мұндағы ğiġ түбірінің көне мағынасы – «рассеиваться», «распространяться» [228, б. 143], ал жоғарыдағы мысалдар аффикстің мәндік аясы кеңіп, жалпылық және нақтылық мәндерге ие болғандығын көрсетеді.

Қолжазба мәтінде keumek كِيْمَاكُ киім түрі (11<sup>a</sup>,11), barmaq بَرْمَاقُ бармақ (13<sup>a</sup>,12), mercimek مَرْجِمَاكُ жасымық (6<sup>a</sup>,9), avlamaq اَوْلَمَاقُ аңшылық (12<sup>a</sup>,14), iġmek اِيْشِمَاكُ ішімдіктер, сусындар (6<sup>b</sup>,3), qaumaq قِيْمَاقُ қаймақ (6<sup>b</sup>,5) сияқты лексемалар құрамында -maq//-mek аффиксі қолданылады. Бұл мысалдарға қарағанда -maq//-mek аффиксі етістіктерден жалпылық мәнге ие туынды зат есімдер түзеді.

**Күрделі сөздер.** Қолжазбада берілген күрделі зат есімдер бірнеше сөздердің тіркесі арқылы түзілген: 1) altun ayaq اَلْطُّنْ اَيَاقُ алтын аяқ (10<sup>b</sup>,16), at auǵıǵı اَطْ اَيْغُرْ айғыр (8<sup>a</sup>,9), balavassı بَالْ اَوَاسِيْ балауыз (7<sup>a</sup>,6). Жасалу үлгісі: зат есім + зат есім, лексика-грамматикалық мәні: анықтаушы тұлға + анықталушы тұлға болып келеді. Жазба ескерткіште мұндай осы үлгіде түзілген сөздер біршама, қар.: eǵiġši yaǵurt اَعْغِشِيْ يَاعُرْتُ қышқыл иоғурт (4<sup>b</sup>,6), iġ yaǵ اِيْشِنْ يَاعُ іш май (6<sup>b</sup>,11), kümiġ (kümüġ) ayaq كُيْمِشْ اَيَاقُ күміс аяқ (10<sup>b</sup>,16), temür kömlek تَمُورُ كُيْمَلَاكُ торғауыт, сауыт (11<sup>a</sup>,1,3) және т.б. Бұл тіркестердің барлығы сын есім + зат есім тіркесі үлгісінде жасалынған. Тіркестің екі сыңары да түбір формада тұр (қабысу), нақты бір заттың атауын білдіреді; Ал сөз тіркесі арқылы жасалған күрделі зат есімдердің ендігі бір тобы матаса байланысады. Мұндай тіркестердің бағыныңқы сыңарына тиісті ілік септігінің көрсеткіші жасырын тұрады, қараңыз: qarbuġ suu قَرْبُوصُ صِيْ قарбыз суы, қарбыз сөлі (4<sup>b</sup>,4), keyik sıǵıǵı كَايِكُ صِغِرُ жабайы сыйыр (7<sup>b</sup>,13), gülāf sou كُلاَفُ صِيْ гүл сөлі (4<sup>a</sup>,5) және т.б.

**Біріккен сөздер.** Қолжазба тіліндегі күрделі зат есімдердің бір тобы – антропонимдер. Антропонимдердің морфо-семантикалық құрылымын бірнеше топқа бөліп қарауға болады, қар.:

1) сын есім + зооним мәнді зат есім: Aqbars اَقْ بَرْسُ Ақбарыс (18<sup>b</sup>,11), Baybars بَايْ بَرْسُ Байбарыс (парсы әмірі) (18<sup>b</sup>,11);

2) дерексіз зат есім + зат есім: Cānqılıġ جَانْ قَلِيْجُ Жанқылыш (18<sup>b</sup>,13);

3) сын есім + сын есім: Tatlıbay طَاظِيْ بَايُ Татлыбай (19<sup>a</sup>,3);

4) сын есім + зат есім: İnçibay **إِنجِي بَاي** Інчібай (19<sup>a</sup>,1), Qaraköz **قَرَاكُز** Қаракөз (18<sup>b</sup>,2), Qaraqaş **قَرَاقَاش** Қарақас (18<sup>b</sup>,2), qaraquş **قَرَاقُوش** қаракүс (12<sup>a</sup>,10);

5) дерексіз зат есім + етістік: Cānberdi **جَان بَرْدِي** Жанберді (18<sup>b</sup>,13), Cānsever **جَان سَوَار** Жансүйер (19<sup>a</sup>,3);

6) зат есім + зат есімнің тіркесі арқылы түзілуі: Temirğazıq **تَمِرْغَازِق** Темірқазық – жұлдыз (космоним - 2<sup>a</sup>,11) және т.б.

**Еселеме қос сөздер** жазба ескерткіш тілінде алғашқы буынның қысқара отырып, қайталануы арқылы жасалады, қар.: qırqızıl **قِرْقِزِيل** қып-қызыл (9<sup>a</sup>,9) уетуеşil **يَامُ يَشَّيِل** жап-жасыл (9<sup>a</sup>,11), арақ **أَبَقِي** аппақ (9<sup>a</sup>,9), qarqara **قَرَا** қап-кара (9<sup>a</sup>,13), köñkök **كُونُكُ كُونُكُ** көкпенбек (9<sup>a</sup>,11),.

**Көптік жалғауы.** Жазба ескерткіш мәтінінде көптік жалғаудың -lar//-ler варианттары қолданылған, қатаң дауыссызға аяқталған түбірден соң да жалғана береді, қар.: atlar **أَطْلَارْ** (أَطْلَارْ) аттар, жылқылар (8<sup>a</sup>,13; 23<sup>b</sup>,14,16), develer **دَوَالَارْ** түйелер (8<sup>a</sup>,13), anlar **أَنَلَارْ** аналар (3<sup>b</sup>,4), qardaşlar (qarıdaşlar) **قَرَادَاشَلَارْ** туысқандар (22<sup>b</sup>,8) және т.б.

**Септік жалғаулары.** Жазба ескерткіш тілінде ескі қыпшақ тіліндегі жеті септік, яғни септік категориясының толық парадигмасы қолданылған, қар:

**Атау септігі:** ağaş **أَغَاشْ** ағаш (6<sup>a</sup>,2), ağırşaq **أَغْرِشَقْ** ұршық (10<sup>a</sup>,2), alın **أَلِنْ** маңдай (13<sup>a</sup>,4) – есім сөздердің барлығы ешқандай қосымшасыз, түбір қалпында қолданылған.

**Ілік септігі:** есім сөздердің барлығы да ілік септігінің көрсеткішінде қолданылған.

**Барыс септігі** жазба ескерткіш тілінде -ga//-ğa және -a//-e аффикстері арқылы берілген, іс-әрекеттің бағыт-бағдарын білдіреді, қараңыз: men begğa ketmedim (ketmedüm) **مَنْ يَاكُ غَا كَاتْمَدِيمُ** «Мен бекке кетмедім» (20<sup>a</sup>,6), bar bizga yahşi yemek bişir **بَرْ بَزْغَا يَحْشِي يَمَاكُ بИШِرْ** «Бар, бізге жақсы ас пісір» (22<sup>a</sup>,16), kimseye aytma **كَمْسِيَا أَيْتْمَهْ** «Әдекімге айтпа» (22<sup>a</sup>,6).

**Табыс септігі** -i//-ni аффиксі арқылы берілген, іс-әрекетке қатысты объектіні білдіреді, қараңыз: kimni yeberür biz **كَمْنِي يَبَارْ بَزْ** «Кімді жібереміз?» (22<sup>b</sup>,4), men seni bilmes men **مَنْ سَنِي بِلْمَاسْ مَنْ** «Мен сені білмеймін» (20<sup>b</sup>,2)

**Жатыс септігі** -da//-de аффиксі арқылы берілген, іс-әрекеттің атқарылған немесе атқарылар орынын білдіреді, қар.: teñizde **تَنْگَزِدَا** теңізде, anda **أَنْدَا** анда (3<sup>b</sup>,14), senü kömülde ne bar **سَنُؤَا КӨМҮЛДА НА БАР** «Сенің көңіліңде не бар?» (21<sup>b</sup>,2)

**Шығыс септігі** -dan//den, -ten аффиксі арқылы берілген, іс-әрекеттің бастау орынын, шыққан жерін білдіреді, қар.: men Halep şārdan men **مَنْ حَلَبْ** «Мен Халеп қаласынанмын» (19<sup>a</sup>,9), men Tañrıden qorqar men **مَنْ تَغْرِيدَا** «Мен Тәңриден қорқамын» (19<sup>b</sup>,4), Haleb'ten keldim **حَلَبْتَا كَلْدِيمُ** «Халебтен келдім» (24<sup>a</sup>,6).

**Көмектес септігі** жазба ескерткіш тілінде ауызекі тілдегі қолданысымен ерекшеленеді. Жазба ескерткіш мәтінінде берілген тілашардағы сөйлемдерге қарағанда ескерткіштің орындалу уақытында көмектес септік мағынасы жатыс септіктің көрсеткіші -te аффиксі және bile көмекші сөзінің қысқарған -le формасы арқылы берілген, I жақ жекеше және көпше түрдегі жіктеу есімдігінің тәуелдік тұлғадағы түрімен біріге қолданылған, қар.: men bir işte keldim

(keldüm) مَنْ بِيْرٍ اِيْشْتَا كَلْدُمْ «Мен бір жұмыспен келдім» (24<sup>a</sup>,8), benimle (menümle) talaşma مَنْمَلَا طَلَاشْ مَه «Менімен таласпа» (21<sup>a</sup>,6), neşin (neşün) bizimle (bizümle) sevleşmes sen نَاشُنْ بِيْرُمْ لَا سَوَلَاشْ مَاسَا «Не үшін бізбенен сөйлеспесің сен?» (22<sup>b</sup>,10).

**Тәуелдік жалғаулары.** Қолжазба мәтінінің сөздік ыңғайында түзілуіне байланысты тәуелдік категориясын көрсететін лексемалар өте аз, қар.: adım اَصِيْمٌ есімім (24<sup>a</sup>,6), bitiğimiz بِيْتِيْغِيْمِيْزْ кітабымыз (24<sup>a</sup>,14,16), hōcām حُجَامٌ қожайыным, ием (22<sup>a</sup>,8), barşañız بَارْشَاÑ\_IْZْ баршаңыз (22<sup>b</sup>,6), bilegi بِلَاغِيْ білегі (10<sup>a</sup>,6). Тәуелдік категориясы қолжазбада I жақ, жекеше түрде -m// -im, -üm көпше түрде -miz, II жақ, көпше түрде -ñız, III жақ, жекеше түрде -i қосымшалары арқылы беріледі, объектінің субъектіге тәуелділігін, меншіктілігін білдіреді.

**Етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтар.** Қолжазба мәтінінде берілген бірқатар зат есімдер етістіктің заттануы, яғни субстантивтенуі арқылы жасалынған. Етістіктің субстантивтенуі аффикстер көмегімен жүзеге асырылған:

1) **-maq// -mek:** боуатақ بِيْمَاقٌ бояу (12<sup>b</sup>,14), şaqmaq شَقْمَاقٌ шақпақ (тас) (10<sup>a</sup>,12), işmek اِيْشْمَاكٌ сусын (21<sup>a</sup>,15), incitmek اِنْجِيْتْمَاكٌ ренжіту (4<sup>b</sup>,14), keumek كِيْمَاكٌ киім түрі (11<sup>a</sup>,11), qotarmek قَطْرْمَاكٌ қотару (оттан түсіру) (22<sup>b</sup>,2);

2) **-ček (-šek)** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: emček (emeček) اَمْجَاكٌ емшек (13<sup>a</sup>,16), ölšek اَوْلْشَاكٌ өлшем құралы (10<sup>b</sup>,14);

3) күрделі құрамды **-maç** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: bülamaç بُلْمَاچٌ быламық, ұннан жасалған сорпа (6<sup>b</sup>,3). Бұл лексеманы түзуші аффикс **-ma + -ç** қосымшаларына ажырайды. Аффикстің құранды сыңарлары ескі қыпшақ тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де сирек те болса қолданыста бар, мысалы: бұлғама, былғама, былғамаш – ұннан дайындалатын тағам түрі;

4) **-iř// -iř** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: biliř بِلِيْشٌ таныс (14<sup>a</sup>,10), taniř طَانِيْشٌ таныс (14<sup>a</sup>,10), қазіргі қазақ тілінде «таныс-біліс»;

5) **-aq// -ek// -ik** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: taraq طَرَاقٌ тарақ (9<sup>b</sup>,11), kesek كَسَاكٌ кесек (2<sup>b</sup>, 10), ilik اِلِيْكٌ ілгек (түйме ілетін) (12<sup>b</sup>,6);

6) **-qı** аффиксінің түбірге жалғануы арқылы: bişqı بِيْشَقِيْ 1) пышақ, 2) ара жүзді пышақ (10<sup>a</sup>,12), қазіргі қазақ тілінде осы құрылымға сәйкес «піскі, шанышқы» лексемалары бар;

7) **-qıç** аффиксі арқылы: bişqıç بِيْشَقِيْچٌ қайшы (9<sup>b</sup>,13), қазіргі қазақ тілінде осы құрылымға сәйкес «қысқыш, ашқыш, басқыш» лексемалары бар. Бұл аффиксті көне дәуірлердегі qıç «қысу» лексемасының етістік + етістік құрылымындағы сөз тіркесіне қатыса отырып, алдымен көмекші сөзге айнала отырып, негізгі мағынасынан ажырап, көмекші мәнді сөз, соңынан аффикс түзілген деп шамалаймыз. Қазіргі қазақ тілінде сирек те болса қолданылатын «қыштау» (қысу, мәжбүрлеу) лексемасы бар;

8) **-in// -in// -im// -un** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: egin اِكْنٌ егін (5<sup>a</sup>,7; 6<sup>a</sup>,13), tütүн تُوْتُوْنٌ түтін (2<sup>b</sup>,8), dilim دِلِيْمٌ тілім, тілік, бөлік (5<sup>b</sup>,8), satın (satun) سَاطِيْنٌ 1) сауда әрекетінің жалпы атауы; 2) сатып алу (20<sup>a</sup>,15; 22<sup>a</sup>,2; 23<sup>b</sup>,14,16);

9) **-av** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: buğav بُوْغَاوٌ бұғау (9<sup>a</sup>,2);

10) **-uq** аффиксінің туынды етістік түбіріне жалғануы арқылы: buyuq بۇرۇق бұйрық, әмір (21<sup>a</sup>,10);

11) **-k** аффиксінің инфинитивке жалғануы арқылы: töšek تۆسەك төсек (10<sup>b</sup>,12), düdük دۈدۈك сырнай (11<sup>b</sup>,6);

12) **-še** аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы: bürşe بۇرشا бүрге (9<sup>b</sup>,4).

**Сын есімдер.** Қолжазба тілінде берілген сын есімдер грамматикалық-семантикалық мағыналарына қарай сапалық және қатыстық сын есімдер болып келеді: 1) сапалық сын есімдер жалпы түркі тілдеріндегідей заттың түр-түсін білдіреді, қар.: alaça الّاچа ала, ала шұбар (9<sup>a</sup>,7), arpaq ارباق аппақ (9<sup>a</sup>,9), aq اق ақ (9<sup>a</sup>,5), bulaça بلّاچа бұла шұбар (9<sup>a</sup>,9), sarı صرّی сары (9<sup>a</sup>,11), köñkök كۆنكۆك көкпеңбек (9<sup>a</sup>,11), sarı صرّی сары (5<sup>b</sup>,10; 7<sup>a</sup>,2), sarı صرّی сары (9<sup>a</sup>,11), saru صرّوا сары (9<sup>a</sup>,7), yeşil يەشیل жасыл (5<sup>a</sup>,9; 9<sup>a</sup>,7) және т.б.

Түр-түске байланысты сын есімдердің лексика-морфологиялық ерекшеліктері. Қолжазба мәтініндегі түр-түске байланысты сын есімдердің бірнеше жасалу жолдары бар: 1) аффиксациялану тәсілі арқылы: а) сын есім түбіріне **-sa** аффиксінің жалғануы арқылы: alaça «ала шұбар» (9<sup>a</sup>,7), sarısa «сары шұбар» (9<sup>a</sup>,9) және т.б; 2) негіз сын есім буынының қысқара отырып, сол түбірге қайта жалғануы арқылы жасалатын сын есімнің бұл түрін қазіргі уақытта «еселеме қос сөздер» деп атап жүрміз: arpaq ارباق аппақ (9<sup>a</sup>,9), köñkök كۆنكۆك көкпеңбек (9<sup>a</sup>,11), qarqara قارّا қап-қара (9<sup>a</sup>,13), qırqızıl قىزىل қып-қызыл (9<sup>a</sup>,9) yemyeşil يام يەشیل жап-жасыл (9<sup>a</sup>,11) және т.б; 3) сын есімнің қысқарған буынының лексикалануы арқылы: köñ كۆн көкпеңбек (9<sup>a</sup>,11), yeñ يەن қызыл, өте қызыл (12<sup>b</sup>,10);

Түр-түске байланысты сын есімдер сөз тіркесінде анықтаушы сыңар қызметін атқара отырып, номинатив атау деңгейінде жалпы мәнді зат есімдер жасайды, қар.: qızıl erük قىزىل ارۈك қызыл өрік (5<sup>b</sup>,6) және т.б.

**Заттың көлемін, аумағын білдіретін сын есімдер:** yoğğun يۇغۇن тығыз, зор, үлкен, дөрекі, ірі, дәу (ауызекі) (4<sup>b</sup>,10; 14<sup>b</sup>,4), kiçkez كىچكەز кіші, кішкентай (3<sup>a</sup>,4),

Заттың көлемдік, аумақтық, сапалық ерекшелігіне қатысты сын есімдердің лексика-морфологиялық ерекшеліктері 1) аффиксация **-lı**, **-ğın**, **-kez**, 2) тарихи даму барысында түбір мен қосымшаның кірігіп кетуі, мысалы: ağır اغر ауыр (14<sup>b</sup>,6), derin درىن терең (3<sup>a</sup>,1), 3) кірме сөздерді қабылдау тәсілдері арқылы көрінеді, жалпылама мағына береді.

**Заттың сапасын, сыр-сипатын білдіретін сын есімдер:** aсsı اچى ащы (4<sup>b</sup>,4), ziyān زيان зиян (4<sup>b</sup>,10), уымғи يۇمىرى жұмыр (5<sup>a</sup>,2), уымсақ يۇمشاق жұмсақ (4<sup>b</sup>,12, 14<sup>b</sup>,6), teşik تەشك тесік (3<sup>a</sup>,8), bazıq بازىқ зор, үлкен, ірі; жаман қылықты; нашар мінезді (14<sup>b</sup>,6) және т.б.

Жазба ескерткіштің қос тілді сөздік ретінде түзілуіне байланысты сын есімнің шырай категориясына қатысты материалдар мәтінде сирек кездеседі. Мәтіндегі лексемалардың қолданысына қарағанда сын есімнің салыстырмалы шырай мынадай формаларда қолданылған:

1) III жақ, жекеше формасында тұрған сан есімнің түбіріне -sı жұрнағының жалғануы арқылы жасалады: yassı «жалпақ, иілген» (5<sup>a</sup>,2);

2) -lı/-lu, -sız аффикстерінің зат есім түбіріне жалғануы арқылы: saqallu сақалды (14<sup>a</sup>,14), qutlı قۇتلِي қутты (24<sup>a</sup>,12), tatlı طَاطَلِي тәтті (4<sup>b</sup>,6).

**Қатыстық сын есімдер:** Сын есімнің күшейітпелі шырайы қолжазба мәтінінде еселеме қос сөздер арқылы берілген, олар туралы жоғарыдан қараңыз.

**Сан есімдер.** Қолжазба мәтінінде сан есімдер реестрлік тізім түрінде берілген. Бұл тізімге қарағанда сан есімнің семантикалық топтары жалпы түркі тілдеріне ортақ жүйеде берілген.

**Есептік сан есімдер:** а) бірлік сандар: bir بِيْر бір (14<sup>b</sup>,11), yekki يَککِي екі (14<sup>b</sup>,11), sekiz سَککِز сегіз (14<sup>b</sup>,13), taqız طَقُوز тоғыз (14<sup>b</sup>,13), van وَاْن он (14<sup>b</sup>,15).

Ондық сандар: van وَاْن он (14<sup>b</sup>,15), yegirmi يَکِرْمِي жиырма (15<sup>a</sup>,6), otuz اُتُوز отыз (15<sup>a</sup>,12), seksen سَکْسَان сексен (16<sup>a</sup>,14), toqsan طَقْصَان тоқсан (16<sup>b</sup>,4);

Жүздік сандар: yüz يُوْز жүз (16<sup>b</sup>,12), yeki yüz يَکِي يُوْز екі жүз (16<sup>b</sup>,12), üç yüz وُش يُوْز үш жүз (16<sup>b</sup>,12), dört yüz دُورْت يُوْز төрт жүз (16<sup>b</sup>,12)

Мыңдық сандар: miñ مِيْن миң (16<sup>b</sup>,16), yekki miñ يَککِي مِيْن екі мың (16<sup>b</sup>,16), üç miñ وُش مِيْن үш мың (17<sup>a</sup>,2), dört miñ دُورْت مِيْن төрт мың (17<sup>a</sup>,2), beş miñ بِيْش مِيْن бес мың (17<sup>a</sup>,2).

Бөлшектік сандардың мағынасын беретін бір ғана лексема кездеседі, қараңыз: buşuq بۇشُق жарты, жартысы (14<sup>b</sup>,11)

**Есімдіктер.** Қолжазба мәтінінде қолданылған есімдіктер тобына жататын лексемалар қатары жалпы түркі тілдеріне, оның ішінде ескі қыпшақ тілінде жиі қолданылады. Қолжазбадағы есімдіктердің лексика-семантикалық топтары реестрлік ұяшық түрінде берілген, бірлі-жарымды сөз қолданыстарында түрлі лексика-грамматикалық формада көрінеді.

**Жіктеу есімдіктері.** Қолжазба тілінде қолданылған жіктеу есімдіктерінің кестесі (кесте 6).

Кесте 6 - Мәмлүк қыпшақ тілінің жіктеу есімдіктері

| Жақтар  | Жекеше  | Көпше I түрі  | Көпше II түрі |
|---------|---|---|---------------|
| I жақ   | men مَن мен (3 <sup>b</sup> ,8;)                                    | biz بِيْز біз (3 <sup>b</sup> ,8;)                            | -//-          |
| II жақ  | sen سَن сен (3 <sup>b</sup> ,6); siz سِيْز сіз (22 <sup>b</sup> ,4) | -//-  | -//-          |
| III жақ | ol اُول ол (3 <sup>b</sup> ,6)                                      | anlar اَنَلَار аналар (3 <sup>b</sup> ,4; 3 <sup>b</sup> ,12) | -//-          |

**Сілтеу есімдіктері.** Қолжазба мәтінінде берілген сілтеу есімдіктері ескі қыпшақ ауызекі тілі материалдарымен, жалпы түркі тілдерінің лексикалық

қорымен сәйкес келеді, қараңыз: табыс септігі формасында *anu* **أَنَا** оны, соны (3<sup>b</sup>,10), *ol* **أُول** ол (3<sup>b</sup>,6), *bu* **بُؤ** бұ(л) (3<sup>b</sup>,6), жатыс септігі формасында: *anda* **أَنْدَا** анда (3<sup>b</sup>,4), көпше түрде: *anlar* **أَنْلَار** аналар, солар (3<sup>b</sup>,12), *bular* **بُلَار** бұлар (3<sup>b</sup>,6) тұлғаларында қолданылған.

**Есімдіктердің септелуі.** Жазба ескерткіште сирек те болса есімдіктердің септелу, тәуелдену үлгілері кездеседі, оларды кестеде жинақтай көрсеттік (кесте 7):

Кесте 7 - Есімдіктердің септелуі және тәуелденуі

| Атау     | men                      | sen                       | biz     | siz        | bu       |
|----------|--------------------------|---------------------------|---------|------------|----------|
| Ілік     | menüm                    | senü <b>سَنُؤَا</b> сенің |         | -//-       | -//-     |
| Барыс    | maña                     | saña                      | bizğa   | sizğa      | -//-     |
| Табыс    | meni                     | seni                      | -//-    | -//-       | munı     |
| Жатыс    | -//-                     | sende                     | -//-    | -//-       | munda    |
| ШЫҒЫС    | menden                   | senden                    | -//-    | -//-       | -//-     |
| Көмектес | menim<br>(menüm)<br>bile | senü bile                 | bizümle | sizin bile | anu bile |

Жазба ескерткіш тілінде тәуелдік формасында берілген бір ғана жіктеу есімдігі кездеседі, қараңыз: *senüki* **سَنُكِي** сенікі, сенің (22<sup>b</sup>,14). Ал жалпылау есімдіктерінен *barşañız* (*barşagız*) **بَارْشَاغِز** баршаңыз (22<sup>b</sup>,6,8) тұлғасы қолданылған.

**Сұрау есімдіктері:** Жазба ескерткіш тілінде қолданылған негізгі сұрау есімдіктері *kim* **كِيْم** кім? (22<sup>a</sup>,10), *ne* **نَا** не? (22<sup>a</sup>,6), *haşşan* **حَاشَّان** қашшан? (23<sup>a</sup>,16), *qayda* **قَايْدَا** қайда? (22<sup>b</sup>,4) тұлғалары. Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде қолданылған бұл сұрау есімдіктері іс-әрекеттің барысына қарай, септік қосымшалары, үстеу, көмекші сөздердің тіркесі арқылы түрленіп отырғандығы байқалады:

1) септік жалғаулары арқылы: *kimni* **كِيْمِنِي** кімді (23<sup>b</sup>,2) – табыс септігі, *qanda* **قَايْدَا** қайда? (22<sup>b</sup>,4) – жатыс септігі, *kimden* **كِيْمْدَا** кімнен (23<sup>a</sup>,2) – шығыс септігі;

2) сұрау есімдігінің «үшін» үстеуімен тіркесуі арқылы: *neşin* (*neşün*) **نَاشُن** не үшін (19<sup>a</sup>,15), *neçik* (*neçük*) **نَاشِك** нешік? (3<sup>b</sup>,8). Күрделі құрамды сұрау есімдіктері құрамындағы *şin-//şün-* түбірлерінің алдындағы **ü** дауысты дыбысы түсіп қалған, үнем заңы әсерімен қысқарған. Ал *çik-//çük-* түбірлері *üşünky* > *şünky* (*üşün* + *ky*) формаларының үнем заңы әсеріне ұшыраған аллофондық варианттары болып табылады;

3) *dür-* көмекші сөзінің тіркесі арқылы: *nedür* **نَا دُر** кім? кімдүр? (24<sup>a</sup>,4). 4) сұрау есімдігін қатыстыра отырып, стильдік-интонациялық сөз қолданысы, сөз саптамасы арқылы: *neb(i)ler sen* **نَبْلَرْسَا** не қыласың? (24<sup>a</sup>,4). Бұл күрделі құрамды жай сөйлемге «Сен не білесің?» мағынасы мен құрылымы арқылы анықтама

беруге болар еді. Бірақ қолжазбаны түзуші, есімі белгісіз автор жай сөйлемнің экспрессивті, эмоциональді мағынасына мән бере отырып, араб тіліне «не қыласың?» баламасы арқылы аударған;

4) Тәуелдік мағынаны нақтылау, айқындау үшін -sı аффиксі арқылы түрленген сұрау есімдігі: qaусı قَائِسِي қайсы? (19<sup>a</sup>,9).

Сұрау есімдігінің қызметін атқаратын сұраулы сөйлем құрылымы mı + dur (сұрау мәнді аффикс + көмекші сөз), экспрессивті-модальді мәнді тұлға және -mıs аффиксі мен sen жіктеу есімдігінің тіркесі арқылы жасалады: yaһşı mıdur مُذْرُ يَخْشِي жақсы ма еді? (23<sup>a</sup>,12), hořmıssen حَوْشَن مَسَا жақсымысың? (20<sup>a</sup>,12).

**Белгісіздік есімдіктері:** kimseye كِمْسِيَا әлдекімге (22<sup>a</sup>,6), qaydasa قَائِدَسَا әлдеқайда (22<sup>b</sup>,6) kimese كِمَسَا 1) оны, 2) кім болса да (23<sup>b</sup>,2) тұлғалары арқылы берілген. Бұл қатардағы сұрау есімдіктері se + ye-, da + sa-, e + se- сияқты күрделі құрамды қосымшалардың жалғануы арқылы түрленген.

**Болымсыздық есімдіктері:** жалпы түркі тілдеріне ортақ уоқ يُوقُ жоқ (24<sup>a</sup>,10), уоqса يُقْسَا жоқ болмаса (22<sup>b</sup>,14), hıç هِيْشَن еш, ешбір, ешқандай (3<sup>b</sup>,12; 24<sup>a</sup>,12) тұлғалары арқылы берілген.

**Етістіктер.** Жазба ескерткіш тілінде Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде қолданылған етістік сөздер тобына жататын лексемалар да қамтылған. Оларды лексика-грамматикалық, морфологиялық ерекшеліктері бойынша бірнеше топқа саралауға болады.

**Түбір етістіктер:** қолжазбада инфинитив формасында берілген, мысалы: al آل ал (21<sup>b</sup>,4), kel كَال (كَال) кел (19<sup>b</sup>,10; 20<sup>b</sup>,10), ket كَات «кет» (20<sup>a</sup>,10), baq باق қара (22<sup>a</sup>,2), bar بَر бар! (23<sup>a</sup>,12), ber بَر бер (19<sup>a</sup>,11), kez كَز (كَز) жүр, арала, кез (21<sup>b</sup>,14; 21<sup>a</sup>,12), ör اَوْب (اَوْب) өп, сүй (21<sup>b</sup>,8), mın مِيْن мін! (23<sup>a</sup>,12), řar شَاب шап! желу (23<sup>a</sup>,12, 14), řıq شِيْق шық! (23<sup>b</sup>,2), küл كُوْن күл (2<sup>b</sup>,8) және т.б.

**Туынды етістіктер:** Қолжазба тілінде кездесетін туынды етістіктер негізгі түбірлердің аффиксациялану, тіркесу жолымен жасалған. Аффиксациялану жолымен жасалынған туынды түбір етістіктер:

1) -ın//-in//-ün аффикстері арқылы: satın سَاتِن сату (23<sup>a</sup>,8), saqın سَاقِن байқа! Сақтан!(22a,4), sevün (sevin) سَوْن сүйін (21<sup>a</sup>,6) және т.б;

2) -ir + ür: esirür «есіреп», мас болар (20<sup>a</sup>,2), biřir بِرِشِر пісір (22<sup>a</sup>,16) және т.б;

3) -le аффикстері арқылы: eyle «болу» (24<sup>a</sup>,10) және т.б;

4) -ar аффикстері арқылы: qotar «қотару (оттан түсіру)» (22<sup>b</sup>,2) және т.б;

5) -gir аффикстері арқылы: yegir «жирену» (20<sup>b</sup>,4) және т.б;

6) -en аффиксі арқылы: begen «ұнату» (22<sup>b</sup>,16), tükendi تُكْنَدِي түгесілді, аяқталды (24<sup>a</sup>,14,16) және т.б;

7) -la// -le аффикстері арқылы: qonaqla «қонақ болу» (20<sup>b</sup>,10), sevle سَوْلَه «сөйле» (24<sup>a</sup>,2), sağıřla صَاغِش لَا есепте (17<sup>b</sup>,9) және т.б;

8) -ren аффиксі арқылы: ögren «үйрен» (21<sup>b</sup>,4) және т.б;

9) -u// -uq аффикстері арқылы: quru قُرُوا қурау, кебу (6<sup>a</sup>,4), qoquq قُرُوق жүзімдіктің жеміс бермеуі (5<sup>a</sup>,12) және т.б;

10) -ıř аффиксі арқылы: sanřıř صَان شِيْشَن шаншу, түйреу (11<sup>a</sup>,7) және т.б;

11) -ař аффиксі арқылы: savař «соғысу, ұрысу, қақтығысу, тәжікелесу (21<sup>a</sup>,6) және т.б.



**Күрделі етістіктер:** Қолжазба тілінде күрделі құрамды етістік формалары да кездесіп отырады. Олар негізінен алғанда сөз тіркесінен жасалады: етістік және көмекші сөз тіркесінен түзілген етістіктер: bildir bildir **بَلِّدِر** инфин.: білдір (22<sup>a</sup>,4), tas boldı **طَاصْ بَلِّصِي** жоғалу, жоқ болу, зым-зия болу (4<sup>b</sup>,16), küç ber **كُوجْ بَر** жәрдем бер, көмектес (19<sup>a</sup>,11) және т.б;

**Етістік шақтары:** Қолжазба тіліндегі негізгі мәтін қос тілді сөздік ыңғайында түзілгенімен, ескерткіштің жазылу уақытындағы Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тіліндегі етістіктің шақ категориясына қатысты біраз мәліметтер алуға болады.

Жазба ескерткіштің тілінде қолданылған етістіктердің **өткен шақ категориясы** -ti//-dı//-di//-dü аффикстерінің етістік немесе туынды етістік түбіріне жалғануы арқылы берілген: bitti **بِتْتِي** бітті (24<sup>a</sup>,14,16), boldı **بَلِّصِي** болды, болу (4<sup>b</sup>,16), eyledi **أَيْلْدِي** болдың (24<sup>a</sup>,10), avladı **أَوْلَاصِي** аулады (4<sup>b</sup>,16), işmedüm **إِشْمَادُم** ішпедім (21<sup>a</sup>,15) және т.б.

**Етістіктің келер шағы** қолжазба тілінде туынды түбір етістік және жіктеу есімдігінің тіркесі арқылы берілген:

I жақта: sever men **سَوَارْمَا** сүйермін (19<sup>b</sup>,8), alur men **أَلْرَمَا** алармын? (21<sup>b</sup>,4) және т.б.

II жақта: yegirür sen **يَاКРУРСА** жекілерсің (19<sup>b</sup>,14), uıǵlar sen **يَغْلَارСА** жыларсың (20<sup>a</sup>,2), alur sen **АЛРСА** аларсың (20<sup>a</sup>,15), ašar sen **АШАРСА** ашарсың (20<sup>a</sup>,15), aytır sen **АЙТАРСА** айтарсың, айтасың сен (19<sup>a</sup>,15), işer sen **ИШАРСА** ішерсің (20<sup>b</sup>,14), kelir sen **КЕЛРСА** сен келерсің (19<sup>b</sup>,10), kelür sen **КЕЛҰРСА** келерсің (20<sup>a</sup>,14),

küler sen **КҰЛРСА** күлерсің (19<sup>b</sup>,15) және т.б.

III жақта: ueberür biz **УЕБЕРУЗ** жібереміз? (22<sup>b</sup>,4).

Келер шақтың сөз тіркесі арқылы берілуіндегі басты ерекшелік *kelir// kelür* сияқты етістіктің құрамындағы -ir//-ür//-er аффикстері ғана келер шақ мәнін береді, ал тіркес құрамына еніп отырған жіктеу есімдіктері жалғау қызметін атқара отырып, түбір тұлғалы жақ көрсеткішіне айналады.

**Етістіктің бұйрық райы** инфинитив формасы және аффиксациялану тәсілдері арқылы берілген:

1) **инфинитив** формасы арқылы берілуі: min **مِين** мін! (23<sup>a</sup>,12), šar **شَاب** шап! желіу (23<sup>a</sup>,12, 14), šiq **شِيق** шық! (23<sup>b</sup>,2), küл **كُول** күл (2<sup>b</sup>,8) және т.б;

2) **аффиксациялану тәсілі** арқылы: а) -ir аффиксінің қатысуымен: bišir **بِشِر** пісір (22<sup>a</sup>,16); ә) -it аффиксінің қатысуымен: yešit **يَاشِيت** есті, тыңда (23<sup>b</sup>,12); б) -la//-le + š аффиксінің қатысуымен: saǵışla **صَاغِشْ لَا** есепте (17<sup>b</sup>,9), işle **إِشْلَه** істе, атқар (22<sup>a</sup>,16), sevleš **سَوَلАШ** сөйлес (20<sup>b</sup>,2); в) -ma//-me аффиксінің қатысуымен: aytma **أَيْتْمَه** айтпа (20<sup>b</sup>,2), ketme **كَاتْمَه** кетпе (21<sup>b</sup>,8) unutma **أَنْوْطْمَه** ұмытпа! (22<sup>a</sup>,4); г) -ñiz аффиксінің қатысуымен: say(1)ñiz **صَائِي نَنْز** есептеңіз (17<sup>b</sup>,10).

3) **аналитикалық жолмен**, яғни **түбірлердің бірігуі** арқылы: aytšana **أَيْتْسَنَا** айтқын (19<sup>a</sup>,11), bildir **بَلِّدِر** білдір (22<sup>a</sup>,4). Мұндағы aytšana етістігін ayt - етістік түбірі, sa – қалау рай көрсеткіші, n (ñ) – жіктік жалғау көрсеткіші, a – қаратпа сөз тұлғаларына ажырайды, демек мәмлүк ауызекі тілінде бұйрық райдың аналитикалық жолмен жасалған түрі де болған деп шамалауға болады, ал bildir формасының негізгі және көмекші сөз түбірлерінен тұратындығы, ырықсыз етіс

ыңғайында жиі қолданылатындығы белгілі. Есімі белгісіз қолжазба авторы, көрсетіліп отырған мысалдардың барлығының бұйрық мәнінде жұмсалатындығын атап көрсеткен. Ескере кететін мәселе аytsana тұлғасы басқадай Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінде бұйрық рай мағынасында кездеспейді, қолданылмайды.

**Болымсыздық категориясы** жазба ескерткіш тілінде -ma// -me// -mez аффикстерінің етістік түбіріне жалғануы арқылы жасалады: ašmadum (ašmadım) أَشْمَدِمُ ашпадым (20<sup>b</sup>,2), alma أَلْمَةُ алма (5<sup>a</sup>,12), bildirmes بِلْدِرْمَاسْ білдірмес (24<sup>a</sup>,10), sevmez سَوَمَاسْ сүймес (23<sup>b</sup>,12) және т.б.

**Сабақты етістіктер:** Қолжазба мәтінінде берілген етістіктерді сөйлем мүшелерін меңгеруіне қатысты екі топқа бөле қарауға болады, оның бірі – табыс септігін меңгеретін сабақты етістіктер, қар.: al أَل ал (21<sup>b</sup>,4;), ör أَوْبُ (أَوْبُ) өп, сүй (21<sup>b</sup>,8), min مِيْن мін! (23<sup>a</sup>,12), kez كَز жүр, арала, кез (21<sup>b</sup>,14), baq بَاق қара (22<sup>a</sup>,2) және т.б.

Қолжазбадағы сабақты етістіктердің ендігі бір түрлері түбір сөздерден, етістіктерден аффиксациялану тәсілі арқылы жасалған туынды етістіктер болып келеді (Олардың морфологиялық құрамы туралы осы еңбектің тиісті тараушаларынан қар.), қар.: (alğışladım) alğışladum أَلْغِشْ لَدِمُ алғыстадым (24<sup>a</sup>,14), ašmadım (ašmadum) أَشْمَدِمُ ашпадым (20<sup>b</sup>,2), avladı أَوْلَاضِي аулады (4<sup>b</sup>,16), aytır sen أَيْتِرْسَا айтасың (20<sup>b</sup>,8), aysana أَيْتَسِنَا айтқын (19<sup>a</sup>,11), begenmes sen بَكْنَمَاسَا ұнатпассың (22<sup>b</sup>,16), bildürmes بِلْدِرْمَاسْ білдірмес (24<sup>a</sup>,10), incitme إِيْنَجِيْتْمَةُ ренжітпе (20<sup>b</sup>,6 – парсы тілінен енген кірме түбір), işle إِشْلَةُ істе, атқар (22<sup>a</sup>,16), işmedim (işmedum) إِشْمَدِمُ ішпедім (21<sup>a</sup>,15), öğrendim أَوْكُرَانْدِمُ үйрендім (21<sup>b</sup>,4), satın سَطِنُ сатып (20<sup>a</sup>,15), sevle سَوْلُهُ «сөйле» (24<sup>a</sup>,2), yeber يَبَارُ жібер (22<sup>b</sup>,2), yeşitür يَاشِتُرُ سَا естірсің (19<sup>b</sup>,14), yizder sen يَزْدَارْسَا не істейсің? (19<sup>a</sup>,11) және т.б.

**Салт етістіктер:** Түркі тілдерінің жалпы грамматикаларында табыс септігін меңгермейтін етістіктер тобы – салт етістіктер деп аталып жүр. Қолжазбада берілген етістіктердің екінші бір тобын – осы салт етістіктер құрайды, қар.: kel كَال (كَال) кел (19<sup>b</sup>,10; 20<sup>b</sup>,10), ket كَات «кет» (20<sup>a</sup>,10), bar بَر бар! (23<sup>a</sup>,12), ber بَر бер (19<sup>a</sup>,11), šar شَاب шап! желіу (23<sup>a</sup>,12, 14), šiq شِقْ шық! (23<sup>b</sup>,2), kül كُون күл (2<sup>b</sup>,8) esirür (esürür) sen اسِرُورْسَا есірерсің (мас боларсын) (20<sup>a</sup>,2), sevin (sevün) سَوْنُ сүйін, қуан (21<sup>a</sup>,6), vıyalma وَيَالْمَةُ «Ұялма!» (23<sup>a</sup>,2). Осы лексемалардың құрамындағы sevin салт етістігі сабақты етістік түбірінің аффиксациялануы, яғни түбірге -in// -ün қосымшасының жалғануы арқылы жасалған.

**Етіс.** Қолжазба тілінде етіс категориясын танытатын туынды етістіктер тобы бар. Оларды лексика-грамматикалық мағыналарына, морфологиялық ерекшеліктеріне қарай етіс категориялары топтарына ажырата қарастыруға болады, қар.:

**Өздік етіс:** satın سَطِنُ сатып (22<sup>a</sup>,2), saqın سَاقِنُ байқа!сақтан! (22<sup>a</sup>,4), sevin سَوْنُ сүйін (21<sup>a</sup>,6);

Басқа да түркі жазба ескерткіштерін зерттеушілер -n жұрнағы қолданысы туралы пікірлерін білдірген: -n жұрнағы (өздік етіс формасы) бұйрық рай мағынасын беру үшін кейде түбір сөзге тікелей жалғанады (жоғарыда

көрсетілгендей, -ла жұрнағы арқылы емес): «Тәңріге табын» (Тәңіріге табын); «Тәңріге йүгүн» (Тәңірге жүгін) [...]. Бұйыру мағынасында қолданылған өздік етіс білдіретін іс-амал, іс-қимылдың орындалғанынан гөрі орындалуға тиісті екендігін көрсетеді. Бұл мәселе өздік етіс тұлғаларының өте көне екендігіне, етістік категорияларының ішінде олардың әлдеқайда бұрын пайда болып, түбір сөздермен жымдасып үлгергендігіне айғақ бола алады» [253, б. 11].

**Брықсыз етіс:** *tükendi* تُكْنِدِي түгесілді, аяқталды (24<sup>a</sup>,14,16);

**Ортақ етіс:** *sağışla* صَاغِشْ لَا есепте (17<sup>b</sup>,9), *sanšiš* صَانْ شَيْشْ шаныш, түйреу (11<sup>a</sup>,7), *šarış* شَابِشْ шабыс (23<sup>a</sup>,14);

**Өзгелік етіс:** *bildir* بَلْدِرْ білдір (22<sup>a</sup>,4), *ištirsene* اِشْتِرْ іштір (23<sup>a</sup>,6), *keltir* كَلْتِرْ келтір (23<sup>a</sup>,8), *tezletir* تَزَلَاتْ تَزُ тездеттір (19<sup>b</sup>,12), *yešit* يَاشِتْ есті, тыңда (23<sup>b</sup>,12), *yešitir* يَاشِتِرْ естір (20<sup>a</sup>,4), *yizder* يَزْدَارْ іздер (19<sup>a</sup>,11) және т.б.

**Есімше.** Қолжазба тілінде берілген есімдіктер түркі тілдеріне ортақ тілдік заңдылықтар негізінде түзілген лексемалар болып табылады. Олардың барлығы түбір сөздерге немесе туынды негіздерге қосымшалар жалғануы арқылы жасалған, қар.:

**-ар, ер, -ур, -үр, -р** аффикстері арқылы: *ašar* أَشَارْ ашар (20<sup>a</sup>,15), *qotarmek* قَطْرَمَك қотару (оттан түсіру) (22<sup>b</sup>,2), *qoqar* قَرَقَار қорқар (19<sup>b</sup>,4), *vaunar sen* وَيِنَارْ ойнарсың (19<sup>b</sup>,12), *keter* كَتَارْ кетер (20<sup>a</sup>,14), *sever men* سَوَارْمَا сүйермін (19<sup>b</sup>,8), *bildir* بَلْدِرْ білдір (22<sup>a</sup>,4), *aytır* أَيْتُرْسَا айтарсың, айтасың сен (19<sup>a</sup>,15) *alır men* أَلْرِمَا алармын (21<sup>b</sup>,4);

**-мыш, -миш** аффикстері арқылы: *kelmiš* كَلْمِش келмек? (21<sup>b</sup>,6), *ketmišsen* كَاتْمِشْسَا кетпексің (20<sup>a</sup>,6);

**-ған, -ген, -кен** аффикстері арқылы: *kelğanda* كَلْغَنْدَا келгенде (22<sup>a</sup>,4);

**-ан, -ен;** *tükendi* تُكْنِدِي түгесілді, аяқталды (24<sup>a</sup>,14,16).

**Жазба ескерткіш мәтінінде көсемше:** *volturup* وُلْطُرْب отырып (20<sup>b</sup>,4) лексемасының құрамында ұшырасады, мұның өзі еңбектің қос тілді сөздік болуымен байланысты деген ойдамыз.

**Үстеулер.** Жазба ескерткіш мәтінінде үстеу сөздердің бірнеше стильдік топтары кездеседі, үстеу сөздердің барлығы тарихи даму барысында қалыптасқан туынды түбірлер болып табылады.

**Мезгіл үстеуі:** *bükün* بُوْ كُن бүгін (23<sup>b</sup>,4) – *bu* (I) сілтеу есімдігі мен *kün* космонимінің кірігуі арқылы жасалынған.

**Мекен үстеулері:** Жасалу жолына қарай мекен үстеулерін екі топқа бөле қараймыз:

1) негізгі үстеулер: *berі* بَرِي бері, маған (3<sup>b</sup>,2), *sağ* صَاغْ оңтүстік; оң жақ (4<sup>b</sup>,12), *sol* صَوْل солтүстік, сол жақ (4<sup>b</sup>,12), *uš* أُوْج ұшы, шет (13<sup>b</sup>,14), *yan* يَان жаны, маңы (13<sup>a</sup>,14);

2) туынды үстеулер: *yoğarı* يُوْغَارِي жоғары (3<sup>a</sup>,16), *uıraq* يِرَاق жырақ, алыс (22<sup>b</sup>,14), *ardıda* اَرْدِیْДА артында (3<sup>a</sup>,16), *illeri* (ilgerü, 3<sup>a</sup>,16) اِيلْلَارِي ілгері, алды (3<sup>b</sup>,2), *iškeri* اِشْكَرِي ішкері (қарай), іш, ішкі жақ (4<sup>b</sup>,14), *qatımda* قَاطِمْدَا қасыма, жаныма (20<sup>b</sup>,10), *yaqın* يَاقِنْ жақын (21<sup>a</sup>,2), *yatharı* يَثْحَارِي артында, соңынан (3<sup>b</sup>,2), *yüksek* يُوْكْسَاК биік (3<sup>a</sup>,12) және т.б. Жазба ескерткіш тіліндегі бұл үстеу сөздер -arı, -aq, -ı + da, -le + ri, -ke + ri, -ım + da, -ın, -ña + rı, -ge + rü, -se + k сияқты

аффикстердің түбір немесе туынды түбір негіздерге жалғануы арқылы жасалынған.

**Мөлшер үстеулері:** buşuq بُشُق жарты, жартысы (14<sup>b</sup>,11) лексемасы қолданылған, қазіргі қазақ тіліндегі «пұшық», «пұшпақ» (теріге байланысты) лексемаларымен мағына жақындығы бар.

**Топтау үстеуі:** barabar (parapar) بَرَبَار жұптасып, бірге (22<sup>b</sup>,6) бір түбірдің қайталануы арқылы жасалынған, түбірлер өзара *a* сына дыбысы арқылы кіріге байланысқан.

**Күшейту үстеулері:** hīç هِيْش еш, ешбір, ешқандай (24<sup>a</sup>,12), yüksek يُكْسَك биік (3<sup>a</sup>,12) лексемалары арқылы берілген.

**Шылау сөздер.** Қолжазба тілінде ескі қыпшақ ауызекі тілінде қолданылған шылау сөздер берілген. Қазіргі уақытта шылау сөздерді грамматикалық, семантикалық қызметіне қарай септеулік, жалғаулық, демеулік деп үш топқа саралай қарастыру дәстүрі қалыптасқан. Қолжазбада кездесетін шылау сөздерді талдағанда біз де осы жүйе бойынша сараладық.

**Септеулік шылаулар:** Ескерткіш мәтінінде bile بِلَه (بِلَه , بِلَه) - мен; - бірге (3<sup>b</sup>,10,12; 20<sup>b</sup>,2), (ü)şin лексемалары қолданылған. Соңғы үстеу сұрау есімдіктерімен тіркескенде шылау сөздің бастапқы буынындағы *ü* жіңішке дауысты дыбысының түркі тілдеріндегі екі дауысты дыбыс қатар келсе, үнем заңының әсерімен бірі түсіп қалатын немесе қысқартатын заңының әсеріне ұшыраған, қар.: neşin (neşün) نَشُْن не үшін (19<sup>a</sup>,13; 19<sup>a</sup>,15; 20<sup>a</sup>,2; 21b,15; 22<sup>a</sup>,12; 22<sup>b</sup>,10).

Ал *bile* шылауының бірде шығыс септігі көрсеткішінің, ал енді бірде сөз бен сөз арасын дәнекерлеуші шылау қызметін атқаратындығы байқалады.

Жалғаулық шылаулар: bassa بَصَا тек қана, тек қана солай (3<sup>b</sup>,12), basa بَصَا иә, ия (22<sup>a</sup>,10; 24<sup>a</sup>,14,16), evet {أَوَات} ия, иә (19<sup>a</sup>,7), tegil تَكِلْ дегін, де (23<sup>a</sup>,4), yoq يُوُق жоқ (24<sup>a</sup>,10), yoqsa يُقْسَا йа, болмаса (22<sup>b</sup>,14).

Демеулік шылаулар: kerek sen كَرَكْسَا керек (22<sup>b</sup>,2,16), kerekmes كَرَكْمَاس «керек емес» (22<sup>b</sup>,12), keršek كَرَشَاك «керек, керекті» (20<sup>b</sup>,8), rast رَسْت рас, тура (3<sup>b</sup>,8), ua و және (8<sup>b</sup>,4).

Қорыта айтқанда, бұл тарауда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексикалық қоры мен грамматикалық құрылымы, семантикалық өрісі қарастырылды.

### 3.3 Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағындағы эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени ерекшеліктері

Бұл тарауда Алтын Орда, Мәмлүктер мемлекеті аумағында сақталған эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу ісі қолға алынған. Кеңес кезінде Қазақстанда эпиграфикалық ескерткіштерді зерттейтін Тіл білімі, Тарих, археология және этнография институттары құрылды. Шығыстану, түркітану ғылымдарының негізі қаланып, қазақ археологиясы, архитектурасы, эпиграфикасы, тіл тарихы мәселелерін зерттеуге шексіз үлес қосқан Ә.Х. Марғұлан, І.К. Кеңесбаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров, А. Махмұтов және т.б. ғалымдар өсіп жетілді. 1960-шы жылдары Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев даламыздағы қорым-қоралар мен қасиетті

орындарды, эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеуді қолға алуды көздеп, Тіл білімі институты мамандарына қолдау көрсетті. Соның негізінде 1971 жылы тұңғыш рет «Қазақстан эпиграфикасы» атты кітап жарыққа шықты [251]. Бірақта, бұл кітапта тастағы бейнелер мен көне түркі руна жазулары туралы зерттеулер жүргізілген.

Одан кейінгі кезеңдері А.Г. Медоев [252], М.М. Меңдіқұлов [253], С.Е. Әжіғалиев [254] сияқты ғалымдар ескерткіштердің тарихын, архитектурасын, этнографиясын зерттеп, көптеген экспедициялар ұйымдастырды.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалымдары 2000 жылдардан бері жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді. Арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің мәтініне зер салып, табу, талдау, зерттеу, оқу, аудару, жарыққа шығару жұмыстарын бертінгі жылдары қолға алып, ғылыми айналымға енгізіп, зерттеп жүрген Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектері айрықша маңызды. Осының негізінде «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы» [255], «Сейсем ата қорымының арабжазуындағы эпиграфикасы» [256], «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері» [257] сияқты кітаптар жарық көрді. Бұл кітаптар қазақ даласындағы арабжазулы эпиграфиялық ескерткіштердің мәтінін тану жолындағы еңбектердің алғашқы қарлығаштары. Бұл қатарға «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» атты альбом кітабын да [258] қосуға болады. Бұдан бөлек, Қазақстанның әр өңірінде, мәселен, Маңғыстау облысында өлкетанушы, эпиграфист Нұрлан Құлбаев [259], Батыс Қазақстан облысында, Жантас Сафуллин, Қазыбек Құттымұратұлы, Мұратбек Жахатов сияқты өлкетанушы, эпиграфистердің жинақтары [260] және Атырау облысындағы «Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері» атты сериясымен кітап-альбомдар жарық көрді [261]. Осылайша, еліміздің әр өңірінде құлпытастарды зерттеу жұмыстары қолға алынып, тарихи жәдігерлерімізді сақтап қалуға үлес қосылып келеді.

Арабжазулы эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеу ісі көршілес елдерде де қарқын алып, жақсы жолға қойылған. Өзбекстанда архитектуралық эпиграфика бойынша жинақтар [262], Татарстанда «Мирасханэ» сайты құрылды [263] және т.б. еңбектер жарық көрді.

Әйтсе де, ескерткіштердің ғылыми негізі нақтыланып, зерттеу алаңына кеңінен айналмай отыр. Құпия құлпытастардың материалы, оның дайындалуы, тас қашаушылар, катиб, хаттат және т.б. тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, сол өңірлердегі тас қашаушылар мектебі, әр мектептің өзіндік ерекшеліктері, сол өңірлердегі мұсылмандықты дамытқан мектеп-медреселер, мешіттер, солардың салынуына қолдау көрсеткен демеушілер және т. б. мәселелер әлі де зерттеуді қажет етеді [264].

Белгілі шығыстанушы, профессор Ә.Қ. Мұминов арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің маңызы мен өзектілігі жөнінде ертеден бері айтып келеді. *«Эпиграфикалық дереккөздері арасында эпиграфиялар өзіндік артықшылықтарымен ерекшеленеді, олар бұл өмірден қайтқан кісі туралы*

*нақты мәліметтер жеткізеді, яғни, қайтыс болған (кей кезде туған) жылы, мекені, шежіресі, нисбасы (яғни, қасиетті мұрагерлік шежіресі), тұлғаның басқа да өмірбаяндық тарихы, тарихи оқиғаларға қатысы, т.б.» [256, б. 6]. Анығын айтқанда құлпытастағы мәтін сол дәуірдің қол жеткізбес дереккөзі ретінде анық ақпарат беруші болып табылады. Тарих саласында да эпиграфиканың орны ерекше. Әсіресе Қазақстан аумағында тасқа қашалған жүз мыңға жуық құлпытастардағы араб жазулы эпиграфикасы жан-жақты зерттелуі аса қажет. Қазақстанның солтүстік-батыс өңіріндегі Тобыл бойында сақталған құлпытастар туралы зерттеуіміз осыған мысал бола алады [265, б. 186-206].*

Мәңгілік мекені жат жерден бұйырған Дешті-Қыпшақ даласынан шыққан танымал тарихи тұлғалардың көптеген құлпытастарын әлемнің әр түкпірінен табуға болады. XIII ғасырдың 20-сыншы жылдары Дешті Қыпшақ даласына моңғол империясы иелік етіп, Жошы ұлысының билігі басталды. Кейінірек қазіргі Ресей, Қазақстан, Түркіменстан, Кавказ, Украина, Хорезм жерлерін қарамағына қаратты. Жошы ұлысының сұлтандары түркі тілі мен мәдениетін меңгеріп, сүнниттік ислам сенімін қабылдап, көшпелі тұрмыс дәстүрін ұстанып, әскери жасақтарының негізгі дені қыпшақтардан құралған ордалы елге айналды.

Шын мәнінде Алтын Орданың сыртқы саясаты мәмлүктермен орнатылған одақтастықтан бастау алады. Бұл Шыңғыс әулетінің басқа елдермен орнатқан тұңғыш дипломатиялық, саяси-әскери «бірлестігі» болатын. Алтын Орда мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы одақтастық екі үлкен кезеңнен тұрады. Біріншісі, Илханидтерге қарсы 660/1261–62 жылдары басталған байланыс. Екіншісі, Тоқтамыс ханның билікке келуімен тұспа-тұс келеді. Бұл одақтастықтың басты себебі, Тоқтамыстың Әмір Темірге қарсы 786/1384–1385 жылдары Мәмлүк сұлтанына жіберген алғашқы елшілігі болатын. Бұл қарым-қатынас Тоқтамыс күйреген күнге дейін, яғни, шамамен 798–799/1395 жылдарға дейін созылды. Кейіннен екі мемлекет арасындағы дипломатиялық алмасулар барған сайын шашыраңқы сипатқа ие болып, ақыры XV ғасырда тоқтатылды [266].

Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекеті арасындағы одақтастық Илханидтерге қарсы соғыс болғанымен, оларды біріктірген негізгі тірек – Ислам дінін ұстануы еді. Алтын Орданың Ислам дінін қабылдауы Берке ханнан бастау алады. Бұл аумақта Қорасан мен Хорезмнен шыққан Ахмед ән-Насави әкелген Кубрауия тариқаты қанатын кеңге жайды. *«Сопылық сенім-салтының тәжірибесі үшін әулиелерге құрмет және зиярат жасау маңызды екендігі көпке мәлім. Әруаққа тағзым және әулиелерге құрмет сопы мұсылмандар тәжірибесінде Еділ бойы халқына жерлеу орындарын белгілеу қажеттілігін түсінуге жол ашты» [267, б. 12]. Сопылық сенім мен салтқа байланысты қасиетті орындар культі артып, әруақты құрметтеп, әулиелерге түнеп, танымал тұлғаларға кесене, құлпытас орнату дәстүрі қалыптасты [114, б. 6]. Еділ бойы, Булгар, Қырым, Дағыстан жерлерінде сақталған қасиетті орындар мен арабжазулы құлпытастар Алтын Орда кезеңінен бүгінгі күнге дейін жеткен эпиграфикалық жазба мұраларымыз.*

Әйгілі академик Әлкей Марғұланның «Ұлытау жазығының Сарысу өзені, Торғай даласынан табылған бірегей эпиграфикалық ескерткіштер аса маңызды қызығушылық тудырады. Біздің ойымызша, тастағы талай жазулардың көшірмесін жасап, осы жазулар түскен суреттерді жинақтап, фотоальбом шығару қажет» [268, б. 3] деген пікірі осы күні де өзектілігін жойған жоқ.

Алтын Орда кезеңіндегі эпиграфикалық ескерткіштердің қазіргі заманда сақталуы бойынша шолу жасап өтсек, бұл кезеңнен қалған эпиграфиялық жазбалар Қазақстан аумағында жоқтың қасы. Әйтсе де, сол кезеңнен жеткен ең құнды мұра – Алтын Орданың құлауы алдында 1391 жылғы Әмір Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы жасалған жорығы кезінде Алтыншоқы төбесінде қалдырған эпиграфикалық ескерткіш. Бұл ескерткіш қазіргі таңда Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитаждың Орта Азияның ортағасыр тарихы экспозициясында «Кат. 195. Камень с именем Тимура. Золотая Орда. 1391» инвентарлық номері бойынша сақтаулы тұр [269, б. 167–170].

Алтын Ордаға қараған Қырым өлкесіне қатысты айтар болсақ, XX ғасырдың 20 жылдары жүргізілген археологиялық экспедициялар кезінде Қырым тарихының Алтын Орда кезеңіне қатысты аса көп эпиграфикалық материалдар жинақталды. Экспедицияға қатысушылар екі жүзге таяу жазбаларды оқып аударып, құпия құлпытастардың сырын аша білді [270].

Ал Еділ бойындағы (Татарстан, Башқұртстан, Болгар) елдердегі эпиграфикалық ескерткіштерге тоқталсақ, татар ғалымдарының айтуынша Еділ бойы мен Булгар жерінде Алтын Орда кезеңіне тиесілі 400 құлпытас, кейбір деректер бойынша 600 құлпытас сақталған [271, б. 20]. Осы кезеңдегі ең елеулі ескерткіштердің қатарына жат жерде жатқан тұлғаларымыздың бірі – қазіргі Башқұртстандағы «Ақ зират» мұсылман зиратында орналасқан Хусейн бек [272, б. 6] кесенесі. XIV ғасырда салынған бұл кесене Алтын Орда дәуірінің күрделі діни және мәдени мұрасы. Кесене ішіндегі құлпытастағы эпитафия туралы алғашқы мәліметті неміс ғалымы Иоганн Готлиб Георгийдің (1729-1802) еңбектерінен табуға болады [273, б. 729-730]. Кейіннен П. Павловский, В.С. Юматов, Р.Г. Игнатъев, Г. Игнатович, В.В. Веляминов-Зернов, М.В. Лоссиевский, В. Весновский, Р. Фахретдин, Г. Рахим және Г. Газиз Хусейн-бек кесенесі мен құлпытасы туралы ақпарат берді. Кеңес кезеңінде кесене мен ондағы эпитафия туралы А.П. Смирнова, Г.В. Юсуповтар ғылыми зерттеулер жариялады [274, б. 89-90; 275, б. 111-138]. Қазіргі заманда зерттеулер жүргізген Э.Д. Зиливинская [276, б. 91-124], Г.Ф. Валеева-Сулейманова [277, б. 125-139], В.А. Иванов [278, б. 140-164], А.М. Гайнутдинов [279, б. 165-174], Х.М. Абдуллин [280, б. 175-185] еңбектерін ерекше атап айтуға болады.

Жоғарыда аталған ғалымдар құлпытас мәтінін әрқилы оқыған. Біз осы зерттеулерді салыстыра отырып, Хусейн бек құлпытасының (сурет 1) мәтінін былай оқыдық:

Алдыңғы жағы:



Сурет 1- Хусейн бек Омарбекұлының құлпытасы. 1343 ж. жерленген

Мәтін:

1. العادل [في الـ] أحكام حاجي حُسين [بك]
2. [بن الأمير الكبير] عمر بك رساس تركستان المرحوم
3. اللهم ارحمه رحمة [واسعة] وأكرمه بالعفو والمغفرة
4. [توفي] في يوم التاسع من شهر الله المبارك
5. [سنة أربع و] أربعين وسبعمائة رحمت اول مؤمن قا كم

**Аудармасы:**

1. [Алланың] үкімін [орындауда] әділ Қажы Хусейн бек,
2. [Ұлық әмір] Омар бектің ұлы, Түркістаннан тұңғыш келуші марқұм
3. Е, Алла! Оны [кең] рахымыңа ал, кешіріміңмен және мейіріміңмен жарылқа!
4. Ол Алланың мұбарак айының тоғызыншы күні қайтыс болды
5. жеті жүз қырық төртінші жылы/27 қараша 1343 жылы. Кім [Фатиха оқыса] сол мұминге [Алланың] рахметі жаусын!

Сол жақ қыры

نلار كچتي ابدي تقي نا كجار / قموع بو اولوم سغراتتي ايجار

**Аудармасы:**

*Нелер кешті мәңгілік, тағы не кешер! Баршасы бұл өлім кесесінен ішер.*

Құлпытастың сол жақ қырында жазылған марсйиаға назар аударғанды жөн көріп отырмыз. Мұндағы *نلار كچتي* (нелер кешті) деген тіркестен соң *ابدي* (мәңгі) сөзі келеді. Сондықтан бұны *нелер кешті мәңгілік* деп аударуға тура келеді. Одан соң *تقي نا كجار* (тағы не кешер) деген тіркесі келеді. Одан кейінгі екінші жолдағы жалғасы *ايجار سغراتتي* (баршасы бұл өлім кесесінен ішер) болып келеді. Мұндағы *سغراتتي* сөзі М. Қашғари сөздігінде кездесетін *سَعْرَاتٌ* түркі тілінде *ыдыс, кесе* мағынасын беретін сөз [38, б. 437]. Бұған дейінгі зерттеушілер, мәселен, А.М. Гайнутдинов *سغراتتي* сөзіндегі *غ* әрпін *ع* әрпімен берген екен, бұл қате деп есептейміз [279, б. 170].



Осы марсийаға қатысты бұған дейінгі зерттеушілер бұл тіркесті Жүсіп Баласағұнның (XI ғ.) «Құтадғу біліг» кітабынан алынған деп есептеп келді [281, б. 236]. Біздің ойымызша бұл өлең жолдары көпшілікке Ибн Әби-д-Дунья атымен танымал Әбу Бәкір Абдулла ибн Мухаммед әл-Қураши әл-Бағдадидің (823–894) «Китаб әл-хауатиф» шығармасынан алынған [282, б. 65] Оның өлеңіндегі бірінші жолы араб тілінде الموت كأس وكل الناس شاربه (Өлім – кесе, күллі адам одан ішеді) деп жазылған. Осы өлеңнің түркі тіліндегі аудармасы قموع بو اولوم سغراتتي ايجار – баршасы бұл өлім кесесінен ішер деп тікелей аударма жасалған. Ал араб тіліндегі كل يزول فإن الموت مقدار (Әркім өледі, өлім белгілі) деген тіркесті түркі тіліне نلار كچتي ابدي تقي نا كجار – нелер кешті мәңгі, тағы не кешер деп аударылған.

Осы екі жол сөз тіркесі Алтын Орда кезеңіндегі немесе одан кейінгі құлпытастарда да кездеседі. XIV ғасырда Қырымда жазылған құлпытастан да бұл сөз тіркесін кездесетіреміз [283, б. 44–45].

Бұл марсийаны Қазақстан аумағында сақталған құлпытастардан да кездестірдік. Мәселен, БҚО Бөкейордасы ауданындағы «Хан зираты» қорымындағы (2, 3 – сур.) Жәңгір ханның құлпытасында (сурет 2) және Ақжайық ауданындағы Базартөбе ауылы қасындағы Мәулімберді қорымындағы (сурет 3) [284, б. 226; 234] құлпытаста араб тіліндегі нұсқасы кездеседі.



Сурет 2 – Жәңгір ханның құлпытасы



Сурет 3 - Мәулімберді қорымындағы құлпытас

Осы мысалдар арқылы Алтын Орда кезеңіндегі эпиграфикалық ескерткіштер мен одан кейінгі кезеңдердегі құлпытастардың тілі мен формасы,

жазылу мәтіні, каллиграфиясы, архитектурасы, материалы және т.б. жақтарынан ортақтықтар табуға болады.

Бұдан бөлек, Алтын Орда кезеңінде Мәмлүктер мемлекетіне қоныс аударған қыпшақтардың бүгінгі күні Египетте сақталған құлпытастарын қарастыруға болады. *«Дала мәдениетінің Араб Шығысына әсерін Мысырда қазіргі кезге дейін сақталған сәулет өнері ескерткіштерінен анық байқауға болады. Мәмлүк сұлтандары мен жоғары лауазымға ие болған әмірлер мешіт-медреселер, кітапханалар, қайырымдылық мекемелерін, сабилдер, ханақалар мен көпірлер салдырған»* [200, б. 61]. Сол кезеңдегі мешіттер құрылысында қарапайым ою-өрнекті және сұлтандық аркалардың орнына пішіні жағынан абстрактілі метрикалық ірі тас блоктар қолданылып, есіктері мен жақтауларына керемет күрделі композиция пайдаланылған. Сондай-ақ, безендіру үшін ағаштан ойып, терезеге *«мүшрәбия»* деп аталатын ағаш торларды қою, түрлі жерлерге кірпіш немесе тастарды араластыру арқылы әшекейлеу әдісі де кең тараған. Мешіт құрылысының қарқынды жүргізілгені сонша, 1300 жылы олардың саны бір ғана Каирде елу жетіге жетсе, 1320-1360 жылдар аралығында тағы да қырық мешіт салынған [285].

Мысырдағы мәмлүктердің эпиграфикалық ескерткіштері жөнінде азды-көп зерттеулер жазылған. Соңғы кезде жарық көрген Мысырлық ғалым Ала әд-дин Абду-л-ал Абду-л-хамидтің (علاء الدين عبدالعال عبدالحميد) *«Мысырдағы Әййубилер мен Мәмлүктердің қабіріндегі құлпытастар»* (شواهد القبور الأيوبية والمملوكية في مصر) атты еңбегі аса құнды болып табылады. Ислам шарттары бойынша қабір басына құлпытас орнату, жазба қалдыру және т.б. жағдайлар мұсылман елдерінде қайшылығы көп мәселе екені белгілі. Қыпшақтар билік жүргізген Мысыр елінде зират басына құлпытас қою мен жазба арнау (эпитафия) үкіміне қатысты фикһ, хадис, тарихи дереккөздер және т.б. еңбектерден дәлелдер алынып, жан-жақты қарастырылған. Бұл кітапта автор *«төрт хақ мәзһаб бойынша зират (қабір) жойылып ұмытылып кетпеуі үшін ескерткіш қою және жазба арнауға болады (жауиз). Мұны мақтаным және рия үшін жасауға тыйым салынады (харам)»* деген фикһ үкімін қолдайды.

Кітаптың *«Мысырдағы Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі мұсылман құлпытас ескерткіштері»* (شواهد القبور الإسلامية في العصرين الأيوبي والمملوكي في مصر) атты негізгі бөлімінде Мысырдағы Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңінде жазылған 260 құлпытастың жазу үлгілері туралы мәлімет берілген. Адамдарға құлпытас саяси-әлеуметтік таптарына қарай қойылған. Бұны ғалым 10 топқа бөліп қарастырады: 1) Аббасид халифтерінің құлпытастары – 21; 2) Әййубилер мен мәмлүк сұлтандары және олардың отбасыларының құлпытастары – 15; 3) Әййубилер мен мәмлүк әмірлері және олардың отбасыларының құлпытастары – 24; 4) Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі шейхтар мен олардың отбасыларының құлпытастары – 36; 5) Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі ғұламалар және олардың отбасыларының құлпытастары – 6; 6) Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі фикһ ғалымдары мен отбасыларының құлпытастары – 12; 7) Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі сопылар мен олардың отбасыларына қойылған құлпытастар – 2 тас; 8) Әййубилер мен Мәмлүктер

кезеңіндегі қазилар мен олардың отбасыларының құлпытастары – 12; 9) Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі түрлі кәсіп иелері мен олардың отбасыларының құлпытастары – 16; 10) Әййубилер мен Мәмлүктер кезеңіндегі жалпы адамдардың құлпытастары – 116 тас [25, б. 81-317].

Мәмлүктер кезеңіндегі құлпытастарда Құран аяттары жазылған. Бұдан бөлек, құлпытастардағы кісі аттарына айрықша мән бергеніміз жөн. Ерлер мен әйел адам аттары, лақаб аттары, ныпсылары ерекше назар аудартады. Әсіресе, ер адам аттарының түркі (мәмлүк) есімдері айрықша маңызға ие: Бектемір (بکتمر), Балабан (بلبان), Руслан (روسلان), Мүліктемір (ملکتمر), Өзбек (أزبك), Есенбай (أسنبای), Оғылмыш (أغلمش), Ақбай (أقبای), Ақұш (أقوش), Енесбай (أنس بای), Айтегін (أیدکین), Айтемір (أیدمر), Бекташ (بکتاش), Токмақ (دقماق), Сымай (سمای), Қаныбек (قانی بك), Қайтбай (قایتبای), Қараша (قراجا), Құрман (قرمان), Лашын (لاجین), Ешбек (یشبک) Йылмаз (یلماز) [25, б. 335] деген есімдер қыпшақ тегінен шыққан екендігінің айқын айғағы.

Мысыр Мәмлүктер кезеңіндегі құлпытастар мен Алтын Орда және одан кейінгі дәуірдегі дала құлпытастары арасында ұқсастықтар көп. Бұл Алтын Орда мен Мәмлүктер билігі арасындағы әдеби, мәдени байланыстар мен аталас халықтар арасында ортақ рухани құндылықтардың аймақтар арасы көшу барысында терең зерттеуді талап ететін маңызды тақырып.

Осы тақырып төңірегінде зерделей түссек, Мәмлүк сұлтаны Барқұққа (қ.б.ж. 1399) цилиндр пішіндес құлпытастың диаметрі 56 см, ұзындығы 128 см, арт жағында көлемі 90x40 см мәрмәр тастан жасалған сандықтас қойылған (сурет 4). *«Бұл кешен 1384–1386 жылдары салынған және Мысырдағы бурджиттер (шеркестер әулетінің өкілдер) билігі кезінде тұрғызылған алғашқы архитектуралық ансамбль боп саналады»* [286, б. 207].



Сурет 4 - Мәмлүк сұлтаны Барқұқтың құлпытасы

Бұл сандықтастың үш жағында жазбалар бар. Екі жағына Құраннан «Аят әл-курси» (Құран: 2/255) жазылған болса, бір бетінде бұл ескерткіш Сұлтан Барқұқтың ұлы Сұлтан әл-Мәлік ән-Насирдің әмірімен жасалғаны жазылған [25, б. 112-113]. Сандықтастағы «Аят әл-курси» жазу үлгілері Алтын Орда кезеңінен кейінгі ескерткіштерде де кездесетінін көруге болады. Мәселен, Түркістан облысы Қарнақ ауылы жанындағы «Имам Бахили» қорымындағы сандықтастарда да «Аят әл-курси» мәтіні қашалған [287, б. 319; 322].

Орта ғасыр Ислам әлеміндегі сұлтан, хан, әмір секілді лауазымды тұлғалардың атына, оларды ұлықтау үшін «Әділ», «әділетті» деген эпитеттер қоса айтылған. Бұл үрдіс Әййубилер мен Мәмлүк мемлекетінде де жалғасын тапқан. Каир қаласындағы «Ислам өнері мұражайында» (متحف الفن الاسلامي) сақталған (رقم سجل ٥٣), 1172 жылы қайтыс болған Сұлтан Баһа әд-дин Әбу-л-Фазил атты кісінің құлпытасында «Әлемдегі әділеттікті жандандырушы» (محيي العدل في العالمين) деген құрмет сөздері қашалған [286, б. 98]. Дәл осы эпитетті Алтын Орда кезеңі құлпытастарында байқауға болады. Алтын Орда билігі кезінде қазіргі Башқұртстанда жерленген Хусейн бектің құлпытасында «үкімдерді шығаруда әділетті...» (العادل في الاحكام) деген мәтінді кездестіреміз [279, б. 167].

Жоғарыда аталған Хусейн бек құлпытасымен (қ.б.ж. 1344) сол кезеңде Мысырда өмір сүрген Әмір Сайф әд-дин Құтлы бек (қ.б.ж. 1312) құлпытастары жазбалары арасында ұқсастықтарды да көруге болады. Екеуі де әмір (қолбасшы), бектік лауазымды қызметінде болған. Бұл екі тұлға әртүрлі жылдары қайтыс болса да, қайтыс болған айы жөнінде ортақ атау берілген. Әмір Сайф әд-дин Құтлы бек «мұбарак режеб айында опат болды» (توفا في رجب المبارك), Хусейн бек те «Алланың мұбарак айында опат болды» (في شهر الله المبارك) деген сөз тіркестері арқылы дала құлпытастары мен Мысыр құлпытастары арасындағы ортақ мұсылмандық ай атауларын байқауға болады. Бұл жерде «мұбарак» (المبارك) деп аталатын ай – хижра айларының 7-сі, режеб айы екендігін анықтауға мүмкіндік зор. Ислам әдебиетінде режеб айына «мұбарак» (المبارك), «Алланың айы» (شهر الله) деген құрмет сөздерді қоса айту дәстүр болған.

Қазақстанның қасиетті орындарының бірі – Арыстан баб кесенесінің қасбетіндегі және ішіндегі құлпытастарды зерттеу арқылы Орта Азиядағы ислам дәстүрінің ерекшеліктерін аңғаруға болады. Арыстан баб кесенесі тек діни нысан ғана емес, маңызды тарихи-археологиялық ескерткіш ретінде де аса құнды кешен.

Қасиетті Арыстан баб жерінің тарих, мәдениет және руханият үшін орасан зор маңызын «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген халық арасындағы тәмсілі арқылы аңғаруға болады. Бұл жер соңғы жылдары еліміздің тарихы мен мәдениетінің символикалық орталығы болып табылатын туризмінің басты нысанына айналды.

2006 жылы Арыстан баб кесенесі жанынан Дешті Қыпшақ даласының ұлы перзенттері Әбу Насыр әл-Фараби (950–951 ж.ж.) мен Сұлтан Бейбарыстың (1260–1277 ж.ж.) қабірлерінен әкелінген топырақты көму үшін арнайы орын бөлінді.

Арыстан баб кешені Қарахан мемлекеті, Мәмлүктер билігі, Алтын Орда және одан кейінгі кезеңдердің мәдени-тарихи мұрасы сақталған киелі мекен, қасиетті топырақ. Мұнда көптеген дәуірдің мәдени қабаттары сақталған. алдында атап өткеніміздей, Мысырда Мәмлүктер билігінің нық орнауына өлшеусіз еңбек сіңірген Бейбарыс сұлтанның Сирияда жерленген қабірі басынан топырақ әкелініп, арнайы көмілді [118, б. 258].

Бейбарыс мемлекет тізгінін түзу ұстай алмаған Байғуш пен Қотыздан кейінгі мәмлүктердің төртінші сұлтаны. Ол туралы М. Симашко Бейбарысты «моңғолдар мен кресшілердің жеңімпазы, шыққан тегі қыпшақ, лауазымы жауынгер, мәртебесі құл әрі сұлтан, лақап аты «Әбу әл-Футух» (Жеңімпаздар әкесі)» деген болатын. Оның «Мысыр елінің әкесі» деген де лақап аты бар. [288, б. 215-225].

Мәмлүктер мемлекеті, Алтын Орда және одан кейінгі кезеңдердегі арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеу ісінің болашағы зор. Әсіресе Мәмлүктер мемлекетіндегі құлпытастар бұрын-соңды ешқашан зерттеу алаңына алынған емес. Бұл өңірдегі тастарды сөйлетіп, тарих сырын ашу – болашақтағы зерттеулер еншісінде.

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырым**

Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктер мен эпиграфикалық ескерткіштерді тілдік-мәдени дереккөз тұрғысынан зерттеу арқылы шығыстану ғылымында орыны толмай жатқан бос орындарды толықтыруға болады. Бұл бөлімде мәмлүк қыпшақтары тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымдары зерттелді. Сонымен қатар, соңғы жылдары ғылымда мүлдем зерттелмей келе жатқан жазба ескерткіштердің үлкен тобы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу жұмысы қолға алынды. Зерттеу нәтижелерінде үшінші бөлім бойынша мынадай тұжырымдар ұсынылады:

1. Мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық құрылымы «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары негізінде зерттелді. Нәтижесінде сөздіктің фонетикалық табиғаты қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды;

2. «Ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде сөздіктің лексикалық қорында түркілік қабат мол сақталған, фонетикалық, грамматикалық семантикасы өзгерістерге ұшырамаған деген тұжырым ұсынылады;

3. Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағында табылған эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени байланыстары өте жақын, оларда кездесетін Құран аяттары, хадистер, марсийалар біртұтас түркілік кеңістікте қолданылған.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мәмлүктер кезеңінде жазылған көптеген жазба ескерткіштер тілдік-мәдени тұрғыдан аса құнды дереккөз болып табылады. Бұл зерттеуде сол кезеңдегі жазба ескерткіштер ішінде араб-түркі-қыпшақ сөздіктерін негізгі зерттеу нысанына алып, бұндай сөздіктердің қалай пайда болғаны жөнінде әртүрлі тұжырымдар жасалды. Қарахандар кезеңінде Құран аудармаларын Ислам фиқһына сай тікелей аударма жасамай, жолма-жол әдісі арқылы мағынасын беру тәсілімен сөздіктер жасау дәстүрі қалыптасқанын көруге болады. Қарахандар кезеңінде пайда болған алғашқы Құран сөздіктері кейін келе аз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі негізінде Алтын Орда аумағында көптеген көшірмелері пайда болып, кейіннен дамып жетілді. Бұл дәстүрлі үрдіс артын ала Мысырдағы мәмлүктер мемлекетіне ауысып, араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктердің пайда болуына алғышарттар туғызды.

Қарахандар әулетінің билігі тұсында Ислам діні өркендеп, оның қасиетті кітабы Құранның жолма-жол сөздіктері пайда болды. Бұл Құран сөздіктерін қазіргі күні «Тәпсір», «Құран аудармасы» деген сияқты атаулармен атап жүр. Алғашқы тарауда айтпағымыз, біріншіден, Қарахандар дәуірінде пайда болған «Құран аудармасы» деп атап жүрген еңбектерді «Құран сөздігі» деп атауды ұсынамыз. Себебі, Құран аяттары беттің үстіңгі жолына (қатарына) жазылады да, астыңғы жолға (қатарға) аяттағы әрбір сөздің астына парсы немесе түркі балама сөзі жазылады. Сондықтан да бұны аударма деп айтуға келмейді. Өйткені, астыңғы жолға жазылған парсы немесе түркі тіліндегі балама сөздер морфологиялық тұлғада емес жеке сөз ретінде тұрғандықтан үстіңгі жолдағы аяттың мағынасын аша алмайды, тек сөздік қызметін атқарады. Қарахандар кезеңінде басталған сөздік жасаудың осы формасы Хорезм, Хорасан, Сырдария бойына тарап, Жошы ұлысы кезеңінде дамып жетіліп, Мәмлүктер кезеңінде Мысыр мен Шамда жасалған сөздіктерге негіз болды деп толық айта аламыз.

Бұдан бөлек, бұл бөлімнің бірінші тарауында Қарахандар кезеңінде пайда болған түркі халқының ең үлкен қазынасы «Диуан лұғат әт-түрік» сөздігі мен басқа да дидактикалық еңбектердің зерттелуі мен нұсқалары, құрылымы мен мазмұны, олардың лексикалық қоры туралы мәліметтер берілді.

«Диуан лұғат әт-түрік» сөздігі «Құран сөздіктерінде» қолданылған жолма-жол сөздік тәсілімен жасалмаған. Мұнда аударылатын екі сөз бір жолда қатар жазылып, сөзбе-сөз аударма сөздік тәсілімен жасалған. Қарахандар кезеңінде бастау алған «Құран сөздіктерінің» Жошы ұлысы мен Мәмлүктер мемлекетінде дамып жетілгені жөнінде келесі тарауларда сөз болады.

Екінші тарауда қаралған мәселелер мен пікірлерді, ұсыныстарды жинақтай қарағанда мынадай тұжырымдарға келуге болады:

1). Қазақ тілінің тарихына қатысты жазба ескерткіштер арнайы жеке зерттеу нысанына алынуы қажет;

2) Көптеген түркі тілдері жазба ескерткіштері, оның ішінде Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері түркі халықтары мәдениетіне, тарихына, тіліне ортақ мұралар болып табылады;

3) Мәмлүк қыпшақтарының арасында әртүрлі себептермен қазіргі Қазақстан аумағынан ауып барған түркі халықтары (қыпшақтар, шеркестер және т.б.) өкілдері басымдықта болған;

4) Мәмлүктер билігі кезеңінде, әсіресе «өзен» (Бахр) мәмлүктерінің дәуірінде Мысыр (Египет), Шам (Сирия) және Алтын Орда империясы елшіліктер алмасып, саяси одақ жағыдайында өзара қарым-қатынас жасап отырған;

5) Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштерді қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын зерделеуге септігі бар тарихи мұра ретінде арнайы зерттеу нысанына алу құптарлық жұмыс болып табылады.

Жазба ескерткіштердегі тілдік материалдардың археографиялық, орфограммалық, фонологиялық, фонетикалық жүйесін салыстыра қарау нәтижесінде мынадай қорытындылар жасауға болатыны анықталды:

1) «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінде берілген мәмлүк қыпшақтары ауызекі тіліндегі дыбыстардың орфограммасы түркі тілдерінің, оның ішінде ескі қыпшақ, оғыз тілдерінің фонологиялық, фонетикалық жүйесіне мейілінше жақындатылған;

2) Қолжазба фонологиясына қарағанда, ескерткіштің жазылу, орындалу уақытында Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде 1) Мәмлүк қыпшақтары, 2) Мәмлүк түріктері (Оғыз түркілері), 3) жергілікті халық өкілдері топтарына жататын фонологиялық сөйленіс ерекшеліктері болған;

3) Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тіліне қатысты фонологиялық сөйленіс ерекшеліктері қатаң дауыссыз **t**, **ʃ**, ұяң дауыссыз **c** (**ж**) дыбыстарының, жуан дауысты **ū** (**ү**) дыбысының қолданылғандығымен анықталады;

4) Мәмлүк түріктері (Оғыз түркілері) ауызекі тіліне қатысты фонологиялық сөйленіс ерекшеліктері ұяң дауыссыз **d** дыбысының және ескерткіш тілінде қолданылған кейбір лексемалардың қазіргі түрік тілінде кездесетіндігімен анықталды. Қазіргі түрік тілінде қолданылатын лексемалар қыпшақ тілдерінің ешқайсысында қолданылмайды;

5). Жергілікті халық өкілдері топтарына қатысты фонологиялық, лексикалық сөйленіс ерекшеліктері ескі қыпшақ тілінің 1) фонетикалық құрылымына енбейтін дыбыстардың, 2) байырғы түркі лексикалық қорына жатпайтын кірме лексемалардың қолданылғандығымен анықталды.

6). Ескерткіш тілінде кездесетін, қолданылған ескі қыпшақ лексемаларының фонологиялық жүйесі, лексикалық қатары, лексика-семантикалық қолданысы қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер тілінде қолданылған лексика-грамматикалық қорды; 1) байырғы түркі тілдеріне, 2) Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тіліне, 3) жергілікті халық өкілдері тілдеріне жататын сөздер деп үш топқа бөле қарауға болады (оғыз тілі ерекшеліктерінен басқасы).

Байырғы түркі тілдеріне жататын көне және көнерген түбірлер жалпы түркі халықтарының лексикалық қорына жататын сөздер. Олар негізінен алғанда сөз түбірлері болып келеді және түбір ретінде қазақ тілінде де қолданыста бар.

Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілінде қолданылған байырғы түркі және кірме сөздер фонологиялық сөйленіс ерекшеліктерімен анықталады. Қолжазбада берілген, Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тілде қолданған лексемалардың қолданылуы, туынды түбірлердің жасалу жолдары түбір, туынды түбір лексемалардың буындық, морфологиялық (сөзжасам) ерекшеліктері қазақ тіліне өте жақындығымен көзге түседі.

Жергілікті халыққа тән кірме сөздер ескі қыпшақ тіліндегі үндестік заңына, түркілік сөзжасам жүйесіне сәйкес қолданылған.

Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тіліндегі сөз таптары жүйесі, олардың грамматикалық қолданысы қазақ тілінің қазіргі норматив грамматикасы аясына өте жақын.

Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекетінің мәдени-ландшафтық кеңістігіндегі дала өркениетінің үлкен бір кезеңі, яғни, көп қыры ашылмаған тарихымызды, белгілі тұлғаларымызды тану жолында жазылған бұл зерттеудің берері мол. Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекеті аумағындағы құлпы шешілмеген құлпытастардың кілтін ашып, тарих көшіне ілестіру алға қойған мақсаттарымыздың бірі болды. Біз осы мақсаттарымызға жетіп, Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекетіндегі композициясы ерекше эпиграфикалық ескерткіш эпитафиясының мәтінін ескі қыпшақ, түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне аударып, мағынасы көмескі тұстарының мәнін ашып, сонымен қатар, құлпытас қойылған тұлғаның өмірдерегі мен атқарған қызметі, қоғамдағы орыны туралы азды-көпті материалдар ұсындық.

Ислам өркениетінің қатарынан ойып орын алып, Құран аяттары мен хадистердің мәтіні өте сауатты араб тілінде жазылған. Күллі ортаазиялық түркітілдес халықтар еркін қолданған түркі-қыпшақ жазба тіліндегі мәтіннің композициясы қазақтың дәстүрлі құлпытас мәтіндеріне сай келеді. Эпиграфикалық ескерткіштер арқылы Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекеті арасындағы ауыс-түйіс байланыстарды байқауға болады.

Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениетін зерттеу саласында Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің маңызы өте зор. Тарихи, мәдени, тілдік, саяси, әлеуметтік және т.б. бағыттар бойынша Мәмлүктер кезеңінде түзілген жазба ескерткіштердің беретін ақпараты мол, мұнда тың деректер мен жаңа мағлұматтар кездестіруге болады. Егемендік алып, еңсемізді тіктеп, жоғалғанымызды бүтіндеп, барымызды түгендеп жатқан кезеңде бұл жазба ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізіп, жаңа зерттеулер жүргізу өте өзекті әрі келешегі кемел, болашағы жарқын зерттеулер болып табылады.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Pritsak O. Das Kiptschakische // *Philologiae Turcicae Fundamenta*. Ed. Jean Deny. – Wiesbaden, 1959. – Vol 1. – P. 74–87.
- 2 Halasi-Kun T. Die mameluk-kiptschakischen Sprachstudien und die Handschriften in Stambul // *Körösi Csoma Archivum*. – Budapest, 1940. – Bd. 3, Th. 1. – P. 80-88.
- 3 Муминов А. Средневековые дискуссии о возможности перевода Корана на национальные языки Центральной Азии // III Международный конгресс тюркологии. Актуальные проблемы и перспективы современной тюркологии (общий язык, история и алфавит). – Түркістан, 2009. – 734 б.
- 4 İnan A. Kur'an Kerimin türkçe tercemeleri üzerinde bir inceleme. – Ankara: Türk Tarihi Kurumu Basımevi, 1961. – 21 s.
- 5 Üşenmez E. Karahanlı Türkçe Sözlüğü. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Dumlupınar Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – Kütahya, 2006. – 494 s.
- 6 Монтанай Э. Сөздіктердің даму тарихы және түркі сөздіктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2021. – № 1(134). – Б. 122–129.
- 7 Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь из государства мамлюков // *Народы Азии и Африки*. – М.: Наука, 1964. – №3. – С. 111–116.
- 8 Құрышжанұлы Ә. Китаб әд-Дурра әл-мудийа фи-л-луғат ат-туркийа уә-л-камал // *Түркістан. Халықаралық энциклопедия*. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. – 2000. – 656 б.
- 9 Таужанова К.Д. Несколько предварительных замечаний об одной рукописи старокыпчакского письменного памятника // *Известия АН КазССР. Серия «Литература и языкознание»* – 1984. – № 2. – С. 43–46.
- 10 Toparlı R. Ed-dürretü'l-müdiyye fi'l-lügati't-türkiyye. – Ankara, 2003. I-VI. – S. 1-126.
- 11 Yılmaz R. Ed-Dürretü'l-Mudiyye fi'l-Lugati't Türkiyye'nin Memlük Türkçesi ve Oğuz Türkçesi Nüshalarının Karşılaştırılması. // *İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. Yayınlanmamış Doktora Tezi*. – İstanbul, 2013. – 465 s.
- 12 Аубакирова Қ.К. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2016. – 181 б.
- 13 Конкобаева Н.Н. Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат әт-түркийа» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық инетрпретация: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 242 б.
- 14 Дүйсенов Б.Д. Түркі тілінің жарқыраған інжу-маржаны. /Жауапты редакторы: Мүминов Ә.Қ. – Астана: «Центр Элит», 2023. – 256 б.

- 15 Дүйсенов Б.Д., Назыр Х. Түркі тілінің алтын тізбегі. Жауапты редакторы: Мүминов Ә.Қ. –Астана: «Астана» халықаралық ғылыми кешені, 2023. – 312 б.
- 16 Atalay B. Molla Sâlih: Eş-Şüzûr-üz-Zehebiyye vel-Kıtai'l-Ahmediyye fil-Lûgat-it- Türkiyye. – İstanbul: TDK Yayınları, 1949. – 86 s.
- 17 Baskın S. Eş-şüzûrû'z-zehabiyye ve'l-kitai'l-ahmediyye fi'l-lugati't-türkiyye (sözlükbilimsel bir inceleme). Ondokuz Mayıs Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Yayınlanmamış doktora tezi. – Samsun, 2012. – 489 s.
- 18 Mohammad R. Eş-Şüzûrû'z-Zehabiyye fi'l-Lûgati't-Türkiyye ve'l-'Arabiyye Üzerine Bir İnceleme. Ege Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Lehçeleri Anabilim Dalı Yüksek Lisans Tezi. – İzmir, 2013. – 305 s.
- 19 Yiğit M. İbn Sâlih Muhammed'in Eş-Şüzûrû'z-Zehabiyye ve'l Kita'ül Ahmediyye fi'l lugati't türkiyye'si (morfolojik inceleme ve metin). Dumlupınar Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Kütahya, 2016. – 179 s.
- 20 Құрышжанұлы Ә. Аш-шудур-ад-дахабиа // Казахстан. Национальная энциклопедия / Гл. ред.: Б.Аяган. –Алматы: Главная редакция «Казак энциклопедиясы», 2004. – Т. I. – 560 с.
- 21 Таужанова К.Д., Нурсапаева С.И. Проблемы тюркского языкознания в зарубежных исследованиях. –Алматы: 1987. – 25 с.
- 22 Боранбаев С.Е. Эски кыпчак тили менен казак тилинин генетикалык катыштыгы: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Бишкек, 2008. – 19 б.
- 23 Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 136 б.
- 24 Боранбаев С.Р. «Түрік және кыпшак тілінің туыстығы туралы» жазба ескерткішінің тілі (XIII–XIV ғ.ғ.). – Шымкент, 2005. – 180 б.
- 25 'Ала әд-дин 'Абд әл-'Ал 'Абд әл-Хамид. Шауаһид әл-құбур әл-Әййубийә уә әл-Мәмлукийә фи Мысыр. –Мысыр: Мактабат әл-Искандарийә, 2013. – 364 б.
- 26 Белкин В.М. Арабская лексикология. –М.: Издательство Московского университета, 1975. – 200 с.
- 27 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: Проблемалар мен міндеттер / Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.
- 28 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
- 29 Ashurbanipal: <https://www.britishmuseum.org/exhibitions/i-am-ashurbanipal-king-world-king-assyria>. (алынған күні 17.10.2024).
- 30 Durmuş İ. Sözlük // TDV İslâm Ansiklopedisi. – Ankara: TDV Yayınları, 2009. 37 C. 398–401 S.
- 31 Сами Ш. Қамус турки. Дәрса'адат: Иқдам матба'асы, 1318. – 1576 б.
- 32 Малбақов М.М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 367 б.

- 33 Көбденова Г.Б. Теориялық лексикографияның ғылыми негіздері // ҚР ҰҒА Хабаршысы, филология сериясы. – 2010. – № 4. – Б. 42–45.
- 34 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2006. – 264 б.
- 35 Нассар Х. Әл-Мұжам әл-‘араби нәшә’туһу уә тәтаууруһу. –Қаһира: Дар Мысыр лил-тиба‘ат, 1988. – 1-т. – 682 б.
- 36 Kitapçı Z. Türkler Nasıl Müslüman Oldu? – Konya: Yedi Kubbe Yayınları, 2004. – 264 s.
- 37 Григорьев В. Караханиды в Мавераннагре по Тарихи Мунедджим Баши. – СПб.: Типография Императорской Академии Наук, 1874. – 70 с.
- 38 ал-Кашгари М. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –1288 с.
- 39 Ибн әл-Әсир. әл-Кәмил фи-т-та’рих. –Бейрут: Дар әл-кутуб әл-‘илмийә, 2003. – 9-т. – 504 б.
- 40 Ибн ал-Асир. «Ал-Камил фи-т-та’рих» «Полный свод истории». Избранные отрывки / Пер. с араб. яз., прим. и коммент. П.Г. Булгакова; Доп. к пер., прим. и коммент., введ. и указ. Ш.С. Камолиддина; Отв. ред. М. Исхоков; АН РУз, Ин-т востоковедения им. Абу Райхана Беруни. – Узбекистан, 2006. – 560 с.
- 41 Bosworth C. E. Pек-Khans or Karakhands // The Encyclopaedia of Islam. – New ed. Leiden: Brill, 1986. – Vol. 3. – 1270 p.
- 42 Егеубаев А.Қ. Қарахандықтар тұсындағы әдебиет // Қазақ әдебиетінің тарихы: он томдық. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 2-т. – 526 б.
- 43 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі: Университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: Мектеп, 1971. –272 б.
- 44 Мәсімханұлы Д. Қытайдағы түркологиялық деректер мен зерттеулер. Монграфия. – Алматы: «Алгоритм», 2023. –204 б.
- 45 Муминов А.К. Роль и место ханафитских ‘уламā’ в жизни городов Центрального Мавраннахра (II–V/VIII–XIII вв.): автореферат ... доктора исторических наук. –Ташкент, 2003. –45 с.
- 46 Aydar N. Kur’an-i Kerim’in tercümesi meselesi. –İstanbul: Kur’an Okulu Yaıncılık, 1996. – 464 s.
- 47 Әс-Сарахси Мұхаммед ибн Әби Сәһл. Китаб әл-мәбсут. – Мысыр: Матба‘ат әс-Са‘адат, 1324. –1-т. – 253 б.
- 48 Абу Бакр Мухаммад ибн Джа‘фар ан-Наршахи. Та’рих-и Бухара. История Бухары. /Перевод, комментарии и примечания Ш. С. Камолиддина. Археолого-топографический комментарий Е. Г. Некрасовой. –Ташкент: SMIA-SIA, 2011. – 600 с.
- 49 Құрманбаев Қ., Есімқұлов Е.Н. Еуропадағы Құран аудармалары // KazNU Bulletin. Oriental series. – 2016. – №3 (78). – Б. 112–119.
- 50 Eckmann J. Eastern Turcic Translations of the Koran // Studia Turcica. Edidit: L. Ligeti. – Budapest: Akademiai Kiado, 1971. – 498 p.

- 51 Муминов А. Древние Кораны Казахстана // «Сирек кітаптар мен қолжазбалардың ғылымдағы орны мен маңызы» атты Ғылым күніне арналған дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2013. – Б. 19–23.
- 52 Kök A. Karahanlı Türkçesi Satır-Arası Kur'an Tercümesi (TİEM 73 Iv/1-235v/2), Giriş-İnceleme-Metin-Dizin. Yayınlanmamış Doktora Tezi. – Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2004. – 705 s.
- 53 Toğan Z. The earliest translation of the Qor'an into Turkish // İslam Tedkikleri Enstitüsü Dergisi / Review of the Institute of Islamic Studies. Cild – Volume IV, Cüz – Parts 1-2. – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1964. – S. 1–19.
- 54 İnan A. Eski Türkçe üç Kur'an tercümesi / Makaleler ve İncelemeler. C. 2. – Ankara: Türk Tarihi Kurumu Basımevi, 1991. – 417 s.
- 55 Валидов А. О собраніяхъ рукописей въ Бухарскомъ ханствѣ // Записки Восточный Отделение Русские Археолаогические Отделение. – Петроградъ: Типографія Императорской Академіи Наукъ. – 1916. – Т. XXIII. – 245–262.
- 56 Боровков А. Лексика среднеазиатского тefsира XII–XIII вв. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. – 367 с.
- 57 Usta H. İ. XIII. Yüzyıl Doğu Türkçesi İle Yazılmış Anonim Kur'an Tefsirinin Söz ve Şekil Varlığı. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. Ankara, 1989. – 475 s.
- 58 Махмудов Қ. Туркий Тафсир (XII-XIII асп). – Тошкент: Тошкент Давлат Шарқшунослик Институти, 2000.
- 59 Erdoğan A. Kur'an tercemelerinin dil bakımından değerleri // Vakıflar Dergisi, 1. – 1938. – S. 47–51.
- 60 Ünlü S. Karahanlı Türkçesi Satır-Arası Kur'an Tercümesi (TİEM 73 Iv/1-235v/2), Giriş-İnceleme-Metin-Dizin-Anlatik Dizin. Yayınlanmamış Doktora Tezi. / Hacettepe Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – 2004. – 794 s.
- 61 Собрание восточных рукописей Академии Наук Узбекской ССР. Ред.: Семенов А.А. – Ташкент: Издательство Академии Наук Узбекской ССР, 1967. – Т. IV. – 558 с.
- 62 Üşenmez E. Eski Kur'an tercümelerinden Özbekistan nüshası üzerinde dil incelemesi (giriş-inceleme-metin-sözlük-ekler dizini) / Translation of the old Koran, copies of Uzbekistan on language studies (input-review-text-dictionary-appendices index). / Yayınlanmamış Doktora Tezi. İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 2010. – 886 s.
- 63 Eckmann J. Middle Turkic Glosses of the Rylands Interlinear Qur'an Translation. – Budapest: Akademia Kiado, 1976. – 358 p.
- 64 Mingana A. Catalogue of the Arabic manuscripts in the John Rylands Library, Manchester. – Manchester: The Manchester Univ. Press, 1934. – 1192 p.
- 65 Манчестерден X-XII ғасырларда алғаш түркі тіліне аударылған Құран табылды: <https://kaz.inform.kz/news/manchesterden-x-xii-gasirlarda-algash-turk-tlne-aударилган-kuran-tabildi-b3b456/> (алынған күні: 10.04.2024).
- 66 Бартольд В. Памятник времени распространения Ислама в Средней Азии / Сочинение. – М.: Издательство «Наука» главная редакция восточной литературы, 1973. – Т. VIII. – 721 с.

- 67 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған: А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – Т. I. – 590 б.
- 68 Kaçalin M.S. Dîvânü Luğati't-Türk // TDV İslâm Ansiklopedisi. Ankara: TDV Yayınları, 1994. 9/446–449.
- 69 Кляшторный С. Эпоха «Кутадгу билиг» // Советская тюркология. – 1970. – №4. – С. 82–86.
- 70 Караев О. История Караханидского каганата: (X–начало XIII вв.). – Фрунзе: Илим, 1983. – 301 с.
- 71 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.
- 72 Arat R. Kutudgu Bilig. – İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1947. – С. I. – 656 s.
- 73 Эл-‘Асқалани ибн Хажар. әд-Дурар әл-Мәкнунат фи а‘айан әл-ми’әт әс-сәманийә. – Бейрут: Дар әл-жил, 1993. – 1-т. – 547 б.
- 74 Радлов В.В. Кудатку-Билик. Факсимиле уйгурской рукописи императорской и королевской придворной библиотеки в Вене. Изданное по поручению С.-Пб. Академии наук. –СПб., 1890. – XII+200 с.
- 75 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- 76 Сағындықұлы Б. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы // Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6-т.: Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы / Құраст.: А. Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 б.
- 77 Arat R. Atabetü'l Nakayık. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2006. – 422 s.
- 78 Йүгінеки Ахмед. Ақиқат сыйы. / Баспаға дайындағандар: филология ғылымдарының докторы Ә. Құрышжанов, филология ғылымдарының кандидаты Б. Сағындықов. – Алматы, 1985.
- 79 Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайиқ» нұсқаларының (XII ғ.) қолданбалы мәтіні. Ескерткіштің лингвостатистикасы. Кешенді зерттеу. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. – 1 т. – 332 б.
- 80 Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника / А.Н. Самойлович [Сост. и отв. ред. Г.Ф. Благова, Д.М. Насилов]; Отд-ние ист.-филол. наук РАН. – М.: Вост. лит., 2005. – 1053 с.
- 81 Бартольдъ В. Туркестанъ въ эпоху монгольскаго нашествія. –С.-Петербургъ: Типографія Киршбаум, 1900. – Т. II. – 573 с.
- 82 Греков Б.Д., Якубовский А.Я. Золотая Орда и её падение. –М.: Издательство Академии Наук СССР, 1950. – 478 с.
- 83 Сафарғалиев М. Распад Золотой Орды. –Саранск: Мордовское книжное издательство, 1960. – 275 с.
- 84 Греков Б.Д., Якубовский А.Я. Золотая Орда. –Ленинград: ОГИЗ Госполитиздат, 1941. –207 с.

- 85 История о казанскомъ царствѣ (Казанскій летописецъ) // Полное собраніе Русскихъ летописей. –С.-Петербургъ: Типографія И.Н. Скороходова, 1903. –Т. XIX. – 529 с.
- 86 Ибн Халдун ‘Абд эр-рахман. Та’рих ибн Халдун. –Бейрут: Дар эл-фикр, 2000. – 5-т. – 667 б.
- 87 Сабитов Ж.М., Кушкумбаев А.К. Улусная система Золотой Орды в XIII-XIV веках: к вопросу о локализации Ак Орды и Кок Орды // Золотоордынское обозрение. – 2013. –№ 2. – С. 60–72.
- 88 Васильев Д. Ислам в Золотой Орде (историко-археологическое исследование). – Астрахань, 2007. – 170 с.
- 89 Камалов И.Х. Золотая Орда и русский улус (татарское влияние на Россию) / Перевод с турец. яз. И.М. Миргалеев; отв. ред. А.В. Аксанов. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. – 304 с.
- 90 Наджип Э.Н. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур: Исследование, транскрипция, текстологические примечания и анализ письменных литературных памятников XI–XV вв. – Туркестан: Типография «Туран», 2007. – 267 с.
- 91 Абзалов Л.Ф. Ханские писцы. Из истории становления и развития канцелярской службы ханов Золотой Орды. – Казань: Изд-во «ЯЗ», 2011. – 252 с.
- 92 Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы. Ұжымдық монография. – Алматы: Evo Press, 2022. – 320 б.
- 93 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. –Алматы: Мектеп, 1988. –160 б.
- 94 Қыдыр Т.Е. Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиеті (X–XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері). –Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.
- 95 Халидов А. Б. Аз-Замахшари // Ислам: Энциклопедический словарь. – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1991. –315 с.
- 96 Халидов Б. Замахшари (о жизни и творчестве) // Семитские языки. // Материалы первой конференции по семитским языкам. 26-28 октября 1964 г. Издание 2-е исправленное и дополненное. – М.: Издательство «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1965. – 891 с.
- 97 Исломов З. Хоразмлик улуғ аллома. – Тошкент: Mumtoz Soz, 2019. – 54 б.
- 98 ‘Абхари К.Ж. Аз-Замахшари. Сиратуһу, әсаһу, мәһабуһу ән-наһуи. ‘Амман: Дар эл-жинан, 2014. – 413 б.
- 99 Рустамов А. Махмуд Замахшарий. –Тошкент: «Фан» нашриёти, 1971. – 30 б.
- 100 Арапша-қазақша сөздік / Түзушілер: Ы. Палтөре, Ж. Жүсіпбеков, Р. Мухитдинов, Қ. Қыдырбаев. – Алматы: «Нұр Мұбарак» баспасы, 2016. – 918 б.
- 101 Адаб [круг светских знаний] // Краткая литературная энциклопедия / Гл. ред. А.А. Сурков. –М.: Сов. энцикл., 1962–1978. Т. 1: Аарне – Гаврилов. 1962. – С. 79.

- 102 Смирнов А. Адаб // Этика. Энциклопедический словарь / Под ред. Р.Г. Апресяна и А.А. Гусейнова. – М.: Гардарики, 2001. – 671 с.
- 103 Исломов З. Муқаддамату-л-адаб (манбашунослик таҳлили). – Тошкент: Тошкент ислом университети нашриёти, 2002. – 88 б.
- 104 Wetzstein J.G. Samachscharii Lexicon Arabicum Persicum ex codicibus manuscriptis Lipsiensibus, Oхoniensibus. Vindobonensi et Berölonensi. – Lipsiae, 1844–1850.
- 105 Поппе Н. Монгольский словарь Мукаддимат ал-Адаб. Т. I–II. – М.; Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1938. – 451 с.
- 106 Horezmce Tercümeli Muqaddimat al-adab. Yayınlayan: Zeki Velidi Togan. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi, 1951. – 44 s.
- 107 Ибн Манзур. Лисан әл-‘араб. –Қаһира: Дар әл-ма‘ариф, 5-т. – 4118 б.
- 108 Durmuş İ. Mukaddime // TDV İslâm Ansiklopedisi. –Ankara: TDV Yayınları, 2000. – 31/115–117.
- 109 Yüce N. Mukaddimetü'l-Edeb Hvarizm Türkçesi ile Tercümeli Şuşter Nüshası (Giriş, Dil Özellikleri, Metin, İndeks). – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1993. – 228 s.
- 110 Амирова Г. О. Аз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н. Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде): филология ғылымдарының PhD докторы ... диссертация / М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. – Шымкент, 2024. – 157 б.
- 111 Togan Z.V. Zimahşeri'nin Doğu Türkçesi ile Tercümeli Mukaddimetü'l- edeb'i // İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türkiyat Mecmuası. – 1964. –С. XIV. – S. 81–92.
- 112 Серімов Е. XII ғасыр ғалымы аз-Замахшаридің өмірі және шығармашылығы // Journal of Turkish Research Institute. – 2018. – №62. –Б. 37-72.
- 113 Әл-Бахи М. Әл-Азхар та'рихуһу уә тәтаууруһу. –Қаһира: Дар матаби‘у әш-шу‘аб, 1964. – 623 б.
- 114 Аль-Холи Амин. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Под редакцией и с предисловием Е.А. Беляева по изданию 1962 года. Научный редактор Гарипов Н.К., ответственный за выпуск В. Ягъкуб. – Казань: Иман, 2002. – 51 с.
- 115 Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI–XVI вв.) // Вопросы языкознания. – 1967. – Т. № 6. – С. 80–89.
- 116 Рүстемов. Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
- 117 Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. /Научно-аналитический обзор. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 40 с.
- 118 Dyussenov B., Mederova D., Margulan A. Written Monuments of the Post-Golden Horde Period: Arabic Script Epigraphy at the Arystan-Bab Mausoleum // Археология Казахстана. –2024. – № 3 (25). – С. 244–261.

- 119 Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века Нахдж ал-Фарадис и его язык. МКТУ им. Х.А. Ясави. – Туркестан: Туран, 2012. – 448 с.
- 120 Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. – Москва: Наука, 1979. – Кн. I. – 480 с.
- 121 Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XV века: Монография исследование, транскрипция, текстологические примечания. – Туркестан: Туран, 2004. – 209 с.
- 122 Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в.: автореф. ... докт.ф.наук. – М., 1965. – 94 с.
- 123 Баскаков. Н.А. Роль уйгуро-карлукского литературного языка Караханидского государства в развитии литературных тюркских языков средневековья // Советская тюркология. – 1970. – № 4. – С. 13–19.
- 124 Ибатов А. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1974. – 279 б.
- 125 Құрышжанов Ә., Жұбанов А. Белботаев А. Куманша-қазақша жиілік сөздік. – Алматы: Ғылым баспасы, 1978. – 277 б.
- 126 Атабай Б.А., Әл Хули А. Әл халил ибн Ахмадтың араб тіл біліміндегі орны. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2012. – №4 (61). – Б. 43–47.
- 127 Әл-Жауһари Исма‘ил ибн Хаммад. Әс-Сихах таж әл-лұғат уә сихах әл-‘арабийа. – Бейрут: Дар әл-‘илм лил-малайин, 1979. – 6-т. – 2563 б.
- 128 Звегинцев В.А. История арабского языкознания: Краткий очерк. Изд. 3-е, стереотипное. – М.: ДомКнига, 2007. – 80 с.
- 129 Байниязова Ж. Түркі лексикографиясының тарихы жайлы // А. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2011. – №3. – Б. 11–14.
- 130 Kılıç N. Lisânü’l-Arab // TDV İslâm Ansiklopedisi. – İstanbul: TDV Yayınları, 2003. – 27/195–196.
- 131 Әл-Фирузабади Мажд әд-дин ибн Йа’куб. Әл-Қамус әл-мухит. – Бейрут: Му’әссасат әр-рисалат, 2005. – 1498 б.
- 132 Ибн Шамс әд-дин Мустафа. Ахтари кәбир. Матба‘ат әл-‘амират, 1302. – 1197 б.
- 133 Салқынбаев М.Б. Қазақ және араб әдебиеті (Типология, генезис және аударма мәселелері): Оқу құралы. – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 208 бет.
- 134 Flemming B. Ein alter Irrtum bei der chronologischen Einordnung des Tarğumān turkī wa ‘ağamī wa muğalī // Der Islam. – 1968. – Vol. 44. – P. 226–229.
- 135 Houtsma M.ТН. Ein türkisch-arabisches Glossar. Nach der Leidener Handschrift. Herausgegeben und erläutert. – Leiden: E.J. Brill, 1894. – 114 p.
- 136 Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. – «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Издательство «Наука» КазССР, 1970. – 234 с.
- 137 Юнусов А. Таржумон – XIV аср ёзма обидаси. Тошкент: «Фан» нашриёти, 1980. – 126 б.



- 138 Toparlı R., Çögenli. S., Yanık. N. Kitâb-ı Mecmû-ı Tercümân-ı Türkî ve Asemî ve Mugalî. –Ankara: Türk Dil Kurumu, 2000. –240 s.
- 139 Гаркавец А. Н. Книга-и Маджму‘-и Тарджуман-и Турки ва ‘Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О.О. Туякбаева. –Алматы: Баур, 2019. – 600 с.
- 140 Әс-Садафи Салах әд-дин Халил ибн Айбек. А‘айан әл-‘аср уә ‘ауан ән-наسر. –Бейрут: Дар әл-фикр әл-му‘асир, 1998. –5-т. –692 б.
- 141 Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайян еңбегі бойынша, XIV ғ.). – Астана: «Ер Дәулет» баспасы, 2006. – 240 б.
- 142 Develi H. Kitâbü’l-İdrâk // TDV İslâm Ansiklopedisi. – Ankara: TDV Yayınları, 2002. – S. 26–108.
- 143 Aldemir Ü. Nüshaları ışığında Kitâbu’l-İdrâk li-Lisâni’l-Etrâk // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten. – Sayı: 67 (Haziran), 2019. – S. 65–86.
- 144 Китаб әл-идрак ли-лисән әл-әтрак. Матба‘а ‘амира. – 1309. – 213 б.
- 145 Caferoğlu A. Abû Hayyân. Kitâb al-İdrâk li-lisân al-Etrâk. –İstanbul: Evkaf Matbaası, 1931. – 305 s.
- 146 İzbudak V. El-İdrâk Haşiyesi. – İstanbul: Devlet Basım Evi, 1936. – 55 s.
- 147 Ermers R. Arabic Grammars of Turkic: The Arabic Linguistic Model Applied to Foreign Languages & Translation of ‘Abû Hayyân al-’Andalusî’s Kitâb al-İdrâk li-lisân al-’Atrâk. – Leiden: Brill, 1999. – XV + 435 p.
